

**ОРАЗГҮЛ МҰХАТОВА**

**ТАРИХНАМА ҒЫЛЫМЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ-  
МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ  
ЗЕРТТЕУ ҮЛГІЛЕРІ**

**оқу құралы**

**АЛМАТЫ - 2009**

ББК 63.3(5Каз)  
М80

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі  
жанындағы республикалық оқу-әдістмелік кеңесінің шешімімен  
ұсынылған

Пікір жазғандар;

Б.Е. Көмеков - тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА  
академигі

Т.Ә. Төлебаев - тарих ғылымдарының докторы, профессор

Х.А. Сутеева тарих ғылымдарының докторы

Мұхатова О. Тарихнама ғылымы: теориялық-методологиялық  
негіздері және зерттеу үлгілері. Оқу құралы. - Алматы, 2009. -186 бет.

ISBN 9965-30-9-891-8

**Кітапта тарихнама ғылымы, оның методологиялық негіздері, тарихнамалық зерттеулер жүргізудің бағыттары, жолдары, тәсілдері туралы айтылады. Тарихнамалық принциптер, әдістер, пәнаралылық жөнінде нақты теориялық түсініктер беріледі. Автор тарихнамалық фактлерді талдаудың критерийлерін айқындап, тарихнамалық заңдылықтардың, деректердің ұғымын ашады. Сондай-ақ еңбекте тарихнамалық зерттеу дайындаудың үлгілері көрсетілген.**

**Оқу құралы студенттерге, магистранттарға, тарихнама пәнінен дәріс беретін оқытушыларға, зерттеушілерге арналған.**

ББК 63.3(5Каз)  
М80

# **МАЗМҰНЫ**

## **КІРІСПЕ**

### **ТАРИХНАМА ҒЫЛЫМЫ: МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТАРИХНАМА ҒЫЛЫМЫНЫҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ**

**Тарихнамалық зерттеу әдістері**

**Пәнаралық**

**Тарихнамалық зерттеудегі жалпыметодологиялық принциптер**

## **ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАР**

## **ТАРИХНАМАЛЫҚ ФАКТ**

## **ТАРИХНАМАЛЫҚ ДЕРЕК**

## **ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ДАЙЫНДАУДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ**

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

## **ҚОСЫМША**

*Осы еңбегімді өмір бойы мемлекетке  
еңбек еткен, 60 жыл қол ұстасып,  
бірге зұмыр кешкен анам Бәтиманың  
және әкем Хасеннің рухына арнаймын.*

Автор

## КІРІСПЕ

Кеңес Одағының ыдырап, социалистік жүйенің жойылуына байланысты қазақстандық тарих ғылымының теориялық-методологиялық проблемаларын қайта қарап, жаңа тарихи таным қалыптастыру қажеттілігі туындады. Мұндай заңды құбылыс бірқатар саяси, әлеуметтік, идеологиялық, дүниетанымдық факторларға негізделді. Бұл бір жағынан алпауыт мемлекеттің тарих сахнасынан кетуіне, екіншіден, коммунистік идеологияның құлдырауына, үшіншіден, осыларға сәйкес ғылымда үстемдік еткен маркстік-лениндік идеологияның дағдарысқа ұшырауынан көрінді. Сондықтан да уақыт өткен сайын жаңа ғылыми методология қалыптастыру қажеттілігі айқын сезіле түсті. Тарихты жазуда, зерттеуде өзекті мәселелерге жаңа көзқарастар тұрғысынан қарап, дербес, тың ой-пікірлер мен тұжырымдар түйіндеу міндеті тұрды. Алайда тәуелсіз, соны тұжырымдар жасау көптеген қиындықтарға тірелді. Ғылымда эталондық ой-тұжырымдар, салмақты қорытындылар жасап келген тәжірибелі, білікті аға буын маман-зерттеушілер, ғалымдар бірден ескі ұстанымдардан бас тартып, жанаша ойлауға бет бұра алмады. Осыған орай басым көпшілігі ғылыми зерттеулер жүргізуге ықылас таныта алмай, ғылымнан қол үзді. Жаңа бағытта төл тарихымызды жазуға тарихшылардың теориялық және методологиялық дайындықтарының төмендігі кедергі келтірді. Соның нәтижесінде жаңа тәуелсіз методологияны қалыптастыру ұзақ уақытқа созылды. Бұл процесс күні бүгінге дейін жалғасуда.

Тарих ғылымының проблемаларын нақты методологиялық талдауларсыз шешу мүмкін емес. Бұл проблемаларға дәлірек айтсақ, дүниежүзілік тарихи процестің заңдылықтары, қазақ тарихының әлем тарихының құрамдас бір бөлігі екендігі, Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалардың және олардың ұрпақтарының әртүрлі тарихи дәуірлерде өмір сүруі, жалпы мен жалқының айырмашылығы, тарихтағы субъективті фактордың рөлі және сол сияқты көптеген мәселелер жатады.

Отан тарихын терең зерттеген сайын әрі жаңа методологиялық ұстанымдарды қалыптастыру барысында оның зерттелмеген мәселелерінің шаш етекпен екендігіне көз жеткізілуде. Оның үстіне соңғы уақыттарда тарихи зерттеулер жүргізуде ғылым мен техниканың жаңа технологиялық жетістіктері пайдаланылуда. Осының барлығы тарих ғылымының қазіргі кезеңдегі жағдайы, зерттеулерге талдау жасаудың деңгейі оның теориялық-методологиялық

негіздерін жетілдіруді талап етеді.

Тарихнамалық проблемаларды методологиялық ой-елегінен өткізу тарихи оқиғаларды түсінуді жаңа деңгейге көтереді. Тарихи процестерді жай түсіндіріп қана қоймайды, сонымен қатар ғылымның жай-күйін, оның қозғаушы күштерін, даму тенденцияларын айқындайды.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдарда тарихнамалық зерттеулерді жүргізуге ықылас артып, тарих ғылымының тарихын терең түсінуге алғашқы қадамдар жасалды. Мұның өзі жаңа, ғылымның түрлі салаларында қол жеткізілген жетістіктер тұрғысынан тарихнамалық методологиялық талдаудың заңдылықтары мен өзіне тән белгілерін тануды талап етті. Осы бағытта біраз жұмыстар жасалды. Тарихнамалық зерттеулердің методологиялық тұғыры болып танымның жалпы ғылыми мәртебесін иемденуші дербес диалектикалық-материалистік, философиялық ілімдер жүйесі, теориялық-әдіснамалық ұстанымдар қалыптастырылды.

Тарихнаманың методологиясы “тарих адамның іс-әрекеті” принципіне негізделіп тарих методологиясымен, сондай-ақ жаңадан қалыптасып, дамып келе жатқан ғылымтану, информатика, болжау, әлеуметтік психология тәрізді пәндермен тығыз өзара байланыста ғылымнан көрініс беруде. Бұл пәндердің сапалы даму деңгейі, теориялық-методологиялық негіздері және зерттеу әдістері тарихнаманың әдіснамалық проблемаларын оқып-үйренуде маңызды болып табылады.

Білімнің интенсивті түрдегі интеграциялану және дифференциациялану процесі кезінде теориялық-методологиялық талдаудың көмегімен ғылыми синтездеу мен әртүрлі ғылым салаларының түйісуінде бірқатар маңызды мәселелерді шешу мүмкін болады. Шешімін табуға тиіс мәселелерге диалектикалық таным мен методологияның өзара қатынасы, олардың әдіснамасы мен әдістері, тарихнамада қолдану жолдары, “жаңа” білімге қол жеткізу процесі және оған баға беру, пәнаралық байланыстарды пайдалану тәсілдері, т.б. жатады.

Еліміздегі тарихнамалық зерттеулердің кең түрде жүргізілуі, тарихнама ғылымының қажеттілігін терең түсіну қазіргі кезеңдегі ғылымның түрлі салаларындағы жетістіктер тұрғысынан, жаңаша тарихнамалық, методологиялық талдаулардың заңдылықтарын, ерекшеліктерін оқып-үйренуді талап етеді. Ғылыми талаптарды жан-жақты меңгерген сайын тарих ғылымындағы зерттелмеген мәселелер айқындалып, ол алдыға жылжиды. Керісінше, методологиялық проблемалар өз шешімін таппаса, зерттеушілер әдіснамалық жағынан пісіп-жетілмесе ғылым жаңа, сапалы жетістіктерге жете алмайды.

Тарихнамадағы методологиялық проблемаларды оқып-үйренуді ғылымдағы “тарих және қазіргі заман” парадигмасымен байланыстыра жүргізу өзекті болып табылады. “Тарих және қазіргі заман” проблемасын мына төмендегі бірқатар мәселелермен етене жақын шешу қажет. Олар: зерттеу тақырыбын таңдау, оны қарастырудың теориялық және методологиялық деңгейі, қорытындылар жасау, тұжырымдардың қазіргі заман үшін маңызы.

Тарихнамалық еңбектердегі методологиялық “түзетулердің” қажеттілігі

ғылымның өзіне тән болжам жасау бағытына байланысты артады. Тарихнамалық зерттеудің құндылығы көп жағдайда ондағы ғылыми дәйектелген болжаудың орын алуына байланысты анықталады. Тарихнамашының гипотеза шығаруға белгілі бір уақыттарда ғана құқығы болады. Тарихнамалық ойдың тереңдігі жаңа проблемалар мен тақырыптардың дүниеге келуіне жол ашады. Білікті, білімді, методологиялық жағынан табанды, дүниетанымы кең, логикалық ой-өрісті маман тарихнамашы ғана болашақтағы ғылыми ізденістерге негіз болатын болжам жасай алады. Методологиялық ұстанымдары берік, оның негіздерін жетік меңгерген тарихнамашы ғана бұрынғы болжамдардан бас тартып немесе жоққа шығарып, тарихнамалық білімнің дамуына септесе алады.

Орыстың белгілі ғалымы И.Д.Ковальченко: “Тарих ғылымында тарихи теориялық және методологиялық түйіпкілдерді шешу қазір ерекше маңызды міндеттердің бірі. Тарихнамалық зерттеулер қазіргі кезде кең көлемге ие болды, бұл пән өзіндік даму жолынан өтті, ол тарих ғылымының сұраныстарын қанағаттандырады. Алайда басты мәселе бұл емес, бізге аса қажет міндет тарихнаманың методологиялық тұстарын жетілдіру”<sup>1</sup>, - деп жазған.

Тарихнаманың методологиясы тарих ғылымының ғана емес өзінің де нақты терминдер аппаратын жетілдіруге, мұндағы әртектілікті жоюға жағдай жасайды. Бұл тарихнамалық зерттеулердің мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін қарастыруда тиімді рөл атқарады.

Тарихнамалық заңдылықтарды және заңдарды орнату ғылымның функцияларына жатады. Сонымен қатар оған болжамдық бағыт та тән. Себебі тарихнама ғылымның өзіндік санасы ретінде ғылыми ойды үнемі объективті шындыққа жетелейтін саралаушы бағдар болып табылады. Тек тарихнама арқылы қарастырылатын белгілі бір ғылыми бағыттың аз немесе зерттелмеген тұстарын айқындауға мүмкіндік туады. Тарихнама ғылымтанушылық рөл атқара отырып, нақты тарихи зерттеулердің негізгі жетістіктерін талдай келе шындықтың аса маңызды жақтарын тұтастай көрсетіп береді. Тарихнаманың тағы бір ерекшелігі осы ғылым саласы арқылы белгілі бір мәселенің зерттелу деңгейін анықтап қана қоймай, сол мәселе ауқымында жаңа, тың тақырыптар айқындалып, зерттеушілерге ұсынылады. Тарихнамалық талдау неғұрлым терең, жан-жақты жасалса, соғұрлым мәселенің мән-мазмұны, зерттелу бағыттары мен үрдістері барынша анықталады, зерттелуге тиісті тың тақырыптар молаяды. Осы жағынан алғанда тарихнамалық зерттеу жүргізудің маңызы артып, көкейкесті бола түседі.

Ғылымның осындай “миссиясына” қол жеткізу үшін оның методологиялық негіздерін терең меңгеру қажет. Айта кетерлік жайт, тарих методологиясына қызығушылық әдіснамалық проблемалардың дамуы мен кең қанат жаюына байланысты артып келеді. Тәуелсіз Қазақстанда соңғы уақыттарда бірқатар ғылыми маңызы зор еңбектер жарық көрді. Олардың қарастырған мәселелері де сан қырлы. Дегенмен көптеген мәселелер әлі де болса терең зерттеуді қажет

---

1 Ковальченко И.Д. Методологические и историографические вопросы исторической науки. -Томск , 1974. -43 б.

етеді, өйткені Отан тарихына қатысты проблемалардың басым көпшілігі терең әрі толыққанды зерделенбеген, кейбіреулері мүлде ғалым-зерттеушілер назарынан тыс қалған. Бұл әсіресе тарихнаманың методологиялық проблемаларына қатысты. Отандық ғылымда методологиялық мәселелерге арналған еңбектер жоқ десе де болғандай, алайда соңғы жылдары тарихнама ғылымы бойынша біраз зерттеулер жүргізіліп, ірілі - ұсақты еңбектер дүниеге келді. Осыған байланысты ғылым кенже қалған деңгейінен елеулі түрде даму жолына түсті. Дегенмен осындай тенденциямен қатар методологиялық ізденістер жүргізуді талап ететін жаңа проблемалар, зерттеулердің жаңа бағыттары пайда болуда.

Қазіргі кезеңдегі тарихнаманың бірінші кезектегі методологиялық проблемалары және жарық көрген, жазылған тарихнамалық еңбектерді талдау олардың әдіснамалық тұстарының ұшталмағандығын байқатты. Сондықтан да тәжірибеде тарихнамалық шығармашылықтың деңгейін жаңа, сапалы деңгейге көтеру, ғылымның пайда болу, болашақтағы функциялары мен бағыттарының даму заңдылықтарын терең ашып көрсету қажет деген тұжырым жасауға болады. Осыған орай тарихнамалық зерттеулер жүргізудің методологиясын көрсету мақсатында тарихнамашыларға осы еңбегімізді ұсынып отырмыз. Зерттеуіміз кез-келген тарихшының жеке кітапханасынан орын алуға тиіс кітаптардың қатарына жатады деп санаймыз.

**Оқу құралының мақсаты** - тарих ғылымының саласы тарихнаманың өзіне тән зерттеу методологиясын, ерекшеліктері мен заңдылықтарын, тарихнамалық еңбек жазудың бағыт-бағдарын, үлгісін көрсету.

Автор өзінің алдына мынадай **міндеттерді** қояды :

- тарихнама ғылымының методологиялық негіздерін ашып көрсету; ғылымның әдістеріне, олардың атқаратын функцияларын, пайдалану тәсілдерін анықтау;
- тарихнамалық фактінің, тарихнамалық деректердің мәнін ашу және олардың “әрекетін” зерттеу;
- тарихнамалық заңдылықтарды және олардың орын алуын ашып көрсету;
- пәнаралықты, тарихнаманың өзге де ғылымдармен, ғылым салаларымен байланысын айқындау;
- тарихнамадағы жалпыметодологиялық принциптерге тоқталу және ғылыми зерттеудің әдістерін айқындау;
- тарихнамалық зерттеудің үлгісін көрсету.

Автор тарихнамалық зерттеудің методологиясын көрсетуде, өзінің пікірін танытып, тұжырымдарын түйіндеуде кеңестік және қазіргі кезеңдегі Ресей Федерациясы, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан тарихшылары мен тарихнамашыларының көзқарастарына сүйенеді.

## Тарихнама ғылымы: мақсаты мен міндеттері

Тарихнама ежелгі грек тілінен аударғанда “история” - тарих және “графия” - тарихты сипаттап жазу дегенді білдіреді. Тарихнаманы ең алдымен адамзат қоғамын танудың аса маңызды түрлерінің бірі болып табылатын тарих ғылымының тарихы деп түсінген жөн. Сондай-ақ тарихнама деп белгілі бір тақырыпқа немесе тарихи дәуірге арналған зерттеулердің жиынтығын атайды.<sup>2</sup>

Адамзат жазуды пайдаланғанға дейінгі кезеңде тарихи білімнің кейбір белгілері ауыз әдебиеті үлгілерінде ұрпақтан ұрпаққа жеткен аңыз, әңгімелерде, шежірелерде сақталып келді. Онан кейін тарихи таным белгілері көне жазба ескерткіштерінде (Авеста, Бехистун сына жазулары, Күлтегін жазуы, Тоныкөк ескерткіші<sup>3</sup>), т.б. көрініс таба бастады.

Адамзат өзінің өткеніне үлкен мән беріп, одан тағлым, сабақ алу мақсаттарында бастан кешірген оқиғалар мен түрлі жайттарды әр алуан жазу құралдарының беттеріне, ал қағаз пайда болғаннан кейін хатқа түсіруге мүдделі болған. Ал жазуы жүйелі түрде дамымаған халықтар тарихты ауызша айтуды қалыптастырды.

Тарихи оқиғалар түрлі сипатта, мемлекеттердегі өзіндік саяси ұстанымдарға, белгілі бір көзқарастарға, идеологияларға байланысты баяндалып отырылды. Мәселен, ежелгі дәуірде тарихи оқиғалар мен процестерді сипаттауда діннің рөлі айтарлықтай еді. Осыған орай көне замандардағы жазбаларда тарихи баяндар “құдайдың еркімен” жүрген құбылыстар ретінде жазылған. Бірте-бірте тарихты танудың анағұрлым жетілдірілген жолдары қалыптаса бастады. Тарихты біршама жүйелі түрде әңгімелеп жеткізудің алғашқы қадамдары жасалды. Мұндай бастамалар дүние жүзінде тұңғыш рет ежелгі Грекияда орын алды. “Тарихтың атасы” атанған Геродот өзінің “Тарих” атты еңбегінде тарихи оқиғаларды деректердің негізінде сол замандағы “құдайдың еркімен” байланыстырып жазды, алайда пайдаланылған мәліметтер сыни талдаудан өткізілмей, олар бірінен кейін бірі тізбектеліп айтыла берді. Осындай кемшіліктеріне қарамастан шығарма грек тарихнамасының қалыптасуына игі әсер етті.

Ежелгі Рим мен Грекияда тарихи оқиғаларды “құдай еркімен” байланыстыру тәсілінен тыс баяндау әдістері де көрініс берді. Тарихи деректерге сыни көзқарас танытып, оқиғаларды жинақтап көрсетуден гөрі оларды біршама жүйелі түрде, алғышарттарын, себеп-салдарын ашуға бағытталған еңбектер жазылды. Осындай бағытта жарық көрген шығармалардың бірі - Фукидидтің туындысы. Тарихты жазуда Фукидид ұстанған тәсіл ары қарай өз жалғасын тауып, анағұрлым мәнді тарихи еңбектердің дүниеге келуіне мұрындық болды. Ежелгі дәуірдегі Орта Азиядағы тайпаларға қатысты мәліметтер келтірілген Полибий, Тацит, Тит Ливий, Плутарх, Апиан, т.с.с. еңбектері әлемдік

2 Советская историческая энциклопедия. Т.6. -М., 1965. -455 б.

3 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8-т. -Алматы., 2006. -242 б.



тарихнамада жоғары бағаланады. Дегенмен олардың еңбектерінде тарихи фактілерді жалаң баяндау дәстүрі кеңінен орын алды.

Ежелгі Қытай тарихшысы Сыма Цян оқиғаларды хронологиялық тұрғыда сипаттаудан бас тартып, Қытайдың саяси және мәдени өмірі қамтылған анағұрлым жетілдірілген тарихи шығарма дайындады. Сыма Цяннан кейінгі қытай тарихшылары оның ұстанған тәсілін үлгі етіп, тек өз елдерінің тарихына ғана емес көршілес орналасқан мемлекеттердің өткенін жазып, жан-жақты қамтылған шығармалар жазуға ұмтылды. Қытайдағы түрлі империяларды басқарған әулеттердің ішкі және сыртқы саясатына байланысты елдердің тарихын жазу бірте-бірте дәстүрге айнала бастады. Сондықтан да Қытай тарихшыларының еңбектерінен ежелгі Қазақстан аумағында өмір сүрген ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары туралы мол мәліметтер көрініс тапқан. Сондай деректердің бірқатары “Мәдени мұра” бағдарламасы ауқымында топтамалар түрінде жарық көріп, зерттеушілерге бұрын-соңды мәлім болмаған жәдігерлер ретінде қазақ жеріндегі тарихи оқиғаларды шынайы зерделеуге мүмкіндік берді<sup>4</sup>. Деректік топтамаларды жарыққа шығаруда Қазақстан Республикасы Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты елеулі еңбек сіңірді.

Қазақстанда тарихи білімді қалыптастыру ұзақ уақыттарға созылған процес болды. Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи оқиғалар мен процестердің зерттелуі негізінде Отан тарихының тарихнамасы жүйелі түрде ғылымнан орын алды. Уақыт өткен сайын ол жаңа ғылыми зерттеулермен толығып, аясы кеңеюде. Енді отандық тарихнаманың қоржынындағы іргелі зерттеулерге тоқталып, тарихи дәуірлердегі өзекті мәселелерді қарастырған шығармаларға қысқаша шолу жасайық.

Ежелгі дәуірдегі Қазақстан тарихына қатысты зерттеулер көбінесе археологиялық қазба жұмыстарының жүргізілуіне байланысты жарияланды. Қазақ даласындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу қазан төңкерісіне дейінгі уақыттарда басталғанымен мардымды ғылыми жұмыстар атқарылмады. Кеңестік кезеңде археологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, біршама қазба жұмыстары жүргізілді. Қазақстан Ғылым Академиясының құрылуы, тарих және этнография институтының ашылуы ежелгі дәуірдегі Отан тарихын зерттеуге зор серпіліс берді. Ғалымдар Ә.Х. Марғұлан, М.Қ. Қадырбаев, С.М. Ақынжанов, Х.А. Алпысбаев, Г.Б.Зданович, К.А.Ақышев, А.Г.Медоев, Г.А.Кушаев, т.б. басшылығымен Қазақстанның әртүрлі аймақтарында археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, нәтижелерінде іргелі зерттеулер жарық көрді. Тас және қола дәуірлеріне жататын көптеген тұрақтардың орындары ашылып, бірқатар мәдениеттердің сипаты мен мазмұнын ашуға мүмкіндіктер тудырылды. Осындай зерттеулердің барысында ертедегі көшпелілердің ескерткіштері айқындалып, сақтардың, үйсіндердің, кангюйлердің, ғұндардың мәдени, әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірлерінің мәселелерін тереңдетудің сәтті кадамдары жасалды. Көп жылдар бойы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде аса құнды археологиялық материалдар

---

4 Қараңыз. Қазақстан тарихы бойынша қытай деректемелері. 1 -2 т. -Алматы, 2006; Қазақстан тарихы бойынша парсы деректемелері. - 1-2 т. - Алматы, 2006 және т.б.

жинақталып, соның негізінде темір дәуірін кезеңдеу, скиф-сақ, үйсін үлгісіндегі мәдениеттердің шығу проблемаларын, көшпелі мал шаруашылығының қалыптасу факторларын, механизмдерін, ертедегі қоғамның және көшпелілер мемлекетінің ерекшеліктерін, өзіне тән белгілерін анықтап, нақтылай түсу мүмкін болды.

Ежелгі жазба деректерді және археологиялық жәдігерлерді талдау тарих ғылымында ертедегі тайпалардың, тайпа одақтарының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыс тіршілігін жан-жақты әрі терең қарастыруға жол ашты. Осы тұрғыда тың тұжырымдарымен ерекшеленетін біраз еңбектер ғылымнан орын алды.

Ертедегі түркілер мен ғұндардың тарихи баяны Л.Н.Гумилевтің монографиялық зерттеулерінен көрініс тапқан. Дербес, іргелі шығармаларда ежелгі түркілердің, ғұндардың мемлекеттері, әлеуметтік-саяси көшпелі қауымдастықтардың пайда болуы, дамуы мен ыдырауы мәселелері зерттелген. Автордың назарынан ғұндардың, түркілердің тұрмыс-салты, діні мен мәдениеті тыс қалмаған.<sup>5</sup>

Соңғы уақыттарда сақ, үйсін, ғұн тайпаларының тарихына қатысты соны зерттеулер жүргізіліп, Отан тарихы ғылымы жаңа бағыттағы ой-тұжырымдармен толықты. Осы орайда “Алаш” тарихи-зерттеу орталығының атқарып отырған ғылыми ізденістерін айта кеткен жөн. Орталық ғалымдары қазақ ру-тайпаларының тарихи баянын зерттеу барысында олардың ежелгі дәуірдегі өткенін тың деректер негізінде ашып көрсетуге ұмтылуда. Мұндай талпыныстар бұрын-соңды ғылымда кешенді түрде жасалмаған. Ежелгі дәуірдегі түркі тайпаларының тарихы орталық жариялаған бірқатар еңбектерден көрініс тапқан.<sup>6</sup>

Ертеректен бері орта ғасырлардағы түркі және монғол тайпалары мен ұлыстарының тарихынан хабар беретін бірқатар деректік тұрғыдағы еңбектер жарық көрді. Тарихнамадан елеулі орын алатын туындылардың бірі – Фазлуллах Хамадани Рашид ад-Диннің “Жами ат-тауарих” деген еңбегі. Шығарманың бірінші томынан аталмыш тайпалардың әдет-ғұрыптары, діни наным-сенімдері, көшпелі тұрмыс-салты, орналасулары көрініс тапқан. Екінші томында тайпалардың этникалық құрамы, монғол ұлыстарының құрамына енген түркі жерлерінің топонимикасы, тарихи географиясы, саяси тарихы, т.б. жөнінде мәліметтер келтірілген.<sup>7</sup>

Орта ғасырлардағы еуропалық тарихнамаға таурат пен христиан теологы Августин Блаженныйдың философиялық тарихи тұжырымдамалары әсер етсе, мұсылман тарихнамасына қасиетті Құранның тигізген ықпалы зор болды. Орта ғасырларда араб тілінде жазған авторлардың шығармалары деректік материалдарының молдығымен ерекшеленеді. Мәселен, тарихшы географтар Әл-Якуби, Ибн-Хордадбек, Ибн әл-Факих, Ибн-Русте, Ибн-Хаукаль, Әбу-Дулаф, Әл-Масуди, Әл-Макдиси, Әл-Марвази, Әл-Идриси, Гардизи өз көздерімен көргендеріне негізделген тарихи-географиялық деректер түріндегі

5 Гумилев Л.Н. Хунну. -М., 1960., Соныкі. Древние тюрки. -М.,1967.

6 Арғын. IX т.3 кітап. -А.,2007; Найман. X т. 3 кітап. -А., 2008.

7 Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.1-3.-М-Л.1946-1960.

еңбектер жазған. Авторлар орта ғасырлардағы Қазақстан аумағында мекендеген түркештер, оғыздар, қарлұқтар, қыпшақтар, кимектер, т.б. туралы ауқымды мәліметтер беріп, олардың орналасуы, шаруашылығы, қалалары, сауда жолдары, қолөнері жайында мол деректер келтірген. Араб тіліндегі деректердің авторлары құрастырушыларға айналып, уақыт өткен сайын олардың шығармалары өздерінің мәнін жойған. Дегенмен олардың бойында бізге келіп жетпеген бірқатар құнды мәліметтер сақталған. Құрастыру әдісі бойынша еңбек жазған орта ғасырлық авторлар тарихи оқиғаларды баяндауда елеулі кемшіліктерге жол беріп, қателіктерге бой алдырған. Әйтсе де мұндай шығармалардың тарихи білім қалыптастырудағы, әрі орта ғасырлық тарихнамадан өз заманынан мәлімет беретін деректік тұрғыдағы еңбектер ретіндегі маңызы айтарлықтай.

Осы дәуірде пайда болған араб тіліндегі жазба деректердің де біразы топтамалар түрінде жарияланды.<sup>8</sup> Мұсылман тарихнамасы Мұхаммед әл-Насауи, Мұхаммед Иакуб Бухари, Мұхаммед Карминаги, Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати, Мұхаммед Юсуф Мунши, Мир Мұхаммед Амин Бухари, Хафиз Тыныш, Мұхаммед ибн Наджип Бекран, Хайдар ибн Хусаин Рази, т.б. авторлардың шығармаларымен толығы түсті.<sup>9</sup>

Мұхаммед Хайдар Дулат тарих жазуда шынайылық принципіне үлкен мән берді. Тарихи оқиғаларды баяндау шындығында орын алған жайттарға сәйкес болуы қажет екендігін басшылыққа алып, өзі әңгімелеген процестердің ақиқатына кепілдік беріп отырды. Мұхаммед Хайдар “Тарих и Рашиди” еңбегін объективтілік принципін ұстану арқылы жазғандығына көпшіліктің назарын аударып, ХУ-ХУІ ғасырлардағы Дешті-Қыпшақ пен Орта Азия аумағындағы тарихи оқиғаларды анағұрлым шынайы көрсетуге тырысқан. Сондықтан да бұл еңбек деректік жағынан аса құнды шығарма болып табылады. Сонымен қатар өз заманының куәгері болып табылатын шығарманың тарихнамалық дерек ретіндегі де маңызы зор.

Қазақ даласының орта ғасырлық тарихын жазу жөніндегі тарихнамадағы алғашқы қадамдар ХУІІ - ғасырда жасалды. Түркі тарихшысы, жалайыр тайпасының өкілі - Қадырғали Қосымұлы 1602 жылы ауызша айтылып келген тарихи аңыздар мен Рашид ад-Диннің тарихи жинағына сүйене отырып “Оқиғалар жинағы” деген еңбек құрастырған. Еңбекте Алтын Орда және оны ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі Дешті Қыпшақтағы мемлекеттік құрылымдар, түркі, түркіленген тайпалар туралы оқиғалар суреттелген.<sup>10</sup>

Хиуа ханы Әбілғазы “Түріктер шежіресі” және “Түрікмендер шежіресі” атты тарихи шығарма дайындаған. Оларда орта ғасырлық тайпалардың тарихы, түркі этнонимдерінің этимологиясы және сол кездегі Қазақстанның тарихи географиясы қарастырылған.<sup>11</sup>

Қазақ даласы Ресей империясының қол астына қаратылғаннан кейінгі кезеңде орыстың шығыстанушы ғалымдарының өлкенің тарихына, рулық

8 Қараңыз. Қазақстан тарихы бойынша араб деректемелері. - Алматы, 2006.

9 Қазақстан . Ұлттық энциклопедия. 8-т. -243 б.

10 Сыздыкова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. - Алматы, 1991.

11 Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л Гази хана Хивниского. - М – Л., 1958.

тайпалық құрылымын зерттеуге ықыластары ауып, ынта - жігерлері артты. Солардың нәтижесінде Қазақстан тарихнамасына қайталанбас мазмұндағы құнды ғылыми зерттеулер енді. Бұл еңбектер тек мазмұнымен ғана емес методологиялық ұстанымдарымен, зерттеу әдістерімен, салихалы тұжырымдарымен ерекшеленді. Сондай туындылардың бірі, тіпті бірегейі Г.Е.Грум-Гржимайлоның, А.И.Левшиннің, Н.И.Гродековтың зерттеулері болып табылады. Авторлар қазақ халқының құрамына кірген бірқатар рулар мен тайпалардың тарихи тағдырлары, олардың шығу тегі, этникалық атаулары, ұрандары мен таңбалары турасында мол мәліметтер келтіріп, көбінесе ауызша тарих айтуда орын алып келген мәселелерді талдаған.<sup>12</sup>

Тарихи деректердің, соның ішінде археологиялық және этнографиялық жәдігерлердің атқаратын рөлінің зор екендігін өз кезегінде ғалым Ш.Ш.Уәлиханов дәйектеген. Саяхаттарға шығып, ел ортасын көп аралаған ғалым жазба деректерден басқа халық даналығы болып саналатын фольклорлық материалдардың тарихи оқиғаларды баяндаудағы маңызы зор екендігін дәлелдеп, бұрын-соңды тарихшыларға беймәлім болып келген рухани мұраның көзін ашты. Көптеген аңыз-әңгімелердің, жыр-дастандарды ғылыми айналымға ендіре отырып, қазақ халқының қалыптасуы, дәстүрлі шаруашылықтың ерекшеліктері жөнінде сүбелі зерттеулер жариялады. Шоқан өз зерттеулерінде қазақ және ноғай эпостарын, аңыздарды, тарихи әңгімелерді, өзге де фольклорлық материалдарды кеңінен пайдаланған. Шоқанның түркі халықтарының тарихын зерделеген еңбектері орыс және дүние жүзілік тарихнамада жоғары бағаға ие болды. Ұлттық тұрғыда төл тарихымыздың өзекті мәселелерін зерттеген көрнекті қазақ шығыстанушысының шығармалары күні бүгінге дейін ғылыми мазмұнын жоғалтпай келеді.

Тарих шығыстану зерттеулерінің одан әрі дамуы, сондай-ақ география мен этнография жетістіктері XIX-ғасырдың аяғына қарай орыс ғалымдарының жекелеген шаңырағы, негізінен әскери саяси сипаттағы мәліметтерді түсіндіруден оларды тарихи тұрғыдан қорытуға көшуіне, әртүрлі түркі халықтарының этникалық тарихы жөнінде жиынтық еңбек жасауға әрекет етулеріне мүмкіндік берді. Осы орайда Қазақстанның орта ғасырлық тарихын зерттеуде Н.А.Аристовтың түркі тайпалары мен халықтары туралы кеңінен мәлім еңбектері елеулі орын алады. Н.А.Аристов зерттеулері қарастырылған мәселелерінің ауқымдылығымен, айналымға түскен мол дерек көздерімен, пайдаланған ғылыми зерттеулерімен өзгелерден дараланады<sup>13</sup>. Жан-жақты әрі терең зерттеулер жүргізуінің нәтижесінде түркі, сондай - ақ қазақ халқының этникалық құрылымы, үш жүздің құрамы жайлы анағұрлым толық әрі кешенді ғылыми жетістіктерге қол жеткізді. Қазақ тарихнамасында ғалым зерттеулеріне теңдес шығармалар кемде кем.

Алаш қайраткерлері Ә.Бөкейханов, Ж.Ақпаевтың шығармалары да

12

Грум -Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урайнхайский край. - Л.1926.

Левшин А.И. Описание киргизских орд и степей. -СПб.,1832; Гродеков Н.И. Киргизи и каракиргизи Сырдарьинской области. -Т.1.Юридический бытъ. -СПб.,1894.

13 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. -СПб., 1897.

тарихнамадан өзіндік орын алады.<sup>14</sup> Ұлт зиялылары қазақ халқының қалыптасуына байланысты пікір танытып, тарих ғылымының дамуына үлес қосты. Ал ауызша тарих айтудың ұлттық тарихты қалыптастырудағы қайталанбас ерекшеліктері жайындағы Ш.Құдайбердіұлының, М.Тынышпаевтың пікірлері және дәстүрлі деректер негізінде жазылған еңбектері төл тарихымыздағы құнды рухани мұра болып саналады.<sup>15</sup>

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан монғолдардың қоғамдық өмірі мен тұрмыс тіршілігін жан-жақты қарастырған Б.Я.Владимирцевтің монографиясы түркі халықтарының тарихын зерттейтіндерге бағыт - бағдар беретін сүбелі еңбек.<sup>16</sup>

В.В.Бартольдтың орта ғасырлық Қазақстанның тарихы жөніндегі зерттеулерінің ғылыми маңызы зор. Оның еңбектері отандық және дүниежүзілік шығыстануда, сонымен бірге тарихнамада іргелі әрі салихалы зерттеулер қатарына жатқызылады. В.В.Бартольдтың орта ғасырлардағы Қазақстан мен Орта Азияның тарихын бір жүйеге келтіріп белгілеген кезеңдері тарих ғылымына қосқан сүбелі үлес болып табылады. Ол негізгі белгілері жағынан отандық тарихнамасынан берік орын алады. В.В.Бартольдтың еңбектері Қазақстан тарихын зерттеуде көп жағынан негізге алынады.<sup>17</sup> Ғалым зерттеулерінің ерекшелігі сонда, ғылыми айналымға нумизматика, эпиграфика, этнография, археология жәдігерлері қоса ендірілді.

В.В.Бартольдтың ғылыми зерттеулерін ары қарай жалғастырып, күрделі теориялық мәселелердің түйінін шешкен ғалым А.Н.Бернштам болды. Қазақстанның ежелгі дәуіріне қатысты ғұндардың, үйсіндердің тарихын зерттеуде қомақты нәтижелерге жеткен. Шығыстанушы ғалым түркі және қытай деректерінің негізінде түркілер қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды, олардың көрші елдермен байланыстарын көрсетті. Түркі, қарлұқ қағандықтарының тарихының кейбір тұстарын нақтылады.<sup>18</sup>

Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихын, соның ішінде монғол жаулап алу кезеңін, Алтын Орданың баянын мұсылман деректері бойынша зерттеп, ғылымда ірі жетістіктерге жеткен ғалымның бірі - А.Ю.Якубовский.<sup>19</sup> Көрнекті ғалым XI-XIII ғасырлардағы монғолдар тарихына теориялық шолу жасап, көшпелі түркі тайпаларының әлеуметтік-шаруашылық тарихын зерделеудің тұжырымдамасын қалыптастырды. Методологиялық мәселелерде УІ-ХУ ғасырлардағы Орта Азия тарихын кезеңдерге бөліп, қомақты табыстарға қол жеткізді.

Отандық тарих ғылымының дамуына ежелгі дәуір мен орта ғасырлардағы Батыс және Оңтүстік Қазақстан халқының қоғамдық құрылысы мен мәдени тұрмысына талдау жасау арқылы елеулі үлес қосқан зерттеуші-ғалымдардың

14 Бөкейханов Ә. Таңдамалы шығармалары. -А., 1995., Құл-Мұхаммед . Алаш ардагері. -А., 1995.

15 Тынышпаев М. Материалы по истории киргиз-казацкого народа. -Ташкент, 1926. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қазақ һәм хандар шежіресі. - Орынбор, 1911.

16 Владимирцев Б.Я.Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. -Л., 1929.

17 Қазақстан тарихы. Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін. Бес томдық. 2-т. -Алматы, 1998.

18 Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок УІ-УІІІ в.в. -М-Л.,1946.

19 Греков Б.Д., Якубовский Ю.А. Золотая Орда и ее падение. -М-Л.,1950.

бірі - С.П.Толстов. Ол массагеттер, дайлар, қаңлылар тарихына қатысты мәселелерде көне жазба ескерткіштерінің көмегімен тың тұжырымдар қорытып, күрмеуі қиын түйіткілдерді тарқатуға атсалысты. С.П.Толстов Сырдария оғыздары туралы үлкен тарихи археологиялық жәдігерлерді талдап, оларды ғылыми айналымға түсіру нәтижесінде пәрменді пікір танытып, бірқатар жаңалықтарға қол жеткізді.<sup>20</sup>

Қазақстанның орта ғасырлық қыпшақтарының шығу тегі, шаруашылығы, әдет-ғұрыптары мен діни наным-сенімдері мәселелерін, сонымен бірге хорезм-қыпшақ қатынастарын анағұрлым толық қарастырғандардың арасынан С.М.Ақынжановтың есімі ерекше аталады. Ғалым өзі зерттеген проблемаларын монография түрінде жариялап, тарих ғылымының өркендеуіне септесті<sup>21</sup>.

Араб деректері бойынша қыпшақтар тарихын зерделеген Б.Е.Көмеков зерттеуінің тарихнамада өзіндік орны бар.<sup>22</sup>

С.Г.Кляшторныйдың монографиясында ежелгі түріктердің руналық мәтіндерінен алынған материалдар алынып, бір жүйеге келтіріліп, өзге де тарихи деректермен салыстырылып, қорытылған. Солардың негізінде түркілер ғана емес кангюйлерге қатысты проблемалар тиянақты зерттелген.<sup>23</sup>

Жазба деректер мен археологиялық жәдігерлердің мол қорына сүйене отырып дайындаған С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтановтың салихалы еңбегі отандық тарихнамадағы айтулы құбылыс болды.<sup>24</sup>

Тәуелсіздік жылдары отан тарихының ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы бұрын-соңды ғылыми айналымға түспеген қытай, парсы, араб тілдеріндегі тың деректердің негізінде жаңа тарихи таным тұрғысында зерттеліп, ғылыми еңбектер жарияланды. Түркі кезеңіндегі найман, керейт, онгут ұлыстарының тарихы қытай, монғол деректерінің желісінде З.Қинаятұлының зерттеулерінен көрініс тапты.<sup>25</sup> Монғол жаулап алуы мен ұлыстардың құрылуы мәселелері ғалым назарынан тыс қалмады. Жошы ұлысының, Ақ Орданың анағұрлым нақты, толық тарихымен танысудың мүмкіндігі туды.

Монғол жаулап алуына байланысты жаңа көзқарастардың қалыптасуына Н.Мыңжанның еңбектері ықпал етті.<sup>26</sup>

Түркілердің сонымен бірге қарлұқ тайпалары тарихи баяны К.Аманжоловтың, С.М.Сыздықовтың туындылары түрінде жарық көрді.<sup>27</sup>

Кейінгі орта ғасырлардағы өзекті мәселелерге, соның ішінде Қазақ хандығы тарихына М.Әбусейітова, Ә.Хасенов, З.Қинаятұлы, С.Жолдасбайұлы, Б.Кәрібаев, т.б. қалам тартып, өздерінің тұжырымдарын түйіндеді<sup>28</sup>.

ХУІІІ-ХХ ғасырлардың аралығын қамтитын ғылымның дәуірлеу

20 Толстов С.П. Древний Хорезм. - М.,1948.

21 Ақынжанов С.М. Қазақтың тегі туралы. - А.,1957.

22 Көмеков Б.Е. Государство кимаков IX- Хвв. по арабским источникам. – А-Ата., 1972.

23 Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. - А-Ата., 1964.

24 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. - А., 1992.

25 Қинаятұлы З. Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII-ғасыр. - Астана, 2001..

26 Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. - А.,1994.

27 Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. - А.,2000; Сыздықов С. Қарлық мемлекетінің тарихы. - А., 2000.

28 Әбусейітова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в ХУ-ХУІІ вв: история, политика, дипломатия. - А., 1998;

Хасенов Ә. Қазақ тарихының 5000 жылдық баяны. - А., 1996; Қинаятұлы З. Ақ Орда. - А.,1998. және т.б.

мәселелерінде жаңа заман деп аталатын кезеңдегі басты тарихи оқиға қазақ даласының Ресей империясының қол астына өтуі саналады. Бодандықты қабылдау нәтижесінде өзінің тәуелсіздігінен айырылған қазақ елі патшалық өкіметтің отарына айналды. Сондықтан да осы кезеңдегі барлық зерттеулер отар аймақтың хал-ахуалын ашып көрсетуге арналды. Қазақстанның отарлық кезеңінің тарихы, оның өзекті мәселелері көбінесе кеңестік кезеңде зерттелгендіктен тарихи шындығы толық ашылмады. Әсіресе отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық қозғалыстардың ақиқаты бүркемеленді. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана бодандық бұғауын киген өлкенің өткені, оның түйінді мәселелеріне назар аударылып, мұрағат қойнауындағы соны құжаттар мен материалдардың көмегімен объективті түрде жазыла бастады.

XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ-жоңғар қатынастарын ұлт зиялылары М.Ж.Көпеевтің, Ш.Құдайбердиевтің, М.Тынышпаевтың, М.Дулатовтың, Ә.Бөкейхановтың күш-жігерлерін жұмсауы барысында дүниеге келген іргелі зерттеулерінің негізінде шынайы саралауға мүмкіндік туды.

Кеңестік тарихнамада Қазақстанды отарлаудың басталуы оның Ресейге “қосылуы” тұрғысынан пайымдалды. Кейбір авторлар мәселенің экономикалық жағына да, саяси себептеріне де мүлде тереңдеп бармай, оны тек қана сыртқы факторларына қарап, қосылу кездейсоқтықтан болды деп есептеді. Енді біреулері империяның отаршыл мүдделерін жақтап, жергілікті халықты менсінбеу, оны төмендету пиғылын танытты. Үшіншілері “қосылудың” прогрессивті салдарын іздеп бақты. “Жабайы, артта қалған” қазақ халқына мәдениет әкелген, шаруашылығын жақсартып, тұрмыс тіршілігін жандандырған отарлау саясаты деген тұжырымдаманы бекітуге жанталасты. Осындай бағыттарда патшалық биліктің құйтырқы саясатының бет пердесі бүркемеленіп, көптеген шығармалар жарияланды. Тек қазақ халқы өкілдерінің еңбектерінде бодандықты қабылдаудың шынайы тұстары ашып айтылды. Мәселен, қазақ ағартушы ғалымдары Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин ұлы державалық шовинизмге қарсы өз пікірлерін білдірді.

Қазақстанның Ресей құрамына кіру проблемасы Ә.Бөкейхановтың еңбектерінен анағұрлым толық көрініс тапты. Ұлт зиялысы, Алаштың ардақтысы “Қырғыз өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері” атты зерттеуінде “қосылу” деген сөзді мүлде қолданбай, “жаулап алу”, “бағындыру” терминдері арқылы империяның боданына, отар елге айналудың алғышарттары мен себеп, салдарын түсіндіреді.<sup>29</sup>

Кеңестік кезеңде аталмыш мәселеге ерекше мән беріліп, бірқатар зерттеушілер оларды жан-жақты таразылауға ықылас танытты. Солардың арасында Т.Рысқұлов, Х.Досмұхамедов, П.Г.Галузо, Ғ.Тоғжанов, С.Меңдешев және т.б. бар. Әсіресе Ресей бодандығындағы қазақ елінің жағдайын, отаршылдыққа қарсы бас көтерулерді ғылыми тұрғыда терең зерттеп, ғылымға мол еңбек сіңірген П.Г.Галузо болды.<sup>30</sup>

29 Бөкейханов А. Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи. // Избранное. - А., 1995.

30 Галузо П.Г. Туркестан – колония. –М., 1929; Рыскулов Т. Собрание сочинений. – А., 1997; Досмұхамедов Х. Избранное. –А., 1998; Тоғжанов Г. О казахском ауле. Год издания неизвестен.

Ұлт зиялылары Қазақстанның Ресей бодандығына өтуін сыртқы саяси жағдаймен байланыстырды. Жаулап алу қазақ бұқарасына күйзеліс пен тонаушылық әкелгендігін баса көрсетті.

Қазақстанның Ресейге қосылуының зерттеу қорытындылары 1970-1990 жылдары жарық көрген Г.Ф.Дахшлейгердің, Д.И.Дулатованың, Ж.Қасымбаевтың, І.Қозыбаевтың, И.Ф.Ерофееваның тарихнамалық еңбектерінде шығарылды<sup>31</sup>.

XVI-ғасырдың орта кезінен XX-ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қатынастарының мәселелері отандық тарих ғылымындағы басым проблемалардың бірінен саналды. Мұндай басымдылықты қазан төңкерісіне дейінгі ұлыдержавалық шовинистік пиғылмен, кеңестік кезеңдегі коммунистік идеологияның ықпалынан туындаған құбылыс ретінде таныған жөн. Осындай құбылыстың нәтижесінде қазақ даласының Ресейдің айыр басты бүркітіне бағынуы “кіру”, “өз еркімен қосылу” тәрізді процестердің қалыптасуына алып келді. Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы, оның ішкі, сыртқы факторлары, Әбілхайыр ханның рөлі, қазақ жүздерінің империяға адалдығы жөнінде ант берулері, т.б. мәселелердің зерттелуі деңгейі айқындалып, осы проблемаға қатысты ғылымның жай-күйі көрсетілді.

Бодан болудың ауқымындағы қазақ отарлауы тарихын кеңестік кезеңде П.Г.Галузо ғана зерттеген болса, тәуелсіздік алғаннан кейін М.Ж.Әбдіров, Т.Б.Митропольская, В.А.Терещук проблеманы анағұрлым терең әрі жан-жақты қарастырып, тарихи шындыққа сәйкес тұжырымдар жасады.<sup>32</sup>

Отар аймақтағы қазақтар туралы олардың тарихынан, әлеуметтік құрылымынан, тұрмысынан, рухани өмірінен, салық төлеуі мен әдет-ғұрпынан бастап, алуан түрлі мәліметтер беретін жалпылама еңбектер, сондай-ақ қазақ қоғамының саяси, экономикалық жағдайының, құқықтық нормаларының, мәдениетінің жекелеген мәселелерін арнайы және терең зерттеген шығармалар тарихнамадан орын алады.

Отандық тарих ғылымында қазақ қоғамындағы әлеуметтік-шаруашылық мәселелері, соның ішінде орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы, өлкеге капиталистік қатынастардың енуі анағұрлым терең зерттелді. Осы орайда Б.Сүлейменовтың, П.Г.Галузоның, Е.Бекмахановтың, Ц.Фридманның, Ә.Б.Тұрсынбаевтың, М.Х.Асылбековтың, Е.Ділмұхамедовтың, А.Нүсіпбековтың, Ж.Қасымбаевтың, Ж.О.Артықбаевтың, С.Игібаевтың<sup>33</sup> және т.б. еңбектері жарияланды. Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі мәселелеріне

---

31 Дахшлейгер Г.Ф. Историография Советского Казахстана. - А-Ата., 1983; Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917). - А-Ата., 1984; Козыбаев И. Историография Казахстана: уроки истории. - А-Ата., 1990.

32 Абдиров М. История казачества Казахстана. -А., 1996; Митропольская Т.Б. Из истории Семиреченского казачества. -А., 1997; Терещук В.А. Рассказы о Кокчетаве. - Кокшетау.,1992.

33 Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последний трети XIX-начале XX в.в. - А-Ата., 1963; Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. -А., 1991; Асылбеков М.Х. Железнодорожники Казахстана в первой русской революции (1867-1907). - А-Ата., 1965; Тұрсынбаев А. Казахский аул в трех революциях. - А-Ата., 1967; Дильмұхамедов Е.Ф., Маликов Ф. Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана. -А-Ата., 1963; Нусупбеков А.Н. Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане. - А-Ата., 1966 және т.б.



Т.Ә.Төлебаевтың тарихнамалық зерттеуі арналды.<sup>34</sup>

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезіндегі өлке халқының әлеуметтік-демографиялық ахуалы зерттелген бірқатар еңбектер отандық тарихнамаға қосылған айтулы үлес болды. Қазақ халқының XIX-ғасырдың соңы XX-ғасырдағы әлеуметтік-демографиялық жағдайының тарихнамасы тарихнамалық тұрғыда таразыланып, зерттелуге тиіс мәселелері анықталды.

Қазақтардың отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күресі Отан тарихындағы айшықты оқиғалардың бірінен саналады. Озбыр отарлау саясатына қарсы даланы дүбірге толтырған ондаған ірі ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы зерттеушілер ықыласын өздеріне аударды. Сондықтан да тәуелсіздік жолындағы күрестердің баянын көрсететін арнайы зерттеулер жарияланды. Олардың авторлары А.Ф.Рязанов, М.П.Вяткин, Е.Бекмаханов ғылымға сүбелі үлес қосты<sup>35</sup>. Айта кетерлік жайт ғылымда әлі де болса осы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихнамасы кешенді түрде талданбай келеді.

XX-ғасырдың бас кезіндегі ұлт зиялыларының қалыптасуы, Алаш қозғалысы ғылымда тың деректер мен тыйым салынған құжаттардың жариялылыққа ие болуына байланысты жаңа қырынан зерттеліп, К.Нұрпейістің, М.Қойгелдиевтің, Д.Аманжолованың еңбектері дүниеге келді.<sup>36</sup> Зерттеуші ғалымдар ұлт көшбасшылары болған Алаш зиялылары қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетімен тығыз байланысты еді, шын мәніндегі рухани ренессанстың ұйытқысы болатын. Олар ұлттық нәрсенің бәрін қызғыштай қорыды, діни фанатизмге, ұлтшылдық, нәсілшілдік және өзге де соқыр сенімдерге ұрынбады деген тұжырым түйіндеді.<sup>37</sup> Жалпы ғылымда Алаш қозғалысына байланысты тиянақты шаралар атқарылды. Мәселенің тарихнамасы сараланып қана қоймай, деректері де талданып, бұрын жарияланбаған мұрағат құжаттары және өзге де материалдар жинақтар түрінде жарық көруде.

Кеңестік кезеңде отандық тарихнама ғылымы көптеген жаңа зерттеулермен толықты. Ғылыми еңбектер Қазақстанда кеңес өкіметінің орнауы мен нығаюы, индустрияландыру, аграрлық салада жүргізілген бірқатар реформалар, “мәдени революция”, т.б. тарихи оқиғалар, процестерге байланысты жарияланды. Алайда зерттеулердің басым көпшілігінде тарихи шындық көрініс таба алмады. Ғылымда маркстік-лениндік методология мен коммунистік идеологияның үстемдік алуына орай сараланған мәселелер таптық тұрғыда, социалистік саяси биліктің мүддесінде ақиқаттан алшақ зерттелді. Мұның өзі ғылымда таптаурын, сыңаржақ тұжырымдардың орнығуына жол ашты. Нәтижесінде тарихты жазу номенклатуралық биліктің тапсырысы шеңберінде әрі қатаң бақылауында болды. Дегенмен кеңестік кезеңде республикада тарихшы мамандарды дайындаудың деңгейі мен сапасы артты, ғылыми мектептер қалыптасты. Отан тарихы проблемеларымен кешенді түрде айналысатын арнайы зерттеу

34 Төлебаев Т.Ә. Қазақстанға капиталистік қатынастар енуінің тарихнамасы. - А., 2002.

35 Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа. 1897-1838// Труды общества изучения Казахстана. Т.ІУ. Вып. II. - Кзыл -Орда, 1926; Вяткин М.П. Батыр Срым. -М-Л., 1947.

36 Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. - А., 1995; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - А., 1995; Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. - М., 1994.

37 Қазақстан тарихы. 3-т. - А., 2002. - 486.

институттары құрылды. Осы орайда Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты тарихшы-зерттеушілердің көшбасшысы ретінде салмақты да салихалы ғылыми туындылардың дүниеге келуіне мұрындық болды. Қазақстан тарихының ежелгі дәуірінен “кемелденген социализмге” дейінгі аралықтағы тарихи процестердің баяны ұжымдық зерттеулер, арнайы монографиялар, ғылыми мақалалар, деректік топтамалар, т.б. түрінде жарық көрді. Отандық тарих ғылымының өзіндік мерзімді басылымдарын - хабаршы, жаршы тәрізді журналдарды шығарып тұру мүмкіндігіне қол жеткізді. Осылайша отандық тарих ғылымы дамып, тарихи білім толықты.

Көрсетілген кезеңде Қазақстан тарихын дәуірлеу мәселесі таптық тұрғыда бекітіліп, ол формациялық тұжырымдаманың аясына сыйдырылды. Алғашқы қауымдық құрылыс, құл иеленуші құрылыс, феодализм, капитализм, социализм деп аталатын бес дәуір замандарға, соңғылары кезеңдерге бөлінді. Мұндай кезеңдеменің кемшіліктері мен олқылықтары болғанымен ғылым оны берік ұстанды. Осындай дәуірлеуге байланысты қазақ тарихы ұлттық ұстанымдардан тыс азаматтық тарих тұрғысында зерттеліп, өткеннің саяси-басқару, әлеуметтік жіктелуі, бұқараның рөлі тәрізді мәселелеріне басты назар аударды.

Тарихи оқиғалар мен процестерді ұлттық тұрғыда қарастыру мүмкін болмағандықтан төл деректердің көпшілігі ғылыми айналымнан тыс қалды. Бұл бір жағынан қасақана жасалған саясат болса, екінші жағынан оның астарында халықты төл деректерінен айыру, соның нәтижесінде шынайы тарихынан жат ету пиғылы жатқан еді.

Зерттеу принциптері мен әдістерінің маркстік-лениндік методологияға бағындырылуы тарихи жағдаяттарды шынайы қарастыруға жол бермеді. Сондықтан да тарихшылар түрлі деректерді пайдаланғанымен саяси жүйеге тиімді тұжырымдар түйіндеуге мәжбүр болды. Осыған орай ғылыми тұжырымдар мен пікірлер бір арнаға тоғысып, балама көзқарастар білдіру мүмкін болмады.

Кеңестік кезеңнің жекелеген проблемаларының зерттелуі туралы айтатын болсақ, кеңес өкіметінің алғашқы аграрлық реформалары, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру, тың және тыңайған жерлерді игеру, тағы сол сияқты кейбір проблемалардың зерттелу деңгейі анықталып, бірқатар тарихнамалық зерттеулер жарияланды. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихының тарихнамасын өз кезегінде тарихнамашы ғалым Г.Ф.Дахшлейгер арнайы зерттеп, елеулі еңбек жариялаған.<sup>38</sup> Алайда зерттеуде жасалған тұжырымдардың қазіргі ғылым талаптарын қанағаттандыра алмайтындығы түсінікті. Сондықтан да отандық тарихнама ғылымы түбегейлі тарихнамалық зерттеулерге зәру. Тұтас бір кезеңді қамтитын тарихнамалық еңбектер дайындаудың әрі сол кезеңдегі тарих ғылымының дамуын анықтаудың, оны ары қарай жетілдірудегі маңызы зор. Сол себепті де ғылымда осындай проблемаларға назар аудару қажет. Ол үшін белгілі бір мәселелерді зерттеуде жаңа тарихи таным тұрғысында соны бағыттарды, тың көзқарастарды көрсету керек. Сонда ғана түрлі тұжырымдар мен пікірлерге тарихнамалық талдау

---

38 Дахшлейгер Г.Ф. Историография Советского Казахстана. - А-Ата., 1969.

жүргізу тартымды әрі ғылымды дамыту үшін ұтымды болады. Өйткені тарихнама ғылымы тарихи білімнің пайда болуы мен жинақталуына, тарихи ойдың дамуын зерттеуге, тарих ғылымының қалыптасуы мен алға жылжуына септеседі. Тарихнаманың міндеті - тарихи таным мен ойдың әртүрлі сатыларының заңдылықтарын ашу, ғылымда әлеуметтік тарихи ақиқаттың терең әрі жан-жақты көрініс табу үрдістерінің негізгі мазмұнын және әдістерін зерттеу.

Тарихнама - тарих ғылымының тарихын зерттейтін ғылым саласы. Сондықтан да ол үнемі тарихнамалық зерттеулер деген ұғыммен тығыз байланысты. Тарихнамалық зерттеулер белгілі бір дәуірде пайда болған тарихи таным бағыттарына тән және әлеуметтік функциялар атқаратын принциптердің негізінде жүргізіледі. Сонымен қатар тарихнамалық зерттеулердің міндеттері тарих ғылымының даму сұраныстары мен қажеттіліктеріне байланысты айқындалады және қол жеткізілген тарихи таным мен тарихи ойдың деңгейіне, сондай - ақ зерттеу әдістеріне тікелей тәуелді болады.

Тарихнамалық зерттеулер ғылым ретіндегі жалпы мәселелермен тығыз байланысты. Тарихи танымның даму жолдарын бірізді қарастыра отыра тарихнамалық зерттеулер тарих ғылымының қозғаушы күштерінің, әртүрлі ғылыми мектептердің бағыттарының пайда болуының және ауысуының заңдылықтарын, олардың объективті шынайылықтың көрсеткіштеріне орай қалыптастырған тұжырымдамаларының, сол ғылыми ой-тұжырымдардың өз заманының қоғамдық өміріндегі, тарих ғылымын дамытудағы маңызын айқындауға мүмкіндік береді. Белгілі бір тарихи тұжырымдаманың әлеуметтік-тарихи тәжірибенің тезіне төтеп беруі туралы мәселені анықтаудың міндетін қойған тарихнамалық талдау тарихи зерттеулердің теориялық тәжірибесін қорытындылауға алып келеді. Тарихнамалық зерттеулердің тарих ғылымын дамыту үшін қажеттілігі тарихи танымның дамуы ережеге сәйкес бұрын ғылыми айналымда болған деректердің шынайылық дәрежесін сын тезінен, сонымен бірге жинақталған фактілік материалдарды жаңа ой елегінен өткізуді талап етеді. Фактілік материалдың үздіксіз өсіп отыратын өзара байланыстағы тарихи оқиғалардың буындары ретінде белгілі фактілердің тарихтың ағымында жана мән мен маңызға ие болғандығын байқау нәтижесінде объективті қажеттілігі арта түседі.

Осыған орай тарихнама зерттеудің мынадай негізгі аспектілерін иеленеді.

**Біріншіден.** Тарихи таным өзінің дамуының әрбір жаңа сатысында әлеуметтік қызмет атқарады әрі сол әлеуметтік функциялардың әртүрлі дәуірлерде жүзеге асырылуын анықтайды. Зерттеудің осы аспекті тарих ғылымы мен қазіргі кезеңнің өзара қарым-қатынастарын қарастыра отырып тарихнама тарихи танымның әлеуметтілігінің аса маңызды дерегін зерттейді, тарихи танымның тарихшының әлеуметтік позициясына тәуелділігінің қорытындысын шығарады.

**Екіншіден.** Теориялық-методологиялық принциптерді зерттеу әрбір тарихи ой-тұжырымның бағыттарына тән. Бұл үшін бір жағынан тарих ғылымы және екінші жағынан философия, әлеуметтану, саясаттану, құқықтану, теориялық жаратылыстану ғылымдары арасындағы байланыстарды ашу қажет. Алайда

теориялық-методологиялық принциптерді зерттеу тарихшылардың белгілі бір мектептерінің жалпы теориялық пікірлерін жинақтап талдаумен шектелмеуі тиіс. Ол тарихи зерттеулердің теориялық-методологиялық ережелері мен тәжірибесін қолдануды талдауы қажет.

**Үшіншіден.** Тарихи еңбектердің деректанулық базасын, деректерді пайдаланудың сипатын, зерттеудің нақты әдістерін талдау. Тарихнаманы осы тұрғыда қарастыру зерттеудегі тарихи ойдың түрлі бағыттарына тән өзіндік әдістерін айқындауға, тарихи фактілерді орнату мен жүйелеуде әрбір ғылыми мектептің орнын анықтауға, тарихи зерттеудің методологиясының және әдістерінің өзара байланыстарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

**Төртіншіден.** Тарихи зерттеулердің проблемасын, оның дамуы мен кеңеюін талдау тарихи таным прогресінің аса маңызды көрінісін және белгілі бір тарихи дәуірдің әлеуметтік-экономикалық, саяси талаптарының көрініс табуын талдау.

**Бесіншіден.** Тарихи ойдың әртүрлі бағыттары және түрлі мектептер қалыптастырған ғылыми тұжырымдамаларды зерттеу. Тарихи тұжырымдамаларды талдау бір жағынан жарамсыз көзқарастардың жойылуы процесін дәйектеуге, екінші жағынан, тарих ғылымының дамуындағы сабақтастықты айқындауға, осы дамудың алдыңғы кезеңдердегі объективті шынайы нәтижелерін жаңа жағдайларда пайдалануға қолайлы мүмкіндік тудырады. Осындай негізде әртүрлі мектептер өкілдерінің тарихтың сол кезеңдеріндегі өзекті мәселелері бойынша күресі анық бейнеленеді.

**Алтыншыдан.** Тарих саласындағы зерттеу жұмысының түрі мен ұйымдастырылуын, оған қоса ғылыми мекемелер және мұрағаттар жүйесін, мамандар даярлау мәселелерін, баспа қызметін, тарихи тұжырымдарды пайдалану түрлерін, оларды насихаттауды зерттеу, т.б.

Тарихнамалық зерттеудің түрлі аспектілері бір-бірімен тығыз байланысты. Тек тарихнамалық материалдарды кешенді түрде зерттеу тарих ғылымы тарихының негізгі желісін және оны ғылым ретінде тұтастай көрсетуге, сондай-ақ жекелеген мәнді құбылыстарын ғылыми тұрғыда қайта жаңғыртуға жол ашады. Сонымен қатар тарихнамалық зерттеу заманауи көкейкесті мәселелерді белгілеп, оларды жаңа тарихи таным мен көзқарастар негізінде ғылым таразысынан өткізуге, тың еңбектер дайындауда жинақталған тәжірибені қолдануға мүмкіндік береді. Тарихнамалық мәселелерді зерттеу қазіргі кезеңде зерттеушіден мәдениеттің жалпытарихи жоғары деңгейін, нақты тарихи материалды терең білуін, біліктілікті, сонымен қатар ғылымның методологиялық ұстанымдарын жан-жақты меңгеруін талап етеді.

Тарихнама тарихтың тарихын зерттейтін ғылым саласы ретінде өзінің алдына нақты мақсат-міндеттерді қояды.

**Тарихнама ғылымының мақсаты - белгілі бір ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін анықтап, тарихнамалық деректердің мән мазмұнын, зерттелу бағыттары мен үрдістерін айқындау, объективті түрде зерттелмеген тұстарын тану.**

**Ғылымның міндеттері ;**

-тарихнамалық деректерді жинақтау, жүйелеу ;

-тарихнамалық фактілерді жинап, оларға талдау жасау;

-тарихнамалық фактілердің тарихи оқиғалар мен процестерді зерттеуінің деңгейін сараптау, ұтымды тұстары мен олқылықтарын айқындау;  
-тарихнамалық талдау арқылы ғылыми еңбектерге баға беру;  
-тарихнамалық деректердің саяси-әлеуметтік жүйелер мен идеологияларға тәуелділігін анықтау;  
-белгілі бір мәселенің зерттелмеген тұстарын айқындап, келешек ізденушілерге тың тақырыптар ұсыну.

**Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Тарихнама ғылымының даму үрдістерін көрсетіңіз.
2. Отандық тарих ғылымның дамуына сүбелі үлес қосқан орыс зерттеушілерінің есімдері мен еңбектерін атаңыз.
3. Әрбір тарихнамалық кезеңдегі ғылыми еңбектердің ерекшеліктерін ашып көрсетіңіз.
4. Тарихнаманың өзге тарих ғылымы салалары арасында алатын орны мен атқаратын рөлі қандай?
5. Тарихнамалық зерттеу үлгісі арнайы курсының пәні, мақсаты мен міндеттері.

# ТАРИХНАМА ҒЫЛЫМЫНЫҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

## Тарихнамалық зерттеу әдістері

Тарихнаманың өзге де ғылымдар тәрізді өзіндік методологиялық негіздері мен ұстанымдары бар. Методологиялық мәселелердің дұрыс қойылуы ғылымда оқиғалар мен құбылыстарды объективті түрде терең зерттеуге жол ашады.

**Методология көне грек сөзінен аударғанда “методос” - “зерттеу жолдары,” “таным тәсілдері”, ал “логос” ілім деген мағына береді, яғни ол ғылыми зерттеу жолдары, таным тәсілдері туралы ілім болып шығады.** Ғылымда методологияның “тарихи таным теориясы” деген интерпретациясы да кездеседі. Қазіргі кезеңде методологияның анықтамасын беруде ресейлік тарихшылар белсенділік танытуда. Мәселен, В.В.Журавлев: “... тарихи зерттеу методологиясы - бұл тарихи білімді дүниеге келтіру және олардың принциптерін реттеу. Методология бұл тұста ғалымның қарамағындағы малай немесе құлдық ұруды талап ететін патша емес. Яғни, методологияны “не істесем де өзім білемін” деген принципті ұстанып, оны біржақты дәріптеуге немесе елеусіз қалдыруға болмайды. Нағыз тарихшы ең алдымен өмір бойы методологиялық жағынан жетіледі. Ол ғылымда жинақталған методологиялық қазынамен бірге өседі, ал соңғысы ғалымның күш-қайратының арқасында молаяды”<sup>39</sup>, - деп жазды. Сонымен тарих ғылымының методологиясы теориялық, дүниетанымдық ережелердің жүйесі, ол нақты шындықты танудың тәсілдері ретінде ғылыми талдау жасау талаптарынан пайда болады. Басқаша айтқанда тарих ғылымының методологиясы ғылыми зерттеу жұмысында танымдық принциптер, идеялар ретінде пайдаланылатын белгілі бір дүниетанымдық теориялық ережелердің жүйесі. Методология - белгілі бір мәселені зерттеудің ғылыми әдістемелері. Тарих ғылымындағы зерттеу тәсілдері мен жолдары, яғни методология математикадағыдай дайын формула емес, ол өзін теориялық жағынан жетілдіруді және үздіксіз ізденістер арқылы қалыптастырып, дамытуды талап етеді. Методологияға сүйеніп, зерттеуші іс-тәжірибелік қызметінде әдістер кешенімен жұмыс істейді. Осыған байланысты ғылыми әдістер құрылымын былайша көрсетуге болады. 1. Танымның мазмұнын сипаттайтын дүниетанымдық ережелер мен теориялық принциптер. 2. Зерттелуге тиіс мәселенің ерекшеліктеріне сәйкес әдістемелік қолданыстар. 3. Ғылыми зерттеуді дәйектейтін, оның барысы мен нәтижелерін көрсетуге қолданылатын тәсілдер. Осылайша, әдіс зерттеудің теориясының, әдістемесінің және техникасының өзара байланысын іске асырады.

Методология әдістен де кең, ол әдістердің ілімі ретінде білімнің үш деңгейінен құралады: философиялық, ғылыми-теориялық және эмпирикалық.

Енді тарихнаманың зерттеу әдістерін көрсетуге көшейік. Методологияның аса бір маңызды міндеттері тарихнама ғылымының әдістерінің табиғатын,

---

39 Журавлев В.В. Методология исторической науки. Вчера. Сегодня. Завтра. // Кентавр, 1995. №6. -146 б.

пайдаланылуын және ерекшеліктерін айқындау. Осы мақсатқа қол жеткізу әдістің жалпы мазмұнын, соның ішінде ғылымның әдісі ретінде түсіну арқылы мүмкін болады.

Әдістің ғылыми зерттеу үшін маңызы өте зор. Оның үстіне тарихнамалық процестің күрделілігі көптеген зерттеу тәсілдерін қолдануды талап етеді. Тарих ғылымында әдістің құндылығы сол, ол методологияны жетілдіру және байыту мақсатында қажетті материал бере алады.

Әдіс адамның танымдық қызметіндегі және тәжірибеде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізудің тәсілдері, құралы ретінде баршаға таныс. Орыс зерттеушісі Е.М.Жуков: “әдіс ғылымға бағыт беріп қана қоймайды, сонымен қатар қарастырылуға тиіс процестер мен құбылыстарды шырғалаңнан шығарудың дұрыс жолын көрсетеді”, - деп толықтырған<sup>40</sup>. Осы тұрғыдан алғанда әдіс ғалымға тақырыпты зерттеуде бағыт беріп, оның танымдық қызметін рационалдандырып, тиімділігін қамтамасыз етеді әрі өзіне дейінгі зерттеушілердің жинақтаған фактілері мен мәліметтерін жүйелеуге, бағалауға жағдай жасайды. Сондықтан да әдіс өткен уақыттардағы ғылыми жұмыстың тәжірибесінен орын алып, болашақтағы зерттеудің шешуші факторы ретінде шынайы білімді қалыптастырудың тәсіліне айналады.

Айта кетерлік жайт, ғылыми әдебиеттерде әдіс өздігінен жасампаздық рөл атқара алмайды, ол тек шығармашылық қабілеттің дамуына жағдай жасайды деген пікір де кездеседі. Шындығында да тарихнамада әдіс өзінен-өзі зерттелуге тиіс материалға қосымшасыз білімге айнала алмайды, ал егер оны шеберлікпен таңдап, пайдалана білсе, тарихи білімді алға жылжытады. Осындай мағынада әдістің шығармашылық рөлі туралы айтуға болады. Тарихнамада әдістер тарих ғылымын дамыту үшін жаңа білімді алу мақсатында пайдаланылады.

Әдіс эвристикалы. Ол өз бойында объективтілік пен субъективтілікті сақтайды. Осы орайда орыс зерттеушісі П.В.Копнин: “танылған заңдылықтар әдістің объективті қырын құрайды, ал соның негізінде пайда болған зерттеудің тәсілдері мен құбылыстардың өзгеруі субъективті өмір сүреді”,<sup>41</sup> - деп санайды. Әдістер жетіліп, өзгеріп, басқаларға орын беріп, анағұрлым прогрессивті әрі рационалды бола түседі. Әдіс методология арқылы теориямен астасып жатады, өйткені теория ғылыми әдістің дамуынсыз өмір сүре алмайды. Себебі әдіс теориялық білімге негізделген сайын күшейе түседі. Сондай-ақ әдіс пен теорияның бөлінуі алғашқысының бұрмалануына, соңғысының мазмұнынан айырылуына әкеледі.

Осылайша теория мен әдістің диалектикалық өзара байланысының нәтижесінде олардың арасында бір-бірімен сабақтастықтағы толысу процесі жүреді. Мұның өзі тарихнаманың тәжірибесін түсіну үшін қажет.

Әдіс және оның сипаты зерттеу объектісіне қатысты айқындалады. Ол зерттелуге тиіс объектінің ерекшеліктерімен байланысып қана қоймайды, екі түрлі фактор арқылы оның мәні терең ашылады. Олар зерттеушілердің

---

40 Жуков Е.М. Очерки методологии истории. -М., 1989. - 27 б.

41 Копнин П.В. Гносеологические и логические основы науки. - М.: 1997. -509 б.

алдыңғы ұрпағының материалдар жинақтауы және талдануы, шынайылыққа жетудегі әлеуметтік принциптің рөлі.

Тарихнамадағы әдістің ерекшелігі мен атқаратын рөлін айқындау үшін жалпы ғылымдағы әдістің анықтамасын, ғылыми танымның түсінігін, сонымен қатар тарих ғылымын дамытудың жинақталған тәжірибесін білу қажет.

Тарихнамадағы зерттеу, яғни **ғылыми әдістер - бұл тарихнамашының танымдық қызметіндегі тарихи білімнің шынайылығына жетудегі саналы тәсілдер мен жолдар**. Әдіс - тарихи заңдылықтарды оның нақты көріністері тарихи фактілер, фактілерден жаңа білімді шығару жолдарын зерттеудің тәсілі.<sup>42</sup> Әдістер тарихнамашының қызметін рационалдандырып, ғылыми зерттеуде пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз етеді. Сөйтіп тарихнамашының ғылыми ізденістерінің методологиялық бағыты айқындала түседі.

Методология әдістен де кең ұғым. Методология мен әдістің арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар.

Объектіні, оны тану тақырыптың зерттелу деңгейіне байланысты зерттеу әдістері әртүрлі болып келеді: теориялық, эмпирикалық, жалпы, дара, салыстырмалы, қосалқы, көркемсуретті және т.б. Методология осы және басқа әдістердің жалпылама, әртүрлі болулары туралы ғана ілім болып табылмайды. Ғылыми жұмысты жүргізудің әдіс-тәсілдерінің көмегі арқылы анықталатын әдістің функциялары және оларды пайдалану методология үшін жеткіліксіз, өйткені олардың құрамынан ғылыми ақиқаттың жалпылама жетістігін қамтамасыз етуге бағытталған құрылымдық элементтер орын алмаған. Сонымен қатар әдістің өз бетінше әрекет етуі де салыстырмалы, себебі ол зерттеу жүргізілмесе, қолданылмайды.

Әдістің функциялары туралы келтірілген пікірлер мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: біріншіден, методология бүкіл танымдық процеске бағыт беруші әдіс ұғымынан әлдеқайда кең әрі ауқымды, өйткені ол дүниетанымның жалпы құбылыстарын бейнелейді, әдістің ғылыми қолданысын қамтамасыз етеді және ғылыми танымның барлық жүйесінде байланыстырушы рөл атқарады. Екіншіден, ғылымда да дүниетанымдық рөл атқарады.

Методология мен әдісті теңестіру әдіснаманы гносеология позициясына түсіріп, таным теориясындағы онтологиялық, аксиологиялық аспектілерді әлсіретеді.

Тарих ғылымы методологиясының мәнін ашуға бағытталған осындай жалпы бағыт әдіс пен әдіснаманың субординациялық өзара қарым-қатынасын ашуға мүмкіндік береді. Осы тұрасында ғалымдар арасында “егер методология танымдағы басты жол болса, әдістер осы жолмен қалай жүруді анықтап береді және методология талдаудың құралы, бірақ ол сол талдауды алмастырмайды” деген қағида қалыптасқан.

Дегенмен айтылған пайымдаулар тарихнама үшін жеткіліксіз. Методология әдістерді талдау және сыныптау, сондай-ақ олардың арасынан тиімділерін

---

42 Коршунов А.М. Петров Ю.В. Методологические проблемы исторического познания. - М.: Высшая школа, 1981. -19 б.



таңдап алу мүмкіндігіне ие. Оларды тарихнамалық тәжірибеде пайдалануда тарихнамалық талдаудың объектісі, зерттеудің мақсат-міндеттері және т.б. тәрізді бірқатар шарттары орын алған. Методологияда таным әдістері зерттеу тәсілдері ретінде трансформацияланады, берік теориялық негізге айналады деген де пікірлер кездеседі.

Методологиялық талдаудың тағы бір артықшылығы, ол теориялық негізде таңдап алынған әдістерді біріктіре алады, ақиқат жолындағы қызметінің соңғы нәтижесіне қол жеткізеді.

Осылайша, методология мен әдістер қай жағынан алып қарасаңыз да синонимдер бола алмайды. Методология мен әдістерді теңестіру ұмтылыстарына қарсы шыға отырып, олардың өзара байланысының генетикалық түп-тамырын және ғылыми танымның шынайылығын қамтамасыз ету мақсатының, тарих ғылымын дамытудағы заңдылықтарының ортақ екендігін баса айтқан жөн. Осы орайда әдістер методологияның жекелеген аспектілерін іске асырады деп санауға болады. Бұдан өзге әдіс ғылыми таным методологиясын жетілдіріп, байытуда орасан зор мәлімет береді. Алайда методологияның біртұтас жүйесінде әдістер өзіндік негіздемесі, орны арқылы дамып, жетіледі. Тарихнамада қазіргі кезеңдегі әдістер жүйесі қолданылады. Тарих ғылымының тарихындағы әдістер гуманитарлық пәндердегі ғылыми зерттеу тәсілдеріне ұқсайды. Осыған орай оларды мынадай етіп жіктеуге болады: тарихнаманың ерекшеліктері мен міндеттері ескерілген барлық гуманитарлық немесе қоғамдық ғылымдарға ортақ әдістер; тарихнамалық танымның өзіне тән әдістер; басқа да, соның ішінде аралас ғылымдардан алынған, яғни пәнаралық әдістер.

Айта кетерлік жайт, жалпы ғылыми әдістерді тарихнамада нақты пайдалану оның терминдер аппаратын толықтыратын дәйекті дерек болуына мүмкіндік береді. Зерттеу әдістері тәжірибеде “таза” күйінде қолданылмайды, олар бір - бірімен қосылып, тарихнамалық еңбек дайындауда әртүрлі әдістердің қоспасы ретінде көрініс табады.

Ғылымда тиімді әдістерді пайдалану мынадай факторларға байланысты болады; ғылымның даму деңгейі, зерттеушінің біліктілігі, оның әлеуметтік позициясы, дәстүрлер және т.б. тарихнамадағы тарихи салыстырулардың, теңеулердің, параллелдердің және т.б. маңызы зор. Осындай “қасиеттерді” **салыстырмалы-тарихи** әдіс өз бойына жинаған. Бұл әдіс басқалардың арасында алдыңғы орынды иеленеді, себебі тарихилықтағы әмбебап потенцияны біріктіреді, тарих ғылымының болашағын болжауға қолайлы жағдай тудырады.

Тарихнамада осы әдіс өзінің мақсат-міндеттерінен шыға отырып, белгілі бір тарихи жағдайда пайда болып, әртүрлі даму сатыларында түбегейлі өзгеріп отырған, әрекет еткен тарихнамалық фактілерді оқып-үйренуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс тарихнамада сонымен қатар жекелеген тарихи сатыларда қалыптасып, тарихи білімнің жаңа міндеттері мен шарттарына қарамастан қайталанатын құбылыстардың алғышарттарын, себептерін айқындауда аса қажет. Қайталанатын тарихнамалық фактілердің себептерін ашуда тарихнамашы салыстыратын құбылыстың ең алғашқы интерпретациясына

назар аударуы тиіс. Аталмыш әдіс генетикалық туыстастықтағы, бірақ шығу тегі жағынан бір-бірімен байланыспаған, дегенмен біртұтас тарихнамалық ахуалға әрекет еткен фактілерді салыстыруда жиі қолданылады. Ескеретін жайт, салыстыратын құбылыстардың ортақ белгілері болуы тиіс. Оның үстіне тәжірибеде салыстырмалы тарихи әдісті пайдалану тарихнамашыны тарихты бұрмалау мен жаңсақ етуден сақтандырады.

Салыстырмалы-тарихи әдіс - тарих ғылымында жинақталған терең білімді айқын көрсетуге, ғылымның дамуы заңдылықтарын анықтауға, пікір өрісінің тарлығынан босауға, тарих ғылымын ары қарай дамытуға жағдай жасайтын тарихнамадағы қолайлы әдістердің бірі. Салыстырмалы-тарихи әдіс тарихнамада нақты талдауды жоққа шығармайды, керісінше оны қолдануды қажет етеді.<sup>43</sup> Нақты талдауға теориялық және нақты - тарихи мәселелерді бір-бірімен өзара байланыста зерттеуде ғана қол жеткізуге болады. Нақтылы ғылым дамуындағы белгілі бір оқиғалардың себептерін, қарастырылатын мәселелердің кеңдігін, бұрын-соңды ашылмаған жаңа тақырыптардың пайда болуын, соны идеялар, қорытындылар, пікірлер қалыптастырудың, т.б. шарттарын іздеп табуы білдіреді.

Салыстыру тарихнама үшін аса қажет, өйткені осы әдіс арқылы бұрын белгісіз болып, зерттелмей келген тарихнамалық факт ғылыми айналымға енген, тарихнамашының тиісті бағасына ие болған деректер өзара салыстырылады. Салыстырмалы - тарихи әдіс ғылыми әдебиеттерге енген қате пайымдаулардың, бірнеше рет қайталанған кемшіліктердің себептерін анықтауда, сондай-ақ оларды болашақта болдырмаудың алдын-алуда елеулі рөл атқарады.

Айта кетерлік жайт, білімнің белгілі бір мөлшері жинақталғанда әрі зерттеу құбылыстары сан қырлы болғанда ғана салыстыруды жүргізген жөн. Астын сызып айтылуға тиіс тұжырым, салыстырудың ғылыми құндылығы салыстырылатын тарихнамалық фактілерді терең түсінуге байланысты арта түседі.

Осылайша, салыстырмалы-тарихи әдіс тарихнамаға тарих ғылымында жинақталған білімнің тереңдігін ашып көрсетуге, даму заңдылықтарын нақты айқындауға, пайымдауларды таразылауға, тарихтың тарихын дамытудың бағыттарын көре білуге жағдай жасайды.

Аталмыш ғылыми әдіс тарихнамада нақты талдау тәсілін қолдануға жол ашады. Нақты талдауға теориялық және нақты-тарихи зерттеудің өзара тоғысуларының негізінде қол жеткізіледі, себебі мәселенің тарихы мен теориясы бір-бірімен тығыз байланыстағы, бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын ғылыми таным тұстары болып табылады.

Тарихнамадағы **нақты талдау** тарихнамалық құбылыстарды олардың пайда болуы мен өзара ықпал ету шарттарын ескеріп, теориялық фактілік материалдарды және көптүрлі элементтердің бірлігі ретінде зерттеу дегенді білдіреді.

Нақтыландыру - ғылымды дамытудағы белгілі себептерді айқындауға,

---

43 Маслов Н.Н. Основные проблемы методологии истории КПСС. - М., 1981. -216.

тақырыпты кеңейтуге бұрын зерттелмеген тақырыптарды шығаруға, жаңа идеяларды, пайымдауларды, қорытындыларды қалыптастыруға қажетті алғышарттарды іздеу. Көптүрліліктің бірлігі осылайша пайда болады. Осылайша нақты талдауды тарихнама ғылымын дамытудың маңызды әдістерінің бірі, оның “жаны” деп санауға болады.

Тарихнама өзінің зерттеу арсеналында **логикалық талдау** әдісіне ие. Логикалық әдісте тарихнамалық талдаудың үлкен мүмкіндіктері шоғырланған. Ол - тарихнамалық фактінің өзіне тән белгілерін, ерекшеліктерін, оның көпқабатты құрылымын, өзге де тарихнамалық құбылыстармен арақатынастарын ашуға қолайлы әдіс. Осы әдіс арқылы басты тарихнамалық факт анықталады. Аталмыш әдісті пайдалану білімнің жинақталу процесінің қиындықтарын айналып өтпей, керісінше тарих ғылымын объективті түрде зерттеу деңгейіне қол жеткізуге ықпал етеді. Тарихнамада логикалық талдауды бірнеше деңгейлерде жүргізуге болады. Оның алғашқысында тарих ғылымындағы жекелеген құбылыстар мен оқиғалар талданады. Осы деңгейде негізінен формалды логика қолданылады. Келесі, екінші деңгей белгілі бір тарихи кезең немесе саты шеңберіндегі тарих ғылымының дамуын талдауды қамтиды. Осы жерде ғылым дамуындағы жалпылама, әртүрлілік, ерекшелік анықталады. Үшінші деңгейде диалектикалық логиканың көмегімен талдаудан синтезге, тарихи білімді дамытудың жинақталған тәжірибесінен теориялық қорытындылауға өту жүреді.

Синтездік таным толыққанды талдау бола алмайды. Логикалық талдау және оның жоғарғы деңгейі - диалектикалық синтез тарихи ойдың, күрделі, әртүрлі ойлау операцияларының, басты элементтері мен сатыларының қорытындысы болып табылады. Осылардың нәтижесінде тарихи ойдың және оның маңызды элементтері мен сатыларының мәні танылады<sup>44</sup>. Сонымен қатар талдау мен синтездің заңды өзара әрекеті, олардың үйлесуі логикалық талдау әдісін тиімді пайдаланудың шарты болып табылады. Тарих ғылымында әр қырынан жинақталған білімнің негізінде ғылыми ойдың дамуының жалпы және біртұтас бейнесін жасауға мүмкіндік беріп, оның ілгерілеуінің заңдылықтарын айқындайды. Сондай-ақ талдау мен синтездің диалектикалық өзара әрекеті, олардың үйлесімі логикалық әдісті қолданудың тиімді шарты және тарих ғылымында жинақталған білімнің көптүрлілігінің негізінде ғылыми ойды дамытуға мүмкіндік береді.

Логикалық позитивизм де тарихнамада кеңінен қолданылады. Ол тарихнамалық фактілерді олардың өзара байланысының процесі позициясынан зерттеуге қолайлы жағдай жасайды. Мұнда жекелеген сатылар мен кезеңдер тарихнамалық білімді тереңдету және жинақтаудың объективті заңдылықтарын ашу мақсатында салыстырылады. Бұл әдісте тарихнама үшін **хронологиялық** баяндаудың аса маңызды функциясы орын алған. Аталған әдіс арқылы ғылыми ойдың, яғни тұжырымдамалардың, көзқарастардың, идеялардың хронологиялық сабақтастықтағы қозғалысы қарастырылады. Нәтижесінде генетикалық бір-бірімен байланыстағы және қайталанатын тарихнамалық

---

44 Дьяков В.А. Методология истории в прошлом и настоящем. - М.: Мысль, 1974. -72 б.

фактілердің тізбесі пайда болады. Осы тізбені құрайтын фактілерді таңдауды зерттеу тақырыбының құзырына беріледі. Ал оларды хронологиялық ретке қою ғалымды уақыт өткен сайын бір жағынан әртүрлі сипаттағы құбылыстарды ескеруге мәжбүр етеді. Зерттеудің мерзімдемелік әдісі кейде тарихнамалық талдау жасауға қолайсыз болады. Мұндай жағдайда тарихнамашы мерзімдемелік әдістің бір түрі болып табылатын **проблемалық-мерзімдемелік** әдісті ұстанады.<sup>45</sup> Проблемалық - мерзімдемелік әдіс ауқымды кең тақырыпты бірнеше ықшам проблемаларға бөлу арқылы зерттеуде ұтымды. Әрбір шағын мәселе тарихнамалық фактілерді бірінен соң бірін мерзімдемелік кезекке қою арқылы қарастырылады.

Қазіргі кезеңде республикадағы тарихшы зерттеушілер көбіне осы әдісті пайдаланады. Бұл бір жағынан мәселенің әртүрлі кезеңдерде қойылымын көрсетсе, екінші жағынан тақырыпты терең зерттеуге ықпал етеді. Тарихнамалық деректерді осындай бөліністе зерттеудің артықшылығы, сондай-ақ осалдығы бар. Тиімді тұсы сол, жекелеген тарихнамалық фактілердің әрекетін терең меңгеруге, түсінуге мүмкіндік береді. Алайда мұндай бағыт тарих ғылымының тарихының даму заңдылықтарын мен қозғалысын анықтауда жеткіліксіз әрі салдары жағымсыз болып келеді.

Қазіргі тарихнамалық тәжірибеде хронологиялық және проблемалық хронологиялық әдістер бірін-бірі толықтыра, тұтаса келіп, жиі қолданылады.

Тарихшылар мен тарихнамашылардың үнемі пайдаланатын әдістерінің бірі **-мерзімдемелік әдіс**. Бір тарихи кезеңнен екінші кезеңді ажырата білу мерзімдеменің теориялық негізі болып табылады. Мұндай бағыт тарихтың заңдылықтарын зерделеуге бағытталған.

Мерзімдемелік әдіс тарихнамалық фактілерді олардың өзара байланысы процесіндегі позиция тұрғысында жекелеген сатылар мен кезеңдер тарихнамалық білімді жинақтаудың және тереңдетудің объективті заңдылықтарын айқындау мақсатында теңестіріліп зерттеуге жағдай жасайды<sup>46</sup> Тарихи процестегі мерзімдемелік әдіс - бір-бірінен тарихи заңдылықтардың, тенденциялардың түрлері, әдістері арқылы, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастарының деңгейі бойынша дәуірлерді, кезеңдерді, сатыларды айқындауда қайталанбайтын тәсіл. Мұның өзі тарихтағы ең басты бағыт. Адамзат тарихын, соның ішінде қазақ тарихын дәуірлерге бөлмей қарастыру мүмкін емес. Себебі әрбір тарихи дәуірдің өзіндік ерекшеліктері, даму заңдылықтары, өзіне тән белгілері, т.б. бар. Тарихты дәуірлемей зерттеу оны бұрмалауға, қате, жаңсақ тұжырымдар жасауға жол ашады. Кеңестік тарихнамада дәуірлеудің формациялық теориясы үстем етсе, қазіргі отандық тарих ғылымында өркениеттік тұжырымдамалар қалыптасқан. Қазақ тарихы осы ұстанымдарға сәйкес ежелгі дәуір, ортағасырлар, жаңа заман, қазіргі заман деген дәуірлерге бөлінген. Дәуір замандарға, заман кезеңдерге, кезең сатыларға бөлінеді. Дегенмен ғылымда дәуірлеу мәселесінде әлі де шешімін таба алмай отырған проблемалар да кездеседі. Ондай мәселелерді қазақстандық тарихшы

---

45 Косолапов В.В. Методология и логика исторического исследования. - Киев: Вища школа, 1977. - 39 б.

46 Маслов Н.Н. Основные проблемы методологии истории КПСС. - 22 б.

ғалымдар көтеріп, өз пайымдауларын көрсетуде.

Тарихнамада да осындай көрсетілген жаһандық факторлар әрекет етеді. Алайда оның өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ғылым саласында кезеңдер мен сатыларға бөлу әрбір жаңа тарихнамалық уақыт кесіндісіндегі ғылыми ойдың дамуындағы шешуші бағытты, белгілі бір кезең ішіндегі соны құбылыстарды, оларды алмастырған тың процестерді айқындау мақсатында қолданылады<sup>47</sup>.

Мерзімдемелікті зерттеу әдісі ретінде пайдалану, оның ғылымилығы ең алдымен мерзімдеменің критерийлерін таңдап алумен байланысты. Тарихнамада, тарих ғылымында тәрізді критерийлер болып қоғам өміріндегі фактор және солармен байланыстағы тарихи білімнің дамуындағы объективті, субъективті элементтер саналады. Сондай-ақ осы ереже мына төмендегілер арқылы нақтыландырылады: тарихнамадағы мерзімдемеліктің критерийі тарих ғылымын дамытудағы сапалы өзгерістер, тарихи шығармашылықтың әдістері мен сипатының трансформациясы, оның ұйымдастыру түрі. Хронологиялық шеңбер түрінде белгіленген мерзімдемелік әдісті пайдалану тарихи ғылыми білімнің қалыптасуы мен дамуы процесіне терең үңілуге мүмкіндік береді.

Тарихнамадағы субъективті фактор ғылымның жағдайын тікелей сипаттап береді. Зерттелуге тиіс мәселелер ауқымының кеңеюі, ғылыми мекемелер қызметінің сипаты мен міндеттері, тың деректерді ғылыми айналымға түсіру, т. б. Объективті және субъективті факторлардың ғылымға ықпал етуі тікелей әрі тура болмайды, себебі көп жағдайда гуманитарлық ғылымдар саяси сананы бейнелейді.

Мерзімдемеліктің нақтыландырылған ғылыми критерийлері кездейсоқ таңдалған мерзімге негізделген субъективті пайымдаулардың дүниеге келуіне тосқауыл бола алады. Мынадай мәселеге ерекше назар аударған жөн, жекелеген кезеңдер мен сатылардағы хронологиялық шек тарихи білімнің барлық салалары үшін жарамды бола бермейді. Оның үстіне кезеңдерде және сатыларда көрсетілген критерий түрлі жағынан көрінеді. Жалпы мерзімдеме тарихнама ғылымының басты бағытын көрсетеді. Сонымен қатар тарихнамада оның жекелеген кездерде бұра тартатын тұстары болады, өйткені мерзімдеме тарихи құбылыстарға қатысты математикалық формула емес.

Тарихнаманың методологиялық негіздерін толықтыратын мәселенің бірі **тарихнамалық мерзімдеме** қалыптастыру. Мұны жоғарыда айтқан мерзімдемелік әдіспен шатастыруға болмайды. Кез-келген мәселенің зерттелу деңгейін анықтау тарихнамалық кезеңдерге бөлуді талап етеді. Мерзімдеме әр кезеңдегі тарихи еңбектердің жариялануына, ерекшеліктеріне байланысты жасалады. Тарихнамалық деректерді, тарихи еңбектерді, т.б. кезеңдерге бөліп талдау зерттеудің тереңдігі мен құндылығына әсерін тигізеді.

Тарихнама үшін ғылымды дамытуда ретроспективті талдау айтарлықтай маңызға ие болады. **Ретроспективті** әдістің мәні тарихи оқиғаларды зерттеуде зерттеушінің ой-пікірлер қозғалысы процесінің қазіргі кезеңнен өткенге қарай жүруін зерттеу. Қазіргі кезде сақталған көне тарихтың элементтерін оқып-

---

47 Зевелев А.И. Истриографические исследования; методологические аспекты. - М: Высшая школа, 1987. - 62 б.

үйрену, солардың негізінде тарихтағы оқиғалар мен құбылыстарды қайта жаңғырту ретроспективті әдістің басты функциясы болып саналады.<sup>48</sup> Біруақытта бұл әдіс кейінгі тарихи тәжірибеде зерттеулердегі қорытындыларды тексеруде тиімді. Ретроспективті әдістің методологиялық негізі - өткеннің, қазіргінің және болашақтың бірлігі туралы ұстаным.

Тарихнамадағы ретроспекция қазіргі кезеңдегі білімді оның өткен уақыттардағы жағдайын оқып-үйренуге пайдалануда елеулі нәтижелерге қол жеткізеді. Мұнда тарихты біртұтас заңды процесс ретіндегі ұғымға жетелейтін адамзат жинақтаған тәжірибе үлкен рөл атқарады. Әрбір жаңа саты өзінің алдындағы кезеңнің элементтерін бойында сақтайды.

Тарихнамадағы ретроспекция бірнеше деңгейде іске асырылады. Солардың алғашқысы бұл - аталмыш ғылымдағы қазіргі заманғы теориялық және методологиялық ережелерді ғылыми ойдың қалыптасуы мен дамуы процесін, оның прогрессивтілігін немесе регрессивтілігін, сондай-ақ тарихнамалық қорытындыларды, тұжырымдарды алу жолдарын айқындауда пайдалану. Екіншісі - тарихнамалық деректанудың жетістіктерін тарихнама бойынша дайындалатын жұмыстардың деректік негіздерін талдауда пайдалану. Үшіншісі - қазіргі заманғы тарихнаманың себеп - салдарларының байланысын өткен кезеңдерде оның дамуындағы ұқсас құбылыстарды талдау үшін пайдалану. Осы деңгей өткен мен қазіргінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігінің арасында ерекше көрініс табатын күмән келтірмейтін фактісіне негізделеді. Отандық тарихнама ғылымын жан-жақты дамытқан сайын ретроспекцияны пайдаланудың жаңа деңгейлері ашылуы мүмкін.

Тарихнамадағы ретроспективті талдауды қолдану қазіргі кезеңдегі ғылым дамуының жетістіктері болып саналатын бағаны өткенге көшіру дегенді білдірмейді. Сонымен қатар кешегі уақыттағы еңбектерге қойылған талаптарды бүгінгі күнге таңу қисынсыз. Тарихнаманың мәніне тәжірибеде өзектіліктің келеңсіз түсінігіне алып келетін ғылыми тәсілі қайшы. Ғылымның белгілі бір сатыларындағы дамуын, сондай-ақ жекелеген авторлардың жетістіктерін, кемшіліктері мен қателіктерін, соған сәйкес кезеңнің ерекшеліктерінен шыға отырып айқындауға болады. Өйткені кез-келген кезеңдегі саяси, әлеуметтік, т.б. ахуал ғылым дамуына ықпал етеді. Ретроспекцияны қолданған, тарих ғылымының қазіргі заманғы жетістіктерін пайдаланған тарихнамашының алдыңғы кезеңінен тарихи болып қалыптасып үлгермеген идеяларды іздеуі қисынсыз әрекет. Ғылыми ойды дамытудағы еңбектердің маңызы олардың дүниеге келген уақыты, ғылымның жағдайы, оның болашақ прогреске ықпалы арқылы бағаланады. Әрбір ғылыми еңбек өз дәуірінің туындысы, сондықтан да оның ұтымды тұстарымен бірге әлсіз жақтары болады. Сол себепті өткен уақыттардағы шығармаларға қазіргі заман тұрғысынан баға беруде осындай методологиялық принципті ескерген жөн.

Тарихнамада **өзектілік** әдісін пайдаланған тиімді. Өзектілік ғылыми білімнің құндылықтарын қазіргі және болашақ уақыт үшін айқындау дегенді

білдіреді<sup>49</sup>. Тәжірибеде өзектілік әдісін қолдану тарихи білімнің ғылымды дамытудағы маңызын анықтауда мол мүмкіндіктер тудырады. Сонымен қатар өзектілік әдісі тарих ғылымының болашақта дамуы үшін ғылыми болжамдар жасауға, басты тенденцияларды айқындау және олардың өткеннен қазіргіге қарай өзгеруін көрсетуге жол ашады. Бір уақытта ол тарихнамашының келешек қызметіне тарих сабақтарының негізінде тәжірибелік ұсыныстар жасауға мүмкіндік беріп, тарихтағы ақтаңдақтарды жоюға септеседі.

Айта кетерлік жайт, тарихнамадағы өзектілік тек қазіргі кезеңдегі проблемаларды зерттеу дегенді білдірмейді. Әрине, қазіргі заманның мәселелерін қарастыру аса қажет, дегенмен бүгінгі күннің зәру тақырыптарын талдау ғылымды тың тұжырымдармен байытады.

Тарихнама **перспективтілік** әдісін де қолдана алады. Бұл әдісті пайдаланудың қажеттілігі өзінің бойына өткен мен қазіргіні жинақтаған тарих ғылымының мәніне тікелей қатысты. Тарих ғылымының болашағын болжау оның өткені мен қазіргі уақыттағы дамуы, ғылымның қозғалыс заңдарын тану туралы шынайы тұжырым жасай алуымен байланысты. Перспективті бағыттарды, тақырыптарды, проблемаларды анықтау, зерттеу жұмысының өткен тарихи сатылардағы ізденіс деңгейіне байланысты. Өткен кезеңдердегі тарих ғылымының заңды дамуы туралы білім қазіргі уақытқа дұрыс бағыт алудың және болашақты болжаудың алғы шарттары болып саналады. Тарихнамадағы перспективтілік ғылым дамуының алдыңғы сатыларындағы тарихи білімді талдауымен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттегі саяси билікке, идеологияға, қоғам дамуындағы сұраныстарға да тығыз байланысты болады.

Тарихнамалық талдауда **жүйелілік** әдісі де қолданылады. Осы әдістің және оның мүмкіндіктерінің негізінде тарихнамалық дамудың жалпы көрінісінен бір немесе бірнеше арнайы тақырыптар мен проблемалардың зерттелу жағдайын көруге, олардың өзара байланыстарының басты элементтерін анықтауға болады. Бұдан өзге анағұрлым дамыған тарихнамалық білімнің құрылымын, оның алғашқы сатыларын тануға жағдай жасайды.

Тарихнама басқа да ғылымдардан түрлі әдістерді, сондай-ақ аралас әдістерді пайдаланады. Мұндай әдістерді пайдалану зерттеу тәжірибесінде аса маңызды, өйткені ғылымның интеграциялану процесі бір ғылымның екінші бір ғылымнан зерттеу әдістерін алудан көрінеді. Мәселен, тарихнама ғылымы математика, элеуметтану, тарихи демография ғылымдары кеңінен қолданатын **статистикалық** әдісті кітап, журнал жылнамаларын және өзге де мерзімді басылым материалдарын талдауда пайдаланады.

Жоғарыда көрсетілген әдістер тарихнамада қолданылатын ғылыми таным тәсілдерінің барлығын қамтымайды, алайда олар бірігіп тарихнамалық шығармашылықтың мықты іргетасын қалай алады. Дегенмен түрлі тарихнамалық мәселелерді тиімді түрде талдауда ғылыми әдістердің өзге, жана түрлерін пайдалануға болады. Десек те белгілі бір әдісті таңдап алу кездейсоқ

---

49 Спирин Л.М. Теория, методология и методика исследований по истории КПСС. - М: Московский рабочий, 1992. - 64 65 бб.

әрі мақсатсыз сипатқа ие болмайды. Ғылыми әдісті таңдау тақырыпқа және зерттеудің өзіндік ерекшеліктеріне, сондай-ақ методологиялық принциптеріне байланысты жүреді.

Осылайша ғылыми тәжірибеде қолданылатын тарихнамалық зерттеу әдістеріне тоқталып, олардың маңызын ашып көрсеттік. Жоғарыда аталып, талдау жасалған әдістердің көпшілігі тарихнамалық шығармашылықта пайдаланылады. Тарихнамашы-зерттеушілердің көпшілігі көрсетілген әдістердің тек кейбіреулерін ғана ұстанса, енді біреулері үш, төрт әдісті пайдаланумен шектеледі. Алайда ғылыми тәжірибеге сүйеніп айтатын болсақ, тарихнамалық әдістер неғұрлым барынша тиімді әрі орынды қолданылса, соғұрлым зерттеу ғылыми және нәтижелері құнды, тұжырымдары салмақты бола түседі. Сондықтан жас зерттеушілер тарихнамалық жұмыстың бастауында методологиялық әдістерді дұрыс таңдаулары тиіс. Методологиялық әдістері ғылыми талаптарға сәйкес дайындалған зерттеулерді нағыз тарихнамалық еңбектер деп бағалауға болады.

### **Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

- 1.Методология ұғымы және оны ұстанудың жолдары.
- 2.Методология мен әдістің айырмашылығы неде?
- 3.Тарихнама ғылымының өзіндік зерттеу әдістері және олардың қажеттілігі.
- 4.Тарихнамалық мерзімдеменің мәні мен маңызы.
- 5.Тарихнамалық зерттеуге аса қажетті әдістер.

### **Пәнаралық**

Ғылым мен техника дамыған қазіргі ХХІ ғасырда белгілі бір ғылымды жеке оқып-үйрену, зерттеу мүмкін емес екендігіне көз жеткізіп келеміз. Дамудың интеграциясы және жаһандандудың ықпалы қоғамның барлық салаларынан, соның ішінде ғылымнан да көрініс беруде.

Соңғы уақыттарда оқытудың жаңа технологияларына ден қойылып, оқып-үйренудің дербестігіне, өз бетінше ізденістер жүргізуге жіті мән берілуде. Сонымен қатар кез-келген пәнді, ғылымды жеке дара емес өзге де ғылымдардың, пәндердің көмегімен, пәнаралық байланыста оқыту мен оқып-үйрену заман талаптарына сәйкес іске асырылуда.

Пәнаралық байланыстар туралы пікірлер ертеректе туған. Оның төңірегінде көптеген пікір-таластар өрістеген. Нәтижесінде ғалымдардың көпшілігі оның қажеттілігін дәлелдеп берген. Кез-келген ғылымды терең әрі жан-жақты тану үшін оны өзіне жақын, яғни туыстас ғылымдармен байланыстыра отырып жүргізу ғылыми жетістіктерге әкеледі.

Пәнаралық байланыс ұғымы соңғы уақыттарда кең етек жайып, осы негізде ғылыми зерттеулер жүргізу өзекті проблемаға айналуда.

Пәнаралық - бұл біздің заманымыздың сипатты көріністерінің бірі, білімнің әлеуметтік және саяси интеграциясы. Көп жақтылы ұғымда пәнаралықтың бірпәнділіктен айырмашылығы оның әртүрлі пәндер, білім салалары арасында



өзара әрекет етуі түрінде түсіндіріледі. Оның дамуы барысында идеялар мен көзқарастардың, терминдері және зерттеу тәжірибесінің интеграциясы, айырбасы жүреді. Осындай өзара ықпал етудің нәтижесінде ғылыми білімнің өзекті міндеттерін шешудің бағыты қалыптасып, ақырында зерттеу объектісінің мазмұны толығып, байи түседі.

Пәнаралыққа қатысты тағы да мынадай пікір орын алған: пәнаралық бір білім саласы элементтерінің екінші салаға өтуімен сипатталады. Мұнда ғылыми теориялар мен жалпыметодологиялық принциптер осындай элементтер ретінде саналады. Пәнаралық өзара әрекет ететін жекелеген проблемалардың бірпәндік деңгейінде жан-жақты зерттеліп, нәтижеге жеткен жерінде ғана жүреді.

Пәнаралықтың дамуы білімді белгілі бір ғылым салаларынан екінші ғылым салаларына жеткізуден көрінеді. Мұның өзі жаңа сапалы білімге қол жеткізу үшін жасалады. Ғылымның пәнаралық сипаты аралас және өзге де ғылым өкілдерінің бірігуін, олардың зерттеу аппараттарының интеграциялануын талап етеді. Осындай бағытта зерттеу пәнінің жаңа мүмкіндіктері ашылады. Бұл бағыт соңғы уақыттарда өзінің алғашқы табыстарына қол жеткізуде. Мәселен, отандық тарихшылар тарих ғылымында соңғы уақыттарда математикалық тәсілдерді қолдануға көше бастады.

Пәнаралықтың пайда болуы ғалымның методологиялық жұмыстарын күшейту, сапалы білім алудың жаңа деңгейінде зерттеу процесін өрістету қажеттіліктеріне байланысты деген пайымдау бар. Осылайша пәнаралық феномені ғылыми білімді дамытудың қозғаушы күштерінің біріне айналады.<sup>50</sup> Алайда пәнаралық өзара әрекет методологиялық талдауды алмастыра алмайды, алмастыруы тиіс те емес.

Пәнаралықты тарихнамада қолдану мүмкіндігі оның теориялық және гносеологиялық дәстүрлерімен, методологиялық жетілдірудің бағыттарымен байланысты бірқатар фундаменталды негіздерінен шығады.

Пәнаралық өзара әрекет тарихнамада бірнеше сатылар арқылы анықталады; зерттеу проблемасының қойылымы, оның мақсаты мен міндеттерін айқындау, материалды талдауда жалпы ғылыми және басқа да ұғымдарды таңдау.

Тарихнамадағы пәнаралық оның өзіндік потенциясы сызылып тасталғанда өзара әрекет етуі ахуалының орын алғандығын білдірмейді. Бұл өзара әрекет көшбасшылық деңгейдің орнына емес қол жеткізілген бірпәнділіктің методологиялық мүмкіндіктерімен бірге өмір сүреді. Методологияның пәнаралық сипатындағы зерттеудің ерекше бір құндылығы теориялық қорытудың негізінде ғана емес, ғылымның әртүрлі саласында қолданылатын тәсілдердің жолымен синтездің көмегімен жаңа нәтижелерге қол жеткізеді. Бұдан өзге бүкіл тарихнама ғылымындағы зерттеудің қайта құрылуы мен бір мақсатты деңгейінің тура мүмкіндіктері ашылады. Тарихнамадағы пәнаралық өзінің “жариялығының” арқасында методологиялық арсеналына білімнің жетістіктерін енгізу, әдіснамалық дәйектерді тарихнамадан алыс ғылымдардан іздеу мүмкіндіктерін тудырады.

Методологияның пәнаралық мүмкіндіктерінде тағы бір маңызды элемент -

---

50 Глауберг Н.В., Юдин Э.Г. Становление и сущность системного подхода. - М., 1973.

тарихнаманы адамзат қоғамы тарихының заңдылықтары туралы білім жүйесінде зерттеу орын алған. Пәнаралық тұрғыда жинақталған тарихнамалық фактілердің құрылымы және мазмұны, оларды талдау мен баға берудің критерийлері туралы мәліметтер фактілерге терең еніп қана қоймай, қосымша тәсілдер, соның ішінде жүйелеп талдау әдісі бойынша білімнің жинақталу тенденцияларын, олардың одан ары дамуын және жаңа ғылыми зерттеулерді болжауды айқындауға жағдай жасайды. Мұндай жетістікке қол жеткізу пәнаралықтың эмпирикалық тәсілдерін теориялық қағидалармен біріктіре алатын қабілетінің негізінде мүмкін болады.

Пәнаралықтың әмбебаптығы нақты тарихнамалық материалдан көрінеді. Мәселен, тарихнаманың мәнін маңызды методологиялық міндет ретінде тану қажеттілігі туралы мәселенің қойылымы оны әртүрлі ғылымдардың көмегімен іске асыруды талап етеді. Белгілі бір тақырып бойынша даулы мәселелердің шешімін проблеманы философиялық таным тұрғысында, сондай-ақ оның мәнін ашуға септесетін өзге де қоғамдық және арнайы ғылымдарды тарту арқылы табуға болады.

Пәнаралықтың зерттеудің мақсатын, оның өзектілігін зерделеудегі маңызы зор. Тарихнамалық жұмыстың мақсаты мен міндеттері дұрыс таңдап алынған және негізделген тақырыптың мазмұнын ашу ғана емес, сонымен қатар қарастырылатын проблеманы тарихнама ғылымының заңдылықтары мен ерекшеліктері, танымы қоғамдық ғылымдардың алдындағы зерттеулердің болашағын көре білудегі негізгі міндеттер болып табылады. Сонымен қатар тарихнамалық проблеманың өзектілігін анықтаудың бағыты зерттеудің алдыңғы және соңғы сатыларында, яғни тақырыпты таңдауда, қорытынды жасауда ғана емес тарихнамалық фактілерді талдау процесінде анық көрінеді. Әсіресе осы “орта” сатыда пәнаралықтың қажеттілігі айқын сезіледі, себебі проблеманың әлеуметтік мәні, оның тәжірибелік міндеті өзге де ғылымдармен байланыс орнатуды талап етеді.

Тарихнамадағы пәнаралықтың қажеттілігі онда бірқатар басқа ғылымдарда біршама қарастырылатын проблемалар шешіледі. Шешілуге тиіс проблемалар методологиялық арсеналды қарастыруда жалпыметодологиялық тарихилық, әлеуметтік принциптерді айқындауда, жалпы ғылыми және т.б. әдістерді қолдануда пайда болады. Оны шешудегі ортақ проблема және ортақ әдістер - бұл ғылымдардың потенциясын біріктіруші ерекше биіктік. Ол әртүрлі пәндердің көрінісін бір нүктеге тоғыстырады.

Тарихнамадағы методологиялық проблемаларды оқып-үйренудегі пәнаралық процестің көпқырлылығы қоғамдық ғылымдардың мемлекеттегі саяси жүйемен, билікпен, саясатпен байланысты, өйткені тарих ғылымындағы оқиғалар мен құбылыстарды зерттеуде ізденушілер өздері өмір сүрген қоғамдағы идеологияға, саяси билікке тәуелді болады. Осыған орай тарихи саяси процестердің ықпалында дүниеге келген еңбектерді талдауда тарихнама ғылымдағы өзгерістерді айқын көрсетіп отырары хақ.

Пәнаралық бағыт және зерттеу тәсілдерін ұйымдастыру, жалпы ғылыми, өзге де әдістерді пайдалану пәндік генетикалық сәйкестіктен тәуелсіз, алайда ол теоретикалық ойлау қабілетін еселендіріп, нақты және синтездік ғылыми

білімге негізделген тарихнамалық зерттеу проблемасын барынша күрделі әрі маңызды етеді. Осы тұрғыда тарихнама білімнің нақты салаларына жақындай түседі.

Пәнаралық өзара әрекет проблемаларын оқып-үйренуде басқа ғылымдардың мәліметтерін пайдаланған зерттеуші тарихнамашының құзырлығы жөнінде мәселе туындайды. Жоғарыда көрсеткеніміздей жоғары білікті тарихшы ғана тарихнамашы бола алады. Ол қазіргі заманғы тарих ғылымының жағдайын жан-жақты білуі, сонымен бірге аралас әрі әртүрлі пәндердің білімдерін пайдалана алуы тиіс. Мұның өзі тарихнамашы әртүрлі ғылыми білім салаларының негіздерін игеру үшін үнемі жұмыс жүргізуі тиіс дегенді білдіреді.

Тарихнаманың пәнаралық білімі дүниеге келтірген методологиялық аспектілерінің мақсатын сәтті шешу үшін ғылыми жетістіктерді, әсіресе аралас немесе ғылыми пәндерден алыс ғылымдардың түсіндіруші аппаратын пайдалану қажет.

Тарихнама үшін тарихи оқиғалар мен процестерді қарастырған экономика, құқық, философия, т.б. ғылымдары бойынша дайындалған еңбектердің маңызы зор. Мұндай зерттеулерді қажет жағдайларда тарихшылар кеңінен пайдаланады. Тарихнамашының атқаратын маңызды міндеттерінің бірі жазушы, тілші, суретші, тағы сол сияқты өнер қайраткерлерінің тарихи көзқарастарын зерттеу болып табылады. Осыған орай айта кетерлік жайт, тарихнаманың зерттеу нысаны өте кең, соған сәйкес оның қызмет шеңбері де ауқымды.

Пәнаралықта тарихнама **тарих ғылымының методологиясымен** тығыз байланыс орнатады, өйткені ол аталмыш саланың аса маңызды теориялық мәселелерін көтереді. Тарихнаманың пәні ғылыми тарихи білімнің пайда болуы мен жинақталуын, тарихи ойдың дамуын, тарих ғылымының қалыптасуын, даму эволюциясын, тарихи таным мен ойдың әртүрлі сатыларының заңдылықтарын айқындау болғандықтан тарихи білімнің методологиясын терең зерттеу ғылым үшін аса маңызды рөл атқарады. Сондықтан да тарихнаманы тарих ғылымының методологиясымен қарастыру мүмкін емес.

Тарихнамамен **деректану** ғылымы өте тығыз байланысты, себебі тарихнамалық деректерден өзге тарихнама тарихи зерттеулердің деректік негіздерін, тарихшылардың деректерді пайдалану сипатын зерттейді. Іргелі тарихнамалық зерттеулерде мәселенің деректік негіздерін талдауға жеке тараудың арналатындығы кездейсоқ құбылыс емес. Соңғы уақыттарда отандық тарих ғылымында дайындалған кандидаттық, әсіресе докторлық диссертацияларда ізденушілер өздері таңдап алған тақырып бойынша деректанулық талдаулар жүргізген. Алайда олардың көпшілігі талдаудан гөрі сипаттауға көбірек ұқсайды. Мұның өзі отандық ғылымда деректану саласы бойынша ғылыми мектептің қалыптаспағандығын, зерттеушілердің біліктіліктерінің, білім деңгейлерінің төмендігін байқатады. Бұл мәселеге баса назар аударудың қажеттілігін уақыттың өзі дәйектеп отыр. Деректанулық талдаулардың ғылыми деңгейін көтеріп қана қоймай, болашақта деректанудың тарихнамасынан іргелі зерттеулер дайындауымыз керек.

Тәжірибе көрсеткендей, соңғы уақыттарда тарихнама ғылымы бойынша

жарияланған, жазылған зерттеулер құжаттық жарияланымдарды талдауды назардан тыс қалдырған. Ізденушілер тарихнамалық зерттеулерінде көбінесе тарихи еңбектерді таразылаумен шектелген. Құжаттық жарияланымдар тәуелсіздікке қол жеткізген тұста да, кеңестік кезеңде де аз жарық көрмеген. Айта кетерлік жайт, тарихнамашы үшін құжаттық жарияланыммен қоса тарихшының шығармашылығынан хабар беретін естеліктердің, күнделіктердің, хаттардың, т.б. деректердің маңызы зор. Ал мұрағат құжаттарын талдау ғылыми тарихи мекемелердің, зерттеу институттарының қалыптасуы мен дамуын жүйелі түрде көрсетуде айтарлықтай рөл атқарады.

Келесі тарихнама ғылымымен тығыз байланыста болатын қосалқы тарихи пән - **тарихи библиография**, өйткені библиографиялық ізденуші тарихнамалық зерттеу жүргізу мүмкін емес. Тарихи библиография тарихшы-зерттеушіні библиографиялық ақпаратпен қамтамасыз ететін ғылыми тәжірибелік қызмет. Ғалымға библиографиялық құралдар, түрлі көрсеткіштер, анықтамалар, каталогтар, әдебиеттерге шолулар, тізімдер аса қажет.

Тарихнамашы үшін отан тарихы бойынша дәуірлер мен кезеңдерге бөлініп жасалған кешенді библиографиялық көрсеткіштердің тигізер көмегі орасан.<sup>51</sup> Оларға Қазақстан тарихының қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдерінде және кеңестік, тәуелсіздік жылдары жарияланған, мерзімдемелік ретке қойылған барлық монографиялар, ғылыми мақалалар, ұжымдық зерттеулер туралы қысқаша мәліметтер енгізілген. Бұл библиографиялық анықтамалардың ерекшеліктері ізденушіге сол еңбектердің каталогтарда сақталуы туралы мәліметтер қоса беріліп, шифрлары көрсетілген.

Ретроспективті библиография тарих ғылымында қорытындылаушы функция атқарады, ғылымның жай-күйі мен тәжірибесін зерттеуге септеседі. Ал ағымдағы мемлекеттік библиография бүгінгі күнде тарих ғылымында белгілі болған білімді куәландырады.

Тарихи библиография мен тарихнаманы оларға ортақ материал тарихи әдебиет жақындастырады. Екеуіне де ортақ міндет - әдебиеттерге сыни бағыт, көзқарас таныту. Оларға материалды баяндаудың түрі - әдебиеттерге шолу тән. Егер тарихнамалық шолу ғылыми әдебиеттерге сыни талдау беріп, оларда баяндалған тарихи тұжырымдамалардың, заңдылықтардың мәнін ашып, даму қозғалысын, ауысымын көрсетсе, библиографиялық шолу әдебиеттің тақырыбын, мазмұндық құндылығын және оның басылымын айқындайды. Библиографиялық еңбектерге ғылыми зерттеулерден басқа танымал шығармалар, анықтамалық басылымдар, тарихи құжаттардың жарияланымдары және тарихи әдебиеттердің өзге де түрлері енгізіледі.

Тарихнамалық зерттеулер жүргізуде **тарихи географияның** алар орны айтарлықтай. Тарихи география тарихнамашыға тарихи оқиғалар мен процестердің географиялық ортасын айқындауда ғана емес, топонимикаға сүйене отырып, жер су атауларын дәл анықтауда қажет. Тарихилық принципіне негізделген тарихнамашы тарихшының келтірген жер-су атауларының

---

51 Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы бойынша библиографиялық көрсеткіш. - А., 2006; Қазақстанның жаңа замандағы тарихы бойынша көрсеткіш. - А., 2007.

зерттеліп отырған кезеңге сәйкестігін, яғни өз заманында дұрыс аталуын тексеруі тиіс. Берілген топонимикалық атаулардың қазіргі кездегі атауларын жақшаның ішінде көрсету тәрізді ғылым талабының бар екендігі естен шығарылмауға тиіс.

Тарихнамашыға тарихи зерттеулердің құжаттық негіздерін түсінуде **дипломатиканың** маңызы елеулі. Дипломатикалық әдісті қолдана отырып, тарихнамашы тарихи зерттеулердің тарихи-саяси, тарихи-экономикалық, тарихи-заңдық, тарихи-географиялық тұрғыдағы құжаттық негіздерін талдап, тарихшының сәйкесінше сол материалдарды пайдалану дәрежесін анықтай алады.

Тарихнамашының шежіре тарқатудағы білімі мен біліктілігі ауызша тарих айтудың, яғни дәстүрлі тарихи деректерін талдауда қажет болады. Себебі еліміз егемендік алғалы бері ауызша тарих айтудың деректері ғылыми айналымға түсіріліп, солардың негізінде тың тұжырымдар жасалуда. Дегенмен ұзақ уақыт бойы төл деректерден қол үзген зерттеушілер оларды пайдаланудың ғылыми әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген деп айту қиын. Десек те алғашқы еңбектер жарық көріп, дәстүрлі тарих айтудың деректерінің негізінде тарихи оқиғалардың шынайы мазмұны ашылуда. Әйтсе де ауызша тарих айтудың деректеріне сын пікір білдірушілер де жоқ емес. Сыншылар шежіре мен тағы сол сияқты дәстүрлі деректердің деректік маңызын жоққа шығарып, оларды аңыз-әңгімелер ретінде санап, құндылығына шек келтіруде. Ал ақиқатына келсек, төл тарихымызға қатысты аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар, ертегілер, шежірелер, мақал-мәтелдер, тағы басқа сол тәрізді деректердің қайталанбас ерекшеліктері бар екендігі ғылымда айтылып, дәлелденуде. Расында да бұл деректер өз заманының куәгерлері ретінде бойларына құнды мәліметтерді жинақтаған. Сонымен қатар олар өз бойларына басқа деректерде кездеспейтін бірегей мәліметтер мен ақпаратты сақтаған.

Тарихнама **археография, мұрағаттану** ғылымдарымен де тығыз байланыс орнатады. Археографиялық әдісті пайдалану құжаттық басылымдардағы ақтандақтарды, қателіктерді, олқылықтарды айқындауға септеседі. Мұрағаттанулық нұсқаулар, құралдар тарихнамашыға тарихи зерттеулердегі жана, ғылыми айналымға тұңғыш рет ендірілген материалдарды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар болашақта зерделенуге тиіс мәселелерге нұсқаулар беруде де елеулі рөл атқарады.

Тарихнама ғылымы қосалқы тарихи пәндермен, соның ішінде **хронологиямен, тарихи метрологиямен, палеографиямен, нумизматикамен** де тығыз байланысады. Мәселен, хронологиямен танысу тарихнамашыға тарихтағы аса маңызды проблемалардың бірі мерзімдеменің күрделі тұстарын, яғни тарихи дәуірлеуді дұрыс жүргізудің, дәуірлерге, замандарға, кезеңдерге, сатыларға бөлудің методологиялық ұстанымдарын меңгеруге жол ашады. Сондай-ақ талданып отырған әдебиеттегі тарихи оқиғалардың мерзімдерін тарихшының дәл көрсетуін анықтауға көмектеседі, әрі әртүрлі кезеңдердегі тарих ғылымының дамуы сатыларына баға беруде де елеулі рөл атқарады. Бұдан өзге көпшілік жағдайда тарихнамалық еңбекте жекелеген мәселелердің әртүрлі кезеңдерде зерттелуін ашып көрсету міндеті туындайды. Міне, осы

тұста хронологияның тарихнамаға тигізер ықпалы зор.

Тарихнама **философия** ғылымен де етене жақын қарым-қатынас орнатады. Тарихнамалық талдаулар жүргізуде философиялық категорияларды пайдаланудың маңызы зор. Әсіресе логикалық, салыстырмалы, нақты талдаулар жасауда философияның жалпы, жалқы, т.б. категориялары басты рөл атқарады.

Сонымен қатар тарихнама **мәдениеттану, саясаттану, әлеуметтану** ғылымдарымен пәнаралық байланыстар орнатады.

Осылайша тарихнама өзінің зерттеу ауқымын кеңейтіп, тереңдетуде бірқатар ғылымдармен байланыс орнатады. Алайда барлық байланысатын ғылымдарымен бірдей дәрежеде қарым-қатынас орната алмайды. Олай болуы да мүмкін емес, өйткені әртүрлі ғылым салаларының өзіндік ерекшеліктері және тарихнамалық зерттеулердегі алатын орны әр алуан.

Соңғы уақыттарда тарихнамадағы пәнаралық проблемаларын зерттеу міндеттерін шешу көкейкесті бола түсуде. Сондай міндеттердің қатарына мыналар жатады: тарихнамаға бірқатар ғылымдардың, мәселен, тарих, философия, әлеуметтану, саясаттану, психология және т.б. әрекетін, сондай-ақ жаратылыс тану ғылымдарының нақты және көпқырлы өзара байланысы мен өзара әсерін оқып-үйрену. Мұны әртүрлі ғылыми деңгейлер мен бағыттарда қоғамдық білімнің жалпы әлеуметтік және идеологиялық функциялары, диалектикалық дамудың жетістіктері, жалпы ғылыми ұғымдар мен түсініктер арқылы шешуге болады. Тарихнамадағы пәнаралық проблемаларды шешуге көмектесетін ғылымның өзіндік ұғымдарын, әдістерін және тәсілдерін қарастыру міндеті де өзекті. Тарихнамаға қатысты “методологиялық міндет”, “методологиялық талаптар”, “методологиялық әдістер”, “методологиялық реттеу” тәрізді ұғымдардың қатаң ғылыми анықтамаларын шығару қажет.

Пәнаралық байланыс көпжақты процесс. Ол бір ғана тарихнаманың методологиялық негіздеріне, осы саланың біліміне пайдаланатын құралға айнала алмайды. Пәнаралық - барлық ғылым салаларына тән ғылыми зерттеу тәсілі. Дегенмен оның тарихнамамен өзара әрекеті ғылымтанудың теориялық-методологиялық проблемаларын зерттейтін басқа ғылымдардың, соның ішінде ең алдымен тарихнаманың өзінің дамуына игі әсер етеді.

**Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Тарихнамадағы пәнаралық деген не?
2. Пәнаралықтың тарихнамалық зерттеу үшін маңызы.
3. Тарихнаманың тығыз байланысатын ғылымдары мен ғылым салалары.
4. Ғылыми зерттеулерде қолданылатын жаңа технологиялар.
5. Тарихнамадағы пәнаралықты орнатудың тәсілдері.

## **ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДЕГІ ЖАЛПЫМЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕР**

Принциптер логикалық және тарихи сипатта өткен кезеңдердегі тарихтан, дүниетанымнан олардың жалғасы ретінде шығарылады. Табиғат та, адамзат та принциптерді бейнелемейді, керісінше принциптер ақиқатты, себебі олар табиғат пен тарихқа сәйкес келеді. **Принциптер - зерттеудің тоқтайтын пункті емес, оның қорытынды нәтижесі.** Осы идеялар ғылымдағы принциптің жетекші желісі, ғалым қызметінің негізгі ережесі оның ішкі сенімі екендігін көрсетеді.

Принциптердің қатарында саяси және әлеуметтік құбылыстарға талдау жасауда, баға беруде, сондай-ақ ғылыми тұжырымдамаларда қолданылатын жалпыметодологиялық түрлері анықтаушы болып табылады. Олар табиғат пен қоғамның объективті заңдылықтарын теориялық тану негізінде пайда болған негізгі дүниетанымдық бағыттар. Принциптер объективті шындыққа, ғылыми білімге сүйене отырып, кездейсоқ ойдан шығарылмайды. Тарихнамада жалпыметодологиялық принциптер “тірек пункті” ретінде таным үшін нақты пайдаланылып, ғылыми білімнің осы саласының, оның мақсат, міндеттерінен шыға отырып, өзіне тән көрініске ие болады.

**Осылайша принциптер дегеніміз ғылымның негізгі, жетекші ұғымдары. Олар тарихтың объективті заңдарын оқып-үйренуден туындайды, соның нәтижесі ретінде саналады және осы мағынада заңдылықтар іспеттес болады.** Әйтсе де олардың арасында айырмашылық бар: заңдылықтар объективті түрде зерттеушіден тыс әрекет етеді, ал принциптер логикалық категория, олар табиғатта емес, адамдардың санасында өмір сүреді.

Тарихи зерттеулер методологиясында басты орынды тарихилық, объективтілік, әлеуметтік принциптер алады. Тарихилық және объективтілік принциптерінің тарихи оқиғалар мен құбылыстардың шынайы сипатын, мән-мазмұнын ашудағы маңызы зор. Сондықтан олар тарихшылар үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде басты принциптерге айналулары тиіс.

Тарих ғылымының теориялық принциптері тарихнамаға да тән. Алайда олардың біраз айырмашылықтары бар. Мәселен, тарихнамадағы **объективтілік принципі** зерттеушілердің белгілі бір тарихи оқиғалар мен процестерді талдауда шынайы пікір танытып, тұжырым жасауын таразылап, олардың шынайылығын анықтауда жетекші рөл атқарады. Осы объективтілік арқылы тарихнамашы зерттеушілердің тарихи оқиғалар мен құбылыстарды шынайы түрде ашу деңгейіне баға береді. Ғылыми еңбектердің әртүрлі кезеңдерде жазылып, жариялануына байланысты зерттеушілер шынайы оқиғаны бұрмалап көрсетіп немесе ол туралы айтпай кетуі де мүмкін. Мұндай методологиялық принциптерден ауытқу кеңес дәуірінде біршама етек алды. Себебі тарихшылар тарихи оқиғалар мен процестерді тоталитарлық жүйе мен коммунистік идеологияның үстемдігі кезінде объективті түрде көрсете алмады. Ал керісінше, тәуелсіз Қазақстан кезеңінде ізденушілерге бұрын-соңды айтылмаған шындықты ашып көрсетіп, бұрмаланған оқиғалардың ақиқатын айқындауға мол мүмкіндіктер туды. Мәселен, Қазақстанда ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру тарихы кеңестік тарихнамада біржақты жағымды аграрлық реформа түрінде көрсетіліп, оның қайғылы зардаптары

туралы мүлде айтылмады. Тәуелсіз отандық тарихнама аталмыш проблеманың шынайы тұстарын ашып көрсетіп, ұжымдастырудың күшпен жүргізілгендігін, асыра сілтеулер мен бұрмалаулардың етек жайғандығын, соның салдарынан алапат аштықтың орын алғандығын, екі жарым миллионға жуық қазақтың қырылғандығын дәйектеді. Осындай мысалдарды тарихнамалық фактілерді талдау нәтижесінде көптеп келтіруге болады. Айта кетерлік жайт, ғылымда өткен уақыттарда жағымды түрде қарастырылған оқиғаны қазіргі кезде жағымсыз етіп көрсететін құбылыс белең алып отыр. Тарих ғылымында кейбір жағдайларда объективтіліктен гөрі мәселенің тым ұшқары жақтарына кету тәрізді ұстанымдар кездеседі. Тарихнамашы осындай үрдістерді айқындауда тарихи оқиғалар мен процестердің шынайылығын анықтаумен қатар объективті принципті берік ұстанып, субъективизмге бой ұрмауы тиіс. Мәселен, Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауын ішкі және сыртқы факторларын айқындамай, бірден “империя жаулап алу саясатын жүргізді, басып алды” деген тұжырым түйіндеу тарихқа жасалған қиянат болып табылады. Сондықтан да тарихнамада объективтілік принципін басшылыққа алу шынайы тарих жазудың кепілі болып табылады.

Аталған принциптердің ішінде **тарихилық** ең басты рөл атқарады. Тарихилық танымның жалпы методологиялық принципі болып табылады. Ғылыми танымда ол өзіндік, дербес маңызға ие болады. Тарихилық принципі арқылы тарихи оқиғалар мен процестердің, олардың пайда болуы және дамуының, нақты жағдайлармен байланысының зерттелу деңгейін айқындауға болады. Осы принцип құбылыстардың сандық және сапалық, жалпылама, дара ерекшеліктерін тануға жол ашады. Тарихилықтың келесі таным функциясы мынада: принцип шынайылық туралы білімді нақтыландыруға және дәйектей түсуге мүмкіндік береді. Тарихилық принципті бұрмалау тарихшыны ғана емес тарихнамашыны да қателіктерге ұрындырып, салдары ғылым мен қоғам үшін қауіпті болады. Тарихилық принципті дұрыс ұстанған тарихнамашыға тарихи дәуірлер мен кезеңдердің мерзімдерін дәл анықтауға, процестердің себептерін, барысы мен нәтижелерін, салдарларын, маңызын айқындауға қолайлы жағдай жасалады. Тарихилықтың тағы бір маңызы ол арқылы қоғам мен әлеуметтік топтардың, тұлғаның рөлін, тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туады.

Тарихилық принципінің басты талаптарының бірі - тарихнамада кезеңдер мен сатыларды, олардың дамуын уақыт желісі және заңды сабақтастық негізінде қарастыру, өткендегі оқиғаларды, құбылыстарды зерттеуде тарихи бағытты ұстану. Кезеңдер мен сатылар өзіне тән заңдары бар аяқталған цикл ретінде талданады. Тарихилық тарихнамада тарих ғылымының дамуындағы кезеңдер мен сатылардың ауысымын талдауда ғана көрінбейді. Бұл тұрғыда осы процестің әлеуметтік тарихи прогресінің заңдылықтарын айқындайтын алғышарттары анықталады. Осылайша жалпыметодологиялық тарихилық принципі тарихнамада тарихи білімнің дамуын бір жағынан олардың пайда болуы бойынша хронологиялық кезекте, екінші жағынан тұжырымдамалық бірлікте зерттеуге мүмкіндік береді.

Айта кетерлік жайт, тарихнамашы тарих ғылымын зерттеуге қойылған



қоғам талаптарының ғасырлар бойы өзгеріп отырғандығын есте ұстауы тиіс. Егер ежелгі дәуірде тарихқа тәрбиелік функция атқаратын құрал ретінде қараса, қазіргі заманда оны зерттеудің мақсат, міндеттері кеңейіп қана қоймай, ол көп жағынан өзгерді. Осыған орай тарихты адам қызметінің жемісі ретінде қабылдау түсінігі қалыптасты. Оның үстіне ғылым тарихи сананың ықпалымен дамыды, ол осы сананы айқындап қана қоймай, оны қалыптастырды. Мысалы, Қазақстан өзінің егемендігін алғаннан кейін тарих ғылымын тәуелсіздікке сәйкес тарихи сана тұрғысынан зерттеу, дамыту қажеттілігі туды. Осыған орай тарихи сана қалыптастыру туралы тұжырымдама қабылданды. Тұжырымдамада тарих методологиясының жаңа тарихи таным тұрғысындағы негізгі бағыттары көрсетілді.

Тарихилық принципін аясында тағы мынадай мәселелер жайында айтып өту қажет. Әрбір тарихнамалық факт, сондай-ақ олардың жиынтығы өздерінің пайда болу, қалыптасу, өзгеру, даму, бір-бірімен бірігу процесінде талданады. Фактінің мәні мен пайда болуы оның генезисін, одан ары дамуын көрсету жолдарын ғана ашады. Нақты тарихнамалық фактілер мен құбылыстарды олардың генезисі, сабақтастығы тұрғысында қарастыру олардың әртүрлі сатылардағы мәнін, өзгеруін түсіндіруге жағдай жасайды. Тарихнамалық фактіні генезис пен даму көзқарастарынан тыс талдаудың қажеттілігі уақыт тезіне төтеп берген және тарихнамада берік орнаған теориялық ережелерді айқындауға жол ашады. Осы принцип тарихнамашыдан теориялық материалдың шынайылығын тексеруді талап етеді.

Тарихилық принципі тарихнамалық фактілерді зерттеудегі абстрактілі бағытқа, оларды сыңаржақ, бұрмалап бағалауды болдырмауды ескертеді. Тарихилық принципін басшылыққа алып тарихнамалық құбылыстың пайда болуының шарттары мен себептерін, олардың экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық тамырын терең зерттеп, оның өзгеруіне, дамуына назар аударып, қазіргі кезеңдегі жағдайын ашып көрсету қажет. Тарих ғылымындағы оқиғаларды олардың пайда болуының тарихи алғышарттарымен тығыз байланыста зерттеу тарихнамалық фактілерді бір-бірімен өзара және қоғам дамуының заңдылықтарымен байланыстыра талдауға мүмкіндік береді. Тарихнамалық құбылыстарды қоғам дамуы заңдылықтарымен біртұтастықта қарастыру күрделі, бірақ қажет, шешілуге тиіс міндет.

Тарихнамашы ғылыми мектептің идеялық мұрасынан көрініс тапқан “өміршең” тұжырымдамаларды, көзқарастарды мәлімдеумен шектелуге тиіс емес. Өкінішке орай отандық тарих ғылымында тарихнаманың өзіндік мектебі қазан төңкерісіне дейін, кеңестік кезеңдерде қалыптаса алмады. Оның себептері тарихнама тарихи білімнің ерекше тармағы ретінде көріне алмады. Тарихнамалық дәстүрдің негіздерін қалайтын зерттеулердің дүниеге келуіне қазақ халқының төл тарихын, деректерін зерттеуден шеттету елеулі ықпалын тигізді.

Кеңестік кезеңде қазақстандық тарихнамада ғылыми мектептер қалыптаспағанымен осы саладан қадау-қадау еңбектер жазған Г.Ф.Дахшлейгер,

Д.И. Дулатова, К.Нұрпейіс<sup>52</sup> сынды ғалымдар болды. Республикадағы тарихнама ғылымының кенже қалуының бірқатар себептерін атайық. Олар қазақ тарихына қатысты төл жазба деректерінің зерттеліп, ғылыми айналымға түсірілмеуі. Келесі бір себебіне Кеңес Одағы тұсында тарихнамалық зерттеулердің қатаң коммунистік идеология құрсауында болып, ұлт тарихы туралы тәуелсіз ой-пікірлердің жазба тарихымызда еркін көсіле алмауы жатты.<sup>53</sup> Сонымен қатар кеңестік тоталитарлық жүйеде ғылыми еңбектерде бір-біріне ұқсас, сыңаржақ, таптаурын тұжырымдар түйінделіп, батыл тұжырымдамалар жасалмады. Сондықтан да тұжырымдары ортақ еңбектерді талдап, бағалауға қызығушылық та, ұмтылыс та болмады. Соның салдарынан тарихнамалық зерттеулер дүниеге келмеді.

Кеңестік дәуірде тарихнама теориясынан түсінік беретін тарихнама пәніне арналған оқулықтардың қазақ тілінде жазылмауы себепті, болашақ қазақ тарихшылары тарихнама туралы терең түсінік ала алмай, бұл пән тар шеңберде бір жақты түсіндіріліп келді. Міне осылардың барлығы тарихи және тарихнамалық зерттеулердің жазылуында айтарлықтай кемшіліктер мен қиындықтар тудырып, еңбектердің сапасы мен деңгейінің төмен болуына әсер етті.

Бұдан ары тарихилық принциптің қажеттіліктері жайлы жан-жақты айтатын болсақ, оның тарих ғылымындағы жалған әрі қате идеялардың, тіпті тұжырымдардың ұзақ “өміршеңдігінің” себептері мен алғышарттарын зерттеудегі маңызы өте зор. Мысалы, қазақтардың ежелгі халықтардың бірі, оның арғы тегі сақтар мен үйсіндер, қаңлылыр, ғұндар екендігі туралы автохтонды теория соңғы уақыттарда анағұрлым шынайы дәйектелуде. Ал Ресей бодандығындағы озбыр отарлау саясатына қарсы Сырым, Кенесары, Жанқожа, т.б. бастаған “бүліктердің” ұлт - азаттық сипатта жүргенін тың деректер айғақтап отыр. Көтерілістердің халықтық, азаттық сипаты туралы ғылыми тұжырымдар тарихнамадан көрініс табуда.

Қазан төңкерісінің, Қазақстанда кеңес өкіметінің сырттан таңылған құбылыс екендігі туралы да ғылыми пікірлер 1920-1930 жылдары жарық көрген Г.Сафаров, М. Шоқай, А. Байтұрсынұлы, Т. Рысқұлов, Ф.И. Голощекин<sup>54</sup> еңбектерінің негізінде әрі жаңа тарихи таным бағытында білдірілуде.

Ғылыми ойдың дамуын талдау тарихи білімді жинақтаудың шарттары мен ерекшеліктерін ескеру арқылы жүргізілуі тиіс. Тарихилық принципі тарихнамада тарихнамалық фактілердің шынайылығын, олардың көпжақтылығын, нақтылығын көруге мүмкіндік береді. Мұның өзі тарихнамаға даңғыл жол ашады. Нақтырақ айтсақ, ол әртүрлі проблемалардың ғылыми

---

52 Дахшлейгер Г.Ф. Историография советского Казахстана. - А-Ата., 1969; Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана. - А-Ата, 1983; Дахшлейгер Г.Ф., Нурпейсов К. История крестьянства советского Казахстана. - А -Ата., 1985.

53 Нартбаев Ш.Ж. Қазақстанда тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой-пікірлердің қалыптасуы. 1991-2003 жж. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2004. -12 б.

54 Сафаров Г.И. Колониальная революция. Опыт Туркестана. - М.,1921; Чокаев М. Туркестан под властью Советов. - Париж: "Яш Туркестан", 1935; Байтұрсынов А. Революция и киргизы. // Жизнь национальностей. 1921; Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. Ч.1. 1917-1919. -Ташкент, 1925; Голощекин Ф.И. Казахстан на путях социалистического переустройства. - М ., Алма – Ата:ОГИЗ, 1931.

дамудың түрлі кезеңдерінде емес бір уақытта шығарылғандығын айқындауға, жекелеген бір мәселелердің қарастырылуына баса назар аударылып, екінші біреулерінің маңыздылығына мән берілмей зерттелгендігінің себептерін ашуға жағдай жасайды. Тарихнама осылайша тарихи процесті жақсартатын немесе оны нашарлатып көрсетуге, субъективті тұрғыдан баяндау ұмтылысына қарсы шығу мүмкіндігіне ие болады.

Тарихилық принципі тарихнаманың дамуын, оның сатыларының сабақтастығын, тарихи білімнің өткенін, қазіргісін және болашағын тұтас қамту тұрғысында түсінуде анықтауыш болып табылады. Осы тұрасында мына төмендегі жайтқа назар аударайық. Тарихнамалық фактідегі қазіргі кезең тарихтың бір бөлігі, ол дамушы тарихи шындық. Тарихнамалық фактіде қазіргі кезең үшін айтарлықтай маңызды емес, бірақ болашақта өзектілікке ие болатын тұстары кездеседі. Сондықтан да тарихнамалық фактіні қазіргі кезең биігінен зерттеу тарихнамаға саяси өткірлік береді. Бұл ғылым үшін қауіпті құбылыс.

Тарихнамалық фактіні тарих пен қазіргінің бірлігі ретінде түсіну тарихнама ғылымының заңдылықтары мен тенденцияларын, тарихшылардың әртүрлі буындарының шығармашылығының өзара байланысын терең тануға қызмет етеді. Алайда, сонымен қатар тарихнамалық фактілердің өткені мен қазіргісінің бірлігін қарапайым түрде түсіндіруге болмайды. Жоғарыда көрсетілгендей, тарихнамалық фактіні талдау ең алдымен белгілі бір тарихнамалық факт жасалған тарихи кезеңнің позициясынан жүргізілуі тиіс. Осыған орай өткен уақыттардағы фактілерге бүгінгі күннің талаптарын қою қисынсыз. Мұның өзі тарихқа қарсы әрекет әрі тарихилық принципіне сәйкес келмейді. Алайда тарихнамалық фактіні қазіргі кезеңдегі тарихнама ғылымының жетістіктері негізінде қарастыру оның болмысын терең әрі жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Тарихнамашы қандай фактілердің уақыт тезіне шыдағандығын және эталон түрінде өзге де фактілерге баға беруде қызмет ететіндігін түсіндіреді.

Болашақта тарихнамалық фактілердің дамуын олардың қазіргі кездегі түрлерінің кейбір өзгерістерін айқындау негізінде көруге болады. Бұл әсіресе болашақта зерттелетін тақырыптарға, мамандарды даярлауға, ғылыми мекемелерді дамытуға қатысты. Болашақты болжай білу тарихтағы жаңа тарихнамалық фактілердің жинақталуын нақты қарастыруда кеңейеді. Сондықтан да тарих ғылымының өткенін қазіргі арқылы түсіндіруді ұсынатындармен келісуге болмайды. Себебі ол өткенді бұрмалауға ұрындырады. Болашақ туралы кейбір көзқарастарды тарих ғылымының қазіргісі және өткендегісін түсіндіруде пайдалануға болады.

Тарихилық принцип тарихнамалық фактінің жеткіліктілігін анықтауда қолданылады. Ғылымда баршаға мәлім, тарихнамашы көбінесе белгілі болған, ғылыми айналымға түскен фактілермен жұмыс істейді. Дегенмен тарихнамашының назарынан тыс қалған фактілердің де болуы ғажап емес. Осыған орай тарихнамашы тарихилық принципін пайдалана отырып жаңа фактілердің негізін анықтап, ғылыми айналымға түспеуінің, ғылыми білімнің игілігіне айналмауының себептерін көрсетуі тиіс.

Тарихнамалық шығармашылықта жекелеген тарихнамалық фактіні мысалы,

тарихшының еңбегін зерттеуді талап ететін ахуал пайда болады. Тарихшының еңбегі тарихи білімнің жалпылама процесінің негізінде талдануы қажет. Сондықтан да жекелеген жұмыстар, олардың әдебиеттердің жалпы ағымындағы маңызы мен орны әділ бағаланып, белгілі бір кезеңдегі ғылыми тенденцияларға сәйкестігі айқындалуы керек. Бұл жерде тарихилық принцип жекелеген тарихнамалық құбылыстарды жалпы процеске қарсы қою емес оның бір бөлшегі ретінде зерттеуге септеседі.

Жалпыметодологиялық тарихилық принцип тарихшыларды екі топқа бөледі: біріншісі өткенді және қазіргіні объективті тану арқылы болашақты болжауға ұмтылатындар, екіншісі өткенге оқиғалардың хроникасы ретінде қарайтындар.

Тарихилық методологиялық принцип ретінде тарихи оқиғаларды, көзқарастарды, оларды танудың тарихи әдістерін біріктіреді.

**Әлеуметтік** принцип - тарих ғылымының, сондай-ақ тарихнаманың қажетті принциптерінің бірі. Кейде бұл принципті партиялық деп те атайды. Партиялық сөзі саяси партия деген ұғымды білдірмейді, ол қоғамның әлеуметтік құрылымымен, топтарымен тығыз байланысты ұғым.

Маркстік-лениндік методологияда кез-келген тарихи процесс әлеуметтік таптық тұрғыда қарастырылып, партиялық принципте баға беру біржақты пікір, тұжырым түйіндеуге негіз қалады. Мұның өзі партиялық принциптен бас тарту дегенді білдірмейді. Себебі әлеуметтік принцип арқылы ғана тарихнамалық фактілердің қалыптасу ортасын, сипатын анықтауға болады. Маркстік-лениндік методология шеңберінде партиялық принцип тап күресінің аясында қалып, кейде бұл принцип таптық бағыт деп те аталды. Ал маркстік - лениндік методологияның күйреуіне орай оны сынап, жоққа шығару үрдісі орын алды. Мұндай ахуал тарихи оқиғалар мен процестерге объективті баға беруден гөрі белгілі бір қоғамдық-саяси кезеңнің талаптарының зерттеушілерге ықпалын көбірек аңғартады. Тап күресі орын алған тарихи кезеңдерді таптық тұрғыдан көрсету өткеннің шындығын бұрмалаусыз реттеу деген сөз. Осы орайда ресейлік тарихшы Ю.А.Поляков: “Тап күресінің маңызын Батыс тарихшыларының айтарлықтай бөлігінің мойындағаны белгілі және мойындап отыр. Тап күресінің орын алуы мен рөлі көптеген фактілер арқылы дәлелденеді. Өйткені зерделеуде таптық бағытты алып тастау фактілерге қарама-қайшы келу болып шығады”<sup>55</sup>, - деп жазды. Бұл жерде мәселені таптық көзбен зерттеу турасы емес, тарихта тап күресінің орын алғандығын мойындау туралы болып отыр.

Әлеуметтік принцип объективті шындықты көрсете отырып, алдын-ала пікір қалыптастыруға жол бермейді, кез-келген құбылысты оның әлеуметтік алғышарттары тұрғысынан нақты талдауды талап етеді.

Әлеуметтік принцип тарихнамалық фактілер мен құбылыстардың сипатын олардың шынайы нәтижелері бойынша баға берудің қажеттілігін көрсетеді. Олар ғылыми білімге “ұласу” тұрғысында шынайы маңызына орай бағаланады. Қарастырылатын еңбектердегі әлеуметтік принциптің сақталғандығы жөнінде

тарихнамашыға баға беруде мүмкіндік тудыратын белгісі тарихи материалды талдау болып табылады. Аталмыш принцип тарихнамалық талдау жасауда зерттеушіге тарихнамалық деректердің әлеуметтік ортасын, тарихнамашының ұлттық, таптық мүддесін ескеруде қажетті болып саналады. Сонымен қатар әлеуметтік тарихнамалық құбылыстардың өзектілігін айқындауға да негіз болады. Бұл жерде өзекті болып ғылым дамуының кез-келген кезеңіне жататын, тарихи білімді алдыға жылжытуда прогрессивті рөл атқаратын тарихнамалық факт саналады. Тарихнамашы әлеуметтік принципті ғылыми пікір-талас тәрізді тарихнамалық фактіні талдауда басшылыққа алады. Айта кетерлік жайт, бұл принцип тарихнамалық құбылыстардың пайда болуы мен дамуында әлеуметтік -саяси және тарихи шарттардың ерекшеліктерін ескергенде ғана іске қосылады немесе әрекет етеді.

Жалпыметодологиялық әлеуметтік принцип өзінің нақты қолданысында тарихилық принципімен диалектикалық бірлікте пайдаланылады.

Соңғы уақыттардағы посткеңестік кеңістіктегі саяси өзгерістер зерделі тарихшыға өткенді терең зерттеп, тарихи оқиғалар мен процестердің шынайы бағасын беруге жағдай жасады. Тарихшы зерттеушілерге тарихты “Тарих жекелеген адамдардың, таптар мен партиялардың еркі мен санасына байланысты емес” және “Тарих өз мақсатын көздеген адам қызметі” деген екі қағиданы байланыстыра зерттеуге мүмкіндіктер туды. Мұндайда зерттеуші екі қағиданың екеуін де жоққа шығармай тарихтағы заңдылықтарды тануға ұмтылуы тиіс. Әміршіл- әкімшіл басқару кезінде орныққан “тарихты халық жасайды” деген тұжырымды әрбір тарихи дәуірде тарихты жеке адам, субъект қалыптастыратындығы туралы қағида толықтыруы қажет. Мұндай тұжырымның тарихнамаға да тікелей қатысты екендігі даусыз.

### **Тақырыптың мәнүнүн бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Тарихнамадағы жалпыметодологиялық принциптердің функциялары.
2. Тарихнамадағы объективтілік принципі. Осы принциптің қажеттілігін мысал келтіре отырып түсіндіріңіз.
3. Тарихилық принципінің атқаратын рөлі.
4. Әлеуметтік принциптің ерекшеліктері.
5. Таптық бағыт немесе маркстік-лениндік методологиядағы негізгі ұстаным.

## **ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАР**

Тарихнамалық әдебиеттерде “заңдылықтар” және “заңдар” тақырыбы теориялық тұрғыда қарастырылмаған, десек те олардың кейбіреулері “стихиялы” түрде қолданылған. Көрсетілген проблеманың танымдық функциясы тарихнаманың қызмет ету ерекшеліктеріне байланысты артады. Оның сипаты, мазмұны және мүмкіндіктеріне тарихнаманың өзінің

заңдылықтары мен заңдарының негізіндегі пәні баға береді. Заңдылықтарды айқындау және қалыптастыру әртүрлі тарихнамалық ахуалдарда түрлі сипатта жүреді. Тарихнаманың заңдылықтары алдын-ала ашылмайды, зерттелетін фактінің өзгеруіне байланысты олар да өзгеріп, түрленіп отырады. Заңдылықтар солардың негізінде жаңа білім алу үшін ашылып, қолданылады, ал содан кейін алынған жаңа білім тарихнамашы-зерттеушінің ары қарайғы теориялық және тәжірибелік қызметінде пайдаланылады. Осылайша, заңдылықтарды ашу және пайдалану тарихнамалық жұмысты “тарихнамалық баяндау” деңгейінен ғылыми зерттеуге көтерілуіне жағдай жасайды.

Тарихнаманың заңдылықтарын танудағы объективті факторлардың үстемдігінің ерекше маңызы бар, өйткені тарихнама субъектінің-тарихнамашының әрекеттері арқылы іске қосылады, оның әлеуметтік көзқарастары және т.б. тарихнамалық тұжырымдардың, идеялардың, пікірлердің қалыптасуына әсер етпей қоймайды.

Тарихнаманың заңдылықтары өзіне тән белгілеріне қарай көрінеді. Бұл ең алдымен тарихнамашының өзі тапқан және өңдеген, белгілі бір әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда әрекет ететін заңдылықтар. Сондықтан да оларды тану көп жағдайда тарихтың тарихи білімін қалыптастыру теориясын терең түсінумен ғана емес, субъективті факторға баға берумен де тығыз байланысты. Тарихнаманың заңдылықтары әлеуметтік, психологиялық, эмоционалды, кәсіпқойлық ерекшеліктерді ескеруде жан-жақтылық әрі тереңділік қасиеттерге ие болады. Тарихнамашы әрекет еткен кезең заңдылықтарын, соның ішінде тарихнаманың заңдылықтарын түсіндіру өзінше әлеуметті әрі мүдделі. Осылайша жеке дара ерекшеліктері бар тарихнамашының зерттеу процесінде көрінетін заңдылықтар оның қызметінің объективті-тарихи шарттарымен тығыз байланысты. Объективтілік, логикалық және субъективтіліктің осы диалектикалық бірлігінде жетекші рөлді объективті фактор атқарады. Кез-келген заңдылық, соның ішінде тарихнамалық тәжірибеде әлдеқашан ғылымда белгілі болғанды әрі дәлелденгенді қайталау дегенді білдірмейді.

Тарихи заңдылықтардың көріну және пайдалану механизмдері негізінен тарихнамада да қолданылады, себебі тарихнаманың заңдылықтары ғылымды танудың жалпы заңдылықтарымен генетикалық тұрғыда, тарих ғылымының заңдылықтарымен ерекше байланысады. Осындай байланыстың салдарынан тарихнамашы “көпқабатты” ізденіс жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде тарихнаманың заңдылықтарын анықтайды. Мысалы, тарихшы тарихнамалық фактілердің тұрақты қайталануына әкелетін шарттарды, себептерді айқындайды. Оған бұрын әдебиеттерде көрініс тапқан тақырыптарға жазылған жұмыстардың пайда болуы мысал бола алады. Алайда зерттеуші сол тақырыпты ғылымның жаңа даму бағытында соны теориялық-методологиялық мүмкіндіктер мен тың деректердің негізінде қарастырады. Осындай қайталанатын тақырыптарға жазылған еңбектерді талдауда тарихнамашы теріске шығарылған кейбір теориялық ережелер мен қорытындылардың “өміршеңдігімен”, соның салдары ретінде олардың келесі еңбектерде көрінуімен бетпе-бет келеді. Осындай құбылыстардың орын алуын түсіндіру

зерттеушінің міндетіне жатады.

**Тарихнамалық заңдылық жекелеген тарихшылардың іргелі еңбектеріндегі ой-пікірлерді зерттеу жолымен ғана емес, ғылыми ойдың тарихнаманың дамуының түрлі кезеңдеріндегі қозғалыс процесін көрсететін тарихи шығармашылықты талдау нәтижесінде орнатылады.**

Тарих ғылымында әртүрлі тенденциялардың күресімен басылып тасталған, ғылымды жетілдірген немесе кедергі келтірген бірқатар тарихнамалық фактілерді түсінудің күрделілігі ашылмаған заңдылықтардың бар екендігіне куә болады. Заңдылықтарға қайшы келетін құбылыстар оларды жоймайды, тек олардың әрекетін әлсіретеді. Бұдан тарихнамалық заңдылықтардың ғылымның өзіне тән мүмкіндіктері мен қайшылықтарға толы даму процесіне терең ену нәтижесінде орнатылатындығына көз жеткізіледі. Оның мазмұны тарих ғылымының дамуындағы жетекші тенденцияларды айқындау жолымен ашылады. Бұл істе жекелеген кезеңдерді, яғни сатыларды зерттеудің маңызы зор.

Тарихнамалық факт деп тарихнаманың ілеспелі қозғалысындағы өзіндік ерекшеліктерімен, қатынастарымен қайталанатын объективті құбылыстарды атайды. Осы тұрғыдан келгенде тарихнаманың мынадай заңдылықтарын атауға болады: зерттеудің жаңа бағыттағы методологиясын шығармашылық жағынан меңгеру және тұрақты түрде дамыту, тарихнаманың өткен кезеңдердегі және қазіргі замандағы өзекті мәселелерді зерттеуге құлшыныс тудыруы тарихнамалық фактіні, әсіресе тарихшының шығармашылығын қоғам дамуының әлеуметтік-саяси аспектілерімен тығыз байланыста зерттеу, тарихнамада тарихнамалық білімді жинақтауда үнемі сабақтастық, олардың жаңа идеялар, қорытындылар, тұжырымдар негізіндегі сапалы қайта түрленулері, құрулары байқалады. Сондықтан да бұл құбылыс заңдылық түрінде көрінеді. Ғылым тарихын танудағы әрбір жаңа сатының жетістіктері өзінің алдындағы сатыда қол жеткізілген табыстарға сүйеніп, олардың жалғасы, дамуы және тереңдеуі болып табылады.

Жетілдірілген жаңа идеялар, көзқарастар және заңдылықтар уақыт тезінен, әлеуметтік тәжірибеден өткен білімге қосылып, оны толықтырады.

Жаңа тарихи білімнің қалыптасу механизмі, байланыстары мен алдыңғы білімнен келесіге өтуі, оның реттелу принциптері тарихнамалық фактілерді эмпирикалық талдау деңгейінде емес, теориялық-методологиялық негізде зерттеледі. Осы бағыт тарихнамашыға алдыңғы тәжірибенің жарамды, жарамсыз тұстарын зерттеуде аса қажет.

Тарихнамалық білімді жинақтаудағы сабақтастықтың заңдылығы осылайша ғылымды дамытудың қозғаушы күштерін, жаңа білімдердің түйісу нүктелерін, оларды көбейтудің жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Тарихнамалық теорияда және тәжірибеде “ескі” мен “жаңа” ғылымдарды шын мәнінде зерттеудің заңдарымен бірге салыстырудың бірқатар себептері бар. Тарихнамалық еңбекте әртүрлі бірін-бірі алмастырған сатылардағы ғылыми тарихи білімнің дамуы барысында алынған тарихи білімдердің жиынтығы талданады. Тарихнамашы тарихи шығармалардан орын алған әртүрлі танымдармен, бағыттармен, жаңа идеялармен, теріске шығарылған

көзқарастармен зерттеу жұмысын жүргізеді. Объективті шындыққа жетудегі тарихшының өзгелермен ұқсас пікірлерін, айырмашылықтарын салыстыру, бір-бірімен теңестіру тарихнамалық шығармашылықтың басты аспектілерінің бірінен саналады.

“Ескі” және “жаңа” ғылымдарды салыстыруды іске асыру төмендегідей тарихнамалық жұмысты атқарған кезде қомақты нәтижелерге әкеледі: тарихи құбылыстардың қайталануына көз жеткізу, солар арқылы тарихнаманың заңдылықтарын орнату, тарихнаманың әртүрлі даму сатыларында тарихи білімнің тұтас немесе жекелеген проблемалар мен тақырыптардың қарастырылу деңгейін айқындау, зерттелетін тарихи процеске зерттеушілердің жаңа буынының қосқан үлесін анықтау, тарихи білімнің шынайылығын ашу, тарихи оқиғаларды баяндаудағы сыңаржақтықтың орын алуын көрсету, автордың ойға түйгендерін түсіну, тарихи білімнің қарастырылу және қол жеткізген мүмкіндіктерінің деңгейін анықтау.

Салыстыру тарихнамалық фактілердегі ұқсастық және ерекшеліктерді, жалпы немесе сәйкес келмейтін белгілерді, сондай - ақ өткен тарих ғылымындағы бірреттегі процестердегі дара, ерекше, жалпыламаны айқындауда қажет. Ортақ белгілері бар әртүрлі уақытта түрлі елдерде пайда болған тарихнамалық фактілердің айырмашылықтарын зерттеудің де маңызы айтарлықтай. Салыстырудың осындай заңдылығы тарихнамалық фактілерді генетикалық өзара байланыста және айырмашылықта зерттеуге барынша қолайлы жағдай тудырады.

“Ескі” және “жаңа” тарих ғылымын салыстыруды бірнеше деңгейде жүргізуге болады. Солардың арасында тарихнама ғылымын білімді жинақтау процесін хронологиялық кезекте қарастыру ерекше маңызды. Тарихнамалық зерттеудегі уақыт кезегін сақтау тарихнамалық шығармашылықтың бірнеше маңызды аспектілерін анықтау үшін қажет. Осы бағытты тарихи шығармалардың байланыстары мен ішкі бірлігін айқындауда пайдалану нәтижелі болып табылады.

Тарих ғылымында тәрізді тарихнамада да бірдей, мүлде ұқсас оқиғалар мен ахуалдар болмайды. Зерттеуші әрқашан түрлі тарихи және ұлттық негізде пайда болған құбылыстарды кездестіреді. Осындай әртүрлі құбылыстарда жалпылама тенденциялар байқалады және тарихтағы әлдеқашан белгілі болған типтік құбылыстар жаңадан қайта өңделеді. Осыған орай олардың арасында салыстыру жүргізуге болады. Осылайша, тарих ғылымының тарихын зерттеуде салыстыру тарихнамадағы заңдылықтарды орнатудың және оның күрделі міндеттерін шешудің маңызды құралы деген қорытынды жасауға болады.

Тарихнамада қоғамдық білімдердің жалпы заңдылықтары әрекет етеді, олар аталмыш ғылым саласының нысаны мен міндеттеріне сәйкес қолданылады. Тарихнамада ғылымтанудың және информатиканың заңдылықтары ерекше мәнге ие болады.

Тарихнаманың міндеті кездейсоқ тарихнамалық фактілер мен құбылыстардың пайда болуының объективті және субъективті жағдайларын, олардың заңдылықтарымен салыстырғанда екінші кезектегі орынды иеленеді. Мұның өзі ғылымдағы қателіктерге алып келуі мүмкін. Қателер белгілі бір уақыт



ішінде оларды теріске шығаратын заңдармен салыстырылмаған, тарихнамашы ғылыми методологиялық емес ұстанымдарды басшылыққа алған кезде көрініс береді. Тарихнамашы мұнда бір реткі құбылыстарды кездестіреді. Мәселен, ұзақ уақыт бойы қарастырылып келген проблема зерттеушінің қолда бар тарихнамалық деректеріне байланысты әртүрлі тұрғыда түсіндірілуі мүмкін. Бұл жерде мұндай жағдайда қате көзқарастар, тұжырымдамалар туралы мәлімет беруге негіз жоқ екендігі түсінікті. Тың деректер тобының пайда болуы көп жағдайда тарихи процесті терең түсіндіруге алып келіп қана қоймай, жаңа бағаларды да тудырады. Мысалы, кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихына, әсіресе 1920-1930 жылдардағы саяси, әлеуметтік экономикалық жағдайына байланысты әміршіл - әкімшіл жүйенің арнайы тапсырмасымен көпшілік көзінен тасада қалдырылып, құпия сақталып келген мұрағат құжаттарының ғылыми айналымға ендірілуі көрсетілген уақыттағы өңі айналдырылған тарихи оқиғалар мен процестерге объективті баға беруге мүмкіндік жасады.

Осылайша біз тарихнамалық заңдылықтарды қарастырдық. Әрине тарихнаманың түйіткілдері бір ғана заңдылықтармен, кездейсоқтықтармен шектелмейді. Ғылымның методологиялық ұстанымдары, принциптері мен әдістері, зерттеу тәсілдері, бағыттары, жолдары, т.б. өте көп. Тарихнамашы солардың барлығын меңгеріп, ғылыми зерттеуде пайдалануы тиіс. Методологиялық “қаруланусыз” тарихнаманың шешуші мәселелерін зерттеу мүмкін емес. Тарихтың тарихы ғылымның методологиялық негіздерін зерттеу жүргізуде пайдаланған сәтте ғана оның дамуы туралы сөз етуге болады. Дегенмен ғылымның алдындағы мақсат эмпирикалық деңгейде ғана емес, теориялық білім жолымен іске асырылады. Мұның өзі тарихнама мен шолуграфияның айырмашылығын түсінуде аса маңызды.

### **Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Тарихнамалық заңдылық деген не?
2. Тарихнамадағы заңдылықты орнатудың жолдары.
3. “Ескі” және “жаңа” тарих ғылымдары туралы түсінік.
4. Тарихнамалық заңдылықтардың тарихи заңдылықтардан айырмашылықтары.

### **ТАРИХНАМАЛЫҚ ФАКТ**

Тарихнаманың методологиясында маңызды аспект тарихнамалық шығармашылыққа аса қажет материал тарихнамалық факт болып табылады. Сондықтан да тарихнамалық фактнің болмысы мен әлеуметтік функциясын ашып көрсету өзекті болып саналады.

Тарихнамалық фактнің мәні мен мазмұны туралы көбінесе орыс зерттеушілері мен тарихшылары пікір білдірген. Әсіресе кеңестік кезеңдегі орыс ғалымдары С.О.Шмидт, А.М.Сахаров, М.А. Барг, А.И.Данилов, О.Л. Вайнштейн аталмыш мәселеге қатысты бірқатар еңбектер жариялап, оның

түйінін шешуге ат салысқан<sup>56</sup>. Қазіргі ТМД аумағында тарихнама ғылымындағы жетістіктері бойынша кешегі одақтық республикалардан озық тұрған Ресей Федерациясының ғалым зерттеушілері тарихнамалық фактнің мәнін толықтырып, тереңдете түсті.

Тарихқа жүгінетін болсақ, тарихнамалық фактінің анықтамасын алғашқылардың бірі болып берген кеңестік ғалым-тарихшы - С.О.Шмидт. Ғалым тарихнамалық фактнің тарихнамалық зерттеудің объектісі дей келе, оның зерттеуші үшін негізгі тарихнамалық дерек болатындығын атап көрсеткен. Ал А.М.Сахаров тарихнамалық фактні зерттеушінің ғылыми ізденістер нәтижесінде тапқан ғылыми білімі деп түсінген. Алайда мұндай анықтамалар тарихнамалық фактнің мәні мен мазмұнын толық ашып бере алмайды, өйткені оның әлеуметтік функциясын ескермейді. Себебі тарихнамалық факт эмпирикалық білімнің шеңберінде шектелмей, теориялық мазмұнды да құрайды. Тарихнамалық фактіні танудағы теорияның рөлі сонда, ол тарихнамалық заңдылықтарда зерттеуге қажетті шынайы фактлерге қол жеткізіуді қамтамасыз етеді. Сондай - ақ ол фактілердің өзара тәуелділігі мен объективті байланыстарын ашып көрсетеді. Мұның өзі “теория фактілерге сәйкес келуі керек” деген қағидаға қайшы емес.

**Осылайша айтылғандарды қорыта келе, тарих ғылымында тарихнамалық заңдылықтарды ашу үшін қолданылатын тарихи білімдер туралы ақпарат беретін мәлімет тарихнамалық факт деп аталады деген анықтама беруге болады.** Бұл анықтама мынадай критерийлерге негізделген; тарихнама пәнінің мазмұны, тарихи факт пен тарихнамалық фактінің қатынасы, тарихнаманың әлеуметтік-саяси функциялары, ғылымның ақпараттық әлеуетін түсіну.

Критерийлердің арасындағы алғашқысының негізіне тарихнамалық фактінің әрекет ету бағытын түсінуге әкелетін тарихнамалық құбылыстардың жиынтығы алынған. Мәселен, тарихнаманың пәніне тарих ғылымының әлеуметтік функциялары енгізілген. Соның нәтижесінде тарихнама фактлерді анықтап қана қоймай, сонымен қатар олардың жинақталу, сұрыпталу және талдану бағытын да көрсетеді деген қорытындыға келуге болады.

Тарихнамалық факт тарихи фактіге негізделгендіктен оның қазіргі кезеңдегі түсінігін анықтаудың ғылым үшін маңызы зор. Тарихи факт - шындықтың үзіндісі, объективті оқиға; факт өзіне сәйкес оқиға, ахуал, процес туралы білім; факт ақиқаттың синонимі.

Тарихи фактінің мәнін айқындай келе зерттеушілер оны шынайы құбылыс деп танып, оның ойдан шығарылмайтындығына, тарихи шындықтан орын алатындығына назар аударады. Оқиға фактісінен өзге білім фактісі бар. Сонымен қатар факт көп қырлы әрі сипатты болып келеді. Ол өз бойына дара, яғни дербес, қайталанбас, жалпы, кездейсоқ, қажетті, тікелей, жанама, объективті,

---

56 Шмидт С.О. О методике выявления и изучения материалов по истории исторической науки // Труды МГИАИ. 1965. №22; Данилов А. Материалистическое понимание истории и методологические искания некоторых историков // Методологические и историографические проблемы исторической науки. Томск, 1960; Барг М.А. Исторический факт; структура, форма, содержание // История СССР.1976. №4; Сахаров А.М. Некоторые вопросы методологии историографических исследований // Вопросы методологии и истории исторической науки. -М., 1977; Соныкі. Методология истории и историографии. -М., 1981.

субъективті, т.б. қасиеттерді жинақтаған. Осылайша, тарихи факт өзіне тарихи процеске, оның ауқымынан, мәнінен, дәрежесінен тәуелсіз тарихи шындықты қоса сақтайды. Фактнің үнемі даму және баю қабілеті бар. Кеңестік ғалым - тарихшы М.В.Нечкинаның пайымдауынша факт атом тәрізді, өйткені ол шексіз қасиеттерге, белгілерге, өзара қатынастарға толы. Гносеологияның міндеті білімнің фактге айналуын анықтау, ал мұндай процесс тек методологиялық талдау жолымен ғана мүмкін бола алады.

Тарихшының зерттеуі тұрғысынан фактінің ерекшелігі сонда, ол жалпыға бірдей ереже бойынша, зерттеушінің тікелей бақылауындағы нәрсе емес. Факт деректерді талдауда танылады. Фактінің тағы бір ерекшелігі, ол субъективті көзқарастарға қарсы тұрады. Осы тұрғыда белгілі тарихшы, методолог А.С. Лаппо - Данилевский тарихи факті оның анағұрлым сипатты, өзіне тән ерекше мәнін дараның ортаға әсері ретінде түсінген. Автордың пікірінше, яғни жалқының құндылығы мен шынайылығын үйлестіру тарихи фактлерді сұрыптаудың критерийі болып табылады. Фактінің құндылығын түсіну негізінде зерттелуге тиіс объектінің тұтас бейнесін қалыптастыру қажет. Әрбір жеке факт тұтастықтың бөлшегі ретінде өз ерекшелігімен танылады. Ғалым тарихшы фактімен жұмыс істей отырып, дерек фактіге салынған ақпаратты талдайтындығына назар аударады. Осыған орай кез - келген деректі сыни талдаудан өткізудің қажеттілігін баса айтқан. Деректерді сынау немесе деректанудағы сын деп ғылымда деректердің құндылығын ашуға бағытталған әдістер жиынтығын санаған. Ал ғылыми әдістер міндеті - деректердегі, фактлердегі кемшіліктер мен олқылықтарды, қателіктерді айқындау, оның шынайылығына көз жеткізу<sup>57</sup>.

Ғылыми факт - бұл оқиға емес, деректегі орын алған білім дәлелденген және қорытындылаушы тарихи білім болып саналатын ерекше түрдегі мәліметтің бейнесі. Мұның өзі факт тарихшының ғылыми тұжырымдамасына, оның тарихи пайымдауларына сәйкес өңделеді дегенді білдіреді. Бұған қоса фактлік білім болып ол шынайы, ғылыми проблеманы шешуге қызмет ететін, ғылыми білімнің логикалық құрылымы саналатын, білім жүйесіне ендірілген кезде ғана табылады. Танымдық субъектте қатысты фактінің өзгермейтін, тәуелсіз белгілері оның болмысына әсер етпейді. Бұдан шығатыны тарихи факт тарихи таным, теория мен гипотеза құру, тарихи процестердің заңдылықтарын анықтау үшін негіз болатын шынайы, қорытындылаушы материал.

Тарихи фактілер өздерінің номенклатурасы мен типологиясына ие. Олар біліктілілік, сандық, сапалық, статистикалық және т.б. болып келеді. Факт өзінің сипаты жағынан екі қырлы, яғни ақпарат және баға беруші міндет атқарады.

Тарихи факті анағұрлым тар ұғым. Олардың арасындағы айырмашылық тарихи еңбек пен тарихнамалық зерттеуге байланысты пайда болады. Дегенмен олар тікелей генетикалық байланыста өмір сүреді, методологиялық ұстанымдары, ғылымды дамытудағы рөлі мен маңызы екеуіне де ортақ. Десек те тарихнамалық фактінің өзіндік ерекшеліктері бар. Тарихнамалық зерттеу

---

57 Лаппо – Данилевский А.С. Методология истории. -СПБ.,1913. -321б.

өзінің маңызды міндеті ретінде ғылым тарихының даму заңдылықтарын және осы процеске қатысты барлық элементтерді зерттеуді қояды. Осыған орай басты айырмашылықтары тарихнамалық фактнің мәнінен, оның тарихнамалық таным құрлымындағы орнынан, ұғымынан көрінеді.

**Тарихнамалық факт субъекті шығармашылығының жемісі санала отырып, оның жұмыс процесінде объект пен субъектінің бірлігі “түйісінде” тұрады. Тарихнамалық фактлер өзінің табиғаты жағынан объективті.** Факт пе, әлде жоқ па, соны түсіну, ол шынайы ма немесе оның интерпретациясы қате ме бұлардың барлығы істің барысын өзгертпейді. Фактнің өзі тарихнамашының санасынан тыс оның интерпретациясынан, өзіне берілген бағадан, бағыттан тәуелсіз өмір сүреді. Тарихнамалық фактнің болмысын Е.М.Жуков өзінің ғылыми тәжірибесінің нәтижесінде анағұрлым дәл көрсетіп берген. Зерттеуші фактнің адам түйсігінен өте отырып өзінің мәнін өзгертпейтіндігін, объективті шынайы түрде қала беретіндігін баса айтқан. Осы шынайылыққа жақындау тарихнамалық таным процесінің мәнін құрайтындығы туралы пікір танытқан.<sup>58</sup>

Фактнің тарихнамалық таным құрылымына, яғни жүйесіне қосылуын былайша айтуға болады; тарихнамалық факт белгілі тұтастығымен ерекшеленеді, ол үнемі тарихшылардың еңбектерінен орын алады. Тарихнамалық тұжырымдама қалыптастыру, заңдылықтарды анықтау, фактнің маңызын түсіндіру осылардың бәрі фактлердің жиынтығының негізінде мүмкін болады. Осыған өз кезегінде А.С.Лаппо-Данилевский назар аударған. А.Е.Топольский фактлер жүйесінің күрделі, олардың бірнеше шағын жүйелерден құралатындығы, өзара байланыста болатындығы туралы тұжырым жасаған.<sup>59</sup>

Факті түсінуге және шынайы бағалауға тек осы тарихнамалық қатарға, яғни жүйеге енгізген кезде ғана қол жеткізіледі.

Тарихи және тарихнамалық фактлердің арасындағы айырмашылықтар ақпараттық материалдың мазмұнына қарай орын алады. Тарихнамалық факт бұл - ғылымның дамуы, оны ұйымдастырудың түрлері туралы ақпарат. **Тарихнамалық факт ақпараттың дерегі ретінде оның сипатына, көлеміне, тереңдігіне, шынайылық дәрежесіне нұсқайтын белгілерді қамтиды. Осыған сәйкес ол нақтылық, даралық, сабақтастық, қайталану, баяндау тәрізді көрсеткіштерге ие болады.** Бұл көрсеткіштер белгілі бір факті өзгелермен салыстыра, байланыстыра отырып көрсету, оның тарих ғылымындағы орнын, рөлі мен маңызын айқындау үшін қажет. Сонымен қатар тарихнамалық факт әлеуметтік функция атқаруымен де ерекшеленеді.

Фактнің әлеуметтік шарты тарих ғылымының қоғамдық мәртебесін түсінумен, оның гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі, тіпті әлеуметтік қатынастар ауқымындағы орнына байланысты.

Тарихнамалық фактінің ұғымы оны қазіргі кезеңдегі ғылымның ақпараттық “бейнесін түсіру”, “объект туралы мәлімет”, “білім” ұғымдарының эквиваленті

---

58 Жуков Е.М. Очерки методологии истории. -М., 1973. -205б.

59 Зевелев А.И. Историографическое исследование: методологические аспекты. -104б.

ретінде түсіндіру орын алған. Себебі ақпаратта өткен мен қазіргі жөнінде мәлімет келтіріледі. Ақпарат тарихнамашыны қажетті мәліметтермен қамтамасыз етеді, сондықтан да оны тарихнамалық ақпарат деп атауға болады.

Методологиялық тұрғыда ақпарат тарихнамалық фактінің көпқырлы қасиеттерін түсінуге септеседі. Дәлірек айтсақ, ақпарат зерттеушінің әлеуметтік позициясын, оның нақты ахуалдарға қатынасын айқындауға, тарихи білімнің қалыптасу тарихын тануға, оларды болжауға қызмет етеді. Тарихнамалық ақпарат тарихи фактен, оның қызмет шарттарынан, деректен алынады. Бұдан шығатыны, тарихнамашының фактінің шығуын, қасиеттері мен әрекетін түсінуде пайымдайтын ақпаратының көптеген түрлері, белгілері, қасиеттері болады. Ол үшін әсіресе, ақпараттық пен бағалаудың бірлігі аса маңызды. Әрбір аталған тарихи білім туралы ақпарат элементін біртұтас, диалектикалық тұрғыда зерттеу қажет. Айта кетерлік жайт, тарихнамалық еңбекте қажетті ақпарат көп жағдайда дайын күйінде көрінетін жерде жатпайды. Зерттеушіге ақпаратты алу, ал одан соң анағұрлым құндысын таңдау терең ізденіс пен күш - жігерді талап етеді. Ақпаратты ұтымды пайдалану және ғылыми бағалау тарихнамашының шығармашылығындағы шешуші әрекет болып табылады.

Тарихнамалық факт бойына мол ақпарат жинақтайды, алайда олардың барлығы бірдей тарихнамалық талдауға қажет бола бермейді.

Тарихнамалық фактіде бір фактінің екінші фактімен байланысын, мәнін, ерекшеліктерін, нақты мәселені зерттеуге қызмет етуін, бағытын ашатын тұстары маңызды. Ғылыми білімді жинақтауға, фактлердің қозғалысын, ғылыми бағыттардың қалыптасу өзгерістерін, зерттеулердің деңгейін, т.б. көрсететін ақпарат ерекше құнды болып табылады. Фактінің әлеуметтік - саяси функцияларымен байланысты ақпарат таптырмас мәлімет.

Тарихнамалық фактіні басшылыққа алған тарихнамашы фактлерді сұрыптай отырып, ғылыми ақпараттың тереңдігі мен ауқымын, оның шынайылығын, ғылымның дамуын меңзейтін идеялық бағытын айқындайды.

Тарихнамалық фактілердің өздерінің градациясы бар. Градация олардың иерархиялық мәні мен ауқымына қарсы келмейді. М.В.Нечкина тарихнамалық фактінің негізгісі және бастысы ретінде ғалымдардың еңбектерін санайды. Тарихшының рухани шығармашылығының қорытындысы ретіндегі еңбектері ғалымның жұмысының сипаты, пайдаланған әдістемесі, зерттеу тәсілдері, көзқарастары, идеялары, тұжырымдары туралы фактілерге толы. Бұдан көрінетіні, тарихшылардың еңбектеріне қарап тарих ғылымы дамуының тенденцияларын, олардың көзқарастарының экономикалық саяси және идеологиялық жайттармен өзара байланыстарын анықтауға болады. Белгілі бір дәуірді тануда монографиялар, оқулықтармен қатар әсіресе памфлеттер және пайымдаушы жұмыстар аса құнды болып саналады. Олар тарихшының өзге шығармаларына қарағанда қоғамдық өмірді, әлеуметтік топтардың мүддесін айқын танытады.

Тарихшының еңбегіне өзіндік ішкі заңдылықтары тән.

Басты тарихнамалық фактіде салынған ақпарат өзінің мазмұны мен оны алудың әдістері жағынан біртекті емес. Егер мысалы, автордың идеяларының мазмұнын тарихшының өзінің еңбектерін, деректанулық базасын тікелей

талдау негізінде қалпына келтіруге болса, олардың әлеуметтік алғышарттарын, ғылыми мектепті қалыптастырудағы рөлі қомақты теориялық және методологиялық жұмыстың жолымен ашылады. Бұған ойлаудың, яғни ақыл-ойдың жоғарғы тарихнамалық деңгейі ғана емес, сонымен қатар шығармашылық қиял да қажет. Тарихнамалық зерттеудің осы бөлігі аса тартымды.

Кейбір тарихнамашылар тарихшының тұжырымдамасын басты тарихнамалық факт ретінде қабылдау жөнінде пікірді негіздеді. Ондағы келтірген уәждері мынадай; тарихнамаға теориялық ойлау, зерделеу және тарихи көріністерді бағалаудағы пайымдаулар тән. Осы тұрғыда кеңестік академик А.М.Сахаров былай деп жазған ;“ Ғалым еңбектерінен орын алған тұжырымдамалардың сәйкестігін бағалау тарихнамашының міндетіне жатады. Алайда біз үшін маңыздысы - ол тұжырымдамалардың қалыптасу процесі, олардың әртүрлі қоғамдық-саяси сатыда немесе кезеңде ауысымы”<sup>60</sup>

Алайда мұндай пікір тұжырымдаманың тарихнаманың міндетіне кіретіндігі тұрғысынан алғанда даусыз болып көрінгенімен, оған қарсы көзқарас танытуды талап етеді. Осыған орай М.В. Нечкина тарихи тұжырымдамаларды тарихшының тарихи процесегі әрекеттерімен, қоғамдағы функциясымен қоса зерттеуі тиіс екендігін атап көрсеткен. Өз тұжырымын нақтырақ ғалым былайша түйіндеген;“...егер тарихшы төл еңбегін тәмамдап, нүкте қойған болса, бұл оны тарихнамашының зерттеуі үшін шектеулі сызық қойылды дегенді білдірмейді. Тарихнамашы осы тарихшы еңбегі ары қарай қалай әрекет етті, неге қызмет етті соны білуі тиіс”<sup>61</sup>.

Тарихшылардың тұжырымдамаларын зерттеу тарихнамашының жұмысын түгелдей емес оның тек елеулі бөлігін ғана қамтиды. Тарихнамалық білімнің барлық қырларының әрекеті мен қалыптасу заңдылықтарын танудағы сол тұжырымдамалардың көрініс табуы да ғылым үшін елеулі болып табылады.

Тұжырымдаманың және оның ауысымы тарихнамада айқындаушы сәт болып саналатындығы туралы пікір орыстың ХХ- ғасырдың бас кезінде жарияланған еңбектерінен, соның ішінде Лаппо-Данилевскийдің туындыларынан орын алған еді. Уақыт өте келе ресейлік тарихшылар дәлірек айтсақ, кеңестік зерттеушілер заманауи пайымдаулар жасап, тұжырымдаманың мәнін ашып берді. Мәселен, А.М.Сахаров тұжырымдаманың белгілі идеяның өзіндік дамуының қорытындысы емес, бірқатар тұтас факторлардың өзара ықпалдарының өте күрделі өзара байланыстарының жемісі екендігі туралы пікір айтты. Дегенмен де тұжырымдаманың пайда болуы, ғылымға келуінің себептері, әлеуметтік-саяси билікке қатысы, белгілі бір еңбектерде бекітілуі және одан ары дамуы мәселелері ең бастылары болып табылады. Осыған байланысты тарихшының жарияланған әрбір еңбегінің нақты айқындалған, дара тұжырымдамасы бола ма деген заңды сауал туындайды. Бұл сауалға тарихнамашы тарихшының еңбектерін, яғни монографияларын, ғылыми мақалаларын, диссертацияларын, т.б. талдау барысындағы негізгі ойлары,

---

60 Сахаров А.М. Методология и методика историографического исследования // Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. -82б.

61 Сонда .-133б.

тұжырымдамалары анықтайды. Нәтижесінде тарихшының кез-келген шығармасында белгілі бір тұжырымдаманың орын алғандығына көз жеткізуге болады. Алайда кейбір кездерде тарихшылардың түйіндеген тұжырымдары бір-біріне ұқсас болып келеді. Дегенмен солардың арасында ерекше көрінетін тұжырымдамалар кездесуі мүмкін. Мұндайда сондай тұжырымдамаларды таңдап, сұрыптап алу тарихнамашының тікелей міндетіне жатады. Осындай ізденісте тарихнамашы фактлердің кешеніне арқа сүйеуі тиіс.

Тарихнамалық фактілерге жарық көрген симпозиум, конференция, пікір таластардың, т.б. материалдары да жатады. Сонымен қатар ғылым дамуының әрбір сатысындағы оны ұйымдастыру, ғылыми институттардың жүйесі, ғылыми қоғамдар, тарихи мерзімді басылымдар, сондай-ақ тарих ғылымының мамандары, тарихи білім - міне осылардың барлығы маңызды тарихнамалық фактлер болып саналады. Алайда бұл тарихнамалық фактлердің тізімі толық емес, аяқталмаған. Тарихнаманың пәні мен нысанын түсінудің кеңеюі, оның тарих ғылымындағы рөлінің күшеюі, соған сәйкес қоғамның әлеуметтік өмірінде олар тарихнамалық зерттеулердің өздерінің нығаюына және тарихнама ғылымындағы жаңа құбылыстарды тарихнамалық факт деңгейіне көтереді.

Ғылымда рецензияларды тарихнамалық факт ретінде тану мәселесі пікір - талас тудырып келеді. Тарихшылардың бір тобы, әрине ресейлік тарихшылардың кейбіреулері рецензияны талқылаусыз тарихнамалық фактге жатқызса, екіншілері дербес тарихнамалық еңбектің түріне және бір мезетте тарихнамалық іргелі зерттеулер дайындауға аса қажетті материал ретінде таниды.<sup>62</sup> Ал үшіншілері оны ақпараттық сипаттағы библиографиялық еңбектер түрінде жіктейді. Осыған орай рецензияны тарихнамалық фактге жатқызбайды. Егер рецензия бірнеше еңбектерді салыстыра қарастырып, заманауи ғылыми білімнің позициясынан баға беретін болса ғана, ол тарихнамалық фактлер қатарына енгізілген.

Тарих ғылымының қозғалысын зерттейтін тарихнама бір немесе бірнеше еңбектерді бір - бірінен алшақ оқып - үйренумен сирек айналысады. Мұндай ізденіс бірнеше еңбектер ғылымда тоғысу жасаған кезде, оның дамуына жаңа бағыттар көрсеткен жағдайда ғана жасалады. Бір немесе бірнеше еңбектердің негізінде жалпы ғылымның дамуына баға беруге болады. Бір немесе бір топ тарихнамалық факт бірдей абсолютті мәнге ие бола алмайды. Тек олардың жиынтығы ғана тарихнама ғылымының дамуы туралы объективті көрініс береді. Факт фактлер жүйесіне енген кезде ғана теориялық білімнің элементі болады.

Айта кетерлік жайт, бір немесе бірнеше кітаптардың мазмұнын көрсетумен шектелмей өте жоғары деңгейде дайындалған рецензия ғылымнан орын алған идеологияны, үстем методологияға сәйкес түйінделген тұжырымдаманы көрсете алмайды. Рецензия өзінің алдына мұндай мақсатты қоймайды. Рецензия ғылыми мекемелердің қызметін, мамандар даярлау және т.б.

---

62 Петряев К.Д. Вопросы методологии исторической науки.-159б; Кулешов С.В. О типологии исторических источников // Методологические проблемы историко – партийной историографии. - М., 1984. - 41б.

тарихнаманың нысанына енетін мәселелерді шешуге міндетті емес.

Рецензия тарих ғылымының даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Сондықтан да тарихнамашы журналдар мен газеттердің беттерінде жарияланған жоғарғы деңгейдегі немесе сапасы төмен рецензияларға назар аудармауы тиіс емес. Осыған орай өз кезегінде М.В.Нечкина “алғашқылары ғылымның дамуына жағдай жасаса, соңғылары оны тежейді,<sup>63</sup>” - деп жазған. Сонымен қатар рецензия ғалымдардың этикалық өзара қарым - қатынастарын көрсетеді. Бұл тарихнамашы үшін немқұрайлы жайт емес. Сондықтан да рецензия көп жағдайда тарихнамалық факт емес, оған қажетті материал болып табылады.

Тарихнамалық фактіні талдауда шешуші міндетті тарихнаманың жалпыметодологиялық таным принциптері тарихилық, объективтілік, әлеуметтік атқарады. Бұл принциптер жайында біз жоғарыда айтып өткенбіз. Сондай-ақ тарихнамашыға ойлау логикасы және мәселені қарастыруда диалектикалық ұстанымдар қажет.

Тарихнамалық фактілерді талдаудың іргелі критерийлерінің бірі- қоғамдық - тарихи тәжірибе. Осы тәжірибенің негізінде фактлердің шынайылығына, олардың тарихи дамудың барысына сәйкес келуіне қол жеткізіледі. Тәжірибе тарихи еңбектердегі идеялардың, көзқарастардың, тұжырымдамалардың “уақыт тезі” сынағынан өткендігін, олардың адамзаттың прогрессивті дамуына қызмет еткендігін көрсетіп береді. Тарихнамаға тәжірибе арқылы тексеріс жүргізу тарихи көзқарастарды ғылыми мектептердің қабыл алуы және баға беруі, шәкірттері мен пікірлестерінің ары қарай өрбітуі үшін қажет. Бұны орнату жаңа білімнің ағымға енуі процесінің адекваттілігі, прогрессивті дамуы негізінде іске асырылады.

Тарихнамашы тарихнамалық фактінің сапалы сипаты туралы проблемаға тіреледі. Ол монографияның көлемімен де, монографияның өзімен де анықталмайды. Ғылымның дамуы үшін өзге жұмыстардың маңызы зор. Олардың мазмұны қойылымы әлі де болса жеткілікті фактлермен бекітілмеген, ескі көзқарастардан арылтуды қажет ететін бағытта болуы тиіс. Аталмыш бағыттағы тарихнамалық фактінің сипаты осы фактінің негізіндегі тарихнамалық деректің талдауымен сәйкес келуі керек. Бұл әсіресе ғылыми мақалаларға, баяндамаларға қатысты. Осыған орай өз кезегінде Е.А. Косминский былай деп орынды жазған: “Дәуірдің тарихи журналдарындағы, мақалаларындағы үстем көңіл - күйлер жазушының ірі шығармаларынан жиі көрініс таба бермейді”. Тарих ғылымының негізгі даму тенденцияларын “көрнекті тарихшылардың шығармашылығынан ғөрі жалпылама атмосферадан... және мерзімді басылымдардан, пікір - таластардан, т.с.с. жиі тауып алуға болады”<sup>64</sup>.

Жекелеген тарихнамалық фактінің әр түрлі масштабтары мен әралуан сапалық мәнін мойындау олардың арасындағы негізгісін анықтау қалғандары үшін қатаң иерархия орнатуға жол бермейді. Тарихнамалық фактлердің жүйесі туралы сөз еткенде олардың бірінші дәрежелі, екінші кезектегісі, үшінші

---

63 Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. -137б.

64 Косминский Е.А. Историография средних веков. -М., 1963. -10б.



қатардағысы жайында айту артық. Тарихнамалық фактлердің маңыздылығының өзі относителді. Сонымен қатар бұл ғылым дамуының қазіргі сатысы үшін дұрыс, келесі кезеңіне қатысты қате, одан ары мүлде жарамсыз болып шығуы мүмкін. Тарихнамадағы фактнің маңыздылық дәрежесін орнату субъективті әрекет болып табылады.

Тарихнамалық фактінің ауқымды сипатына байланысты бірқатар мәселелер туындайды; алғашқы сұрыптауда барлық фактлер ескерілуі тиіс пе, олардың барлығы бірде талданатын фактлерінің қатарына кіруі керек пе және зерттеуші өзінің тұжырымдары мен қорытындыларын жасауда соларға негізделе ме. Бұл жерде екіжақты бағыт болуы мүмкін. Солардың біреуі мынадай; тарихнамалық фактлердің ауқымдылығы мен объективтілігінен шыға отырып, соларды талдауда ғылымды дамытудың барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажет. Тарихнамашы кітаптардың, брошюрлардың, оқулықтардың, тезистердің, баяндамалардың, конференциялардың, симпозиумдардың, пікір-таластардың үздіксіз, қарқынды ағымы жағдайында барлық фактлерді біліп, оларды пайдалануы тиіс. Барлық фактілерді біліп қана қоймай, ғылымды дамытуға даңғыл жол ашатын еңбектерді өзінің шығармашылығында кеңінен талдауы қажет. Тарихнамалық фактілердің қатарына ғылым дамуына жаңа элемент қосатын тарихшылар еңбектері ғана ембейді, ешбір жаңалығы жоқ зерттеулер де кіре береді. Егер мұндай ғылыми әрекеттер жасалмаса, субъективизм күшейіп, тарих ғылымының дамуы туралы толық мәлімет алынбайды. Осы турасында кеңестік академик А.М.Сахаров: ” Зерттеулер шеңберінен ешқандай жаңалығы жоқ еңбектерді алып тастау ғылымда жаңа көзқарас тудырған шығармалардың объективті бағасын қиындатып, маңызын ашуға кедергі келтіреді, сондықтанда ғылыми жаңалықтың деңгейін оның пайда болуының алдындағы кезеңдегі үстем еткен тұжырымдармен салыстыру арқылы ғана айқындауға болады”<sup>65</sup>. Тарихнамашының міндеті осындай еңбектердің пайда болуының себептерін түсіндіру. Шет елдік тарихнамашы Э.Карр “Тарих деген не” атты кітабында ғалым фактлердің арасынан мәнді мәліметтерді таңдап алу және оларды тарихи фактге айналдыру, ал маңызды еместерін тарихи еместер ретінде лақтырып тастау үшін максималды көп мөлшердегі фактлерді білуі тиістігін атап көрсеткен.<sup>66</sup>

Тарихнамалық фактілер туралы мәселеде олардың шынайылығын тексеру, тарихи ақиқатқа сәйкес келуін анықтау проблеманың аса маңызды методологиялық аспектілерінің бірінен саналады. Тарихнамалық фактлерді танудың негізі қоғамдық - тарихи тәжірибе мен тарихнамалық ғылыми білімнің жетістіктерін ұштастыру. Ал тәжірибенің өзі тарихи тұрғыда өзгеріссіз қала алмайды. Тарихи фактлерді тану барысында ол шынайылық критерийінің функциясын атқарушыға айналады. Фактлерді қоғамдық - тарихи тәжірибе арқылы тексеру өзектілігін анықтап қана қоймай, тарихнамалық жұмыстың ғылыми зерттеу тиімділігін арттырады. Тарихнамалық фактіні оның қалыптасу уақытына, тарих ғылымының сол кездегі даму ерекшеліктеріне сәйкес тексеріп,

---

65 Сахаров А.М. Методология истории и историографии. -М.1981. -134б.

66 Зевелев А.И. Историографические исследования; методологические аспекты. -114б.

бағасын беруге болады. С.О.Шмидт осыған орай “ тарихнамадағы синхронды факторлер толығымен тарихнамалық фактге қатысты. Мынадай жағдайды ескермей кетуге болмайды, егер тарихнамалық факт, мәселен тарихшының еңбегі, талдап отырған оқиғалардың замандасы арқылы дүниеге келсе, онда сол уақыттың тікелей ықпалы, тарихи деректерден ғана емес, өзге де мәліметтерден алынған әлеуметтік процестерді егжей - тегжейлі әрі барлық қырынан көрсетуге мүдделілік, автордың өзі қатысқан оқиғаларды баяндауы міндетті түрде орын алады. Егер тарихнамалық факт тарихи дистанциямен байланысты болса, онда ретроспективтілік тұрғысынан зерттеуші үшін аса белгісіз қырларын айқын әрі негізгілерін, бастыларын көруге мүмкіндік береді,<sup>67</sup>”-деп жазған. Тарихнамалық фактні шынайы бағалау оның деректік базасына байланысты.

Тарихнама ғылымының методологиялық даму деңгейі фактілерді талдаудың және баға берудің мынадай критерийлерін ұсынады: ғылыми ақпараттың шынайылығы және көлемі, тарихи тұжырымдамалардың тарихнамалық процестердегі орны, тарих ғылымы мен тарихнаманың алдында тұрған өзекті мәселелерді шешуге үлес қосу, бір фактнің екінші фактмен сәйкес келуі, олардың өзара байланысы және өзара тереңдігі, ғылыми фактнің дербес және сапалы ерекшеліктері, оның өзгелерден өзгешелігі, қоғам өміріндегі фактнің әлеуметтік саяси рөлі. Бұл критерийлер ғылым дамуындағы тарихнамалық фактлердің атқаратын объективті рөлімен тығыз байланысты. Мұның өзі зерттеушінің субъективті жағымды көзқарастарымен, жағымсыз пікірлерімен ешқандай байланыстың болуы мүмкін еместігін көрсетеді.

Осылайша тарихнамалық факт өзінің сипаты бойынша көп нұсқалы, көп қабатты, ақпараттық жағынан таусылмас көлемді, сол себепті де ғылыми білімді дамытуда, қоғамның әлеуметтік-саяси өмірінде де үлкен рөл атқарады. Ол тарихнама ғылымын дамытуда таным процесінің ортасында тұрады әрі тарихи білімнің жинақталып, толықтырылуына тікелей ықпал етеді.

### **Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

- 1.Тарихнамалық факт туралы зерттеушілер пайымдаулары.
- 2.Тарихнамалық фактінің мәні мен мазмұны.
- 3.Тарихнамалық фактінің сипаты.
- 4.Фактіні жинақтаудың әдіс-тәсілдері.
- 5.Фактіні талдаудың жолдары.

## **ТАРИХНАМАЛЫҚ ДЕРЕК**

Тарихнамалық факт мәселесімен қатар тарихнамалық дерек проблемасын танып білу аса маңызды. Тарих ғылымында көптеген тарихи жәдігерлер, жазба деректер, фольклорлық, статистикалық, мерзімді басылым материалдары,

---

67 Шмидт С.О. Методологические и теоретические проблемы исторической науки. - Калинин, 1980. -59б.

мұрағат құжаттары сынды деректердің ғылыми зерттеулер жүргізудегі маңызы зор екендігі баршаға мәлім. Деректанушы ғалым Қ.М. Атабаев: “тарихи деректер өзінің саны, көлемі жағынан аса көп, мазмұны, түрі жағынан әр алуан. Оның бәрін қамту аса қиын. Сондықтан тарихи деректер теңізінде дұрыс жол табу, тарихи зерттеулерде оларды тиімді және пайдалы етіп қолдана білу қажеттілігі оларды сыныптау проблемасын туғызады. Басқаша айтқанда, деректерді ортақ қасиеттері бар, бірақ бір-бірінен ерекше белгілерімен айырылатын категорияларға бөлу”- деп жазды.<sup>68</sup> Ал тарихнама ғылымының деректерінің өзгешелігі туралы жиі айтыла бермейді. Дегенмен бұл ұғымның пайда боғандығына екі ғасырдан астам уақыт өтті. Алайда олар турасында арнайы зерттеулер жүргізіліп, тарихнамалық деректердің түрін түстеп, аттарын атап, жіктеп, түсініктеме берген еңбектер көптеп жазыла қоймады. Десек те, тарихнамалық деректерге қатысты кейбір ой - пікірлер М.В.Нечкинаның, И.Д.Ковальченконың, Л.Н.Пушкаревтің, Е.И.Городецкийдің, С.О.Шмидтің, В.П.Наумовтың, М.С.Волиннің, В.В.Ивановтың, М.А.Варшавчиктің еңбектерінен көрініс тапты<sup>69</sup>. Бұл зерттеулерде тарихнамалық деректер ұғымы нақтыландырылды.

Тарихнамалық деректің тарихи деректің бір бөлігі туралы ережеден шыға отырып, Л.Н.Пушкарев аталған ұғымды зерттеудің бастапқы кезеңінде оған мынадай анықтама берді; “...тарихнамалық дерек ұғымына бойында тарих ғылымының тарихы бойынша мәлімет жинақтаған кез - келген тарихи деректі жатқызуға болады”<sup>70</sup>. Л.Н.Пушкаревке қарағанда С.О.Шмидт тарихнамалық деректің анағұрлым сыйымды анықтамасын берді. Ғалымның пікірінше, “тарихнамалық дерек деп тарихнамалық құбылыстарды тануға болатын кез - келген дерек”<sup>71</sup>.

Өзінің пікірін негіздей отырып, Л.Н.Пушкарев тарихнамалық деректің басты типі болып жазба деректердің саналатындығын көрсетті. Тарихнамашы фольклорлық материалдарсыз, этнографиялық мәліметтерсіз, сурет, дыбыс жазу құжаттарысыз зерттеулер жүргізе алмайтындығын сыналап жеткізді. Осыған орай мынадай тұжырым жасады: “Кез - келген тарихи дерек тарихнама ғылымына жанама қатысы болса да, тарихнамалық деректердің қатарына жатқызыла алады”<sup>72</sup>. Мұндай пайымдау Е.Н.Городецкийдің келіспеушілігін тудырып, “тарих ғылымының дамуына ықпал ете алмайтын, ғылым тарихы жөнінде тікелей мәліметтері жоқ деректер тарихнамалық деректерге жатқызыла бере ме” деген сауалды қоюға мәжбүр етті. Тарих ғылымының тарихынан бірқатар мысалдар келтіре отырып, ғалым былайша тұжырымдады: “Тарихнамалық деректің анықтамасы кең ауқымдылықты талап етеді, ол өзінің

---

68 Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. Оқу құралы. - Алматы; Қазақ университеті. - 2002. -31 -32бб.

69 Қараңыз. Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. - Калинин 1980; Варшавчик М. А. Об источниках изучения историографии истории КПСС// Вопросы истории КПСС.1973. №11;

70 Пушкарев Л.Н. Определение, оптимизация и использование историографических источников // Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. -102, 103б.

71 Сонда. - 112б.

72 Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. -103б.

қатарына тарих ғылымының даму процесін түсінуге қажетті әрі маңызды материалдарды енгізуі тиіс<sup>73</sup>. Шындығында да тарихнамалық дерекке тек ғылымға тікелей қатысты деректерді жатқызу тарих ғылымының кешегісі мен бүгінін және болашағын болжауға мүмкіндік бермейді. Тарихнамалық деректерге бүкіл тарихтың тарихын тануға байланысты деректер мен материалдар енгізілуі қажет. Сонда ғана ғылымдағы негізгі тұжырымдамаларды, құбылыстарды, ахуалды, тарихи ойды, теориялық методологиялық тұстарын тануға жол ашылады.

Л.Н.Пушкарёв тарихнамалық деректердің анықтамасын беріп қана қоймай, оларды сыныптау туралы мәселені талқылауға қойған. Ғалым тарихнамалық деректердің сыныптау сызбасы, яғни жіктелуі тарихнамашының алдына қойған мақсатына байланысты деген ой айтты<sup>74</sup>. Алайда өзге зерттеуші ғалымдар оның пікірімен келісе қоймады. Мәселен, Е.Н.Городецкий мәселенің мұндай қойылымында сыныптаудың объективті негізі жойылатындығын баса көрсетсе, С.О.Шмидт тарихнамалық деректерге тарихи деректердің типі туралы ұғымды механикалық түрде әкеліп қондырудың жеткілікті негізінің жоқтығы, оларды түрлерге бөлудің, жүйелеудің критерийлерін шығарудың маңызының аса қажет еместігі туралы пікір білдірді<sup>75</sup>.

М.А.Варшавчик тарихнама бойынша деректер шеңберін қарастыра отырып, тарихнамалық деректерге тарихи білімнің қалыптасуының, жағдайы мен дамуының, болашағының бағыттарын ашып көрсететін деректерді жатқызу қажеттілігі жайында тұжырым жасап, ғылымда жаңа көзқарас танытты. М.А.Варшавчикке қарағанда Н.Н.Маслов өзгеше пікір танытып, тарихнамалық дерекке тек тарихшы ғалымның мақала, монография, диссертация, қолжазба, стенограмма, т.с.с. түріндегі еңбектерін жатқызған<sup>76</sup>.

Қазақстанда тарихнама ғылымы, оның методологиялық ұстанымдары бойынша арнайы зерттеулер жарық көрмегендіктен тарихнамалық деректерге қатысты орын алған пікірлер жайында айтуға да келмейді. Сондықтан да болар тарихнамалық еңбектерде зерттеушілердің мұндай деректерді тарихи деректермен шатасып көрсету көрініс беріп келеді..

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе тарихнамалық деректануға мынадай анықтама беруге болады: ***бұл тарихнамада қолданылатын деректерді іздеп табудың заңдылықтары, оларды өңдеу және пайдалану туралы білім жүйесі. Осыған сәйкес тарихнамалық деректер болып тарихнама пәні бойынша анықталатын және тарих ғылымындағы үрдістер туралы, оның жай - күйінен ақпарат беретін тарихи деректер табылады.*** Олар тарихнамалық заңдылықтардың пайда болуын және дамуын орнықтыру үшін тарихнамалық фактлермен қатар қолданылады. Мұндай пайымдау үшжақты ұғымға; тарихнама пәнінің түсінігіне, тарихнамалық фактнің сипатына, тарихнамалық деректі ұғындыруың қолданысына негізделеді. Осындай біртұтас ауқымдағы тарихнамалық құбылыстар тарихнамалық деректердің

---

73 Сонда. -120б.

74 Сонда. -103б.

75 Сонда.

76 Маслов Н.Н. Некоторые актуальные вопросы методологии историографии истории КПСС. -М.,1983. -11б.

мазмұнын ашуға тиісті.

Тарихнаманың пәні - тарихи білімнің пайда болуы мен дамуының заңдылықтарын тану. Ол тарихнамалық дерекке қатысты үстемдікте болып, пайдаланылған деректердің шеңберін анықтайды. Осы жайтқа тарихнамалық дерек тұрғысында академик Н.М.Дружинин назар аударған. Ол: ” Қажетті деректерді ... ғылыми айналымға түсіру ойластырылған және нақты таңдап алынған тақырыптың проблемалары айқындайды”, - деп жазды.<sup>77</sup>

Мұндай қағида тарихнамалық деректің сипатындағы көптеген жайтты түсіндіреді, әйтсе де бәрін емес. Тарихнамашы, сондай - ақ тарихшы үшін дерек түпнұсқа, одан факт алынады. Тарихнамалық заңдылықтар субъектінің - тарихнамашының шығармашылығы арқылы айқындалады, мұның өзі тарихнамалық деректің ұғындырылуына ықпал етпей қоймайды. Тарихнамалық деректі таңдап алудағы талап сұрыпталған материалдың тарихнамалық сипатта болуы, ол екіжақты түсіндіріледі; деректе тарихнамалық ақпараттың орын алуы; оны тарихнамалық заңдылық орнату мақсатында пайдалану мүмкіндігі.

Сонымен қатар М.В.Нечкина мынадай мәселені байқап, өз пікірін: “... тарихнамалық деректердің ұғымын ашатын тарихнамалық мәліметтерді ғана негізгі талап ретінде қою ... жеткіліксіз, ...себебі бұл жағдайда тарихнамалық дерек түсінігі тарихнамалық фактлерді таңдап алу критерийімен қосылып кетеді”, - деп тұжырымдап көрсеткен.<sup>78</sup> Мұндай ойды заңды әрі ғылыми деп санауға болады. Зерттеуде тарихнамалық деректердің шеңберіне бір қарағанда өз бойында тікелей ”тарихнамалық жүктемені” жинақтамаса да, бірақ тарихнама ғылымының әлеуметтік функциясын іске асырушы шарттармен байланысты деректер енуі мүмкін.

Тарихнамалық деректің методологиялық талдауының басты міндеттерінің бірі оның тарихнамалық факті деңгейіне көтерілуі, ал одан кейін тарихнамалық еңбекте пайдаланылуы. Бұл процесті іске асыруға тарихнамалық дерек пен тарихнамалық фактнің өзара тепе-теңдігін теориялық зердеден өткізу арқылы ғана қол жеткізіледі.

Тарихнамалық дерек пен тарихнамалық факті тарихи және рухани құбылыстар, олар зерттеушіден тыс өмір сүреді. Дегенмен тарихнамалық дерек тарихи деректің барлық басты белгілеріне жауап беруі тиіс, ал оларды пайдалану деректанулық және тарихнамалық тәжірибеде қалыптасқан негізгі буындарды өздеріне қабылдайды. Егер тарихи дерек С.О.Шмидттің ескеруі бойынша тарихшыны тек тарихи факті туралы ақпарат сақтаушы ретінде қызықтырса, онда тарихнамалық дерек тарихнамашыны да тарихнамалық факт жөніндегі ақпараттылық тұрғысынан мүдделі етеді. Ғалым деректерді тану мен түсіндірудің диалектикасында жалпыметодологиялық тарихилық және әлеуметтік принциптеріне, сондай-ақ деректер мен фактлердің шынайылығына негізделеді. Тарихнамалық деректер мен фактілердің негізінде тарих ғылымының кешегісі және қазіргісі қалыптасады, оның болашағы болжанады. Дерек пен фактіні байланыстыратын буын - өздері шығаратын ақпарат.

---

77 Воспоминания и мысли историка. -М., 1974. -97б.

78 Методологические и теоретические проблемы. -136 – 137бб.

Тарихнамалық еңбектің аксиомасы оның деректанулық жағдайы саналады, дерек пен фактнің зерттелу деңгейі тарихи және тарихнамалық ойдың, идеялардың, ғылыми тұжырымдамалардың дамуын айқындайтын маңызды белгісі болып табылады. Дегенмен дерек пен фактнің арасында ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтары да бар. Тарихнамалық факт өзінің атқаратын қызметі жағынан тарихнамалық деректен кең, соңғысының шеңбері сәйкесінше тар. Бұл бірнеше тарихнамалық және деректанулық сипаттағы жайттармен түсіндіріледі. Кез - келген тарихнамалық факт кең ауқымда зерттелуге тиіс дерекке айнала алмайды. Мысалы, тарихшы зертханасының материалдары, диссертациялар мен кітаптардың қолжазбалары, ғылыми пікір - таластардың, конференциялардың, т.б. жарияланбаған стенограммалары барлық зерттеушілердің қолына түсе бермейді. Кейде зерттеушіге белгілі тарихнамалық факт жаңа ізденістерге, бұрын белгісіз болған немесе толығымен мәлім болмаған тарихнамалық деректерге алғышарттар тудырады. Тарихнамалық факт деректер кешенінің негізінде қайта жасалады. Ғылыми фактлік білімді қалыптастыру процесінде деректердің толыққанды болмауы, шашыраңқылығы жойылады. Ғылыми тарихнамалық зерттеу қашанда өзі негізделетін деректерден гөрі анағұрлым толық әрі кең, өйткені ол тек деректің мәліметін қорытындылап қана қоймай, теориялық білімге арқа сүйейді.

Тарихнамалық деректі пайдаланудың жолдары туралы мәселе өзекті болып саналады. Оның үстіне бұл мәселе ғылыми әдебиеттерден толық көрініс таппаған. “Тарихнамашы, - деп жазды А.И.Данилов: “тарих ғылымында пайда болған әрбір жаңа бағыт тек тарихи шынайылықты тың идеялық методологиялық принциптер негізінде қарастыруға ғана емес, сондай - ақ соны деректанулық тәсілдерді шығаруға, тарихи құжаттарды талдаудың тартымды әдістемесін қалыптастыруға жол ашатындығын түсінеді”<sup>79</sup>. Тарихнамалық дерекпен жұмыс істеу процесі тарих деректі ғылыми айналымға түсірудегі күрделі үрдіске сәйкес келеді. В.О.Ключевский “Комментарийлерінде” деректану бойынша дәрістер курсында: “...дерекке салынған тарихи материал бірден алынбайды, оны біртіндеп тауысу үшін деректі түсініп, керексізден керектіні бөліп шығару қажет. Бұл үшін оны алдын ала сұрыптап, тазалап, зерттеп, оған мағлұмат беру керек.”<sup>80</sup> Тарихнамалық дерекке қатысты түсіндіру жұмысының сатылары да осыған ұқсас келеді. Ол сатылар мыналардан тұрады; деректі іздеп табу және таңдап алған тақырыпқа, зерттеудің нақты міндеттеріне байланысты тарихнамалық деректің шынайылығын айқындау; деректерді талдау және сыни баға беру: барлық деректер кешеніне олардың арасында байланыс орнату мақсатында синтездік талдау жасау. Тарихнамалық деректі таңдап алу ғылымның өзіндік ерекшеліктері көрсеткендей, кездейсоқ жасалмайды. Ол білім кешенінің негізінде жүргізіледі. Солардың арасындағы ең бастысы болып тарихнамашының теориялық - методологиялық бағыт - бағдары саналады. Деректі пайдаланудағы қалыптасқан болжам да айтарлықтай рөл атқарады. Десек те тарихнамалық сұрыптаудың негізіне зерттелуге тиіс

79 Данилов А.И. Материалистическое понимание истории и методологические искания некоторых историков.// Методологические и историографические вопросы исторической науки. - 476.

80 Ключевский В.О. Сочинения. Т.6. - 479б.

тақырып бойынша қажетті деректер кешені алынуға тиіс. Деректер кешенінің ішінде қоғамның әлеуметтік - экономикалық және саяси дамуының ауқымындағы тарихи білімнің қалыптасуын зерттеуге мүмкіндік беретін деректер аса құнды болып саналады. Тарихнаманың әртүрлі даму кезеңдеріндегі тарихнамалық деректер өзіндік құндылықтарға ие.

Тарихнама ғылымында деректерді сыныптау мен жүйелеу мәселесі де өзекті болып табылады. Осы тұрғыда Л.Н.Пушкаревтің жүйелеу “қызметтік” және “қосалқы” міндет атқарады деген пікірі қисынсыз болып шығады. Тарихнамалық деректерді дайындауда және оларды зерттеуде, пайдалануда жүйелеу елеулі рөл атқарады. Тарихнамалық деректерді әлеуметтік шығу тегіне, авторына, түрлеріне қарай сыныптауға болады.

Тарихнамалық деректануда қолданылатын әдістер мен әдістеме негізінен тарихнамада, деректануда да пайдаланылады.

Тарихнамалық деректанудағы объективтілік пен субъективтіліктің диалектикалық байланысы мына төмендегі аспектілерден көрінеді; тарихи процеске – тарихнамашы айқындайтын шынайылыққа қатысты дерек субъективті түрде болады; тарихнамалық дерекпен жұмыс істейтін тарихнамашы - субъект оған объект ретінде қарайды.

Деректану ғылымында тарихи деректердің заттай және жазба түрлері айқындалған. Жазба деректердің өздерін ғалым Қ.Атабаев жылнамалар, заң акттері, жеке акттері, іс қағаздық құжаттар, жеке адамдық деректер (хаттар, күнделіктер, заманхаттар), әдеби ескерткіштер, публицистикалық және саяси шығармалар, ғылыми еңбектер, мерзімді басылымдар деп бірнеше түрге бөлген.<sup>81</sup> Тарихи деректердің түрлерімен қатар олардың жеті типін атаған. Олар; жазба, заттай, этнографиялық, фольклорлық, лингвистикалық, фотокино, фоно құжаттар.<sup>82</sup> Тарихнама ғылымының өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтарына байланысты деректердің түрлері басқаша болып келеді. Енді сол тарихнамалық деректерді кезегімен сипаттап, әрқайсысына жеке жеке тоқталайық.

**Көптеген тарихнамалық деректердің арасында тарихшының еңбектері ең бастылары болып табылады.** Тарихнамашы кітаптар мен мақалалардың деректік негізін, олардың кеңдігін, өңдеудің әдістемесін, әдістерін сипаттайды және тарихшы еңбектерінің тарих ғылымының дамуына әсерін көрсетеді. Сонымен қатар оны тарихшының ғылымға енген басқа да еңбектері қызықтырады.

**Тарихнамалық дерекке диссертациялық жұмыстарды да жатқызуға болады.** Олардың көпшілігі жарияланбаған күйде қалғанымен жинақтала келіп, тарих ғылымының жекелеген кезеңдеріндегі оның даму деңгейін сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялар құнды болып саналады.

Тарихшының шығармашылығының жолдарын, оның зертханасын оқып - үйрену ғылыми еңбектермен қатар оған дайындық барысындағы материалдармен танысуға мүмкіндік береді. **Дәрістер курсының мәтіндері,**

---

81 Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. - 38б.

82 Сонда. -35б.

**жарияланбаған қолжазбалардың бастапқы нұсқалары, күнделіктер, заманхаттар, өмірбаяндар, сауалнамалар, хаттар және т.б. тарихнамашы үшін аса маңызды.** Осы деректерді зерттеу бірқатар тарихнамалық мәселелерді зерделеуге қажет. Ең алдымен ғылыми ой мен оның тарихи білімге айналуының сабақтастығы процесін, тарихи тұжырымдамалардың шығу тегін, бастауларын, әсіресе жекелеген тарихшылардың ғылыми көзқарастарының, шығармашылығының қалыптасуын, олардың және ғылыми мектептердің, бағыттардың арасындағы пікір - таластарды анықтау тарихнамалық зерттеу үшін құнды.

Тарихнамашы аталған деректерді, әсіресе заманхаттарды зерттей отырып, олардың бойында өздерінің ақылдастарына қатысты сыни емес қарым - қатынастың орын алатындығын ұмытпауы тиіс. Осыған кереғар нұсқа, яғни тарихшының өзге мектептер мен бағыттардың өкілдеріне объективті емес көзқарасының көрініс табуы да мүмкін. Бұдан шығатын қорытынды, тарихнамашының міндеті заманхаттар, естелік мазмұнындағы әдебиеттер авторларының саяси және идеологиялық мақсаттарын анықтау, олардағы объективтілікті субъективтіліктен ажырату, мүмкіндігінше шынайылық пен ақиқатты ашып айтуды бөліп көрсету болып саналады.

Тарихнамалық деректердің көрсетілген категориясын зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Заманхаттық еңбектердің дүниеге келуінің себептерін айқындау және шығармашылық жұмысқа күмәнмен қарау, субъективизмнің элементтерін ашып көрсету - тарихнамалық зерттеудің қажетті тұстарының бірі. Заманхаттар тарихи деректерге қосылған кезде олардың құжаттық негіздерін, өңдеудің және зерттеудің әдіс - тәсілдерін айқындау міндеті туындайды. Дегенмен деректердің осы тобының шығармашылықтың әлеуметтік - психологиялық тұстарын зерттеудегі, автордың деректерді танудағы жеке дара ерекшеліктерін танудағы маңызы зор.

**Тарихнамалық деректерге оқу бағдарламалары және тарихнама бойынша оқылған курстардың есебі жатқызылады.** Олар мына төмендегі міндеттерді шешуге; ғылыми орталықтардың қызметін зерттеуге, тарихнаманың ғылыми пән ретінде қалыптасу процесін қарастыруға, жекелеген тарихнамашылардың шығармашылығын талдауға септеседі.

Бірқатар ресейлік тарихнамашылар, соның ішінде М.В.Нечкина тарихнамалық деректер қатарына тарихшының өміп сүрген және қызмет еткен кезеңін түсіндіретін, оның әлеуметтік ортасынан, идеялық ағымынан хабар беретін материалдарды да енгізуді ұсынды. Мұндай ұсыныстың терең мәні бар, өйткені ол жалпы методологиялық тарихилық, әлеуметтік принциптерінен, сонымен қатар “дерек - әлеуметтік құбылыс” деген қағидадан туындайды. Шындығында да тарихи тұжырымдамаларды олардың дәуірмен, әлеуметтік ортамен, идеологиялармен байланыссыз түсіну, баға беру мүмкін емес. Осыған орай мынадай жайтты айтпай кетпеске болмайды; М.Н.Покровский Лаппо – Данилевскийдің 1923 жылы жарияланған “Тарих методологиясы” атты кітабына рецензиясында еңбектің теориялық негіздерін сынға ала отырып, былай деп жазған: ”Лаппо - Данилевский өзінің жазылған ортасынан мүлде алшақ кітапты алады. Ол үшін кез - келген кітаптың бәрі бірдей. Қашан және



қайда жазылғаны ...бәрібір”<sup>83</sup>. Тарихнамалық тәжірибе көрсеткендей, деректі белгілі бір әлеуметтік ортаның және өз заманындағы идеялық ағымдардың, олардың авторларының көзқарастарының әртүрлілігінің жемісі ретінде зерттеу оның қызмет ету заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

**Құнды тарихнамалық дерек болып мерзімді және мерзімді емес басылымдар саналады.** Журналдардағы, ғылыми бюллетендердегі, ақпараттық және реферативті шолулардағы материалдардың, әсіресе әдебиеттерге шолулар мен реценциялардың зерттеушілер үшін маңызы зор. Олар басқалардан бұрын зерттеушінің назарына ғылымнан орын алған тұжырымдарды, көзқарастарды, пікірлерді, тарих ғылымының жетістіктерін, дамуы мен олқылықтарын жеткізеді. Мұндай деректер тарихнамашы үшін тарихи білімнің жағдайын нұсқайтын көрсеткіш болып табылады. Кеңестік кезеңде ғылыми журналдардың беттерінде әртүрлі пікір - таластардың, еңбектерді талқылаудың материалдары жиі басылып тұратын. Ғылыми айтыстарды журналдардың өздері ұйымдастыратын. Бұл ғылыми басылымдарға қойылатын талаптардың бірінен саналатын. Тәуелсіздік жағдайында мұндай дәстүр сирек кездесетін құбылысқа айналған. Мұның өзі қазіргі кезеңдегі тарих ғылымының жай - күйінен, оның деңгейінен хабар береді. **Бибиографиялық шолулар немесе жарық көрген әдебиеттердің тізімі тарихнамашының шығармашылығының бастапқы сатысындағы өзіндік жол сілтеушілер болып табылады.** Аталған деректермен жұмыс істеудің мерзімді басылым материалдарының қашан, қай жерде, ненің шығарылғандығын білудегі маңызы айтарлықтай.

**Тарихнама, оның методологиясы үшін тарих ғылымының дамуы мәселелері бойынша өткізілген конференциялардың, симпозиумдардың және басқа да бас қосулардың жұмыстарынан көрініс беретін деректер маңызды рөл атқарады.**

Тарихнамашы тарихнамалық деректердің бір түріне жататын тарихи мекемелердің және тарихшы мамандарды даярлаудың тарихы баяндалатын материалдарды айналып өте алмайды. **Солардың ішінде тарих ғылымы орталықтарының қалыптасуын, қайта құрылуын, ғылыми мамандарды даярлауды және қайта дайындауды тарих ғылымының материалдық базасын көрсететін деректер ерекше мәнге ие.** Олардың бойында тарихнама ғылымының даму заңдылықтарын зерделеуге қажетті материалдар жинақталған.

**Тарихнама ғылымының дамуы туралы статистикалық материалдар және анықтамаларды жаппай деректерге жатқызатын болсақ, онда олар тарихнамалық сипатқа ие болады.**

Тарихнамалық деректердің тізімін осы аталғандармен аяқталды деуге болмайды. Тарихнамашы көп жағдайларда тарихнама ғылымының шынайы оқиғаларын бейнелейтін деректердің және фактлердің кешенімен жұмыс істейді. Кейбір кездерде нақты тарихнамалық дерек болмай қалуы мүмкін, алайда мұның өзі тарихнамалық фактнің орын алмағандығын білдірмейді.

---

83 Покровский М.Н. Историческая наука и борьба классов. Вып. 11. -М – Л., 1933.- 98б.

Белгілі бір тақырып немесе мәселе бойынша тікелей тарихнамалық дерек кездеспесе де әртүрлі деңгейдегі тарихнамалық фактлер тарихшылардың еңбектерінен табылады.

Тарихнамашы тарих деректерді жинақтау және ғылыми айналымға түсіру тарихын зерттеуде мынадай міндеттерді шешуге ұмтылуы хақ: деректанулық базаның жаңа идеялардың, көзқарастардың, тұжырымдамалардың орнатылуына және олардың кеңейтілуіне, тарылуына ықпалы; деректерді өңдеудің және талдаудың әдістемесін анықтау; тарихи зерттеулерде берілген сілтемелердің ғылыми айналымға тұңғыш рет ендірілгенін айқындау. Осыған орай тарихи дерек өзінің бірінші, екінші сапасында, яғни деректің пайда болуы мен оны тарихшының талдауы тұрғысында терең түсіндірілген болса, онда тарихнамалық дерек үшінші деңгейде, тарихнамалық еңбекте оның пайдаланылуы және интерпретациясы түрінде көрінеді.

Тағы бір айта кетерлік жайт, тарихнамалық деректердің шеңбері, олардың әртүрлі топтарының, және деректер кешенінің өзара байланыстарын талдаудың қажеттілігі зерттелуге тиіс тарихнамалық жұмыстың мақсатына сәйкес кеңейіп, әрқайсысына өзіндік бағыт - бағдар таңдап алынады.

Тарихнамалық деректердің құрылымы өте бай. Ол өзіне мынадай құрамдас бөліктерді ендіреді; тарихи білімдердің ғылымында пайдаланылатын, методологияны қалыптастыру процесімен байланысты деректер; тарих ғылымын қалыптастыратын саяси, идеялық шарттарды, тарихи шығармашылықтың психологиясын көрсететін деректер.

Тарихи деректердің иерархиясының төрінде ең бастылары тарихи әдебиетпен байланыстылары тұрады. Қалғандары деректер жүйесіне кіреді. Оларды нақты қалыптасып, қабылданған жіктемеге бөлу қиындық тудырады.

Деректану ғылымында тәрізді тарихнамалық деректерді жүйелеп, топтарға бөліп, жіктеу қисынсыз. Бастысы - сол деректерді танып, оларды орнымен пайдаланып, талдай білу.

Тарихнамалық деректерді талдап, баға берудің жетекші критерийлері болып жалпыметодологиялық тарихилық, әлеуметтік принциптері саналады. Олар тарихнамалық заңдылықтарды орнатуға қызмет етеді.

Тарихнамалық деректану бойынша білім тарихнаманың заңдылықтарын түсіну үшін ғана қажет емес. Терең білім мен біліктілік шынайы тарихнамалық ақиқатты және тарихнаманың теориялық - методологиялық аспектілері деген ұғымға біріккен өзге де тарихнамалық мәселелерді айқындауда шешуші әрі маңызды рөл атқарады.

### **Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

1. Тарихнамалық дерек ұғымы және оның тарихи дерек ұғымынан ерекшелігі.
2. Тарихнамалық дерек туралы балама көзқарастар.
3. Тарихнамалық деректердің түрлері.
4. Тарихнамалық деректану және оның мәні.
5. Тарихнамалық деректермен жұмыс істеудің ғылыми әдіс-тәсілдері.

## ТАРИХНАМАЛЫҚ ШЫҒАРМА ЖАЗУДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

Соңғы уақыттарда жоғарыда айтқанымыздай, тарихнама ғылымының методологиясын дамытуда бірқатар қиындықтар орын алып келеді. Ол бір жағынан тарихнама ғылымының ұзақ жылдар бойы кенже дамып келгендігімен түсіндірілсе, екінші жағынан республикада тарихнама мектебінің ұйымдастырылмай отырғандығы зерттеулер жүргізуде ала-құлалыққа жол беруде. Жас зерттеушілерге арналған, нағыз тарихнамалық еңбек жазуда мұрындық болар методологиялық тұрғыдағы жүйелі, сүбелі зерттеу жарияланбай келеді. Ғылымның методологиялық мәселелерінің кейбір тұстары жекелеген кандидаттық, докторлық диссертацияларда ғана көрініс тапқан. Ондай еңбектердің көпшілігі жарық көрмегендіктен жас ізденушілердің олармен етене танысуына мүмкіндіктері болмай отыр. Сондықтан да жас зерттеушілерге әдіснамалық көмек көрсетіп, бағыт - бағдар беру мақсатында осы оқу құралына тарихнамалық шығарма дайындаудың үлгісін ұсынуды жөн деп санадық.

Тарихнамалық шығарма жазу - қиын әрі күрделі зерттеу. Оның әдіснамасымен қатар құрылымына сәйкес ғылыми тәсілдерді де жетік меңгеріп, зерттеудің “құпияларын” да білу қажет.

Тарих ғылымының жалпы заңдылықтарына сәйкес дайындалған тарихнамалық зерттеудің өзіндік ерекшеліктері болады. Басқа да ғылымдар тәрізді тарихнаманың өзара байланыстағы, біртұтас бірліктегі танымдық, теориялық-методологиялық, болжамдық функциялары бар. **Танымдық** функция тарихи білімді айқындап, жинақтауда, оларды тарихнамалық талдауға жүйелеуде, бір ретке келтіруде аса маңызды. **Теориялық- методологиялық** функция тарихнаманың заңдылықтары мен даму заңдарын қалыптастыруға бағытталады, сондай-ақ оларды объективті түрде тану мақсатында қолданылады. **Болжамдық** функция ғылымның болашағын, зерттелуге тиіс мәселелерді айқындау үшін қажет. Тарихнаманың осындай функциялары тарихнамалық зерттеудің құрылымын жасауға тікелей қатысады. Сондықтан да аталған функцияларды ескере отырып, **тарихнамалық шығарманың мынадай құрылымын ұсынуға болады; кіріспе, методологиялық зерттеу, фактлік және талдау - синтездеу бөлімі, болжамдық буыны, қорытынды.** Енді құрылымның жекелеген бөлімдеріне тоқталайық.

Кез - келген ғылыми жұмыстың кіріспе бөлімі тәрізді тарихнамалық шығарманың да кіріспесі оның айнасы іспеттес болады. Тарихнамалық зерттеудің кіріспесі тарих ғылымының басқа салаларындағыдай дәстүрлі түрде жазылғанымен, оның атап айтарлықтай ерекшелігі болады. Мысалы, мәселенің зерттелу деңгейі деп аталатын буынында тарихи емес, тарихнамалық еңбектер талданады, яғни ғылымда ол тарихнамалық зерттеудің тарихнамасы деп аталады немесе қысқаша тарихнаманың тарихнамасы түрінде де айтыла береді. Тарихнамалық шығарма жазуда жас зерттеуші осыны үнемі есте ұстауы тиіс. Осы тұста айта кетерлік бір жайт, тарихнамалық зерттеудің тақырыбын дұрыс

таңдау керек. Ғылымда “сәтті таңдалған тақырып зерттеу нәтижелерінің жартысына тең” деген қағида орын алған. Осыған орай тарихнамалық шығарманың тақырыбын кездейсоқ ала салмай, зерттелуге тиіс ауқымды мәселелерді қайта-қайта ой елегінен өткізіп, тарихнамалық теория мен тәжірибенің логикалық дамуымен етене жақын танысу қажет. Тақырыптың өзектілігі тарих ғылымындағы ахуалмен, оны дамытушы факторды ескерумен, тарихи зерттеулердің жай - күйімен байланысты болуы шарт. Себебі, тарихнамалық зерттеу ғылымды алға жылжытушы, дамытушы рөл атқаруы тиіс. Тарихнамалық тақырыпты оқып- үйрену әртүрлі деңгейде жаһандық, өркениеттілік, аймақтық, ықшамдық, т.б. жүргізіледі. Тарихшының еңбегінде көрініс тапқан қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени өмірі мәселелері тарихнамашының зерттеу объектісі болып табылады. Хронологиялық жағынан ықшам проблеманы таңдап алған тарихнамашы өз тақырыбын тарихнамалық шығармашылықтың заңдылықтарын терең меңгермей зерттеуі мүмкін емес.

**Тарихнамалық еңбектің жалпы мақсаты - тарих ғылымының даму заңдылықтары мен үрдістерін айқындау. Осыған орай тарихнамалық зерттеудің міндеттері мыналар болып саналады; жаңа теориялық ұстанымдарды орнықтыру, ғылымды жалған, сыңаржақ тұжырымдар мен қорытындылардан босату, тарихнамалық тұжырымдарды қалыптастыру, ғылыми тарихи ойдың дамуының сабақтастығын, тоғысуларын қарастыру.**

Тарихнамалық шығарма дайындаудың ғылыми әдіснамасы көбінесе орыс зерттеушілерінің еңбектерінен көрініс тапқан. Тіптен ресейлік тарихшылардың кейбіреулері, мәселен, Е.Н.Городецкий, В.О.Ключевский, А.С.Лаппо-Данилевский, Н.М.Дружинин, М.В.Нечкина, Л.В.Черепнин, А.М.Сахаров, С.О.Шмидт, Н.Л.Рубинштейн, В.Б.Наумова, А.И.Зевелев, т.б.<sup>84</sup> тарихнама ғылымының өзекті мәселелері бойынша арнайы еңбектер жазған. Солардың еңбектерін оқып-үйрену барысында тәуелсіз Қазақстан кезеңінде бірқатар тарихнамалық зерттеулер жарияланды. Мұның өзі отандық тарихнама ғылымының дамып келе жатқандығын көрсетеді. Дегенмен кейбір зерттеулер тарихнамалық еңбектен гөрі библиографиялық шолуларға көбірек ұқсап кетеді. Мұндай келеңсіздік орын алмас үшін тарихнамалық шығарма жазудың әдіс - тәсілдерін жан-жақты меңгеру керек. Теориялық -методологиялық ізденістер жүргізілмесе, тарихнама ғылымының өзіндік әдіснамасымен таныспаса, тарихнамалық жұмыстың кіріспе бөлімі шолуграфияға ұқсап кетуі әбден мүмкін.

Тарихнамалық әдебиеттерге шолу жасауда тарихнамашылардың алдыңғы және қазіргі ұрпақтарының атқарған зертеу жұмыстары негізделіп көрсетілуі тиіс. Осыған байланысты жаңа тақырыпты зерттеудің қажеттілігі мен

---

84 Городецкий Е.Н.Историографические введение к историко - партийному исследованию // Вопросы истории КПСС.1985. №1; Дружинин Н.М.Воспоминания и мысли историка. - М.1974; Рубинштейн Н.Л.Русская историография. - М.,1941; Нечкина М.В.Послесловие // Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. - Калинин.,1980 ; Петряев К.Д. Вопросы методологии исторической науки. - Киев., 1976; және т.б.

қойылымы ашып айтылуы қажет. Әдебиеттерге шолу тәжірибе көрсеткендей, тарихилық принципі негізінде жасалады. Мұның өзі проблеманың зерттелу сатыларын, идеялар мен көзқарастардың идеологиялық тамырларын, ғылымда үстемдік еткен методологияны, тұжырымдамаларды айқындауға көмектеседі.

Кіріспеде таңдап алған тақырып бойынша әртүрлі кезеңдердегі тарих ғылымының даму сатысы көрініп тұруы керек. Кіріспе тақырыптың өзектілігінен басталып, логикалық байланыста барлық тұстары ашылып, аяқталуы тиіс. Осы орайда ресейлік тарихнамашы А.И.Зевелев былай деп жазған;” Тарихнамалық кіріспені “үштік бірліктегі тарихнамалық мәселе” деген атауға ие болған мінездемемен аяқтаған жөн. Олар; алдыңғы буын өкілдерімен сәтті зерттелген проблемалар; ғылымда зерттелуге тиіс мәселе ретінде қойылған, бірақ шешілмеген және жеткілікті зерттелмеген, кейде бұрмаланған түрде зерделенген болуы да мүмкін мәселе; мүлде зерттелмеген проблема. Аталған сауалдарға берілетін жауаптар зерттелуге тиіс мәселе қалай пайда болды, оны зерттеудің сатылары қандай, қандай идеялық ағымдар оның төңірегінде орын алды дегендерді ұғынуға септесуі тиіс. Сондықтан да кіріспенің осы бөлімі ерекше жауапты, өйткені бұл жерде зерттеушінің тарихнамалық біліктілігінің деңгейі, кәсіпқойлық дайындығы, ғылымда белгілі әдебиеттерді білуі, олар туралы білімі және ғылым дамуының жалпы тенденцияларын бағалауы көрінеді”<sup>85</sup>.

Тарихнамашы өзі таңдап алған тақырып бойынша зерттеу жұмысын дайындауда, әсіресе кіріспе бөлімінде тарихнаманың тарихнамасынан басқа зерттеудің деректік негіздеріне баса назар аударуы тиіс. Себебі тарихнамалық еңбектің деректік негізі тарихи зерттеуге қарағанда өзгеше. Бұл жерде зерттеуші тарихи деректерді емес өзі пайдаланған тарихнамалық деректер жөнінде мәлімет беріп, оларға шолу жасағаны абзал. Тарихнамашының тарихнамалық деректер және тарихнамалық фактлер туралы түсінігі әрі оларды жіктеудің методологиялық ұстанымдары кіріспенің осы тұсында ерекше танылады.

Сонымен қатар жас зерттеуші тарихнамалық жұмысының мерзімдік шегін де ғылымның талаптарына сәйкес дұрыс көрсетуі тиіс, өйткені тарихи оқиғалар мен процестердің хронологиялық шеңберімен салыстырғанда тарихнамалық зерттеудің мерзімдік шегі мүлде басқа. Ол таңдап алынған зерттеу тақырыбының зерттелу деңгейіне тікелей байланысты. Сондықтан да тарихнамашы зерттеудің тарихи емес тарихнамалық мерзімдік шеңберін ашып көрсетуі қажет.

Кіріспеде тағы бір маңызды жайт зерттеудің методологиялық негіздері жайында айтылатын тұсы. Жас зерттеуші өзінің еңбегінде пайдаланған жалпыметодологиялық принциптер мен тәсілдерді атап көрсетіп, басшылыққа алған ұстанымдарын, еңбектерге баға берудегі негізгі критерийлерін, тарихи білімнің әртүрлі кезеңдеріндегі жай - күйін айқындауда ғылыми бағыттарын баса көрсетуі тиіс.

**Тарихнамалық шығарманың методологиялық тұсы аса маңызды**

---

85 Зевелев А.И. Историографические исследования; методологические аспекты. - 138б.

**болып табылады. Тарихнамашы ғылымда берік орныққан тұжырымдарды, теориялық ұстанымдарды, зерттеу принциптерін егжей - тегжейлі меңгеруі тиіс.** Отандық тарихнамада, сондай-ақ тарих ғылымындағы қалыптасып келе жатқан жаңа методологияның бағыттары мен ерекшеліктерінің де назардан тыс қалмағаны абзал.

**Еңбектің фактілік бөлімі тарих ғылымы дамуының заңдылықтарын тануға негізделген деректер мен фактілерден тұрады.** Олар зерттеудің негізін құрайды. Тарихнамалық фактілерді іздеу, айқындау, жинақтау тарихнамашының басты әрі бастапқы міндеті. Тарихнамалық деректерді іздеуде кітапханалық каталогтардан басқа “Мұрағаттану”, “Исторический вестник”, “Летопись журнальных статей”, “Книжная летопись”, т.б. жыл сайын шығатын көрсеткіштер айтарлықтай рөл атқарады. Тақырыптың библиографиясын оқып-үйренуден тарихнамалық зерттеу басталады десе де болады. Библиография мәселені терең оқып - үйренген сайын жаңа зерттеулермен, яғни кітаптармен, мақалалармен толықтырыла түседі.

Тарихнамалық деректердің шеңбері М.В.Нечкина көрсеткендей, үлкен. Оларға жоғарыда көрсеткеніміздей, тарихшылардың еңбектері монографиялар, мақалалар, ескертулер, ауызша баяндамалар, пікір-таластардағы сөздері, диссертациялар, құжаттық материалдар топтамалары, мерзімді басылым материалдары, мұрағат құжаттары, т.б. жатады.<sup>86</sup>

Тарихнамалық библиография тарихи тәрізді “ашық” сипатта болады. Проблеманы терең зерттеген сайын ол жаңа жарияланымдармен толықтырылып, көбейтіледі. Сөйтіп, әдебиеттер хронологиялық және тақырыптық ретке қойылып, реттеледі.

Тарихнамашының мұрағат деректерін іздеуінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Тарихнамада мұрағат деректері белгілі бір ғылыми тұжырымды дәйектеуде ғана аса қажет. Тарихнамалық деректерді тексеру және қайта тексеру зерттеудің тұғырнамасын нығайтудың кепілі.

Тарихнамадағы зерттеу көп жағдайларда жекелеген, дербес тарихнамалық фактілермен танысудан басталады. Тарихнамашы мұндай ізденістерде жалпыдан жалқығы, жалқыдан жалпыға қарай деген философиялық категорияларды ұтымды пайдалануы тиіс. Тарихнамадағы жалқы құбылыстармен танысу танымның қажетті алғашқы сатысы болып табылады, себебі дарасыз жалпы болмайды, жалқыда жалпының белгілері байқалады.

Тарихнамашының міндеті сол - аталған категорияларды абсолюттендірмей, жалпыны, жалқыны, ерекшені айқындау. Мұнсыз тарихнама ғылымы баяндау деңгейінің жолына түсіп, заңдылықтар мен қажеттіліктерді назардан тыс қалдырады.

Алғашқы сатыда фактілерді жинақтауда тұңғыш пайымдаулар мен қорытындылар жасалады. Бұл саты шартты түрде танысу деп аталады. Жекелеген фактілерді оқып - үйрену болашақ тұжырымдардың қорын құрайды. Зерттеу ұқсас фактілерді жинақтаудан және дараларын айқындаудан және

---

86 Нечкина М.В История истории (некоторые методологические вопросы истории исторической науки - М.,1965. -11б.

оларды тексеруден басталады. Мұнда айтарлықтай рөлді жалпыдағы жалқының, немесе дараның орнын анықтайтын жүйелі талдау атқарады. Одан кейінгі тарихнамалық жұмыс негізгі фактлерді айқындау мен жүйелеуден тұрады. Тарихшының зерттеуі тарихнамалық факт ретінде ғылымға айтарлықтай үлес қосады. Тарихнамашы тарихшының еңбегіндегі мәселенің қойылымына, зерттеу тәсілдеріне, деректік қорына, түйіндеген тұжырымдарына баса назар аударуы тиіс. Жұмыс барысында тарихнамашыға шашыраңқы фактлерді байланыстыруға тура келеді. Оған талдау, синтездеу тәсілдерінің негізінде қол жеткізуге болады. Талдау мен синтездеуді зерттелуге тиіс мәселенің мақсаты, міндеттері айқындайды. Сондықтан да белгілі бір факт қалыптасқан дәуірдің немесе кезеңнің ерекшеліктерін міндетті түрде анықтау қажет. Тарихнамашы басты тарихнамалық факт тарих ғылымының алтын қорын құрайтын еңбектер екендігін естен шығармауы тиіс. Мұндай бағыт тарихнамашының зерттеу тақырыбына қатысты барлық жарияланған және жарияланбаған еңбектерді, соның ішінде ғылымдағы бұрын қалыптасқан заңдылықтарды қайталайтын, ғылымның жекелеген проблемаларын дамытуға үлес қоспаған, тарихнамалық емес библиографиялық, туындыларды да талдауын талап етеді. Өйтпеген жағдайда тарихнамашы субъективизмге ұрынып, тарихи білімнің толық әрі жан - жақты жай - күйі ашылмайды. Тағы бір ескерер жайт, тарихнамалық фактлерді таңдау тақырыпқа ғана емес, еңбектердегі фактлердің сипатына да байланысты.

Егер бастапқы тарихнамалық жұмыс библиография жасау және жекелеген фактлермен танысудан басталса, оларды баяндау тарихнамалық танымның элементарлы клеткасы болып саналады. Маңыздысы, осымен тарихнамалық шығармашылық аяқталып қалмауы тиіс.

**Фактілерді талдау және синтездеу зерттелуге тиіс тақырыптың мақсат-міндеттері арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да белгілі бір факт қызмет еткен дәуірдің ерекшеліктерін ашу міндетті болып саналады.** Егер тарихи еңбек талданатын болса, онда автордың әлеуметтік-саяси көзқарастарын, және оған замандастарының, шәкірттерінің, ізбасарларының пікірлерін қарастыру, олардың пайда болуындағы субъективті фактордың рөлін, сондай-ақ тарихи тұжырымдамалардың, бағыттардың, мектептердің, т.б.қалыптасуындағы объективтілікті айқындау тарихнамашының синтездеу жұмысының қатарына кіреді.

Тарихнамалық еңбекте талдау, синтездеу ғылымда орныққан білімнің көмегімен жүзеге асырылады. Мұндай қайшылық тарихнамалық білімнің сабақтастығына негізделген, өйткені тарихнамашы өзіне дейінгі зерттеушілер мен замандастарының еңбектеріндегі ойлардан, идеялардан “бос” бола алмайды. Олардың кейбіреулері эталонды түрде алынады. Алайда мұның өзі тарихнамашы тың жолдар ашу мүмкіндіктерінен айрылған дегенді білдірмейді. Сол мүмкіндіктердің арғы жағынан жаңа тенденциялар және соны әлеуметтік ахуал көрініс береді. Мұнда сонымен қатар тарихнамалық фактлердің дамуы мен оларды тудыратын әлеуметтік-саяси факторларды талдаудың маңызы зор. Талдау-синтездеу процесінде идеялар мен ойлар, сыни көзқарастар ескеріледі. Сонымен бірге әртүрлі, тіпті сыни ескертпелер жасалып, оларды болашақ

зерттеуге “дайындық қоры” ретінде санауға болады. Осы тәсіл тарихнамалық шығармашылықта жауапты орын алады, сондай-ақ тарихнамашының біліктілігі мен мамандану дәрежесін көрсетіп береді. Фактлерді талдау-синтездеуде, әсіресе талдауда оларды бір-бірімен өзара салыстыру қажет. Кейде ұқсас, кейде бір біріне қарама - қайшы фактлер кездеседі. Ұқсас фактлерді синтездеп, бір жүйеге келтіріп, тұжырым жасауға болады. Ал кереғар фактлердің шынайылығына көз жеткізіп, егер ол дербес факті болатын болса, оны дара талдап, ғылымда орныққан пікірге сәйкес бағасын беріп, ой түйіндеу абзал. Тарихнамадағы синтездеп қорыту жұмысы оның “жүрегі” және шыңы болып табылады. Ол жалпыны, жалқыны, заңдылықты орнықтыруға әкеледі.

**Талдау-синтездеу бөлімінде тарихшылардың деректермен жұмыс істеуі, оларды қорыту тәсілдері, әлеуметтанулық талдауды ұстануы, әлеуметтік эксперимент жасауы зерттеледі.**

Осылайша, ғылыми тарихнамалық шығарма тыңғылықты еңбекпен жинақталған, хронологиялық ретке қойылған, бір-бірімен байланыста өзара салыстырылған, зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес талданған фактлерге негізделуі тиіс.

Тарихнаманың танымдық стратегиясы тарихнамалық ақиқаттың мәнін, оған жетудің жолдарын түсіну туралы мәселеге әкеледі. Гносеологияның күрделі нысаны ретіндегі ақиқат тарихнамалық тұрғыда мынадай формула арқылы анықталады; шынайылық тарихнамашының еңбегінен орын алған тарихнамалық білімнің объективті бейнесі. Тарихнамадағы шынайылыққа зерттеуші-субъектнің “әрекеттеріне” қарамастан белгілі бір ұлттың, әлеуметтік топтың идеялары мен көзқарастарының көрініс табуы арқылы қол жеткізіледі.

Тарихи ақиқаттың объективтілігі, оның шынайы тарихи білімнің дәрежесіне сәйкес келуі қоғамдық-тарихи тәжірибе арқылы негізделеді, өйткені соңғысы танымның пәні мен нысанын, субъектні тануды қалыптастырады. Бұдан өзге тәжірибеге ендірілген білім өз кезегінде объективті болмыстың заңдарымен тексеріледі. Тарихнамада қоғамдық-тарихи тәжірибе бірнеше бағыттарда көрінеді. Ең алдымен тарихнамалық жұмыстың тәжірибесі, оның дамуы мен жетілдіруі тарихи шығармашылықтың сатыларына баға берудің көрсеткіштерін бойына сақтайды. Басқа сөзбен айтсақ, тарихнаманың жетістіктері алдыңғы тарихнамалық білімді аттестациялаудың критерийлері болуға мүмкіндік жасайды.

Объективті шындықты, оның ғылымилығын тексерудің өзге де критерийі эксперимент болып табылады. Алайда тарих ғылымында, соның ішінде тарихнамада эксперимент жүргізілмейді, сондықтан да тарихнамалық фактлердің қайталануын тексеру қажет. Бұл олардың пайда болуы мен қызмет атқаруының заңдылықтарын, тарихи білімнің шынайылығын дәлелдейді.

Тарихнамалық тәжірибенің тиімділігін айқындай отырып, тарихнамашы бірнеше факторларды анықтайды. Осыған орай М.В.Нечкина; “бұл тарих ғылымының ішіндегі рычаг, ол тарихи зерттеулердің ғылыми деңгейін көтеруге септеседі”<sup>87</sup> - деп жазған.



Ғылыми танымның көпжақты процесс екендігі баршаға мәлім. Онда ғалым өзінің кәсіпқойлық тәжірибесін, зерттеу ерекшеліктерін, фактлермен жұмыс істеу әдістемесін және т.с.с. көрсетеді. Тарихнамашы тарихнамалық фактілерге жеке түсініктеме беруші ғана емес, ол қоғамның әлеуметтік өмірімен байланысты ғылыми құнды позицияны ұстанушы санатында болады. Алайда бұл құбылыс өзінен-өзі әрекет етпейді. Ол - күрделі әрі ұзақ процесс. Тарихнамашы тарихнамалық фактінің ішіндегі ақпаратты асыра бағалауға, жасыруға, жақсартуға, нашарлатуға жол бермеуі тиіс. Тарихнамашы фактіге кесімді шешім шығаратын “прокурор” да, “сот” та бола алмайды. “Жазаның” ғылымның қазіргі кезеңдегі жетістіктеріне сәйкес “кесілуіне” тиым салынуы керек. Ғылыми, объективті, дәйекті сын айтылуы тиіс. Тарихнамада ғылыми сын айтудың этикасын естен шығармау қажет. Тарихнамалық фактілерді сынау процесінде тарих ғылымының шынайы, сапалы жағдайы анықталады. Оның алға жылжуы, қарқынды түрде дамуы, тоқырауға ұшырауы немесе ескі қорытындылар мен ережелердің қайталануы, күні өткен көзқарастардың, тұжырымдардың сақталуы айқындалады. Тарихнамалық сынның міндетіне осы құбылыстардың әлеуметтік және идеологиялық алғышарттарын анықтау жатқызылады. Тарихнамалық сын арқылы жаңа білім қалыптасады. Осыған сәйкес шынайы тұжырымдар түйінделеді.

**Тарихнамашының қорытындылары мен тұжырымдары шынайы әрі нақты болуы тиіс. Тарихнамалық фактілерге баға беру алдыңғы кезеңдердегі тарихи біліммен салыстырғанда кейінгінің ғылымға қосқан үлесін терең талдау арқылы жүргізіледі.**

Осылайша, тарихнамалық зерттеу жекелеген тарихи еңбектердің мазмұнын қарастырумен немесе жеке-дара фактлерді, құбылыстарды талдаумен ғана шектелмейді. Қолда бар эмпирикалық материалдардың негізінде тарихнамашы ғылыми ойдың дамуын және оның жаңа идеялармен, тұжырымдармен толықтырылуын, қызмет ету заңдылықтарының орнатылуын ашып көрсетуі тиіс.

**Тарихнаманың міндеті ғылымның болашағын болжау, ғылыми ойдың даму қозғалысын оқып-үйрену, зерттелуге тиісті мәселелерді айқындау болғандықтан еңбектің болжамдық бөлімінің атқарар рөлі ерекше екендігі түсінікті.** Тарихнамадағы болжам өзіне бірнеше мүмкіндіктерді жинақтайды; жақын және алыс уақыттарға болжау; тәжірибелік міндеттерді ұсыну; тарихи білімнің салдарын анықтау. Осындай мүмкіндіктерді іске асырудың басты шарттарының бірі қоғам мен ғылыми процестің, сонымен қатар ғылым және қоғамдық-тарихи тәжірибенің өзара байланысы болып табылады. Нақты ғылыми болжам жасау үшін мынадай шарттар болуы тиіс; тарихнамалық шығармашылықтың танымдық заңдылықтары, тарихнамалық білімнің ерекшеліктерін түсіну, нақты тарихнамалық фактлерді терең әрі жан-жақты талдау, т.б. Осыған орай белгілі бір тарихнамалық еңбекті, проблеманы, оның жекелеген бөлімдерін, деректерді жариялау әдістемесін, мамандарды дайындауды және ғылыми ұжымның жұмысын, т.б. болжауға болады. Тарих ғылымының болашағы болжамның ғылыми дәлдігіне байланысты. Өйткені болжау арқылы ғылымда зерттелуге тиіс тың тақырыптар айқындалып, олқы

тұстар мен бұрмаланған мәселелер зерделеніп, тарихи білім жаңа тұжырымдамалармен, теориялармен, пайымдаулармен толықтырылып, байытылады. Осылайша ғылымның алдында тұрған стратегиялық мақсаттар мен міндеттер анықталады.

**Тарихнамалық шығарманың қорытынды бөлімінде автордың ғылыми тұжырымдамасын көрсететін ой - пікірлер жазылады. Автордың пайымдаулары қоғамдық - тарихи тәжірибе арқылы тексеріледі, олар қалыптасқан болжамдар мен тұжырымдарды нақтылай түседі немесе теріске шығарады.** Тұжырымдар нақтыланған жағдайда олар тарихнамалық білімді толықтырады. Қорытынды жасауда тарихнамашыға методологиялық білгірлік пен ғылыми интуиция қажет.

Кеңестік кезеңнің белгілі тарихнамашыларының зерттеулері мен тұжырымдамаларына сүйеніп, тарихнамалық еңбектің құрылымын мына төмендегідей етіп қорытып көрсетуге болады; тақырыпты таңдау мен оны негіздеу, өзіне сәйкес ғылыми ұйымда бекіту, мақсат - міндеттерін айқындау, фактлер мен деректерді іздеу, кеңейтілген библиография құрастыру, оны жүйелеу, тарихнамалық деректер мен фактлерді тарихнамалық ақпарат алу үшін зерттеуді бастау, зерттеудің жоспарын құру, тарихнамалық фактлерді тараулар мен тармақшалаға бөліп жүйелеу, қажет жағдайда жоспарды қайта қарап, нақтыландыру, фактлерді, деректерді тарихнамалық сыннан өткізу, зерттеу тақырыбы бойынша заңдылықтар мен ерекшеліктерді анықтау, алдынала қорытынды жасауға “дайындық”, “қор” дайындау, тарихнамалық жұмысты аяқтау.

Көрсетілген құрылым және тарихнамалық жұмыстың сатылары бір-бірімен құрамдас бөлімдері арқылы өзара байланыста ғана емес, сондай-ақ өзгермелі сипатта, яғни еңбектің бөлшектерінің орнын ауыстыра беруге болады. Мысалы, жұмыстың болжамдық бөлімін қорытындымен біріктіруге болады. Немесе қорытынды-болжамдар талдау синтездеу бөлімінде жасалуы мүмкін және т.б. Сатылардың сабақтастығы мен жұмыстың бағыттарын да өзгертуге болады. Тарихнамалық жұмыстың құрылымы неғұрлым икемді болса, соғұрлым оны догмалық пайдаланудан босатып, тақырып пен проблеманы зерттеуге, сондай-ақ тарихи еңбектердің сапасын, сипатын, объективті маңызын ашуға мол мүмкіндіктер тудырады.

Осылайша, тарихнамалық зерттеу дайындаудың үлгісін көрсеттік. Біз ұсынған үлгі тарихнамалық зерттеу жазуға негіз бола алады. Алайда мұндай үлгіні абсолюттендіріп, барлық тарихнамалық жұмыстарға таратуға болмайды. Осы үлгінің негізінде оған толықтырулар, бірнеше нұсқалар енгізіп, құрылымын икемді етіп өзгертуге болады. Біз қарастырған тарихнамалық шығарманың үлгісінің ерекшелігі бар ол жас тарихнамашыға ғылыми жолбасшы ретінде көмек көрсете алады. Себебі, тарихнамалық ғылыми шығармашылық кәсіптік дайындық пен жоғары біліктілікті талап ететін күрделі әрі жауапты ізденіс.

**Тарихнамалық жұмысты жүргізудің түрі оның құрылымымен тығыз байланысты. Осыған орай тарихнамалық еңбектің хронологиялық,**

**тақырыптық, проблемалық, биографиялық тәрізді түрлері болады.**<sup>88</sup>

Тарихнамашылардың көпшілігі зерттеу жұмысының **хронологиялық - тақырыптық** түрін ұстанады. Ол жұмысты сатылар мен тақырыптарға топтап, сыныптауға, ғылым дамуын тұтас немесе оның жекелеген проблемаларын пайда болған кезінен қазіргі уақытқа дейін зерттелуге тиіс мәселе ауқымында қарастыруға мүмкіндік береді. Осы түрдің шеңберлері мен ерекшеліктері сол - ол тарихи еңбектердің авторларының еңбектеріндегі үстем идеяларды, көзқарастарды және тұжырымдамаларды айқындауға, олардың ғылым дамуы процесінде өзгеруін, оларды тудырған объективті, субъективті себептерді ашуда қолайлы. Аталған түрдің басымдылығы сонда, ол ғылыми білім дамуындағы түбегейлі сапалы алдыға жылжуды, ғылымның жалпы жағдайын, оның жекелеген мәселелерін анықтауға қабілетті.

Алайда хронологиялық - тақырыптық түр әмбебап бола алмайды. Проблемалық түрді пайдалану анағұрлым мақсатты. Ол әсіресе салыстырмалы түрдегі шағын, шектеулі тақырыптармен жұмыс жүргізуде өте маңызды. Мәселен, белгіленген жалпы мерзімдемеге жататын қысқа уақыт ішіндегі ғылым дамуын немесе ауқымды мәселенің жекелеген проблемасын талдауда аталмыш түрді қолданған жөн. Проблемалық түрді пайдалану кеңейтілген мерзімдеме құрастыруды талап етеді. Мұның өзі білімнің баюы, проблемаларды өзгеруі сипатын көруге көмектеседі.

**Биографиялық** түрдің өзіндік артықшылықтары бар, себебі ол мынадай тарихнамалық аспектілерді жан - жақты ашуға мүмкіндік береді; тарихшы еңбегінің тарих ғылымының жалпылама дамуына әсері, оның ғылымға қосқан үлесі; шығармашылық ізденістердің гносеологиялық қырлары; ғалымның ғылыми шығармашылық психологиясының және этикасының мәселелері, т.б.

Тарихшының еңбектеріне қарап, тарих ғылымының жағдайы туралы айтуға болады; оның жалпы деңгейі, тарих ғылымының өзінің идеологиялық функциясын атқаруы, белгілі бір кезеңнің деректік негіздері және т.б. Биографиялық түр тарихшының еңбектерін хронологиялық сабақтастықта немесе зерттеушіні қызықтыратын, қазіргі заман үшін өзекті проблемалар бойынша талдауға мүмкіндік жасайды.

Тарихшының өмірбаянын қарастыруға байланысты зерттеушінің шығармашылық портретін қалыптастыру мәселесі туындайды. Бұл жерде бірқатар күрделі теориялық - методологиялық және гносеологиялық міндеттер пайда болады. Солардың ең бастыларының бірі - проблеманың объективті тарихи шындыққа сәйкестігін және тарихшы зерттеушінің субъективті позициясын зерделеу.

Зерттелетін мәселеде тағы бір теориялық методологиялық проблема бар, ол - тұлға, соның ішінде тарихшының тұлғасы. Ол абстрактілі, әлеуметтік қатынастарға сәйкессіз қарастырылуы мүмкін емес, себебі тұлға - белгілі бір тарихи дәуірдің, әлеуметтік ортаның - "жемісі" болып саналады. Тарихи еңбекте көрініс тапқан адамның әрекеттері оның өмір сүрген ортасынан хабар береді. Осының барлығын ескере келіп, тарихшының баяндаған оқиғалары "айнадағы

---

88 Петряев К.Д. Вопросы методологии исторической науки. - Киев.,1979.-160б.

көрініс” емес, оның методологиялық ұстанымдарының тарихи процестегі бейнесі<sup>89</sup> екендігіне көз жеткізуге болады. Тарихшының шығармашылығын “тарихи” уақытпен тығыз байланыста, оның ғылыми қызметін қоғамдық - саяси тәжірибенің сұраныстарын ескере отырып талдаса, зерттеушінің портреті толығып, жан - жақты бола түседі. Бұл жерде тағы бір ерекше назар аударар жайт, ғалым - тарихшының, яғни тұлғаның өмірбаянын оның барлық қайшылықтарымен, кемшіліктерімен, ойлау қабілетімен қоса көрсету қажет. Осындай міндеттің іске асырылуының тамаша көрінісі М.В. Нечкинаның “Василий Осипович Ключевский”<sup>90</sup> еңбегінен орын алған. Монографияда ғалымның өмірі мен шығармашылығы XIX ғасырдағы тарихшының әлеуметтік ортасымен тығыз байланыста, В.О.Ключевскийдің тұжырымдары сол кездегі Ресей империясының тұжырымдамасының қалыптасуының ауқымында көрсетілген.

Портретті жасауда тарихшының бірмақсатты қызметінің тәсілдерін айқындаудың маңызы зор. Тарихнамашы тарихшы жұмысының тәсілдері оның қоғамдық-саяси көзқарастары мен әрекеттері арқылы танылатындығын, олардың әлеуметтік сипатта болатындығын есте ұстауы тиіс.

Тарихшы шығармашылығындағы ірі теориялық - методологиялық философиялық проблема қажеттілік пен кездейсоқтықтың тепе - теңдігі болып табылады. Оның тарихнамалық еңбекте нақтылы іске асуы тарихшы қызметінің тетіктеріне терең үңілуге әкеледі.

Тарихшының портретін жасауда оның шығармашылық зертханасына кіру тарихнамалық зерттеуді көпқырлы ете түседі. Көрсетілген міндетті шешу бірқатар кешенді мәселелерді тудырады. Солардың ішінде тарихи деректердің жиналуы, олардың ғылыми айналымға түсірілуі, логикалық байланыстардың жасалуы, т.б. көптеген жайттарды түсінуге жол ашады. Әдебиеттер мен өзге де деректердің жинақталуы, жекелеген идеялардың, пайда болуы мен пісіп - жетілуі, жоспарды талдау, тараулар мен тараушалардың атауларын алдын - ала ойластыру, олардың тиімді тұстарын қарастыру, аяқталмаған қолжазбалармен танысу, жекелеген мақалаларды оқу, автордың өзінің, шәкірттерінің, ізбасарларының естеліктерін оқып- үйрену, ғылыми зерттеу жұмысының принциптерін және әдістерін орнату, тарихшының ғылыми мектепке, бағытқа мүше болуын айқындау аса күрделі міндеттер болып саналады.

Тарихшының ғылыми зертханасына ену оның шығармашылық ойларының қозғалысының генезисі мен диалектикасын көру, түсіну, тұжырымдамаларын талдау үшін қажет.

Тарихшының портретін қалыптастыруда ғылыми конференциялардың, симпозиумдардың, пікір таластардың маңызы айтарлықтай. Ғылыми форумдарда түрлі көзқарастардың бір біріне қарама - қарсы қойылып, пікір- таластар өрістеген кезде тарих ғылымын дамытуға қолайлы жағдайлар туады.

Айта кетерлік аса маңызды жайт, тарихнама тарихшының көркем тілінсіз, тарихи оқиғаларды тартымды суреттеуінсіз жұтаң көрінеді. Сондықтан да

---

89 Федосеев П.Н., Ильичев Л.Ф. О некоторых методологических проблемах исторического материализма // Вопросы философии. 1984. №6. -76.

90 Нечкина М.В. Василий Осипович Ключевский; История жизни и творчества. - М.,1974.

тарихнамашының тілі бай, мәнді, түсінікті, ойы терең болуы тиіс. Зерттеушінің портретін “сомдауда” сонымен қатар әлеуметтік психологияның негіздері үлкен рөл атқарады. Тарих ғылымына қатысты әлеуметтік таптар мен топтардың мүддесін, олардың көңіл - күйін, оның өзгеруіне түрлі тарихи кезеңдерде әсер еткен факторларды анықтау тарихнамашының еңбегін жемісті ете түседі. Әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің қазіргі кезеңдегі деңгейі тарихнамалық шығармашылықтың қоғамдық - психологиялық құбылыстарын сыныптауға, зерттеушінің ойлау қабілетін, эмоциясын, көңіл - күйін тануға мүмкіндік береді. Идеология мен психологияның тепе - теңдігін тану осы процесті оқып үйренуге көмектеседі.

Тарихшының шығармашылық портретін қалыптастыру жоғары білікті тарихнамашының ғана қолынан келеді. Сондықтан да тарихнамашы өзінің білімін үнемі жетілдіріп, жаңадан жарық көрген ғылыми әдебиеттерді библиографиялық қорына ендіріп, зерттеуі тиіс. Тарихшы - зерттеушінің портреті неғұрлым жан - жақты жасалса, соғұрлым тарихи білім толыға түседі.

Жеткілікті түрде зерттелмеген мәселелердің қатарына тарихнамашының өзінің ғылымға қосқан үлесі жатады. Тарихнамадан зерттеушілердің көпшілігі бастапқы кезеңде тарихнамалық фактлерге жай эмпирикалық баяндау жасап, оларға баға беруге ұмтылатын, кейде ондай талдаусыз сипаттағы тарихнамалық еңбек дайындайды. Бұл да тарихнамалық зерттеудің түріне жатады. Мұндай еңбектердің құндылығы белгілі бір тақырыптар бойынша зерттеулердің ғылымнан орын алатындығын көрсетіп береді, әрі теориялық қызметке алғышарттар тудырады. Сондықтанда бастапқы кезеңде осындай еңбектер қажет, себебі ғылымның өзі баяндаусыз бола алмайды. Алайда мұндай зерттеулер нақты тарихнамалық еңбектерге жатпайды, себебі тарихнама сипаттаушы немесе фактлерді танушы ғана бола алмайды. Кейбір зерттеушілер тарихшының еңбегін сабақтастықта мазмұндау тарихнамашының тікелей міндеті деп санайды

Ғылыми жұртшылықты тарихи еңбектердің мазмұнымен, олардағы тұжырымдамалармен таныстыру қажет екендігі даусыз, бұл - пайдалы әрі бағалауға тұрарлық әрекет. Алайда шашыраңқы идеяларды жинау ғылым емес, шынайы объективті білім ой-пікірлердің, жалпы ғылымның дамуы жүйесінде ғылыми түрде мазмұндалуы тиіс.

Тарихнамалық еңбек даайындауда әртүрлі көзқарастарды, пікірлерді, ой-түйіндерін салыстыра көрсететін кестелер жасаудың маңызы зор. Сол кестелер арқылы тарихнамалық фактлерді салыстырып қана қоймай, оларға баға беру, ой қорыту оңайға түседі. Сонымен қатар ауқымды тақырыпқа байланысты тарихнамалық деректер де мол болуы мүмкін, мұндай жағдайда талданған еңбектерді топқа бөліп, жекелеген шағын проблемелар бойынша библиографиялық кесте жасаудың қажеттілігі туындайды. Бұл бір жағынан тақырыпқа байланысты ғылыми әдебиеттерді, яғни тарихнамалық деректерді нақты көрсетуге қолайлы болса, екінші жағынан сол деректердің түрлерін анықтауда тиімді.

Тарихнама ғылымының нысанын, мақсаты мен міндеттерінің мәнін түсінуден шыға отырып, анағұрлым құнды тарихнамалық еңбек деп тарихнамалық

деректердің, фактлерді талдау мен синтездеудің негізінде тақырыптың теориялық – методологиялық аспектілері ашылған, тарихи ойды қалыптастырудың, оны тереңдетудің заңдылықтары көрсетілген зерттеуді айтуға болады. Мұндай еңбек дайындау үшін тарихнамашы ғылымның теориялық - методологиялық негіздерін терең меңгеріп, үнемі ізденіс үстінде болып, тарихнамалық шығармашылықтың ерекшеліктерін естен шығармауы тиіс.

### **Тақырыптың мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:**

- 1.Тарихнама ғылымының функциялары және олардың маңызы, функциялардың тарихнамалық зерттеуде атқаратын рөлі.
- 2.Тарихнамалық кіріспеге қойылатын талаптар және оның ерекшелігі, тарихнаманың тарихнамасын көрсетудің қажеттілігі.
- 3.Тарихнамалық фактлерді сынаудың ғылыми әдіс-тәсілдері, тарихшының еңбегіне баға берудің жолдары, сынның тарих ғылымы үшін маңызы.
- 4.Тарихнамалық зерттеулердің түрлері және олардың мәні мен ерекшеліктері, түрлерге бөліп зерттеудің маңызы.
- 5.Тарихнамашының ғылымға қосқан үлесін анықтаудың ғылыми жолдары.
6. Тарихшының қосылған үлесінің ғылым үшін маңызы.
7. Мәселенің зерттелмеген тұстарын анықтаудың маңызы.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Тарихнаманың методологиялық мәселелерін ары қарай жетілдіру тарих ғылымының алдында тұрған міндеттеріне байланысты анықталады. Осыған орай тарихнаманың теориялық және методологиялық мұрасын одан әрі зерттеудің ғылыми жауапкершілігі зор. Себебі тарихнама тарих ғылымының методологиялық ұстанымдарын өзгертуге ықпал етеді. Ғылымдағы жарамсыз ой - тұжырымдарды анықтап қана қоймай методологиялық бағыт - бағдарларды жаңартудың қажеттілігін жан - жақты жүргізілген тарихнамалық зерттеулердің нәтижесінде көрсетіп береді.

Қазіргі ғылымның тың методологиялық негіздері әлі де толық қалыптасып үлгермеген кезеңде тарихнаманың атқарар рөлі күшее түседі. Өйткені тарихнамалық фактлер мен деректерге баға беруде басты критерий болып

саналатын ғылыми тұжырымдарды айқындау - тарихнама ғылымының түбегейлі міндеттерінің бірі. Ғылыми тұжырымдар заманауи талаптарына сәйкес шынайы әрі дәйекті болуы шарт. Соны тұжырымдар мен ой – пікірлерді қалыптастыруда жаңа ізденістер, бағыттар, терең зерттеулер, бұрын - соңды ғылыми айналымға түспеген деректер қажет. Міне, осылардың негізінде шынайылық, тарихилық принциптері тұрғысындағы, ой - тұжырымдары тың әрі дәйекті іргелі зерттеулер жазылуы тиіс.

Отандық тарихнамада жаңа методологиялық ұстанымдарды берік орнықтыруда эталондық тұжырымдар ретінде бағаланатын көзқарастардың қажеттілігі уақыт өткен сайын айқын сезілуде. Эталондық ой - пікірлер көбейген сайын тарихнамалық фактлерді бағалау зерттеушіге қиындықтар тудырмайды. Ал эталондық тұжырымдар қоғамның саяси жүйесіне, әлеуметтік ортаға, идеологияға тәуелді болмауы тиіс.

Соны ғылыми тұжырымдамаларды қалыптастыруда түпнұсқалық сипаттағы деректерді іздеу, оларды жүйелеп талдау басты рөл атқарады. Деректерді талдаудың әдіс - тәсілдері заман мен ғылым талаптарына сәйкес жетілдірілуі хақ. Осыған орай тарихнамалық және деректанулық еңбектерді қайталамай, керісінше олардың методологиялық деңгейлерін көтере отырып, ғылымның жаңа саласы - тарихнамалық деректануды қалыптастыру міндеті туындайды.

Тарихнама ғылымындағы жаңа зерттеулер жүргізуде мынадай методологиялық мәселелерге назар аудару қажет. Біріншіден, қоғамдық ғылымдар саласындағы білімді дифференциациялау және интеграциялау процесінің заңдылықтарын зерттеу. Мұның өзі тарихнама ғылымы бойынша зерттеулерге тың серпіліс береді. Екіншіден, тарихнамадағы философиялық категорияларды нақты айқындау. Ол ғылымның өзіндік ерекшеліктерін анықтауға ықпал етеді. Үшіншіден, тарихнаманың ғылыми критерийлерін анықтау, ол бұл саланың мәнін терең түсінуге жол ашады. Мұндай міндеттерге қол жеткізу ғылымдағы пәнаралақты күшейту, соны ғылыми технологияларды меңгеру барысында мүмкін болады. Сонымен қатар тарихнаманың методологиясындағы өзекті мәселелерін зерттеуге жол ашады.

Методологияны үнемі тарихи процестердегі адами фактор қызықтырған. Тарихнаманың методологиялық аспектілерінің бірі тарихшының, сондай-ақ тарихнамашының шығармашылығындағы ғылыми объективтілік мәселесі болып табылады. Осыған орай тарихи және тарихнамалық шығармашылықтағы әлеуметтік, психологиялық алғы шарттар, олардың идеялардың, көзқарастардың, тұжырымдамалардың пайда болуы мен дамуына әсерін зерттейтін бірқатар жаңа ізденістер қажет. Тарихи танымды бірін бірі алмастырған зерттеушілер ұрпақтарының қызметінің нәтижесі және рухани шығармашылықтың түрі ретінде талдаудың маңызы зор.

Ғылымда тарихнаманың жалпыметодологиялық әдістері мен принциптері өзекті болып қала береді, оған қоса олардың жекелеген тұстарын терең зерттеудің мәні елеулі. Мәселен, тарихилық, шынайылық, әлеуметтік тәрізді жалпы методологиялық принциптерге негізделі отырып, олардың тарихнамада көрініс табуын ескере келіп, танымның тарихнама ғылымына тән әрекет етуін көрсету қажет. Тарихнамадағы нақты тарихи талдау, абстракция, логикалық,

сыни, ретроспективті талдаулар, тарихи салыстырулар, параллельдер “тарихнамадағы зерттеу әдістері” деген кешенді ұғымды толық сарқып қамти алмайды.

Отандық ғылымда тарихты дәуірлеу мәселесі әлі де болса толық шешімін таба алмай келеді. Мұндай жағдайдың орын алуы себебін дәуірлеудің ғылыми критерийлерінің нақтыландырылмауы арқылы түсіндіруге болады. Тарихи дәуірлеу мәселелерінің түйінін шешпей тарихнамалық дәуірлеудің, оның кезеңдері мен сатыларын анықтаудың критерийін айқындау қиынға түседі.

Тарихнамадағы аса маңызды мәселелердің бірі тарихи білімнің нәтижелерін, оны көбейтудің әдіс-тәсілдерін, шынайы бағалау болып саналады. Бұл міндет қарапайым емес, себебі тарихи білімнің шынайылығы субъектінің, яғни тарихшының шығармашылығымен тығыз байланысты. Сондықтан да тарихтағы субъективтілік мәселесі тарихнамашының үнемі басты назарында болуы тиіс.

Қазіргі кезеңдегі білім мен ғылымның даму деңгейі жаңа технологияларға, пәнаралық зерттеу әдістерін ұтымды пайдалануға, электронды есептеу және басқа да заманауи жетістіктеріне байланысты. Сондықтан да тарихнамалық зерттеулер жүргізуде қолданбалы жаңа технологияларды пайдалану маңызды болып саналады.

Республикада тарихнама ғылымы бойынша түбегейлі зерттеулер дайындауда ғылыми мектептің қажеттілігі уақыт өткен сайын айқын сезілуде. Осыған орай ғылыми мектепті қалыптастырып қана қоймай, оның әлеуетін де жетілдіру міндеті туындайды. Тарихнама ғылымы бойынша іргелі мектеп құрылса, ол осы саладағы көптеген өзекті мәселелермен бірге ғылымның методологиялық ұстанымдарын да ұштаумен айналысар еді.

Қорыта айтқанда ғылымның қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелері аталмыш проблемелармен шектелмейді. Ғылым алдыға жылжыған сайын оның ауқымды мәселерінің өрісі кеңейіп, мақсат, міндеттері көбееді.

## **Тест сауалдары**

1. методология – бұл

- А. ғылыми зерттеу жолдары, таным тәсілдері туралы ілім;
- В. ғылымның әдістемесі;
- С. тарихты оқыту әдістемесі;
- Д. зерттеудің механизмі туралы ілім;
- Е. тарихи оқиғалар мен үдерістерді зерттеу.

2. Тарихнамадағы ғылыми әдістер – бұл

- А. теория мен методология арқылы зерттеу тәсілдері;
- В. тарихнамашының танымдық қызметіндегі тарихи білімнің шынайылығына жетудегі саналы тәсілдер мен жолдар;



- С. таринамадағы танымдық үдеріс;
- Д. ғылыми дүниетанымдық жолдар;
- Е. ғылыми жұмысты жүргізуде тарихнамашының ұстанатын тәсілдері.

3. Тарихнама - бұл

- А. тарихи оқиғалар мен үдерістерді зерттейтін ғылым саласы;
- В. тарихи деректерді оқып-үйренетін ғылым саласы;
- С. тарих ғылымының тарихын зерттейтін ғылым саласы;
- Д. тарихи тұжырымдамаларды талдайтын ғылым саласы;
- Е. тарихтың методологиясын талдайтын ғылым саласы.

4. Тарихнама зерттеудің неше аспектісін иеленеді

- А. 3;
- В. 4;
- С. 2;
- Д. 6;
- Е. 5.

5. Тарихнама ғылымның мақсаты -

- А. тарихнамалық фактлерді жинап, оларға талдау жасау;
- В. тарихнамалық деректерді жинақтап, жүйелеу;
- С. белгілі бір ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін анықтап, тарихнамалық деректердің мән-мазмұнын, зерттелу бағыттары мен үрдістерін айқындау, объективті түрде зерттелмеген тұстарын тану;
- Д. тарихнамалық деректерді саяси-әлеуметтік жүйелер мен идеологияларға тәуелділігін анықтау;
- Е. тарихнамалық фактлердің тарихи оқиғалар мен үдерістерді зерттеуінің деңгейін сараптау, ұтымды тұстары мен олқылықтарын айқындау.

6. Тарихнама ғылымының жалпыметодологиялық зерттеу принциптері

- А. тарихилық, объективтілік, әлеуметтік;
- В. жүйелілік, партиялық, тарихнамалық;
- С. біртұтастық, танымдық, өркениеттілік;
- Д. таптық, партиялық, саяси;
- Е. тарихилық, өркениеттілік, жүйелілік.

7. Кеңестік кезеңдегі қазақстандық тарихнамашы ғалымдар:

- А. Г.Ф.Дахшлейгер, Д.И.Дулатова;
- В. К.Нұрпейіс, Б.А.Төлепбаев;
- С. Ә.Б.Тұрсынбаев, Е.Бекмаханов;
- Д. Х.Маданов, Б.Сүлейменов;
- Е. Б.Е.Көмеков, Ә.Х.Марғұлан.

8. Тарихнамалық факт – бұл

- А. тарихи оқиғалар мен үдерістерден ақпарат беретін мәлімет;

- В. тарихи білімдер туралы ақпарат беретін мәлімет;
- С. тарихи дәуірлерден хабар беретін мәлімет;
- Д. статистикалық мәліметтердің жиынтығы;
- Е. археологиялық жәдігерлер туралы мәлімет.

9. Тарихнамалық фактнің болмысын анағұрлым дәл көрсетіп берген ғалым

- А. Е.М.Жуков;
- В. А.С. Лаппо-Данилевский;
- С. А.Е. Топольский;
- Д. А.М.Сахаорв;
- Е. М.В.Нечкина.

10. «... тарихнамалық дерек ұғымына бойында тарих ғылымының тарихы бойынша мәлімет жинақтаған кез келген тарихи деректі жатқызуға болады» деген пікірдің авторы -

- А. И.Д. Ковальченко;
- В. М.А.Варшавчик;
- С. С.О.Шмидт;
- Д. Е.Н.Городецкий;
- Е. Л.Н.Пушкарев.

11. Тарихнамалық деректану - бұл

- А. тарихи деректерді сыннан өткізу туралы ережелер жүйесі;
- В. деректерді ғылыми талдаудан өткізу туралы тұжырымдама;
- С. тарихнамада қолданылатын деректерді іздеп табудың заңдылықтары, оларды өңдеу және пайдалану туралы білім жүйесі;
- Д. тарихи деректерді ғылыми айналымға түсіру туралы білім;
- Е. тарихнамалық деректерді талдау жүйесі.

12. Тарихнамалық деректер -

- А. тарихнама пәні бойынша анықталатын және тарих ғылымындағы үрдістер туралы, оның жай-күйінен ақпарат беретін тарихи деректер;
- В. тарихи оқиғалар мен үдерістерден мәлімет беретін деректер;
- С. тарихи деректердің типі;
- Д. тарихнама пәнінен мәлімет беретін деректер;
- Е. тарихнамалық заңдылықтар туралы мәлімет беретін деректер.

13. Тарихнамалық деректерді зерттеуге сүбелі үлес қосқан ғалым -

- А. С.О.Шмидт;
- В. М.В.Нечкина;
- С. Н.Н.Маслов;
- Д. М.А.Варшавчик;
- Е. В.П.Наумов.

14. Басты тарихнамалық деректер -

- А. тарихшының еңбектері;
- В. мұрағат құжаттары;
- С. ауызша тарих айту деректері;
- Д. мерзімді басылым және статистикалық материалдар;
- Е. археологиялық жәдігерлер.

15. Тарихнаманың функциялары:

- А. методологиялық, әдістемелік, талдау;
- В. жүйелеу, бағалау, болжау;
- С. синтездеу, танымдық, методологиялық;
- Д. танымдық, теориялық-методологиялық, болжамдық;
- Е. әдістемелік, болжамдық, сараптамалық.

16. Тарихнамалық зерттеудің мақсаты -

- А. жаңа теориялық ұстанымдарды орнықтыру;
- В. тарих ғылымының даму заңдылықтары мен үрдістерін айқындау;
- С. тарихи ғылыми тұжырымдар қалыптастыру;
- Д. ғылымның методологиясын жетілдіру;
- Е. тарихи ой мен тарихи білімді дамыту.

17. «...үштік бірліктегі тарихнамалық мәселе» -

- А. тарихнамалық мерзімдеме;
- В. тарихнамалық талдау;
- С. тарихнамалық кіріспе;
- Д. тарихнамалық зерттеу;
- Е. тарихнамалық қорытынды.

18. Тарихнамалық зерттеудің фактлік бөлім нелерден тұрады?

- А. тарих ғылымы дамуының заңдылықтарын тануға негізделген деректер мен фактлерді талдаудан тұрады;
- В. тарихи деректерді талдаудан тұрады;
- С. тарихнамалық фактлермен танысудан тұрады;
- Д. ғылымның методологиялық ұстанымдарын көрсетуден тұрады;
- Е. тақырыптың библиографиясын оқып-үйренуден тұрады.

19. Тарихнамалық зерттеудің талдау-синтездеу бөлімінде қандай мәселелер зерттеледі?

- А. тарихи деректердің шынайылығы талданады;
- В. тарихи деректер өзара салыстырылады;
- С. ұқсас фактлер синтезделеді;
- Д. тарихи деректер жүйеленеді;
- Е. тарихшылардың деректермен жұмыс істеуі, оларды қорыту тәсілдері, әлеуметтік эксперимент жасауы зерттеледі.

20. Тарихнамашы тарихнамалық деректер мен фактлерді сынауда нені естен

шығармауы тиіс?

- А. ғылыми позицияны;
- В. тарихи танымды;
- С. ғылыми сын айтудың этикасын;
- Д. ғылымның заңдылықтарын;
- Е. ғылымның методологиясын.

21. Тарихнамалық зерттеудің түрлері:

- А. мерзімдемелік, тақырыптық, проблемалық, биографиялық;
- В. дербес, біртұтас, аяқталған;
- С. диссертация, монография, ғылыми мақала;
- Д. ғылыми есеп, библиография, монография;
- Е. тарихшының еңбектері.

22. Тарихшының ғылыми шығармашылығы мен зертханасына қандай тарихнамалық зерттеуде назар аударылады?

- А. мерзімдемелік түрдегі зерттеуде;
- В. проблемалық түрдегі зерттеуде;
- С. биографиялық түрдегі зерттеуде;
- Д. тақырыптық түрдегі зерттеуде;
- Е. ғылыми түрдегі зерттеуде.

23. Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде тарихнамалық зерттеулердің көбінесе қандай түрлері дайындалды?

- А. биографиялық;
- В. тақырыптық;
- С. проблемалық;
- Д. мерзімдемелік;
- Е. мерзімдемелік – проблемалық.

24. Отандық тарихнама ғылымында тәуелсіздік жылдары Қазақстан тарихы мәселелерін шетелдік тарихнама бойынша зерттеген ғалымдар:

- А. Л.К.Есмағамбетов, Қ.Атабаев;
- В. Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев;
- С. Қ.Р.Несіпбаева, Р.М.Таштемханова, Х.А.Сутеева;
- Д. О.Х.Мұхатова, Т.Ә.Төлебаев, Г.М.Кәкенова;
- Е. М.Х.Әбусейітова, С.Ф.Мажитов.

25. Кеңестік тарихнамада әлеуметтік принцип неге негізделді?

- А. тап күресіне;
- В. кеңестік идеологияға;
- С. тоталитарлық жүйеге;
- Д. партиялық номенклатураға;
- Е. Пролетарлық интернационализмге.

26. Қазақстанда тарихнама ғылымы қашан қалыптасты?

- А. кеңестік кезеңде;
- В. тәуелсіздік жылдары;
- С. орта ғасырларда;
- Д. ежелгі дәуірде;
- Е. жаңа заманда.

27. «Тарих - адам қызметінің жемісі» методологиялық ұстанымының авторы -

- А. М.Қозыбаев;
- В. Т.Омарбеков;
- С. М.Қойгелдиев;
- Д. К.Нұрпейіс;
- Е. Ж.Қасымбаев.

28. Тарихнамалық заңдылық қай кезде орнатылады?

- А. ғылыми ой дамуының түрлі кезеңдеріндегі қозғалыс процесін көрсететін тарихи шығармашылықты талдау нәтижесінде орнатылады;
- В. тарихнамалық деректерді жүйелеу нәтижесінде орнатылады;
- С. тарихнамалық фактлерді салыстыру барысында орнатылады;
- Д. тарихнамалық библиография құрастыру нәтижесінде орнатылады;
- Е. тарихнамалық тұжырым жасау негізінде орнатылады.

29. Тарихнамалық фактлердің барлығы дерлік талдауға қажет пе?

- А. иә;
- В. жоқ;
- С. барлығы бірдей емес;
- Д. жартысы;
- Е. көпшілігі.

30. Тарихнаманың пәні -

- А. тарихнамалық деректерді тану;
- В. тарихи деректерді тану;
- С. тарихи үрдістердің алмасуын тану;
- Д. тарихи білімнің пайда болуы мен дамуының заңдылықтарын тану;
- Е. тарихи оқиғалар мен үдерістердің дамуын тану.

## Қосымша

### Тарихнамалық кестелер

#### 1-кесте

№	Зерттеуші - тарихшы	Еңбегінің атауы	Негізгі мазмұны
1.	Ә. Бөкейханов	Қырғыз өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдени жетістіктері; Қырғыздар (Қазақтар)	Ежелгі дәуірден ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ тарихы, қола, темір дәуірлеріндегі Қазақстан аумағындағы ескерткіштер,

			алғашқы тайпалар, түркі дәуіріндегі ұлыстар, Қазақ хандығы, Ресей бодандығындағы кезең, орыс шаруларының қоныс аударуы, т.б. мәселелер қарастырылған.
2.	А. Байтұрсынов	Ақ жол; Революция және қырғыздар	Қазақ халқының тәуелсіздігінен айырылуының себептері, Қазан төңкерісінің мәні ашылады.
3.	Ш. Құдайбердіұлы	Түрік, қазақ һәм хандар шежіресі	Түркі, қазақ ру-тайпаларының, хандарының шежірелері көрсетіледі.
4.	М. Тынышпаев	Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар; Ұлы қасірет	Түркі дәуірі, Шыңғыс хан кезеңі, Қазақ хандығы кезеңдеріндегі Қазақстан тарихының өзекті мәселелері, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарындағы қазақ халқының қасіретті жағдайы, жоңғар жаулап алушыларына қарсы азаттық күресі баяндалады.
5.	Ж. Ақпаев	Қазақ халқының шығу тегі туралы	Түркі тайпаларының бастапқы отаны, қазақ ру-тайпаларының құрылымы, халықтың қалыптасу мәселелері, «қазақ» сөзінің мәні мен мазмұны туралы айтылған.

## 2-кесте

### Қазақстанға орыс шаруларын қоныстандыру тарихының кезеңдері

р/с	Автор	Еңбектің атауы	Кезеңдері
1.	Т..Шонанұлы	Жер тағдыры - ел тағдыры	1.орысқа бағынғаннан бастап ХІХ-ғасырдың 80-жылдарына дейін.Бұл

			<p>атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі;</p> <p>2.80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі.</p>
2.	Ә.Б.Тұрсынбаев	Из истории крестьянского переселения в Казахстане.	<p>1.Сібір темір жолын салуға дейінгі Қазақстанға қоныс аудару қозғалысы.</p> <p>2.Сібір темір жолы комитетін құрғаннан кейінгі қоныстандыру қозғалысы;</p> <p>3.Столыпиндік реакция кезеңіндегі қоныстандыру қозғалысы.</p>
3.	П.Г.Галузо	Аграрные отношения на юге Казахстана 1871-1914гг.	<p>П.Г.Галузо қоныстандыру саясатындағы кезеңдерді емес екі сатыны көрсетеді. Олар:</p> <p>1-саты XIX ғасыр, шаруалар қоныстандырылуының стратегиялық және әскери саяси мақсаттарда жүргізілуі;</p> <p>2-саты XIX ғасыр - Ресейдегі шаруалар бас көтерулерінің өсуіне байланысты қоныстандырылудың қарқынды жүргізілуі.</p>
4.	Р.М.Таштемханова	Переселенческая деревня и ее взаимосвязи с казахским аулом во второй половине XIX - начале XX веков.(на материалах Семипалатинской области)	<p>1.1871-1895 жж. Бұл патша үкіметінің қоныстандыруға қайсыбір деңгейдегі негативтік қатынастар уақыты;</p> <p>2.1895-1905жж. Шаруалар қозғалысының өсуіне және еркін шаруалар қоныстануына байланысты, сондай-ақ патша үкіметінің қоныстануға тиым салу саясатынан оны марапаттау мен ресми қолдау саясатына өтуге мәжбүр болуы;</p> <p>3.1906-1917 жж.- патша үкіметінің 1905- 1907-жылдардағы буржуазиялық демократиялық революцияның жеңілуінен кейін шиеленіскен аграрлық қайшылықтарды қалайда шешуге тырысуымен және шаруаларды европалық Ресейден шет аймақтарға жаппай жер аудару,</p>



			столыпиндік жер реформасын іс жүзіне асырумен сипатталады.
5.	Ғ.А.Меңілбаев	Қоныс аударушылар мекендері мен қазақ ауылдары арасын- дағы қарым-қатынас- тардың өзекті мәселелері (1867-1914ж.ж.)	1.1867-1897 ж.ж. 2. 1897-1905 ж.ж. 3.1906-1911 ж.ж. 4.1910ж желтоқсан-1917 ж.
6.	О.Х.Мұхатова	XIX-XX ғасырлар- дағы Қазақстан тарихнамасы	1.1861-1890 ж.ж.- Ресей шаруаларының еркін түрде қазақ даласына көшіп келе бастауы; 2.1891-1905 ж.ж.-қоныстандырудың «заңды» түрде жүруі; 3.1906-1917 ж.ж.- қоныстандырудың бұрын соңды болмаған деңгейде күшеюі.

*Зерттеушілерге тарихнамалық талдау жүргізу үлгілерінің бірі ретінде мына төмендегі мәселенің зерттелуін ұсынамыз.*

### **Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандырудың және жер мәселесінің зерттелуі**

Ресей империясының отарлау саясатының күшеюіне байланысты қазақ жерлеріне қарашекпенділердің жылдам қарқынмен қоныс аударуы, оның мәні мен мақсаты XIX-ғасырдың соңынан бастап зиялы қауым өкілдерін, зерттеушілер назарын өзіне аударды. Ресейлік буржуазиялық және демократиялық тарихнамасында қоныстандыруға айтарлықтай көңіл бөлінді.

Алайда ол ХХ-ғасырдың бас кезінде өмір сүрген ұлыдержавалық шовинизм шеңберінен шыға алмады.

Патша үкіметінің қоныстандыру саясатына, соның салдарынан туындаған жер мәселесі ХХ-ғасырдың басындағы қазақ қоға-мының күрделі әрі шешімін табуға ұмтылған даулы мәселесіне айналды. Осыған орай “Қазақ” газеті мен “Айқап” журналының беттерінде түрлі ой-пікірлер, көзқарастар білдірген еңбектер жарияланды.

Қазақстанның тарих ғылымында кеңестік дәуірде патша үкіметінің қоныстандыру саясатын арнайы зерттеген бірқатар еңбектер жазылып, жарияланды. Әйтсе де аталмыш мәселе тарихнамасы маркстік-лениндік методология негізінде қарастырылып, коммунистік идеологияның қыспағында қалды. Сондықтан шынайы, кең ауқымды тарихнаманы қалыптастыру мүмкін болмады. Соңғы жылдары қоныс аудару тарихының өзекті мәселелерін жаңа тарихи таным мен методология тұрғысынан саралауда көптеген зерттеулер жарияланды. Олар бұрмаланған оқиғалардың ақиқатын анықтап, тарихи шындықты қалпына келтіруде аса маңызды роль атқарды. Қоныстандыру мен жер мәселесі кеңестік дәуір мен тәуелсіз Қазақстан кезеңінде жан-жақты зерттелгенімен қазақстандық тарих ғылымында мәселені тарихнамалық тұрғыда қарастыратын еңбектер жоқтың қасы. Тек П.Г. Галузонның “Очерк советской историографии аграрных отношений в Казахстане в период капитализма” атты еңбегін атауға болады. Онда негізінен патша өкіметі әскери-феодалдық империализм ретінде қарастырылып, шаруа-келімсектердің жаңа өлке - Қазақстанда феодалдық қанаудың объектісіне айналғандығын көрсетеді. Тарихнамалық зерттеу болғандықтан қазан төңкерісіне дейінгі ресейлік тарихи еңбектер талданып, оларға баға беріледі. Сонымен қатар әскери-феодалдық империализм мәселесінің Б.Сүлейменов, Е.Бекмаханов, Ә. Тұрсынбаев т.б. еңбектерінде көріну деңгейін ашады [1]. Еңбектің біз қарастырып отырған мәселе үшін маңызы ерекше. Алайда П.Г. Галузо аталған еңбегінде қоныстандыру мәселесінің кезеңдерін көрсетпейді. Әйтсе де талдау жасалынып отырған проблеманың кезеңдері бойынша қазақстандық ғылымда пікір айтқан зерттеушілер жоқ емес. Алайда патша үкіметінің қоныстандыру саясаты тарихын кезеңдерге бөлуде әрбір тарихшының өзіндік пікірінің бар екендігін айтуымыз керек.

Ең алдымен бұл мәселеге пікір айтқан 1937 жылы жазықсыз жазаның құрбаны болған қазақ халқының көрнекті ғалымы Телжан Шонанұлы сонау 1920 жылдары назар аударған. Т.Шонанұлы өзінің 1923 жылы жазылып, 1926 жылы “Қазақ жер мәселесі тарихы” деген атпен Ташкент қаласында жарық көрген еңбегінде тұңғыш рет отарлау, қоныстандыру тарихының кезеңдерін ашып көрсетеді. Ғалым өз ой-пікірін ашық жаза отырып былай дейді: “Қазақ орыстың қол астына 1732 жылдан бері қарай кіре бастаған. Сол жылдардан бастап-ақ патшашыл үкімет қазақ жерін отарға айналдыру, қазақ даласын талау тарихын екі дәуірге бөлуге тура келеді: 1) орысқа бағынғаннан бастап ХІХ-ғасырдың 80-жылдарының басына дейін. Бұл атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі; 2) 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін қара шекпенділер

үшін жер алу дәуірі” [2].

Мұнан кейін қоныстандыру саясатының кезеңдері Қазақстандағы тарих ғылымының негізін қалаушылардың бірі С.Ж. Асфендияровтың “Қазақстан тарихында” көрсетілді. Патша үкіметінің қоныстандыру саясатын жан-жақты зерттей келе, ғалым оны мынадай үш кезеңге бөледі: 1) әскери отарлау кезеңі; 2) қара шаруаны отарлау кезеңі; 3) 1905 жылғы революциядан кейінгі переселен саясаты[3]. Автор өз пікірін мынадай ой-тұжырыммен түйіндейді: “... Ресейде капитализм өркендеген сайын өкімет қоныстану саясатын күшейте бастады. 1891 жылы Еділ өлкесінде болған ашаршылық және терістік Қазақстанның жерін басып өтетін Сібір темір жолының салынуы патша өкіметінің қоныстану саясатын күшейте жүргізуіне үлкен жағдай туғызды [3.70б]. Үшінші кезеңінің 1905-07 жылдардағы революциядан кейін басталатынын: “Қазақстанға қоныс аударушылардың келуі, әсіресе 1905 жылғы революциядан кейін күшейді. Патша өкіметі қара шаруаны сыртқа көбірек жіберіп, орталық Ресейдегі жер дағдарысынан құтылмақ болды”, - деп, дәлелдейді [3.71б]. Сөйтіп, С.Асфендияров өз ой-пікірін патшалық Ресейдегі ірі саяси-экономикалық проблемалармен тығыз байланыста көрсете отырып, қоныс аудару процесінің анағұрлым күшейген уақыттарына баса назар аударады. Автордың көрсеткен әсіресе екінші, үшінші кезеңдері қоныстандыру саясаты тарихының түбегейлі мәселелерін ашуға көмектеседі. Сондай-ақ отандық тарихнамада Қазақстанға ресейлік шаруаларды қоныстандырудың кезеңдерін анықтап, нақтыландыруға септігін тигізеді.

Кеңес дәуірі кезінде қоныстандыру мәселесі қазақстандық тарихшылар назарында болғаны белгілі. Бірқатар тарихи мәнді зерттеулер жарық көрген. Солардың бірі - Ә.Б. Тұрсынбаевтың еңбегі [4]. Тарихшы-ғалым өз монографиясында қоныстандыру саясатының кезеңдерін бір жерде жинақтап көрсетпесе де, оның мақсатын, сипатын, себептерін, жүруін шартты түрде кезеңдерге бөлу арқылы көрсетеді. Мәселен, автор осы тұрғыда еңбегінің бірнеше бөлімдерін атай отырып, оларды былайша пайымдайды: 1) Сібір темір жолын салуға дейінгі Қазақстанға қоныс аудару қозғалысы; 2) Сібір темір жолы комитетін құрғаннан кейінгі қоныстандыру қозғалысы; 3) Столыпіндік реакция кезеңіндегі қоныстандыру қозғалысы [4.23б]. Ә.Тұрсынбаевтың осындай пікірі кеңестік дәуірдегі Қазақстан тарихында қалыптасқан кезеңдердің негізін құрайды.

Ресейдің отарлық жүйесіне толық бағындырылған Қазақстанға орыс шаруаларының қоныс аудару тарихы әкімшіл-әміршіл билік кезеңіндегі тарих ғылымында негізінен үш кезеңге бөлініп зерттелген. Қазақстандық зерттеушілер қарашекпенділердің қазақ даласына қоныс аударуының басталуын нақты жылдармен белгілемесе де оның ХІХ-ғасырдың аяғында қарқынды түрде жүргізіліп, ХХ-ғасырдың бас кезінде “заңды құбылысқа” айналғандығын баса көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде кеңестік қазақстандық тарих ғылымына өзіндік үлес қосқан Ә.Тұрсынбаевтың пікірі айтылған ойға дәлел болады.

Патшалық Ресейдің қазақ жерлерін отарлауы, қарашек-пенділердің қоныс аударуы, ХІХ-ғасырдың екінші жартысы ХХ-ғасырдың бас кезіндегі

Қазақстандағы аграрлық қатынастар мәселелерін егжей-тегжейлі зерттеп, бірқатар еңбектер жарияланған тарихшы-ғалым – П.Г.Галузо қоныстандыру саясатындағы 2 сатыны белгілейді: 1-саты – XIX-ғасыр, шаруалар қоныстандырылуының стратегиялық және әскери-саяси мақсаттарда жүргізілуі; 2-саты – XIX-ғасыр – Ресейдегі шаруалар бас көтерулерінің өсуімен байланысты [5]. П.Г.Галузо өз кезеңдерін қоныстандыру саясатының мақсаты мен себептеріне қарай бөледі. Бұл жерден автор пікірінің қайталанбас ерекшеліктеріне көз жеткізуге болады.

1990 жылдары Қазақстан тарихының кейбір кезеңдерін мұқият зерттеп, қалыптасқан танымды өзгертіп, қайта қарау заңды құбылысқа айналды. Себебі республиканың егемендік алуына байланысты тарихи оқиғаларды, соның ішінде патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлауы мәселелерін жаңа тарихи таным бағытында шынайы, тың деректер негізінде қайта зерттеп, зерделеу мүмкіндігі туды. Осы бағытта жазылған бірқатар зерттеулердің ішінде өзіндік көзқарасы бар Р.М.Таштемханованың кандидаттық диссертациясында қоныстандыру мәселесі Семей облысының мысалында қарастырылады. Автор өз еңбегінде қоныстандыру саясатына “үкіметтік шаруалық отарлауы” деп айдар таға отырып, оны үш үлкен кезеңге бөлуге болады деп жазады: “1) 1871-1895 жылдар. Бұл патша үкіметінің қоныстандыруға қайсыбір деңгейдегі негативтік қатынастар уақыты; 2) 1895-1905 жылдар. Шаруалар қозғалысының өсуіне және еркін шаруалар қоныстануына байланысты, сондай-ақ патша үкіметінің қоныстануға тиым салу саясатынан оны марапаттау мен ресми қолдау саясатына өтуге мәжбүр болуы; 3) 1906-1917 жылдар – патша үкіметінің 1905-07- жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңілуінен кейін шиеленіскен аграрлық қайшылықтарды қалайда шешуге тырысумен және шаруаларды европалық Ресейден шет аймақтарға жаппай жер аудару, столыпиндік жер реформасын іс-жүзіне асырумен сипатталады”[6]. Алайда автор мұндай кезеңдерге бөлуді шартты түрдегі бөлу екендігін ескертеді. Автордың қоныстандыруды кезеңдерге бөлуде сол кездегі Семей облысының саяси-экономикалық ерекшеліктерін ескергендігі байқалады. Р.М.Таштемханованың пікірі – жоғарыда көрсетілген Ә.Тұрсынбаев кезеңдеріне жақын. Тек Р.М.Таштемханова пікірінің ерекшелігі сол, автор кезеңдерді нақты жылдармен шектейді. Осылайша аталған зерттеушілердің барлығының да анықтаған кезеңдері бір-біріне ұқсас, әрі пікірлері шындыққа жақын. Себебі орыс шаруаларының қазақ даласына қоныс аударуы Ресейдегі 1861 жылғы басыбайлық құқықты жою реформасынан басталып, XIX ғ. 90-жылдары үкімет тарапынан қолдау тауып, 1905-07-жылдардағы революциядан кейін жаппай саяси-әлеуметтік сипат алды.

Ізденуші Р.М.Таштемханованың пікіріне мүлде ұқсамайтын кезеңдерді Ғ.Меңілбаев өз кандидаттық диссертациясында көрсетеді. Ғ.Меңілбаев: “қоныс аударуды шамамен төрт кезеңге бөліп қарастыруға болатын секілді”, - дейді [7]. Сөйтіп автор мынадай кезеңдерді ашып көрсетеді: 1-ші кезең (1867-1897ж.ж.). 2-ші кезең (1897-1905ж.ж.). 3-ші кезеңді автор 1906-11 жылдармен шектейді. 4-ші кезеңді Ғ.Меңілбаев 1910 жылғы 10 желтоқсаннан бастап 1917 жылмен аяқтайды [7.426]. Ғ.Меңілбаевтің анықтаған кезеңдерін аталған тарихшылар

пікіріне балама көзқарас ретінде санауға да болады. Әйтсе де біздің пікірімізше тарихи оқиғалар мен процестерді кезеңдерге бөлуде ғылымда ортақ пікірдің қалыптасуы – тарихты зерттеу мен оқып-үйренуге қолайлы.

Осылайша патша үкіметінің Қазақстандағы қоныстандыру саясаты тарихын кезеңдерге бөлуде ортақ пікірдің жоқтығына көз жеткіздік. Қазақстандық тарихнамада ортақ пікірдің болмауында өзіндік себептер де жоқ емес: біріншіден, қоныстандыру соңғы уақыттарға дейін патша өкіметінің отарлау саясатының астарында қалып келді. Сондықтан оны кезеңдерге бөлу көбінесе отарлау саясатының кезеңдерімен тығыз байланыста көрсетілді. Бірқатар тарихшы-ғалымдар қоныстандыруды кезеңдерге бөлуді қажет деп санамады. Осыған орай көбінесе тек отарлаудың кезеңдері ғана ашып көрсетілді. Екіншіден, тарихтың көптеген мәселелерін қайта қарауда қоныстандыруға үлкен мән беріліп, оның барлық қырларын зерттеу барысында өзіне тән кезеңдері ашып көрсетілуде. Тағы бір ескеретін жайт, зерттеушілер қоныстандыруды Қазақстанның әртүрлі аймақтары мысалында зерттегендіктен кезеңдері де түрлі болып көрсетілуде. Себебі орыс шаруаларының Қазақстан территориясына көшіп келу уақытында айырмашылықтары болғандығы белгілі. Мәселен, ең алдымен келімсектер Ақмола облысына, одан кейін Жетісу, Семей, Торғай-Орал, Сырдария жерлеріне жаппай орналаса бастаған.

Жоғарыда аталған ғалым-тарихшылардың қоныстандыру саясатына байланысты еңбектерін бағалайтынымызды, алайда көрсеткен кезеңдерімен келісе алмайтындығымызды айтамыз. Себебі тарихшы-зерттеушілердің барлығы қоныс аудару кезеңдерін негізінен 1870-жылдардың бас кезінен бастап, 1917 жылмен аяқтайды. Оның үстіне С.Асфендияров, Ә.Тұрсынбаев, Р.Таштемханова оның 3 кезеңін көрсетсе, П.Г.Галузо екі этапқа, Ғ.Меңілбаев 4 кезеңге бөледі. Сонымен бірге Қазақстанның жекелеген аймақтарындағы қоныс аударуды зерттеуге және оның әлеуметтік-саяси сипаты мен мәнін, қозғалыстың күшеюін анықтауға байланысты пікір алшақтығы орын алған. Сондықтан Қазақстан тарихындағы патшалық Ресейдің қазақ жерлеріне орыстардың қоныс аударуын 3 кезеңге бөліп, оны төменгідей көрсетуге болады деп есептейміз. 1-кезең – 1861-1890- жылдар – Ресей шаруаларының еркін түрде қазақ даласына көшіп келе бастауы; 2-кезең – 1891-1905 жылдар – қоныстандырудың “заңды” түрде жүруі; 3-кезең – 1906-1917 – жылдар - қоныстандырудың бұрын – соңды болмаған деңгейде күшеюі. Қоныстандыру тарихының 1861 жылдан басталатын себебі, шын мәнінде ең алғашқы Ресей шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы империядағы 1861 жылғы 19 ақпандағы басыбайлық құқықты жоюға байланысты реформаға орай жүргені белгілі. Біз қарастырып отырған проблемамен айналысқан зерттеуші-ғалымдардың өздері, мәселен, П.Г. Галузо, Ә.Тұрсынбаев, Б.Сүлейменов, М.Қойгельдиев, т.б. Ресей шаруаларының еркін түрде қазақ далаларына көшіп келе бастағанын көрсетеді. Патша өкіметі өз елінде дворян-помещик-тердің мүддесін қорғай отырып, жер мәселесін солардың пайдасына шешуге тырысты. Осыған орай жерді сатып алуға мүмкіндігі жоқ немесе жері аз шаруалар өз беттерімен қазақ сахарасына көшіп келе бастады. Алғашқыда патша өкіметі мұндай қозғалысқа көңіл аударып, шара қолдануға ұмтылғанымен,

шаруалардың Ресейден басқа жерлерге қоныс аударуын іштей құптады. Шаруалардың ішкі Ресейден еркін түрде қоныс аударуы 1891 жылғы “Дала Ережесі” бойынша патша өкіметінің қазақ даласын империяның мемлекеттік меншігі деп жариялағаннан ендігі жерде заңды түрде жүре бастады. Тіпті қоныс аударушылар мемлекет тарапынан қолдауға ие болып, оларға материалдық көмек көрсетілді. 1896 жылы Ішкі Істер Министрлігі жанынан Қоныс аудару басқармасы ашылды. Қазақ өлкесі қоныс аударатын бес ауданға: Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу бөлініп, аудандық қоныстандыру мекемелері ашылды. Осы кезеңде қоныстандыру қарқынды түрде жүрді.

1905-07 жылдардағы бірінші орыс революциясынан кейін Ресейде аграрлық мәселені шешу мақсатында елде орын алған жер дағдарысынан шығу үшін патша өкіметі қара шаруаларды шет аймақтарға көбірек жібере бастады. Столыпин жер мәселесін қазақ жерін тонау арқылы шешпек болды. Қоныстандыру аса үлкен пәрменділікпен жүргізіліп, қазақ жерлері ашықтан-ашық тонала бастады. Осындай саясаттың нәтижесінде қазан төңкерісі қарсаңында қазақ жерлеріне келіп орын тепкен келімсектердің саны 1 млн-нан асып түсті. Олар негізінен түгін тартса майы шығатын, топырағы құнарлы 45 млн. десятинадан астам жерлерді иемденді.

Ал егер қоныстандыру саясаты қазан төңкерісінен кейін де жалғасып, кеңес өкіметі кезінде күшее түскендігін ескерек, онда оның 4-кезеңін атауға болады. Ол – 1917-29-жылдар – кеңестік – большевиктік қоныстандыру кезеңі. Осы жылдары қазақ жерлерін одан әрі отарлау қарқыны күшейіп, қоныс аударушылардың саны 2,5 млн. адамға жетіп жығылды. 1929 жылы Орталық биліктің тікелей қолдауына сүйенген Ф.И.Голощекин республика үкіметі жанынан қоныс аударушылар басқармасын аштырды. “Қызыл большевиктік” қоныстандырудың одан кейінгі жылдарда, әсіресе тың және тыңайған жерлерді игеруде одан әрі жалғасқандығын айта кеткен жөн болар.

Аграрлық қатынастардың өзекті мәселесі ретінде саналатын қоныстандыру тарихнамасын 3 үлкен топқа бөліп қарастыруға болады: қазан төңкерісіне дейінгі, кеңестік дәуірде және Қазақстанның егемендік алуынан кейінгі жазылған зерттеулер.

Қазан төңкерісіне дейінгі уақыттарда аграрлық қатынастарға байланысты тарихнамада өзіндік патшалық - чиновниктік тұжырымдама қалыптасты. Оның мәні: “қазақ халқы “табиғи” номад-көшпелілердің өзбеттерінше дамуға қабілеті жоқ, оларға сырттан алдыңғы қатарлы”, “европалық” мәдениет әкелу қажет” дегенді білдірді. Ресей чиновниктері осы проблеманы зерттей келе, тек патша өкіметі Қазақстанға “мәдениет әкелді”, қазақтардың егін-шілікпен айналыса, экстенсивті көшпелі мал шаруашылығынан отырықшылыққа көше бастауы тек орыс егіншілері, казактар мен қоныс аударған шаруаларының “үлгілі ықпалы” дегенді “дәлелдеуге” тырысты. Міне, осындай көзқарастардың бірі экономист әрі статист А.А.Кауфманға тән. Автор патша өкіметінің қоныстандыру саясатын өз зерттеу объектісіне айналдырды. Түркістан генерал-губернаторлығының тұңғыш губернаторы, патша өкіметінің отарлау, қоныстандыру саясатына байланысты жүргізген іс-шараларының басы-қасында болып, осыған орай бірнеше еңбектер жазған [8]. Автор осы еңбектерінде

қоныс аудару саясатының мән-мақсатын, маңызын аша келе қазақ жеріндегі “бос жерлер” (артық жерлер) жөнінде, оған орыс мұжықтарын қоныстандыру мәселесін ашықтан-ашық көрсетеді. Алайда оның басқа зерттеушілерден өзгешелегі сонда, ол қоныстандыруды ішкі Ресейдегі аграрлық шиеленісті шешудің тәсілі деп қарамайды. Патшалық Ресейдегі аграрлық дағдарысты жоюдың жолы – ол жеке меншік жерлерді мемлекет пайдасына алу деп санайды. Бұдан А.А. Кауфман пайымдауының патша үкіметінің мүддесіне сәйкес келетіндігін байқау оңай. Өйткені қарашекпенділердің Ресейдің ішкі губернияларынан Қазақстанға қоныс аударуы 1861 жылғы реформадан соң шешімі табылмаған жер мәселесінің салдарынан болды. Қазақ жерлерін жаппай тартып алу, қазақтарды шөл, шөлейт аудандарға ығыстыру арқылы “артық жерлерді” шығару – орыс шаруаларына шұрайлы жерлерді алып беру мақсатындағы патша үкіметінің құйтырқы саясатының нәтижесі.

Қазақ көшпелі қоғамының әлеуметтік –экономикалық дамуы мен қатынастарын өзінше түсіндіруге тырысқан П.П. Румянцев өз зерттеуінде қазақтардың жер пайдалануында жерге жеке меншіктің болмағандығын айта келіп, осыған ерекше мән берген. Автор көшпелі патриархалды шаруашылықтың ыдырау процесін көрсете отырып, осы бір күрделі мәселені объективті түрде аша алмаған. Қазақ далаларын орыс қоныстанушыларының отарлауын қазақ халқының өміріндегі түбірлі өзгерістермен байланыстыра келе қазақтар арасында егіншілікпен айналысатындардың үлес салмағының күрт өсуін шаруашылық сипатының өзгеруінің және қоныстандыру саясатының тиімділігінің, яғни солардың нәтижесі, - деп санайды [9]. Тіпті П.П.Румянцев “қырғыз, яғни қазақ шаруашылықтарын қайта-қайта зерттеу, одан кейін жерлерін алу барысында қазақ тұрғындарының тұрмыс тіршілігінің жақсарып егіншіліктің дамығандығы” туралы қате пікір айтады [9. 66б]. Тарих тағлымын қайта зерделеп, зерттеу П.П. Румянцев және т.б. отаршыл чиновниктердің тұжырымдарының жаңсақ айтылғандығын дәлелдеуде. Өйткені переселендердің Қазақстанға көптеп келіп, қазақ халқының шұрайлы жерлерін тартып алулары дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығының құлдырап, әлеуметтік –экономикалық жағдайларының төмендеуіне әсер етті. Ал қазақтардың егіншілікпен айналысып, отырықшылына бастауы мал жайылымдарының тарылып, көшу радиустарының қысқаруына байланысты мәжбүрліктен туындаған әрекет болды. Патшалық-чиновниктік тұжырымдама бағытында жарияланған еңбектердің бәріне ортақ кемшіліктер: қоныстандыру саясатының нәтижесінде қазақ халқы жағдайының төмендеп, кедейшілік пен жерден айырылу өлімге әкелгендігі туралы жұмған ауыздарын ашпау. Ойымыз дәлелді болу үшін осы кезеңде жарық көрген “Влияние колонизации на киргизское хозяйство” деген еңбекті қарастырайық. Шағын еңбек Қостанай уезіндегі Арақарағай болысының шаруашылық жағдайын қайта зерттеу негізінде жазылған. Патша үкіметінің қоныстандыру және жерге орналастыру, егін шаруашылығы бас басқармасының чиновниктері аталған болыстағы жер үлесі, жер жырту көлемі, қазақтардың егіншілікпен айналысуы, мал шаруашылығының дамуын қасақана ешбір өзгеріске түсірмей, барлық жағынан тек “күнгейін көлеңкесіз” көрсетеді [10]. Осындай бағытта жазылып, қазақ

халқының егіншілікке көшуін тек қоныстандыру саясатының нәтижесі ретінде қарастыратын Н.Коншин, С.Н.Велецкий, В.Кузнецов еңбектерін атауға болады [11]. Дегенмен Н.Коншин көшпенділердің кедейленгенін, олардың арасында малы жоқтардың пайда болғандығымен көрсетеді. Бірақ “қазақ ауыл шаруашылығының дағдарысы, Н.Коншиннің пікірінше мал шаруашылығының күйреуіне, құнарлы жерлердің шаруа-келімсектердің алуына байланысты [1. 11б]. Ал С.Н.Велецкий, В.Кузнецов керісінше патшалық Ресейдің отарлау саясатын, соның ішінде шаруалар қоныс аударуын қазақ халқы үшін прогрессивті құбылыс түрінде сипаттайды. Авторлар орыс шаруаларының Қазақстанға көшіп келуі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрмыс-тіршілігіне тек жағымды әсер еткендігін баса көретеді. Осылайша патшалық-чиновниктік бағытта жазылған еңбектерде қоныстандыру мен қазақ жерлерін талан-таражға салу, жаппай тонау объективті түрде көріне алмады. Олар қазақ жерлерін тартып алу халықтың жер тапшылығына ұшырап, шаруашылығының күйзелуін “артық” жерлердің болуымен түсіндірді. Себебі жарияланған еңбектер патша үкіметінің мүддесіне негізделіп, отаршыл пиғылға сай жазылды.

Сондай-ақ “қазақ даласындағы егіншілік, отырықшылыққа өту, қазақтардан жерді тартып алудың арқасында жер тапшылығының тууы нәтижесінде пайда болды. Мұның өзі «қазақтарға көшпелі мал шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік бермеді» деген тұжырымды қалыптастырушылар, Қазақстандағы аграрлық жағдайды шынайы түрде көрсетіп, патша өкіметінің отарлық саясатын аша білген, демократиялық тұжырымдаманы ұстанушылар Н.Васильев, Л.Герман, А.Е. Алехторов, В.Герн, Н.Зеланд сияқты авторлар болды. Шынында да авторлар көрсеткендей ХІХ-ғасырдың бас кезіндегі ресейлік келімсектердің Қазақстанға қоныс аударуы, қазақтардың шұрайлы жерлерінің тартып алынуы көшпелі мал шаруашылығын тығырыққа тіреп, дағдарысқа әкелді. Патшалық қатал цензураға қарамастан Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірінде орын алған жағдай туралы батыл пікір танытқан авторлардың тұжырымдары Ресей империясының қоныстандыру, аграрлық саясатының шынайы мәнін ашуда негіз бола алады.

ХХ-ғасырдың басында жарық көрген, патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы жазылған, қоныстандыру шараларын әшкерелейтін еңбектердің бірі ретінде Т.Седельниковтың шағын еңбегі саналады [12]. Т.Седельников өз зерттеуінде қоныс аударуды ұйымдастыруда жіберілген қателіктер, патша чиновниктерінің өз еріктерімен жасаған жүгенсіздіктерін ашып көрсетеді. Әсіресе ағаштарды саяжайлар үшін кесуді қатты сынайды. Автор қазақ жерлерінің қоныстандыру үшін тартып алынғанын, оларды шөл, шөлейт аудандарға ығыстырғанын, қоныс аудару қорлары жергілікті тұрғындардың пайдаланып отырған жерлері есебінен жүргізілгендігін ашық, жан-жақты жазады. “Ол (жерге орналастыру жүйесі) қырғыздардың ең тандаулы жерлерін тартып алып, ... үйсіз, қаңғырап қалған көшпенділерге ешқандай пайда көрсетпей, оларға сәтті жүргізіліп жатқан іске кедергі ретінде қарайды”, - деген автор пайымдауды осының дәлелі [12.47б]. Осылайша Т.Седельников: “қазақ ауылының отырықшылыққа көшуіне патша үкіметі жағдай жасаған жоқ,



керісінше шын мәнінде оған кедергі жазады” деген шындыққа жанасатын пікір айтады. Ресей империясы қазақ халқының өзіне тәуелді болуын және экономикасы үшін арзан шикізат көзі ретінде мал шаруашылығының үстем түрде дамуын қалады. Аймақта патриархаттық-рулық қатынастардың орнығып, экономи-касының төмен деңгейде дамуы патша өкіметінің отарлау саясатының мүддесіне сай келді.

А.Алекторов, Н.Васильев, Н.Зеланд, В.Герн Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы дағдарыс патша өкіметінің отарлау саясатының салдары екендігін ашып айтады. Мәселен, А.Алекторов қазақ халқы шаруашылығының дағдарысқа ұрынуының басты себебін отарлық езгімен байланыстырса, Н.Зеланд қазақтардың кедейленуі оларды жер пайдалануда ығыстыру емес, патша өкіметінің тарапынан ауылды аяусыз тонауының салдары ретінде көрсетеді. Н.Васильев, В.Герн де қазақтар ауыл шаруашылығының құлдырауын отарлау, қоныстандыру саясатының тікелей әсері деп баса көрсетеді [13].

Мұнан өзге жалпы қоныстандыру қозғалысы, қоныс аударушы шаруалардың тұрмыс-жағдайлары, шаруашылықтары туралы жазылған зерттеулер де кездеседі. Мәселен, А.А.Комаровтың еңбегінде патша үкіметінің қоныс аудару төңірегінде жіберіп отырған асыра сілтеулері шынайы суреттеледі [14]. Автор қоныстандыру мәселесінің өзекті тұстарын батыл сынап, әшкерелейді.

Осындай бағытта жазылған Н.М. Ядринцев, А.Л. Трегубовтың да зерттеулерін атауға болады [15]. Авторлар өз туындыларында келімсектердің шынай әлеуметтік-экономикалық жағдайын қарастырады. Еңбектерде Жетісу, Семей облыстарындағы қоныстанушылардың ауыр тұрмысы көрсетілігенімен Қазақстанның отар аймақ ретіндегі жағдайы өзінің дұрыс көрінісін таба алмайды.

Жалпы осы кезеңдегі демократиялық бағытта жазылған зерттеулердің көптеген кемшіліктеріне қарамастан қоныстандыру тарихын зерделеуде маңызы зор екендігін айта кеткен жөн. Орыс зиялылары қалыптастырған демократиялық бағыттың мәні мен сипаты патшалық Ресейдің шаруалар отарлауының шынайы “келбетін” ашып, зардаптарын көрсетуімен анықталады. Бұл бағытты ұстанушылар патша өкіметінің отарлау саясатын әшкерелеп, оның қазақ халқына тигізген келеңсіз ықпалын тарихи шындық тұрғысында пайымдайды.

Осылайша чиновниктік-отарлық, яғни шовинистік концепциямен қатар қоныс аудару мәселесін зерттеуде демократиялық бағыт орын алды.

Патша үкіметінің қазақ жерлерін қарашекпенділерге әперуге кірісуі, халықтың шұрайлы, сулы, нулы жерлерінен айырылуы, мұндай зорлықтың күйзеліс пен дағдарысқа әкелгендігі ғасыр басындағы ең негізгі өзекті мәселеге айналды. Саяси, экономикалық зор мәні бар проблема қазақ зиялылары арасына қозғау салды. Олар аталған мәселе төңірегінде ортақ пікірге келе алмай, екі топқа бөлінді. Бірінші топқа отырықшыландыруды уағыздаған Б.Қаратаев, М.Сералин, М.Дулатов еңсе, екіншісін көшпенді өмір салтын жақтаған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, т.б. бастаған қазақ зиялылары құрды. Бірінші топтың мүшелері 1911-15 жылдары үзбей шығып тұрған “Айқап” журналының төңірегіне шоғырланды. Шаруалар отарлауы, жер мәселесі т.б. журнал бетінде

үнемі жарияланып тұрды. Сонымен бірге патша өкіметінің қоныстандыру саясатының мәнін, мақсатын, жай-жапсарын түсіндіруде үлкен насихат жұмыстарын жүргізді. Журнал беттерінде отырықшылыққа шақыру жайында басылған мақалалармен қатар оған қарсы пікір айтушылардың көзқарастары басылды. Отырықшылыққа көшу, қала салу идеясын ұстану бағытында журнал беттерінде “Қазақ өкпесі”, “Тағы да жер жайынан”, “Жер мәселесі”, “Біздің бұрынғы һәм қазіргі халымыз”, “Көшіп жүру керек деушілердің пікірі” т.б. шағын мақалалар жарық көрді [16]. Осындай бағытта жазылған мақалалардың бірінің авторы – М.Дулатов. М.Дулатов жер алып, отырықшылыққа көшу, қала болу, мәдениетті елге айналуға шақыру мақсатында былай деген: “... 15-20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбей, бұлай болғанда енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып, ақырында пақырлыққа жетуі ықтимал. Жер көп-аз болса да бұл заманның өнер-білім заманы болған шақта әр жерде жайылып жүргенде оқудан мақұрым қалармыз. Надан халық білімді халықтардың өзінің діні, хақын сақтай алмай дүниеден ақыры есебін бітіруі ықтимал” [16. 25-26б]. М.Дулатов қалыптасқан жағдайдан шығар жол жер алып, отырықшылыққа көшу екендігін жасырмайды. Отырықшылық өмір білім мен мәдениетке жол ашады деп есептейді. Осы көзқарасқа қарсы пікірді “Қазақ” газеті төңірегіне жиналған қазақ зиялыларының бірі Ә.Бөкейханов білдіреді. Ұлтжанды тұлға: “Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс 15-ден жер берді деп егінші бола қоймайды... Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-ден жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады... 15-ден жер алмай тұрып жан-жағына қара дейтініміз, 15-ті алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, бұған мал бағылмайды,—деп жазады [17]. Ә.Бөкейхановтың “15-і” патша өкіметінің “жерге орналастыру” саясатынан шығып отыр. Көшпелілерді жер үлесін беріп орналастыру, яғни отырықшылыққа өтуге ынталандыратын шараларды іске асыра бастады. Мәселен, 1905 жылы Егіншілік және мемлекеттік мүлік министрлігі Жерге орналастыру және Егіншілік бас басқармасы болып қайта құрылды. Осыған орай қазақ шаруаларының бір бөлігі жаппай отырықшылыққа көше бастады. Алайда бұл Ә.Бөкейханов көрсеткендей салдары мен зардаптары қайғылы, зорлық әрекеттер еді. Жалпы қарашекпенділердің қазақ жерлеріне қоныстануына, олардың зорлық-зомбылық әрекеттеріне қазақ халқының жерден айырылып қалу, патша үкіметінің саясатын әшкерелеуге Ә.Бөкейхановтың бірқатар еңбектері арналды [18]. Олардың қоныстандыру тарихын жаңаша зерделеуде алар орны мен маңызы өте зор.

“Айқап” журналы төңірегіндегі зиялылар Ә.Бөкейхановтың көшпелі норма алмау пікірін қолдамады. “Ә.Бөкейханов пенен “Қазақ” газетінің отырықшы нормадан көшпелі норманың артықтығы турасындағы пікірлері... залал келтіріп тұр. Неге десеңіз, көшпелі норма болған уақытта қазақ жері патшалыққа керек болғандай болса алына береді. Көшпелі норма қазаққа жерді уақытша пайдалануға ғана береді... Егерде олар Бөкейханов пенен “Қазақ” газетінің сөздеріне еріп көшпелі қалыпта қала берсе, арты не болмақ [16.219-220бб]. Айқаптықтар патша үкіметінің “отырықшы жұрт нормасына” байланысты құйтырқы саясатының мәні мен астарын түсінді. Осы норма

арқылы патша үкіметі өзіне жерді көбірек босатып алуды көздеп отырғанын “Айқап” зиялылары халыққа ұқтырғылары келді. “Отырықшы норманы” алу қажеттілігі жайындағы зиялылардың бағытын отарлау саясатының негізінде қарастырсақ, оның сол кезең үшін дұрыс екендігін айтар едік. Себебі Ә.Бөкейханов және “Қазақ” газеті төңірегіне жиналған қазақ зиялыларының ұсынған жолы сол кезең үшін тиімді еді. Себебі Столыпин реформасынан бері қарай ішкі Ресейден қоныс аударушылардың толассыз ағылуы жағдайында бұрын егіншілік мәдениеті жаппай дәстүрлі тіршілігіне айналмаған қазақ бұқарасы үшін ешқандай да даярлықсыз отырықшылыққа өту дегеніміз, көп ұзамай-ақ жерден айырылып, қайыршылыққа ұшырап, артынан біржола жоқ бөлумен тең еді [19]. Жалпы Ә.Бөкейханов қазақ халқының отырықшы тұрмысқа өтуіне қарсы болған жоқ, керісінше “отырықшы нормаға” қарсы шығып, оның салдарының халық үшін мүлде зиянды екендігін ескертті. Ресей шаруаларының қазақ жерлеріне шұбыруын, қазақ халқының шұрайлы жерлерден зорлап ығыстырылып, ақыры құмға, шөлейтке шегінуін көрсетуде қазақ зиялыларының ой-пікірлері ортақтасып, бір жерден шығады. Бірі осыған орай “қазақ өзі бөтен жаққа переселен болып көше бастады” десе, екіншісі, “... халықтың өсіп, жердің өспеуі һәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты хүкіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, атамекеннен ірге қозғалып, қазақтың шаруасының күйзелуі”, - деп шындықты бұлттартпай көрсетеді [16.94б; 17.304б.]. Сонымен қатар қазақ зиялылары қоныстандыру саясатының қайғылы нәтижелері тек халықты күйзеліс пен кедейлікке ғана емес, сонымен бірге жерінің тозып, табиғи ортасының бүлінуіне әкелгендігі туралы мәселені өз туындыларында дер кезінде көтерді. Дәл осындай жағдайды ұлттық-демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының бірі, көрнекті ғалым-тарихшы М. Тынышпаев өз еңбегінде баяндайды. Автор Жетісу облысындағы қоныстанушылардың тым көптігіне назар аударып, келімсектердің келуіне байланысты әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрт төмендегеніне назар аударады. Жетісу жерінде “мал шаруашылығы құлдырап, құнарлы жерлер тартып алынған соң, егістік көлемі қысқартылып, халқы кедейленіп, жеті жылда – 1907-14 жылға дейін облыстың танымастай өзгергендігін ашып көрсетеді [20]. Шынында да келімістер қазақ жерлерін емін –еркін жыртып, тозған жерлерді тастап, жаңа жер алып, бүкіл ең даланың тозып –тоналуына, қоршаған ортаның бүлінуіне жағдай жасады.

Тағы бір айта кетерлік жайт, 1888-1902 жылдар арасында “Дала уалаяты” газетінің беттерінде келімсектердің қоныстануы, отырықшылыққа өту т.б. мәселелері жарияланып тұрды [21].

Сонымен ХХ-ғасырдың бас кезіндегі қоныстандыру мәселесіне байланысты жарияланған еңбектер-мазмұны мен бағыттары жағынан әр түрлі. Қоныстандыру қоғамдық-саяси өмірде ең өзекті мәселеге айналған. Зерттеушілердің бір тобы – А.А.Кауфман, П.П.Румянцев, С.Н.Велецкий, В.Кузнецов сияқтылар проблеманы патша өкіметінің мүддесінен шыға отырып көрсетсе, Н.Коншин, Т.Седельников, Н.Васильев, А.Е.Алекторов, А.Л.Требугов т.б. – демократиялық бағытты ұстанушы авторлар қоныстандырудың шынайы

мән-мақсатын ашуға тырысқан. Ал үшінші, яғни Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов тәрізді қазақ зиялылары мәселеге ұлттық тұрғыда қарап, өз туындыларында келімсектердің келуі қазақ жері мен халқы үшін үлкен трагедияға айналғандығын бүкпесіз жазды. Алайда олардың ашық түрдегі ой-пікір білдірулері патша өкіметі мен одан кейінгі большевиктік диктатура мүдделеріне мүлде қарама-қайшы келді.

Ресей империясының шаруалар отарлауы, патша өкіметінің құйтырқы саясаты, жерінен айырылған қазақ халқының қасіреті сталиндік жазықсыз жазалаудың құрбандары болған қазақ зиялылары мен орыс ғалым-зерттеушілерінің ғылыми зерттеу объектісіне айналды. Кеңестік дәуірдің 20-30-жылдары қоныстандыру саясатына байланысты Ғ.Тоғжанов, С.Асфендияров, С.П.Швецов, Т.Шонанұлы, П.П.Галузо, Е.Федоров, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасовтың құнды еңбектерінде жазылды [22]. Олардың туындыларында отаршыл-чиновниктердің ұлыдержавалық тұжырымдамаларына тойтарыс беріліп, большевиктік диктатура тұсында тұңғыш рет қоныстандырудың шынайы бет-бейнесі ашық көрсетіліп, проблеманың кең көлемде, тереңірек зерттеуіне жол ашты. Алайда бұл ғалым-тарихшы, қоғам қайраткерлерінің пікірі тарих қауымдастығында түрлі көзқарас тудырды. Авторлар қоныстандыруды “шаруалар отарлауы” деп атайды. Патша өкіметі қара шаруаларды Қазақстанға көбірек шығарып, сол арқылы Ресейдегі жер дағдарысынан, аграрлық қайшылықтардың шиеленісуінен құтылмақшы болды, қазақ жерлері зорлықпен тартып алынды деген пікірде де авторлардың ойлары – біртұтас. Зерттеушілердің пікірлеріне ортақ тағы бір жайт-олардың қоныстандыру саясатының салдарларын негативті түрде көрсетуі. Мәселен, Т.Рысқұлов “Қазақстан бойынша 1916 жылы 40 млн гектар пайдалы жер тартып алынып, көшпенді халықты аямай тонау әрекеттері жалғасып отырды” десе, Т.Шонанұлы 30 млн десятинадан аса жердің отарланғандығын дәлелдейді [22.37-41бб; 2.148б.]. Екі автордың зерттеуінде ал-шақтықтың бар екендігі байқалады. Дегенмен Т.Рысқұловтың көрсеткен саны шындыққа жақын келеді. Себебі соңғы уақыттардағы зерттеулерде бұл көрсеткіш-45 млн. десятинадан астам. П.С.Швецов “қоныстардыру саясаты қазақ шаруашылығын күйзелтіп, халықтың игілігіне қалпына келмес соққы берді”, - деп ашып көрсетеді [23]. Осы ойды өрбіте отырып, ХІХ-ғасырдың соңы ХХ-ғасырдың басындағы экономикадағы қалыптасқан жағдайды С.Сәдуақасов “осы саясаттың нәтижесінде Қазақстанның егін егуге қолайлы жерлерінің бірі бірте-бірте қарашекпенділердің қолына көшті де, қазақтар құм мен шөл далаға ығыстырылды. Сөйтіп қазақ даласы көкірек ауруға ұшыраған адамның өкпесіндей шұрық-тесікке айналды” деп, – жазады [24]. Қоныстандыру саясатының нәтижесінде Т.Шонанұлының пікірінше “қазақ жерлері” Ванька, - встанькаға” айналдырылып, көшпенділер жерсіз қаңғырып, 500 үй Қытайға ауып кеткен”[2. 181-182бб]. С.Асфендияров та қазақтың ең құнарлы жерлерінің жаппай тоналғандығын көрсетсе, [3.205б ] дәл осындай тұжырымды П.Г.Галузо еңбегінен де байқауға болады [25].

Тағы бір айта кетерлік жайт, Т.Рысқұлов өзінің еңбектерінде “қоныстандыру саясаты салдарынан әсіресе 1902-03 жылдар “аралығында Қырғызстанда, яғни

Қазақстанда халықтың саны 8-9%-ке қысқарғандығын көрсетеді”[22. 386]. Осы арқылы тұңғыш рет шаруа отарлауының демографиялық жағдайына кері ықпалын тигізгенін жазып, басқа да зерттеушілерге үлкен ой тастайды. Осындай батыл пікір айту ақыры Т.Рысқұлов пен Т.Шонанұлын жазықсыз жаза құрбандары етті. Қорыта айтқанда 20-30-жылдардағы жарық көрген еңбектер деректері мен архив құжаттарының аздығына қарамастан проблеманы ғылыми тұрғыда қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Сондай-ақ өзінің бастауын 20-жылдардан алатын әкімшілік-әміршілдік жүйенің әсеріне қарамастан қоныстандыру саясатын шынайы тарихи негізде қарастырады.

40-50-жылдары ресейлік шаруалардың Қазақстанға қоныс аударуы мен жер мәселелерін зерттеу өзекті проблемалардың бірінен саналды. Өйткені келімсектердің қоныс аударуының тиімді тұстарын пролетарлық интернационализм, халықтар достығы, орыс, украин шаруаларының көшіп келуінің егін шаруашылығын жүргізуге жағымды әсері тұрғысында қарастыру аса маңызды болды.

50-60-жылдары қоныстандыру мәселесіне арналған бірқатар ауыз толтырып айтарлықтай монографиялық зерттеулер мен ғылыми мақалалар жарияланды. Мәнді де салмақты туындыларда патша үкіметінің аграрлық саясаты қоныстандырумен біртұтас байланыста қарастырылып, империяның шаруа отарлауына қатысты ғылыми ой-тұжырымдар қалыптастырылды. Жарық көрген зерттеулерде қоныс аудару саясатының себептері, мақсаты, барысы, салдары талданып, қазақстандық тарих ғылымына сүбелі үлес қосылды. Мәселен, белгілі қазақстандық тарихшы Ә.Б.Тұрсынбаевтың еңбектері аталған мәселеге тікелей арналды [26]. Ә.Тұрсынбаев патша өкіметінің қоныстандыру саясатының сипаты реакциялық болғандығын атап көрсетеді. Дәл осындай ойды Л.М.Әуезова да білдіреді [27]. Ә.Тұрсынбаев қазақ еңбекшілерінің азып-тозып қырылуы, жерлерінің тартып алынуы, қоныстандыру саясатының нәтижесінде болғандығын, революцияға дейінгі еңбектерде дұрыс көрініс таппағандығын пайымдайды. Қазақ жерлерін тартып алудың өрескел жолдары олардағы “артық” жерлердің болғандығымен түсіндірілгендігін дәлелдейді. Ал “жайылымдар, тіпті қыстауларынан айырылған қазақ тұр-ғындарының кедейленген бөлігі өз жанұяларын асырау үшін отырықшылыққа өтуге мәжбүр болды” деген пікірі шындыққа келеді [26.44-47бб]. Алайда ғалымның “шаруалардың қоныстандырылуы шаруашылықтың анағұрлым жоғарғы түрлерінің дамуына жол ашты, даму тездеп, таптық бөлініс күшее түсті” т.б. тұжырымы уақыт талабына сай келмейді [7.9б]. Себебі отырықшы егіншіліктің дамып, өндіріс құрал-жабдықтарының жетілуі, әлеуметтік дифференциацияның күшеюі көшпелі мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауымен, қазақ халқының тұрмыс жағдайларының төмендеуімен қатар жүрді.

Л.М.Әуезованың “шаруалар қоныстандырылуы объективті түрде Қазақстанда егіншіліктің айтарлықтай дамуына әкелді” деуінде әкімшілдік-әміршілдік жүйенің ықпалы бар екендігі сезілед [27.41б]. Осы жерде аталған авторлардың пікірлері бір жерден шығатындығын байқау қиын емес. Л.М.Әуезова мұнан әрі “шаруалар қоныстандырылуы орыс және қазақ еңбекшілерінің еңбек барысындағы өзара қарым-қатынастарының арқасында қазақ халқының

егіншілік пен отырықшылыққа көшуіне, қазақ диқандарының шаруашылықтың алдыңғы қатарлы түрлерін меңгеруге жағдай жасады – деген біржақты пікір білдіреді [27.416]. Алайда автор өз пікіріне өзі қайшы келеді. Себебі зерттеуші “...жалпы Қазақстанда егіншілікті қоныстанушылар сырттан әкелген жоқ, оның жеделдеп дамуы ХІХ-ғасырдың соңғы отыз жылындағы өндіргіш күштердің жалпылама дамуына байланысты, - деп жазады [27.436]. Сөйтіп, Л.М. Әуезова өз тұжырымдарын кеңестік ғылым талаптарына сәйкестендіреді. Зерттеуші егіншіліктің Қазақстан шаруашылығында ерте кездерден орын алғандығын жазғанымен, оның дамуын келімсектердің қоныс аударуымен байланыстырып, “аға” ұлттың мүддесінен шығады. Сондай-ақ автор шаруалар отарлауының салдарын “халықтар достығы” негізінде қарастырып, зерттейді. Зерттеушінің тұжырымдарынан 50-60-жылдардағы коммунистік идеологияның салқыны сезіледі.

Қоныстандыру саясатын прогрессивтік жағынан ғана көрсету көрнекті тарихшы Е.Б.Бекмахановтың салиқалы да салмақты монографиялық зерттеуінен орын алған [28]. Алайда автор қазақтардың шаруашылықтың жаңа түріне өтуін тек орыс мәдениетінің әсерімен байланыстыру дұрыс емес екендігін ескерте келе, егіншіліктің ХІХ-ғасырдың екінші жартысында айтарлықтай дамуын экономиканың жалпы интенсификациясымен байланысты көрсетеді. Ә.Тұрсынбаев, Л.М.Әуезова, Е.Б.Бекмаханов пікірлеріне ортақ тұжырым шаруалардың жаппай қоныстануы Қазақстанда орыс және қазақ кедей диқандарының экономикалық жағынан жақындасуына, бірігіп күреске шығуларына қолайлы шарттардың тууы, Е.Б.Бекмахановтың сөзімен айтқанда “тамыр болу”[27.416; 7.676; 28.1736] “Орыс шаруалары Қазақстанға жетілдірілген ауыл шаруашылық еңбек құралдарын, ең таңдаулы тұқым сорттарын малды” әкелді деген пікір жаттанды “аксиомаға” айналды. Тіпті С.А.Нейштадтың “орыс шаруа-қонысшыларының көрсеткен үлгілерінсіз, әсіресе егіншілік техникасынсыз қазақтардың диқандылыққа өтуі іс-жүзіне аспаған болар еді” – деген пікірі ешқандай сын көтермейді [29]. Әйтсе де тарихшы-ғалымдар қоныстандырудың прогрессивтік жағын көрсетумен бірге оның кейбір көлеңкелі тұстарын ашты. Мәселен, С.А.Нейштадт қоныстандыру саясатының нәтижесінде қазақтардың мал шаруашылығының деградацияға ұшырағандығын дәлелдейді [29.1076]. И.Ф.Макаров столыпіндік реформа жылдары қоныстандырудың тиімсіз факторға айналғандығын, жерінен айырылған қазақтардың ауқатты бай келімсектерге батыраққа жалданғандарын жазады [30]. О.А.Ваганов қоныстандыру қорына жер алуда қазақ жерлерінің жаппай тоналғандығын, қазақтардың жаңа өңірлерге көшуге мәжбүр болғандығын, “оброктық баптың” (оброчная статья) жүргізілуін қарастырады [31]. Осы кезеңдегі жарық көрген зерттеулерге тән тағы бір жайт, олардың барлығы дерлік қоныстандырудың тиімді жақтарына көбірек көңіл бөліп, шиеленісті мәселелерді айналып өтеді, әлеуметтік қатынастарды таптық негізде қарастырады.

60-жылдары жарық көрген зерттеулердің ішінде Б.Сүлейменовтың іргелі монографиясына тоқталып кету қажет[32]. Монографиялық зерттеуде біз қарастырып отырған мәселеге байланысты бірқатар түбегейлі ой-пікірлер

айтылады. Автор патша өкіметінің аграрлық және қоныстандыру саясатына, салдарына, келімсектердің әлеуметтік-экономикалық құрамына, орналасуына жан-жақты талдау жасайды. Еңбектің құндылығына нұқсан келтіретін тұстары да жоқ емес. Мәселен, патша өкіметінің қазақ-тардың отырықшылық пен егіншілікке өту процесіндегі тежеу әрекеттерін толық ашпайды. Зерттеу коммунистік идеология, маркстік-лениндік методология мен соған сәйкес кеңес дәуірінде ғылымда берік орныққан біржақты жаңсақ пікірлер шеңберінен шыға алмады.

60-жылдардағы қазақстандық тарих ғылымында тарихи ойлаудағы ерекшелігімен дараланатын П.Г.Галузоның еңбектері айтарлықтай орын алады [33]. 30-жылдардағы сталинизмнің идеологиялық диктаты мен әкімшілік-әміршілдік жүйенің қыспағына қарамастан аграрлық тарихи мәселелер төңірегінде зерттеулерін жалғастырды. Өзінің салмақты түбегейлі монографиялық зерттеуінде патша өкіметін әскери-феодалдық империализм және жаңа жерлерде шаруа-қоныстанушыларды феодалдық езгінің объектісі ретінде қарастырады. П.Г.Галузо Қазақстанның оңтүстігіндегі келімсектер қозғалысын, қоныстанушылардың экономикалық жағдайын, әлеуметтік дифференциациясын қамтып, талдайды. Қоныстандыру саясатын тек Оңтүстік Қазақстанда ғана емес, Солтүстік және Орталық Қазақстанда зерттеудің нәтижесінде автор “қазақ халқының экономикадағы, әлеуметтік саладағы және мәдениеттегі алға жылжуы патша өкіметінен тәуелсіз, реакциялық саясатқа қарамастан жүрді”, – деген тұжырымға келді [33.136б]. Алайда мұндай пікір қазақстандық тарихшылар арасында дау тудырды. Олар П.Г. Галузоны ресейлік империализм жүйесінде саясат пен экономиканы бөліп қарайды деп сынады. Әйтсе де П.Г. Галузоның айтайын дегені мүлде басқа еді. Ғалым тарихшылар позициясындағы келімсектердің егіншілікті дамытудағы ролінің көпіртіп көрсетілгендігін түсіндіруге талпынды. Жаңа методологиялық тұрғыда келетін болсақ П.Г.Галузо тұжырымы дұрыс болып шығады.

50-60-жылдары аталмыш проблеманың кейбір қырларын ашуға арналған кандидаттық диссертациялар жазылды [34]. Олар сол кезде қалыптасқан тұжырымдарды қайталап, берік орныққан қағидаларды аттап кете алмады. Алайда қоныстандыру тарихын одан әрі дамытуға біршама үлес қосты. 70-80-жылдары бұрын-соңды толық мән берілмеген қоныстандыруға байланысты демографиялық мазмұндағы зерттеулер жазыла бастады. Мәселен, Ф.Н. Базанова өз мақаласында келімсектердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын қарастыра отырып, солардың есебінен қазақ өлкесі халқының өскендігін, екінші жағынан қазақ халқының санының күрт қысқарғандығын көрсетеді. Автордың пікірінше 1902-03 жылдары қазақтар 9 процентке азайған. Алайда мұндай қысқаруды автор “үнемі болып тұрған жұттың нәтижесі”, – деп есептейді [35]. Мұның біржақты пікір екендігіне көз жеткізу қиын емес. Себебі шұрайлы жерлерден айырылған халықтың азып – тозып, қайыршылыққа ұшырап, азаюы қоныстандыру саясатының тікелей зардаптары екендігі даусыз. Ол туралы жоғарыда айтылды да.

Н.Е.Бекмаханова мен В.М.Кабузан мақаласы да осы бағытты ұстанады. Авторлар Қазақстанда келімсектер саны ХІХ-ғасырдың соңы мен ХХ-ғасырдың

басында 1,3 млн, ал 1916 жылы 2,2 млн адамға жеткендігін көрсетеді [36]. Қазақстан экономикасына капиталистік қатынастардың жылдам енуі мен байтақ жердің шаруашылыққа тартылғандығы қоныстанушылардың көптеп келуінің нәтижесі ретінде қарастырылды. “Орыс және украиндықтардың қазақ жерлеріне ағылып келуі өлкенің этникалық құрамын өзгертті”, - деп мәселенің шиеленісті ұлттық-демографиялық жақтарын оңай айналып өтіп, оның түп-төркініне ой жүгіртпеді [36.176].

Кеңес дәуірінде орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы Қазақ ССР тарихы тәрізді әр кезде жарық көрген ұжымдық зерттеулерде қарастырылады. Алайда шаруалар қоныс аударуының, қазақ жерлерінің тартып алынуының, қазақ шаруаларының отырықшылдыққа өтуінің объективті, шынайы тарихы 1945 жылы Алматыда М.Әбдіқалықов пен А.Панкратованың редакциялығымен жарық көрген еңбекте ғана айтылады [37]. Сондықтан да бұл зерттеу біз талдап отырған мәселені терең түсінуге көмектеседі.

Соңғы жылдары қоныстандыру тарихының қадау-қадау проблемаларын жаңа тарихи таным мен методология тұрғысынан саралауда қыруар істер тындырылды. Осы бағытта бірқатар зерттеулер жарияланды. Олар қоныстандыру саясатының шынайы мәні мен мақсатын, салдарын ашуда осы кезеңге дейін қалыптасқан жаттанды пікірлерден арылуға, өткен тарихқа жаңаша қарауға жағдай жасайды. Осы кезеңде жарық көрген ғылыми еңбектер патша өкіметінің қоныстандыру саясатын тарихи трагедия ретінде көрсетеді [38]. Қоныстандырудың мәні мен мазмұны анықталып, мәселе өзінің шынайы бағасына ие болды. Ендігі жерде қазақстандық тарихнамада империяның қоныстандыру саясаты қазақ халқының өмір сүруі негізі-көшпенді мал шаруашылығының “қабырғасының сөгілуінің, этностың жойылуының бастамасы болды” деген пікір қалыптасты. Сонымен қатар Қазақстанда “қоныстандыру жер қорының құрылуы мал шаруашылығын деградация мен дағдарысқа түсіру есебінен жүргізілді, “артық жерлерге” ең шұрайлы жерлер мен қыстаулардың кіргізілуі, қазақ жерлерінің жаппай тартып алынуы тың архив құжаттары мен деректерінің негізінде дәлелденді.

Қазақ жерлерінің патша өкіметінің бекіністер салу үшін тартып ала бастады, яғни казактың отарлау мәселелері М.Ж.Әбдіров зерттеуінен көрініс тапты. Еңбекте казактардың қазақ жерлерін тартып алып, билеп-төстеуі арқылы патша өкіметінің отарлау саясатын нығайтуға ықпал еткендігі тың құжаттар негізінде дәлелденеді [39]. Автор казактық отарлаудың келеңсіз тұстары мен зардаптарын айқындауға баса назар аударады.

Соңғы уақыттарда осындай бағытта жазылған зерттеулердің арасынан филология ғылымдарының кандидаты Сапабек Әсіптің “Қазақ қасіреті. Қоғамдық-саяси зерттеулер мен толғаулары” атап айтуға тұрарлық. Бұл еңбек жазылуының жанры жағынан очерк болса да іргелі туындылардың қатарынан орын алады. Автор қоныстандыру саясатын зерделеп, саралай келе мынадай батыл тұжырым жасайды: “Құнарлы жерден айырылып, ырыздық бұлағынан жырақтаған қазақ байғұстардың шаруасы күйзеліп, күн көрісі жылдан жылға қиындады. Малдың оты мен суы тапшы, адамның тамағы тапшылығынан тұтас ауылдар аштыққа ұрынды. Аш – жалаңаш ісініп-кебінгендер арасын әртүрлі



жұқпалы дерт жайлады. Қара сирақ кедейлік, асы барға кіріптарлық белгілі бір ауыл, аймақта ғана емес, ата мекенінен қуылған аталар мен рулар, тайпалар арасында бұқаралық сипат алды [40]. С.Әсіп қоныстандыру салдарынан болған жер дауын, жер үшін күресті де қамтиды. Автордың аталған зерттеуінен басқа отарлық саясат, жер мәселесіне арнап жазған бірқатар ғылыми мақалалары да жарияланған [41]. Солардың ішінде “Мұжығына дейін мылтық асынған” атты мақаласы назар аудартады. Мақалада 1926 жылы жазылған П.Г.Галузонның “Вооружение русских переселенцев в Средней Азии” атты еңбегінің негізінде патша өкіметінің өз билігін нығайту үшін қоныс аударушы шаруаларды қаруландырғаны, осы мәселенің ұзақ уақыт бойы көтерілмей келгендігі ашық айтылады [42]. Патша үкіметі отарлық билікті күшейту және қоныс аударушы шаруаларды саяси-әлеуметтік тірегіне айналдыру мақсатында келімсектерді қаруландырғанын архив құжаттары растайды. Сондай тың құжаттардың негізінде жазылған А.Раджаповтың мақаласын айтуға болады [43]

Қоныстандыру саясатының шынайы тарихын қалыптастыруда “қоныс аударушылардың жерлікті халықтан ауқатты да бай тұрулары керек” деген патша үкіметі чиновниктерінің нұсқауы айналасындағы мәселелер тарихшылар назарын аударуда. Әрине аталған проблема бұдан бұрын П.Г.Галузо, Б.Сүлейменовтың монографияларынан орын алған [8;32]. Алайда мәселе қазіргі уақыттағыдай өткір сипат ала алмады. С.Әсіп, М.Жақып т.б. өз мақалаларында орыс мұжығының Қазақстанда шұрайлы мол жерлер алып, бәрі бірдей болмаса да көпшілігінің ауқатты тұрмыста өмір сүргендерін жазады [44].

Қоныстандыруға байланысты мәселелердің кейбір қырлары соңғы уақыттарда өзінің объективті шешімін табуда. Солардың бірі-жоғарыда айтылған қазақ халқының отырықшылыққа көшуі. Жоғарыда көрсеткеніміздей қазақтардың отырықшылыққа көше бастауы, “прогрессивті ықпал”, “шаруашылықтың жаңа түріне қызығушылық” түрінде бағаланып, оның түп-төркініне ой жүгіртілмеді. Ендігі жерде отырықшылыққа өту басқаша пайымдалуда. Тарихшы-ғалымдардың ой-тұжырымдарын жинақтай, қорыта келе мынаны көрсетуге болады: біріншіден, қазақ халқына жер беріп, отырықшылыққа көшіру арқылы патша өкіметі оның қалған жерін тонады; екіншіден, халықтың отырықшылыққа көшуі амалсыздықтың, шарасыздықтың салдары. Кесіліп – тоналған жердің қалған-құтқанын сақтап қалу үшін отырықшылыққа өтуге мәжбүр болды; патша өкіметі жергілікті халықтың отырықшылыққа көшуін қолдаған түр білдіргенімен бір жағынан оны тежеп отырды [45]. Осы мәселемен тығыз байланыста қоныс аудару саясатының қазақтардың егіншілікпен айналысуына әсері қарастырылады. ХІХ-ғасырдың соңы ХХ-ғасырдың бас кезіндегі Ресеймен өзара шаруашылық жүйесіндегі Қазақстанның астық сату жағдайы Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстан материалдарында Б.З.Отарбаеваның кандидаттық диссертациясында көрсетіледі. Автор қазақ тұрғындарының айтарлықтай бөлігінің диқаншылыққа өтуін ауылдың таптық жіктелісі, мал шаруашылығының дағдарысы арқылы түсіндіреді [46].

Егеменді еліміздің жаңа тарихи танымын қалыптастыруда зерделі де салмақты зерттеулерімен танымал М.Қойгелдиевтің үлесі зор. Қоныстандыру

саясаты М.Қойгелдиевтің докторлық диссертациясында және соның негізінде жарияланған монографиясында терең қамтылады [47]. Автор зерттеулерінде біз көтеріп отырған мәселені қарастыруды мақсат етіп қоймаса да оның бірқатар қырларын жан-жақты талдайды. Мәселен, тарихшы-ғалымның “Алаш қозғалысы” деген еңбегінің “Патшалық биліктің ХІХ ғасырдың соңы және ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы отарлау саясаты” атты тарауында қазақ жерлерін отарлаудың жаңа кезеңі және оның негізгі қорытындылары, жерге орналастыру мәселесі қарастырылады. М.Қойгелдиев 1896 ж. Ішкі істер Министрлігі жанынан Қоныс аудару басқармасының ашылғандығын, патша үкіметінің Қазақстан аумағын қоныс аударатын аудандарға бөлгенін айта келіп, “қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде қазақ жерлерін патша үкіметі тарапынан отарлау кең көлемде және айтарлықтай үлкен қарқынмен жүргізілді. Бұл процесс, әсіресе қоныстандыру мекемелері құрылғаннан кейінгі уақытта бұрын болмаған деңгейге көтерілді”, - деп түйіндейді[47.50б]. Тарихшы-ғалым патша өкіметінің жерге орналастыру шаралары отарлау саясатының құйтырқы құрамдас бөлігі екендігіне назар аудара отырып, былай дейді: “...1909-10 жылдары қазақ жерін отарлау барысында жаңа кезең басталды деп айтуға негіз бар. Оның негізгі ерекшелігі - қазақ шаруаларының пайдалануындағы жерді көбірек босатып алу үшін оларды бірыңғай отырықшы тұрмысқа көшіру еді. Міне, сондықтанда ХХ ғасырдың басындағы қазақ шаруаларының бұрын болмаған көлемде және жедел қарқынмен отырықшы тұрмысқа ойысуының негізгі себебін таптық жіктелу процесімен емес (әрине оны жоққа шығаруға болмайды), алдымен отарлау саясатынан іздеу толық негізді”[47.61б]. Автор “Қазақ” газеті төңірегіне жиналған зиялылардың, соның ішінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсыновтың қоныстандыру мен отырықшылыққа байланысты тұжырымдарын бұлтартпас дәлелдер арқылы көрсетеді. Осыған орай мынадай пікір білдіреді: “...”Қазақ” газеті Ә.Бөкейханов және оның серіктері ... отырықшы норманың мазмұнына, аңқау елді алдауды көздеген астарына қарсы шыққан болатын”[47.160].

Осындай бағытта проблеманың жекелеген қырларын зерттеуге Ә.Б. Пірмановтың кандидаттық диссертациясы арналған [48]. Автор ХІХ-ғасырдың екінші жартысы ХХ-ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының жағдайы және ұлт зиялылары қалыптасуының алғышарттары мен қызметінің бағыт-бағдарларын талдай отырып, осы кезеңдегі көшпелі қоғамдағы экономикалық өзгерістерді көрсете отырып, көтеріп отырған мәселеге байланысты зерделі ой тастайды.

Батыс Қазақстандағы жер мәселесі Ұ.Ш.Ысмағұловтың диссертациясында қарастырылады [49]. Ізденуші патша үкіметінің қазақ жерлерін жаппай иемдене бастауын, жер мәселесі төңірегіндегі тартыстарды талдап, қоныстандырудың келеңсіз тұстарын ашады. Алайда мәселе тек Батыс аймағы мысалында қарастырылғандықтан оны бүкіл Қазақстан бойынша зерттеу міндеті туындайды.

Соңғы уақыттарда жалпы қоныс аудару мәселесіне тікелей арналған кандидаттық диссертациялар жазылды. Мәселен, Ғ.А.Меңілтаевтың Сырдария және Р.М.Таштемханованың Семей, Д.Қ.Әбеневтың Орал, Торғай облыстарын материалдары негізінде жазылған зерттеулерін атауға болады [50].

Ізденушілердің диссертацияларында Сырдария, Семей облыстарына келімсектерді орналастыру, олардың тұрмыс-тіршілігі, қазақ ауылдары және қалалармен арадағы қарым-қатынастары қамтылып, талданады. Авторлар қоныстандырудың позитивті жақтарымен қатар жағымсыз тұстарын да көрсетеді. Дәл осындай көзқарастар Қ.А.Жиренчиннің жаңа бағытта жазылған монографиялық зерттеуінен орын алған [51].

Тағы бір айта кетерлік жайт, қоныстандыру саясатының зардаптарынан туындайтын экологиялық мәселе. Қазақ даласын жапатармағай жырту, жердің тозуына ықпал етсе, екіншіден, орман-тоғайларды қырқып, аң мен құсына, қоршаған ортаға қатер төндірген. Аталған мәселе әзірше қазақстандық тарихнамада көрініс таба алмай келеді. Мәселенің кейбір тұстары М.Жақыптың мақаласында айтылады[44].

Соңғы уақыттарда тарих ғылымында әлеуметтік-тарихи демография мәселелеріне айтарлықтай көңіл бөлінуде. Өйткені тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған реформаларды жүзеге асыру жолында республика халқының өсуі мен құрамындағы өзгерістерді зерттеу өзекті мәселелердің бірінен саналады. Ғылымға негізделген демографиялық, әлеуметтік, көші-қон саясатын саралап, талдау республиканың этнодемографиялық және әлеуметтік құрылымының барысын түсінуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта бірқатар зерттеулер мен ғылыми мақалалар жазылып, жарық көрді. Қазақстандағы қоныстандыру саясатының әлеуметтік-демографиялық салдарын зерделейтін еңбектер де жоқ емес. Мәселен, М.Х.Асылбеков, Х.Әбжановтың мақаласында ХІХ-ғасырдың соңы ХХ-ғасырдың басында Қазақстанның көпұлтты аймаққа айнала бастағанына қоныстандыру саясатының тікелей қатысы, столыпиндік аграрлық реформа кезіндегі келімсектердің мейлінше көбейгендігі қамтылады. Авторлар “ұзын-ырғасы 46 жыл аясында (1871-1916ж.ж.) 1,6 миллионнан астам адамның қоныстанғанын, бұлардың басым көпшілігінің 1907-16 жылдарда келгендігін, орыстар мен украиндықтардың үлес салмағы күрт өсіп, 1914 жылы 29,6 процентке көтерілгендігін” дәлелдейді[52]. Сондай-ақ М.Асылбеков, А.Б.Ғалиевтің монографиясында да қоныстандырудың бірқатар тұстары демографиялық тұрғыдан талданады. “1914 жылға қарай қазақтардың үлес салмағы барлық тұрғындарының жалпы саны бойынша 60 процентке төмендеп, орыстар, барлық тұрғындардың 19,6 процентін құрғандығы” негізінде шындықтың беті ашылады [53]. Осы көрсеткіштер кеңестік дәуірде жазылған зерттеулердегі мәліметтермен сәйкес келмейтіндігін айтқымыз келеді. Себебі жалған “интернационализм”, “халықтар достығымен” бүркемеленген мәліметтер шынайы демографиялық жағдайды көрсетуге кедергі болды.

Қоныстандыру тарихының жалпы теориялық, методологиялық мәселелері Ж.Қасымбаевтың “Қазақстан тарихында” және Қазақстан тарихының очерктерінде берілген[54]. Аталған зерттеулердің келімсектер қозғалысын, патша үкіметінің қоныстандыру саясатын терең талдап, пайымдаудағы маңызы зор.

Қоныстандыру тарихы шет елдік тарихнамада да айтарлықтай орын алады.

Шет елдік, әсіресе батыстық зерттеуші-ғалымдар Орта Азия, Қазақстан тарихына ден қоя отырып, отарлау, қоныс аудару мәселелерін де қамтыған. Ол жайындағы деректерді тарихшы Қ.Р.Несіпбаеваның, М.Лаумулиннің еңбектерінен кездестіруге болады [55]. Мәселен, Қ.Р.Несіпбаева өзінің монографиялық зерттеуінде қоныстандыру, отырықшыландыру және егіншілік мәселелеріне байланысты қазіргі ағылшын-американ тарихнамасын талдаса, М.Лаумулин қазақ даласына орыс мұжықтарының қоныстануы, патша өкіметінің саясаты, қазақтар шаруашылығындағы өзгерістер жайында Дж.Демко, К.М.Макколей, С.Беккер, М.Рывкин, Д.Уильямс зерттеулерінде көрініс тапқандығын айтады. Батыстық тарихнама М.Лаумулин пікірінше Қазақстандағы орыстың әскери және азаматтық қоныстандыру тарихын үш этапқа бөледі 1) 1824-1869ж.ж. 2)1869-1906ж; 3) 1906-1917ж. Егер бірінші кезең негізінен кейін қалаларға айналған әскери бекіністердің салынуымен сипатталса, екінші, үшінші[55.396]. Қоныстандырудың мәні мен мазмұнын ашуда ағылшын-американ тарихнамасы мен тәуелсіз қазақстандық зерттеушілердің пікір үндестігіне Қ.Несіпбаеваның тарихнамалық талдауы арқылы көз жеткізуге болады. Мәселен автор былай деп жазады: “...зерттеушілер қоныстандыру арқылы патша өкіметінің Ресейдегі аграрлық шиеленісті, жер тапшылығын шешуге, біруақытта өзіне тірек құруға ұмтылды”[55.1066]. Дәл осындай көзқарастар қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінен көрініс тапты. Біз ол жайында жоғарыда айттық. Ал М. Лаумулин пікірінше Батыс Европалық зерттеулерде келімсектер қозғалысы таза орыс және европалық түрде көрінбейді. Мұнда көбінесе Жетісуға дүнгендердің қоныс тебуіне айтарлықтай орын беріліп, осы мәселеге бірқатар мақалалар арналған. Дегенменде Дала өлкесіндегі орыс отарлауына байланысты батыс зерттеушілерінің іргелі еңбектері арналып, жарияланған. Мәселен, Дж.Демконың еңбегінде орыс шаруаларының қоныстандырылуы, жерлерді игерудің, әсіресе Жетісудағы, толық әрі егжей –тегжейлі бейнесі көрсетіледі [81 396]. Дж. Демконың пікірлері мен пайымдаулары Қ.Несіпбаеваның зерттеуінде де көрсетіледі. [55.]Мәселен, автор осы тұрғыда былай дейді: “Дж.Демко Европалық Ресейден ХІХғ. соңы ХХғ. бас кезінде 15 млн. жаңа қонысшылар Қазақстанға келді. Көшпелі қазақтар бірте-бірте Орталық және Оңтүстік Қазақстанға қарай ығыстырыла бастады”[81.916]. Қ.Несіпбаева, М.Лаумулин шетелдік зерттеушілер М.Макколей, С.Беккер, М.Рывкин, Д.Уильямс, А.М.Хазанов, М.Олкотт еңбектерінен үзінделер келтіріп, пікірлерін талдайды. Мысалы, аталған зерттеушілердің көрсетуінше кеңес ауыл шаруашылығын зерттеуші М.Макколей революцияға дейінгі орыс аграрлық саясатының мәнін былайша айқындайды: “Столыпиннің көзі басым көпшілігі көшпелі жергілікті қазақтардың бақылауындағы мүмкіндіктері жеткіліксіз түрде пайдаланылмай отырған Дала өлкесі жерлеріне түсті де, оның дегбірі қашты. Столыпин Қазақстанды орыс Эльдорадосы” деп жариялады”[81.396]С.Беккер негізінен Қазақстандағы эмиграцияның қалалық сипатын ашады. “Орыс отарлауы даланың дәстүрлі экономикасына драмалық импульс ретінде ықпал етті. 1906-16 жылдар арасында төрт дала облысында қазақтардың егістік жерлері төрт есеге қысқарды. 1916 жылы барлық қазақтардың 30 проценті ауыл

шаруашылығымен айналысты, бірақ олардың көпшілігінің жер бөліктері аз немесе мүлде болмады”, - деп көрсетеді [81.40б] Осындай пікірлер М.Рывкиннің және Д.Уильямстың Жетісудағы келімсектер туралы арнайы жазған зерттеулерінен көрініс тапқан.

Батыс авторлары “қоныстандыру саясаты ұлттық қайшылықтарға: 1916 жылы көтеріліске, өзінің салдары арқылы 30-жылдардағы ұжымдастыруға, 50-жылдардағы тың экспансиясына алып келді”, – деп бірауызды пікір танытады. Жалпы батыс тарихнамасында ұлттық карама-қайшылықтарға баса назар аударылады. Сондай-ақ зерттеушілердің қазақ жерлерінің тартып алынып, тоналуы көшпенді мал шаруашылығының құлдырауы туралы да пікірлерін де үндестік бар. Қ. Несіпбаева зерттеуінің ерекшелігі, онда қоныстандырудың саяси, әлеуметтік-экономикалық салдарларының бірі-отырықшы-ландыру мәселесіне баса назар аударылады. Зерттеуші: “...Д.Бәйтс, Т.Монод, А.М.Хазанов, және т.б. отырықшыландыруды көшпе-лілердің қоршаған ортаға бейімделудегі ең тиімді тәсілі ретінде қарастырады... Бейімделуге жағдай жасаған жолдардың ішінде зорлау бағытының орын алғандығын атап көрсетеді. Отырықшы-лану проблемасына көшпелілер Орта Азия мен Қазақстанды патшалық Ресейдің жаулап алуынан және отарлау ережесін орнатқаннан кейін бетпе-бет келді”, - деп жазады [81.91б]. Қазақстандық зерттеушілер тәрізді ағылшын-американдық тарихшылар қазақтардың өздерінің құнарлы жерлерінен айырылған соң шөл, шөлейт аймақтарға ығысып, кейбір жағдайларда отырықшы егіншілікпен айналысуға мәжбүр болғандығын Қ.Несіпбаева көрсете келе былай дейді: “...С.Беккер 1916ж. қазақтардың 30%-не жуығы диханшылар ретінде отырықшыланды, бірақ көптеген қазақтардың жері өте аз болды, кейде тіпті болмады да, ал егер жері болса, ол өте төменгі сапада болды деп санайды [81.94б]. Осылайша шетелдік тарихшылар отырықшыландыру проблемасын патша өкіметінің отарлау, саясатының ауқымында қарастырып, тарихи шындыққа жақын көзқарастар білдірді.

Сонымен Қ. Несіпбаева, М.Лаумулин зерттеулерінен шетелдік зерттеушілердің біз талдап отырған мәселені айтарлықтай деңгейде меңгергені байқалады. Зерттеушілер дерек ретінде көбінесе кеңес деректері мен материалдарын пайдаланған. Алайда кеңестік қазақстандық зерттеушілерге қарағанда олар анағұрлым өткір пікір білдіреді. Осы орайда Қ.Несіпбаева, М.Лаумулин зерттеулерінің шетелдік зерттеушілердің көзқарастарын танудағы маңызы зор.

Осылайша қоныстандыру тарихы және оның кейбір қырларын ашатын көптеген зерттеулерді талдадық. Қорыта айтқанда патша өкіметінің Қазақстандағы қоныстандыру саясаты негізінен зерттелді деп айтуға болады. Революцияға дейінгі еңбектерде қоныстандыру патшалық-чиновниктік және демократиялық бағыттарда көрінді. Революциядан кейінгі 20-30-жылдары мәселені ғылыми тұрғыда зерттеуде алғашқы қадамдар жасалып, түбегейлі зерттелуіне жол ашылды. Бұдан кейінгі жылдардағы зерттеулердің жариялануы сталиндік билік пен әкімшіл-әміршіл жүйенің пайда болып, орнығу кезеңіне сәйкес келеді. Сондықтан қоныстандыру тарихы негізінен таптық тұрғыда қарастырылды. Тарихшылар нақты тарихи жағдайды үстірт қана көрсетіп, ащы

шындық пен шиеленісті жақтарын талдаудан сырттады. Ғылымда қоныстандыру мәселесіне байланысты догмалық, жаттанды, біржақты қағидалар орын алды. Соның салдарынан толғағы жетіп шешімін табуға тиісті маңызды мәселелер тіптен аз немесе жоқ тәрізді болып көрінді. Әйтсе де кеңестік дәуірде жарияланған зерттеулердің бәрін бірдей сынап, жаратпай тастау дұрыс болмаған болар еді. Солардың ішінде айтуға тұрарлық, іргелі де құнды еңбектер жоқ емес. Олар қоныстандыру тарихнамасын жетілдіруде септігін тигізді.

Егеменді еліміздің жаңа тарихи танымы және қоныстандыру тарихнамасын қайта зерделеуде соңғы уақыттарда бірқатар зерттеулер жарық көрді. Олардың біз қарастырып отырған мәселені жаңа методология тұрғысынан саралауда маңызы зор. Дегенмен тарихнамада әлі де шешімін табуға тиісті мәселелер жоқ емес. Ең алдымен патша өкіметінің қоныстандыру саясатын ХІХ-ғасырдың 60-жылдарынан бастап, кеңестік билік кезіндегі одан әрі жалғастырылған келімсектер қозғалысымен байланыстырып қамтитын жаңа методологиялық негіздегі іргелі зерттеулер қажет. Қоныстандыру саясатының зардаптары бір жүйеге келтіріп, әлі де болса өзінің шынайы бағасына ие бола алмай келеді. Міне, осы мәселені тың деректер негізінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Келімсектер қозғалысының әсіресе демографиялық, экологиялық салдары мен зардаптарын айқындайтын зерттеулер өмірге келулері керек. Қарашекпенділердің Қазақстанның әлеуметтік экономикалық жағдайына тигізген ықпалы объективті түрде, тың деректер мен құжаттардың негізінде зерделгені абзал.

ХІХ-ғасырдың соңы ХХ-ғасырдың басындағы қоныстандыру және жер мәселесін егжей-тегжейлі, жан-жақты қарастыру мақсатында мынадай зерттеу жұмыстарының тақырыптарын ұсынамыз:

- Патшалық Ресейдің Қазақстандағы қоныстандыру саясаты және оның зардаптары;
- Қарашекпенділердің Қазақстанға қоныс аударуы және оның демографиялық салдары;
- Патша өкіметінің Қазақстандағы шаруалар отарлауы: тарихы мен салдарлары;
- Ресей шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы мәселелері орыс зиялылары зерттеулерінде;
- “Қазақ” газеті және “Айқап” журналы қоныс аудару, жер мәселелері туралы;
- Патша өкіметінің Қазақстандағы шаруалар отарлауы және кеңестік большевиктік қоныс аудару;
- Қоныстандыру және Қазақстанның әлеуметтік экономикалық, саяси жағдайы.

---

1. Галузо П.Г. Очерк советской историографии историографии аграрных отношений в Казахстане в период капитализма. - А-Ата: Наука, 1971.-С.113.
2. Шонанұлы Т. Жер тағдыры- ел тағдыры. - Алматы, Санат, 1994. – 13б.
3. Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. -Алматы, 1935. –69-72бб.
4. Турсунбаев А. Из истории крестьянского переселения в Казахстане. – Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1950. –101с.

5. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1871-1914 гг.- А-Ата., 1965.
6. Таштемханова Р.М. Переселенческая деревня и ее взаимосвязи с казахским аулом во второй половине XIX–начале XX веков (на материалах Семипалатинской области) Канд.дисс. –Алматы, 1994. 167с. (35)
7. Меңілбаев Ғ.А. Қоныс аударушылар мекендері мен қазақ ауылдары арасындағы қарым-қатынастардың өзекті мәселелері (1867-1914 ж.ж.) Сырдария облысы бойынша) Т.ғ.к...дисс. – Алматы, 1995. -173б.
8. Кауфман А.А. Переселение и колонизация; Соныкі. Материалы по вопросу об организации работ по образованию переселенческих участков в степных областях. –Спб: Тип. В.Безобразова и комп. 1897, 1903. –108с; Вопросы переселения// Образование, 1908, №6.
9. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем //Вопросы колонизации. 1909, №5.- С.79-137.
10. Влияние колонизации на киргизское хозяйство.-Спб: Изд. Переселенческого Управления Гл.Упр. Землеустройства и Земледелия, 1907. –290с.
11. Коншин Н.К. К вопросу о переходе киргиз Семипалатинской области в оседлое состояние // Памятная книжка Семипалатинской области на 1898г.- Семипалатинск, 1898.-С.29-54.; Соныкі. Переселенческие поселки в Усть-Каменогорском уезде// Памятная книжка Семипалатинской области на 1899г. – Семипалатинск, 1899. –260с; Велецкий С.Н. Семиреченская область и ее колонизация – Б.М., 191с; Кузнецов В. Киргизское хозяйствов Акмолинской области. – Спб., 1910. –С. 39.
12. Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи.(Киргизский земельный вопрос и колонизационная политика правительства).-Спб: Электронпеч.т-ва «Дело», 1907.-80с.
13. Алекторов А. Очерки внутренней киргизской орды//Известия Оренбургского отдела Императорского Русского Географического общества. Вып.3 – Оренбург, 1893; Зеланд.А. Киргизы. Этнографический очерк. Записки Западно-Сибирского отд. ИРГО. Кн.8. Вып.11. – Омск, 1885. -С.1-26; Васильев Н. Кочевники Туркестана. – Самарканд, 1890.
14. Комаров А.А. Правда о переселенческом деле. – Спб., 1913. –112 с.
15. Ядринцев Н.М. Сибирь как колония. – Спб, 1892. –472с; Трегубов А.Л. Переселенческое дело в Семипалатинской и Семиреченской области. – Спб., 1910. –78с.
- 16 “Айқап” –Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 1995. –367б.
17. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. -478б.
18. Бөкейханов Ә. Шығармалар – Алматы: Қазақстан, 1994. –384б.
19. Омарбеков Т., Қойгелдиев М. Қазақстан тоғыз жолдың торабында. 1. Жер мен малды жекешелендіру. Мәселенің тарихы мен бүгінгі жағдайы // Егеменді Қазақстан, 1992, 28 қазан.
20. Тынышпаев М. История казахского народа. -Алматы: Қазақ университеті, 1993. 224с. (–С. 35).
21. Дала уалаятының газеті. 1888-1902. – Алматы: Ғылым, 1994. -816б.

22. Рысқұлов Т. 1916 жылғы көтеріліс және патша өкіметінің отарлау саясаты хақында // Ақиқат, 1996, №3. -Б.37-41; Шонанұлы Т. Жер тағдыры- ел тағдыры.; Асфендияров С. История Казахстана/-А-Ата 1935.; Рыскулов Т. О "казахском колониальном ауле"//Большевик Казахстана, 1935, №4. –С. 70-77.
23. Швецов С.П. Природа и быт Казакстана...//Казакское хозяй-ство в его естественно-исторических и бытовых условиях. – Алма-Ата:НКЗ Каз ССР, 1926. – С. 93-114 (109)
- 24.Сәдуақасұлы С. Таңдамалы. Екі томдық. 2-т. – Алматы: Біріккен казак-монғол "Атхан" кәсіпорны, 1993. –256б. (86)
25. Галузо П.Г. Туркестан - колония. (Очерк истории Туркестана от завоевания русскими до революции 1917г) . – М: Изд. Ком. Ун-та тр-ся, 1929. –164с.;
- 26.Турсунбаев А.Б.Социально-экономические последствия переселенческой политики царизма в Казахстане// Известия Казахского филиала АН СССР. Серия историческая, 1946., №2. –С.54-74.
- 27.Ауэзова Л.М. К вопросу о переселении крестьян и их роли в развитии земледелия в Казахстане в 70-90-х годах XIX века// Изв. АН Каз ССР. Серия истор., археол. и этногр. Вып. 1(6), 1958. –С.28-41 (41)
- 28 Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. -М., 1957.
- 29.Нейштадт С.А. К вопросу об экономике колониального Казахстана //Известия АН Каз ССР. Серия экономическая. Вып.1. 1949.-С.56-115.(90)
- 30.Макаров И.Ф. Казахское земледелие в конце XIX начале XX века. // Материалы по истории сельского хозяйства и крестьянства СССР.Сб.2.-М: АН СССР 1950.–С. 392-445.(445)
- 31.Ваганов О.А. Земельная политика царского правительства в Казахстане (1907-1914 г.г.) // Истор. зап. Т.31. – М: Изд. АН СССР, 1950. -С.61-87. Соныкі. Царизм и казахское байство// Вопросы истории, 1947, №5. –С.90-95. Сундетов С. Некоторые вопросы аграрных отношений в Казахстане в начале XX в.//Уч. Зап. Каз ГУ. Серия истор. Т.54. Вып.12.– Алма-Ата, 1963.-С.137-152.
32. Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX-начале XX вв. -А-Ата: Изд. АН Каз ССР. 1963.441с.; Соныкі. Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1905-07 годах// Вопросы истории Казахстане XIX начале XX века. - Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1961. -С.3-74.
- 33.Галузо П.Г.Основные социально-экономические уклады Степного Казахстана–колонии периода империализма // Вопросы истории капиталистической России. – Свердловск, 1972. –С. 118-157.
34. Геллер А. Переселенческая политика царизма и колонизация Казахстана в XX в. Автореферат канд. дисс. – М., 1954. –25с; Черников В.С. Крестьянская колонизация Северного Казахстана в конце XIX начале XX века и ее социально-экономические последствия. Автореф. канд. дисс. – М., 1996. –25 с; Гинсбург А.И. Переселенческий вопрос Туркестане. Автореферат канд. дисс. – Ташкент, 1966. –26 с.
- 35.Базанова Н.Б.Формирование этнического состава населения дореволюционного Казахстана // Вестник АН Каз ССР, 1977, №7. –С.58-66.
36. Бекмаханова Н.Е., Кабузан В.М. Русско-украинская миграция в Казахстане в XIX начале XX века // Изв. АН Каз ССР. Серия общественных наук, 1982,



№2. –С.14-20.

37.Кенжебаев Н.Т., Бисенбаев А.К., Асанова С.А. Казахский народ в начале XX века. -С.16-40; Қозыбаев М.Қ. Аласұрған XX-ғасыр //Сонда –Б.3-16; Жақып М.Мырзашөлдің отарлануы// Қазақ тарихы, 1996, №3. –Б.42-46; Жаймурзин Ә. Ұлы бетбұрыс және қазақ “Ренессансы” туралы// Ақиқат, 1995, №2. –Б.18-12; және т.б.

38.История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Под. Ред. М.Абдыкалыкова и А.Панкратовой. – Алма-Ата: Каз ОГИЗ, 1943. – 671с.

39. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. –Алматы: Казахстан, 1994. – 160с.

40.Әсіп С. Қазақ қасіреті.Қазақ қасіреті. Қоғамдық-саяси зерттеулер мен толғаулары. -Алматы., 1996.–Б.100.

41. Әсіп С. Көп қорқытады (отарлау тарихының тағы бір тармағы)// Жұлдыз, 1991, №11. –Б.132-141; Соныкі. Жерді алды-қазаққа не қалды?//Жұлдыз, 1992, №7. –Б.172-180; Соныкі. Жазалауға жаны құмар өкімет// Жұлдыз, 1992, №8. – Б.147-157; Соныкі. Ел мұңсыз ба, жер құнсыз ба?// Қазақ әдебиеті, 1991, 17 мамыр; Соныкі.Қазақстанға қоныстандыру қалай жүргізілді?// Қазақ әдебиеті, 1990 20 көкек; Ел болашағы-құнарлы топырықта// Жұлдыз, 1996, №9. –Б.142-168.

42.Әсіп С. Мұжығына дейін мылтық асынған// Жұлдыз, 1994, №9 -Б.171-177.

43.Раджапов А. Орыс қоныс аударушыларын қаруландыру отарлық билікті күшейту// Қазақ тарихы, 1996, №5. –Б.33-37.

44. Жақып М. Мырзашөлдің отарлануы // Қазақ тарихы. 1997.№4. -43-47бб.

45. Галузо П.Г. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии – Ташкент, 1926; Әбдіманов Ө. Қазақ газеті; Ысмағұлов Ұ. Қазақтарды отырықшыландыру – жерді тонаудың тың тәсілі// Қазақ тарихы, 1996, №5. –Б.31-33.

46.Отарбаева Б.З. Хлебная торговля Казахстана в системе хозяйственных взаимоотношений с Россией: конец XIX начала XXв (на материалах Северного и Северо-Восточного Казахстана). Автореф.канд. дисс. – Алма-Ата, 1990. –25 с.

47.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Соныкі. Отаршылдыққа қарсы күрес кезеңдері// Қазақ тарихы, 1993, №1. –Б.47-52 және т.б.

48. Пірманов Ә.Б. Қазақ қоғамның жағдайы // Қазақ тарихы. 1996.№5. -51-55бб.

49. Исмағұлов Ұ.Ш. XX ғасырдың бас кезіндегі Батыс Қазақстандағы жер мәселесі (1900-1917 ж.ж.). Т.ғ.к... дисс-ның авторефераты. –Алматы, 1995. – 25б.

50.Таштемханова Р.М. Переселенческая деревня...; Меңілбаев Ғ.А. Қоныс аударушылар...; Әбенев Д.Қ. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныстануы және оның зардаптары. Тарих ғылымдарының кандидаты... авторефераты. Алматы, 2000.

51. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX века. -Алматы: Жеті жарғы, 1996.- 352с.

52. Асылбеков М., Әбжанов Х. Қазақстандағы демографиялық процесс: тарихы мен ақтаңдақтар// Қазақстан мектебі, 1991, №5. –Б.53-60.

53.Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980) – Алма-Ата: Ғылым, 1991,-192с. (43).

54. Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы. Очерк.- Алматы, 1994.
55. Лаумулин М.Т. История Казахстана конца XIX начала XX в. в зарубежной историографии.// Известия АН РК, Серия общест. Наук, 1992, №5. –С.38-46;
- Несипбаева К.Р. Современная англо-американская историография русской экспансии и колонизации центральной Азии и Казахстана (XIX- начало XX в)- Алматы: Қазақ университеті, 1997. –191с .

## **ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

**әл - Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**тарих факультеті**  
**деректану және тарихнама кафедрасы**

### **СИЛЛАБУС**

2 курс, қазақ бөлімі, күзгі семестр, 3 кредит .

**Дәріскердің аты, жөні: Мұхатова Оразгүл Хасенқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор.** Айналысатын ғылыми проблемалары: Қазақстан тарихының тарихнамасы, деректану мәселелері.

**Байланыс телефоны:** деректану және тарихнама кафедрасы. Тел.: 47-14-40, 12-89;

**e-mail:** Orazgul7 @ rambler.ru

**каб. 415.**

**Пәнді оқытудағы алдын ала оқылатын, іліктес пәндер:** «Қазақстан тарихы», «Деректану» т.б. пәндердің теориялық, практикалық қатынаста болуы оқытудың жан-жақтылығын қамтамасыз етеді.

**Постреквизиттері:** тарих. деректану, саясаттану, философия.

**Пәннің мақсаты мен міндеттері:**

**Курстың мақсаты** – тарихнамалық зерттеулер жүргізуде ғылымның өзіндік методологиясы мен әдіс-тәсілдерінің қалыптасып, орныққандығын көрсету. Сондай-ақ ғылымның түрлі әдіс- тәсілдері арқылы жан жақты, терең талдаулар жасауға болатындығына көз жеткізу. Магистранттарды тарихнамалық зерттеулердің модельдерімен таныстыру. Оларды тарихнамалық зерттеу дайындауға үйрету.

**Міндеттері** – тарихнама ғылымының методологиясын оқып үйрену, ғылымның принциптері мен әдістерін меңгеру, тарихнамалық зерттеулерді жүргізудегі модельдерді айқындау, тарихнамалық деректерді талдауға әртүрлі әдіс тәсілдерді ұстанудың жолдарын көрсету, кез келген мәселенің зерттелу деңгейін анықтауда ғылыми модельдер арқылы оның зертелмеген тұстарын анықтау.

### **Курстың құрылымы**

<b>Апта</b>	<b>Тақырыптардың атаулары</b>	<b>дәрістер</b>	<b>МӨЖ тақырыптары</b>
<b>1</b>	<b>Д.Тарихнама ғылымы және оның тарих ғылымдарының арасында алатын орны.</b>	<b>2</b>	<b>Тарихнама ғылымы және оның тарихғылымдар ының арасында алатын орны.</b>
<b>1</b>	<b>СС.Тарихнама ғылымы және оның тарих ғылымдарының арасында алатын орны.</b>	<b>1</b>	
<b>1</b>	<b>Д.Тарихнама ғылымы және оның тарих ғылымдарының арасында алатын орны.</b>	<b>2</b>	<b>Тарихнама ғылымының методология- лық негіздері. 1 апта. 2 сағат.</b>
<b>2</b>	<b>СС.Тарихнама ғылымының методологиялық негіздері.</b>	<b>2</b>	
<b>2</b>	<b>Д.Тарихнаманың функциялары және тақырыпты таңдау.</b>	<b>2</b>	<b>Тарихнаманың функциялары және тақырыпты таңдау.</b>
<b>3</b>	<b>ДТарихнамалық кіріспе</b>	<b>2</b>	
<b>3</b>	<b>ғылыми әдебиеттерге шолу. СС.Тарихнаманың</b>	<b>1</b>	

	функциялары және тақырыпты таңдау.		
3-4	Д. Тарихнамалық деректер мен мәліметтер.	4	Тарихнамалық кіріспе ғылыми әдебиеттерге шолу.
4	СС. Тарихнамалық кіріспе ғылыми әдебиеттерге шолу.	2 2 3	
5	Д. Тарихнамалық факт.	4	Тарихнамалық факт.
5	СС.Тарихнамалық деректер мен мәліметтер.	2 1	
6	Д. Тарихнамадағы пәнаралық.	2	Тарихнамадағы пәнаралық.
	СС. Тарихнамалық факт.	2	
		2	
7	Д. Тарихнамалық заңдылықтар.	4	Тарихнамалық заңдылықтар.
	СС.Тарихнамадағы пәнаралық.	1 2	
		2	
8	Д. Тарихнамалық сын.	2	Тарихнамалық сын.
	СС. Тарихнамалық заңдылықтар.	2 2	
		2	
9	Д.Тарихнамалық зерттеулер жүргізудің түрлері. Мәселенің зерттелмеген тұстарын айқындау.	2	Тарихнамалық зерттеулер жүргізудің түрлері. Мәселенің зерттелмеген тұстарын айқындау.
	СС. Тарихнамалық сын.	4 1	
		1	
10	Д.Тарихнамашының ғылымға қосқан үлесі.	2	Тарихнамашының ғылымға қосқан үлесі. 10 апта. 1 сағат.
	СС.Тарихнамалық зерттеулер жүргізудің түрлері. Мәселенің зерттелмеген тұстарын айқындау.	1 2	
	СС.Тарихнамашының ғылымға қосқан үлесі.	2 1	
		1	

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

негізгі:

1. Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы, 2008.
2. Зевелев А.И. Историографические исследования : методологические аспекты.

- М., 1983.

**қосымша:**

- 1.Сахаров А.М. Некоторые вопросы методологии историографических исследований // Вопросы методологии и истории исторической науки. - М., 1977.
- 2.Сонькі. Методология истории и историографии. - М., 1981.
- 3..Омарбеков Т Омарбеков Ш.Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. - Алматы, 2002.
- 4.Сахаров А.М. Методология истории и историографии.- М., 1981.
- 5.Ковальченко И.Д. Методологические и историографические вопросы исторической науки. -Томск, 1974.

**Білімді бақылау түрлері:**

**Бақылау жұмыстары:**

- 1.Тарихнама ғылымы бойынша кез келген кандидаттық диссертацияның авторефераты негізінде ізденушінің пайдаланған ғылыми принциптерін талдап, мысалдар келтіру.
- 2.Тарихнама ғылымы бойынша жарияланған мақалаға тарихнамалық талдау жасап, баға беру.
3. Тарихнамалық кестелер құрастырудың әдіс-тәсілдерін көрсетіп, мысал ретінде 1-2 кесте құрастыру.
4. Тәуелсіздік жылдары дайындалған тарихнамалық диссертациялардың авторефераттарын ( 2-3 жұмысты) синтездеп, ортақ кемшіліктерін анықтау.
5. Тарихнамалық деректер мен фактілердің айырмашылығын талдап, мысал келтіру.

**СӨЖ:**

- 1.Тарихнамалық зерттеудің биографиялық түріне арналған кандидаттық диссертацияға талдау жасау.
- 2.Тарихнамалық зерттеудің проблемалық-мерзімдемелік түріне арналған кандидаттық диссертацияға баға беру.
3. Тарихнамалық зерттеудің библиографиялық түріне арналған зерттеуді талдау.
4. Тарихнамашы ұстануға тиіс методологиялық негіздер бойынша кесте құрастыру.
5. Кеңестік кезеңдегі тарихи мектептердің ғылыми зертханасының ұтымды тұстары мен кемшіліктерін жүйелеу.

*Quizzes (бақылау жұмыстары): семестрде бес жұмыс*

*Өздік тапсырмалар(МӨЖ): семестрде оғ тапсырма*

*Мәрелік емтихан : емтихан сессиясының кезеңінде*

***Білімді бағалау критерийлері, %баллдар***

*Бақылау жұмыстары 30*

Өздік жұмыстар (МӨЖ) 30

МӘРЕЛІК ЕМТИХАН 40

**Баға қою шкаласы:**

Әріп жүйесі бойынша баға	Баллдардың цифрлы эквиваленті	%-мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4.0	95-100	үздік
A-	3.67	90-94	
B+	3.33	85-89	
B	3.0	80-84	жақсы
B-	2.67	75-79	
C+	2.33	70-74	
C	2.0	65-69	қанағаттанарлық
C-	1.67	60-64	
D+	1.33	55-59	
D	1.0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз
I (Incomplete)	-	-	«Пән аяқталмады» (қорытындылауда GPA ескрілмейді)
P (Pass )	-	0-60 65-100	«Есептелді» (қорытындылауда GPA ескрілмейді)
NP (No Pass)	-	0-29 0-64	«Есептелген жоқ» (қорытындылауда GPA ескрілмейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (қорытындылауда GPA ескрілмейді)
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себептерге байланысты алып тастау (қорытындылауда GPA ескрілмейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (қорытындылауда GPA ескрілмейді)

**Семестр бойы магистранттың жұмысын бағалауда мына төмендегілер ескіледі:**

- Сабаққа қатысуы
- Семинар сабақтарынна белсенді және өнімді қатысуы
- Негізгі және қосымша әдебиеттерді оқып-үйренуі
- Үй тапсырмаларын орындауы

- МӨЖ - ді орындауы
- Барлық тапсырмаларды уақытылы тапсыруы (**үш МӨЖ-ді уақытында тапсырмағаны үшін АҰ бағасы қойылады**)

#### **Академиялық тәртіп саясаты және этика**

Шыдамды болыңыз, өзге, бөтен пікірді сыйлаңыз. Келіспеушілігіңізді сыпайы жеткізе біліңіз. Плагиат және өзге де жалған жұмыстарға жол берілмейді. МӨЖ тапсыру, аралық бақылау және мәрелік емтихан кезінде сыбырлауға және дайын материалдан көшіруге, басқа магистрант үшін емтихан тапсыруға тиым салынады. Курстың кез келген ақпаратын бұрмалаған магистрант «F» деген баға алады.

**Көмек:** Өздік жұмыстарды орындау және тапсыру, реферат дайындауда ақыл кеңес, сондай-ақ өткен материалдар, сонымен қатар өтілетін курс бойынша туындаған өзге де сауалдарға, ақпараттарға жауап алу үшін ММӨЖ-дің кезінде оқытушыдан көмек сұраңыз.

Кафедра мәжілісінде қаралды. № *хаттама* « » ж.

**Дәріскер**

**Кафедра меңгерушісі**

## **ДӘРІС САБАҚТАРЫ**

**Тақырып 1. Тарихнама ғылымы және оның тарих ғылымдарының арасында алатын орны. 2 сағат. 1-апта.**

**Дәріс мақсаты :** тарихнама ғылымы мен пәнінің негіздерін ұғындыру

**Негізгі ұғымдар:** тарихнамалық деректер, тарихнамалық факт, тарихнамалық заңдылықтар, тарихнамалық дәстүр, тарихнамалық мектеп, тарихнамалық зерттеу принциптері мен әдістері.

**Негізгі мәселелер:**

1. Тарихнама ғылымының тарих ғылымдарының арасында алатын орны.

2.Тарихнама ғылымының негізгі ұғымдары және оларға сипаттама.

**Қысқаша мазмұны:** тарихнама ғылымының тарих ғылымдары ішінде алатын орны, отандық тарих тарихнамасының тарих пәндері жүйесіндегі, тарихи зерттеулер құрылымында алатын орны мен маңызы. Түсінік аппараты. Тарихнаманың аспектілері.

**Өзін бақылау сұрақтары:** тарихнамалық зерттеу үлгісі арнайы курсының пәні, мақсаты мен міндеттері, тарихнама ғылымының тарих ғылымдары арасындағы өзіндік орны.

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы., 2008

**Тақырып 2. Тарихнама ғылымының методологиялық негіздері. 2 апта. 2 сағат.**

**Дәріс мақсаты:** тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдарын анықтау

**Негізгі ұғымдар:** тарихи процестер, объективтілік, ғылыми принциптер, ғылыми әдістер, теория, сыншылдық

**Негізгі мәселелер:**

1. ғылымның методологиялық ұстанымдарының өзгеруі

2. жаңа методологиялық негіз және оның қажеттілігі

3. ғылыми зерттеу принциптері мен әдістері, оларды қолданудың жолдары

**Қысқаша мазмұны:** маркстік-лениндік методологияның күйреуі, жаңа методологияны қалыптастырудың қиындықтары, тарихнаманың ғылым ретіндегі өзіндік әдістері, тарихнамадағы пәнаралық байланыс. Тарихнамалық зерттеудегі жалпы зерттеу принциптері. Тарихнамалық факт. Тарихнамалық дерек. Тарихнамалық зерттеулер бойынша деректер. Тарихи танымды кезеңдерге бөлу принциптері. Тарихи зерттеудегі әдістер.

**Өзін бақылау сұрақтары:** методология ұғымы және оны ұстанудың жолдары; тарихнама ғылымының өзіндік зерттеу принциптері мен әдістері.

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Ковальченко И.Д. Методологические и историографические вопросы исторической науки. -Томск, 1974.; Журавлев В.В. Методология исторической науки. Вчера.Сегодня.Завтра.//Кентавр,1995. №6.; Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. Сборник материалов. -М., 1988.; Жуков Е.М. Очерки методологии. -М., 1989.; Лаппо-Данилевский А.С. Методология истории. - СПб., 1913.

**Тақырып 3. Тарихнаманың функциялары және тақырыпты таңдау. 3 апта. 2 сағат.**

**Дәріс мақсаты:** ғылымның функцияларына сипаттама беру және тарихнамалық тақырыпты таңдаудың жолдарын көрсету

**Негізгі ұғымдар:** ғылыми функция, тарихнамалық библиография,

**Негізгі мәселелер:**

1. тарихнама ғылымының функциялары және оларға сипаттама

2. тарихнамалық тақырыпты таңдаудың әдіс-тәсілдері, тақырыптың өзектілігін анықтау



**Қысқаша мазмұны:** тарихнамалық зерттеудің өзіндік ерекшеліктері, танымдық, теориялық методологиялық, болжамдық функциялардың атқаратын рөлі, аталмыш функциялардың тарихнамалық зерттеудің құрылымына әсері.

**Өзін бақылау сұрақтары:** тарихнама ғылымының функциялары және олардың маңызы; функциялардың тарихнамалық зерттеуде атқаратын рөлі.

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Зевелев А.И. Историографические исследования : метод и аспекты. -М., 1970.;Зевелев А.И. Некоторые вопросы историографии истории КПСС.- М., 1970.;Сахаров А.М. О некоторых вопросах историографических исследований // Вестник МГУ.Серия история. 1973. №6.

#### **Тақырып 4. Тарихнамалық кіріспе - ғылыми әдебиеттерге шолу. 3 апта. 2 сағат.**

**Дәріс мақсаты:** тарихнамалық зерттеудің құрылымын көрсету және кіріспеге тоқталу

**Негізгі ұғымдар:** ғылымның даму заңдылықтары, даму үрдістері, тарихнамалық зерттеудің міндеттері

**Негізгі мәселелер:**

1. тарихнамалық зерттеудің құрылымы және оларға сипаттама

2. тарихнамалық кіріспе жазудың өзіндік талаптары және ерекшеліктері

**Қысқаша мазмұны:** тарихнамалық еңбектің жалпы мақсаты, тарихнамалық зерттеудің міндеттері, тарихнамалық әдебиеттерге шолу жасау, таңдап алған тақырып бойынша әртүрлі кезеңдердегі тарих ғылымының даму сатыларының жағдайы, тарихнаманың тарихнамасы тарихнамалық жұмыстың мерзімдік шегі, зерттеудің методологиялық негіздері.

**Өзін бақылау сұрақтары:** тарихнамалық кіріспеге қойылатын талаптар және оның ерекшелігі, тарихнаманың тарихнамасын көрсетудің қажеттілігі.

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Шмидт С.О. О методике выявления и изучения материалов по истории исторической науки // Труды МГИАИ. 1965. №22.; Соныкі. Методология истории и историографии. -М., 1981.; Городецкий Е.Н.Историографические введение к историко - партийному исследованию // Вопросы истории КПСС.1985. №1.

#### **Тақырып 5. Тарихнамалық деректер мен мәліметтер. 3-4 апта. 4 сағат.**

**Дәріс мақсаты:** тарихнамалық деректің мәні мен рөлін ашу және мәліметтердің ғылым үшін маңызын анықтау

**Негізгі ұғымдар:** тарихнамалық дерек, деректерді іздеу, деректерді өңдеу, деректерді пайдалану заңдылықтары, тарихнамалық еңбектің аксиомасы, тарихнамалық деректердің сыныптамасы

**Негізгі мәселелер:**

1. тарихнамалық деректердің тарихи деректерден айырмашылығы

2. тарихнамалық деректерді іздеп табудың, өңдеу мен пайдаланудың заңдылықтары

**3.тарихнамалық деректердің түрлері және олардың әрқайсысына сипаттама**

**Қысқаша мазмұны:** тарихнамалық деректерге байланысты ғылымда орын алған ой пікірлер, тарихнамалық деректің тарихи деректен айырмашылығы, тарихнамалық деректің анықтамасы, тарихнамалық деректердің түрлері, деректі методологиялық талдаудың басты міндеттері, тарихнамалық деректің фактіден айырмашылығы, дерек пен фактіні байланыстыратын буын, деректерді пайдаланудың жолдары.

**Өзін бақылау сұрақтары:** тарихнамалық деректерді жинақтау, тарихнамалық деректердің мазмұны және олардың түрлері; тарихнамалық деректерді талдаудың ғылыми әдіс тәсілдері

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. Оқу құралы. - Алматы., 2002.; Кулешов С.В. О типологии исторических источников // Методологические проблемы историко-партийной историографии. -М., 1984.; Пушкарев Л.Н. Определение оптимизация и использование историографических источников.// Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. -Томск, 1974.; Варшавчик М.А. Об источниках изучения историографии истории КПСС// Вопросы истории КПСС. 1973. №11.

#### **Тақырып 6. Тарихнамалық факт. 5 апта. 4 сағат.**

**Дәріс мақсаты:** тарихнамалық фактінің мәні мен мазмұнын айқындау

**Негізгі ұғымдар:** тарихнамалық заңдылықтар, тарихи білім, тарихи ой, ғылымның ақпараттық әлеуеті, тарихнамалық құбылыстар,

**Негізгі мәселелер:**

1. тарихнамалық фактінің анықтамасы және оның негізгі критерийлері

2. тарихнамалық фактінің объективтілігі және оның көрсеткіштері, фактлердің түрлері

3. тарихшы тұжырымдары, оның ғылымға келуінің себептері, әлеуметтік саяси билікке қатысы, еңбектерде бекітілуі

4. тарихнамалық фактлерді талдаудың методологиясы

**Қысқаша мазмұны:** тарихнамалық фактінің анықтамасы және оның критерийлері, тарихи факті мен тарихнамалық фактінің айырмашылықтары, тарихнамалық фактінің градациясы, тарихнамалық фактілердің түрлері және оларға сипаттама, тарихшы тұжырымдары және олардың ғылымға келу жолдары, фактіні талдаудың методологиясы.

**Өзін бақылау сұрақтары :** тарихнамалық фактінің мәні мен мазмұны, фактілердің түрлері, фактіні талдаудағы ғылыми ұстанымдар

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Барг М.А. Исторический факт; структура, форма ,содержание // История СССР.1976. №4.; Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы., 2008; Шмидт С.О. Методологические и теоретические проблемы исторической науки.- Калинин, 1980.

#### **Тақырып 7. Тарихнамадағы пәнаралық. 6 апта. 2 сағат.**

**Дәріс мақсаты:** тарихнамадағы пәнаралақтың маңызын көрсету

**Негізгі ұғымдар:** ғылыми интеграция, жаһандану, инновациялық тәсілдер, бірпәнділік, пәнаралық феномені, тарихи библиография, ретроспективті библиография, жаңа технологиялар

**Негізгі мәселелер:**

1. пәнаралықтың пайда болуы және қажеттілігі
2. тарихнамадағы пәнаралық және оны пайдаланудың жолдары
3. тарихнаманың пәнаралық байланыстары және оларға сипаттама

**Қысқаша мазмұны:** ғылымда пәнаралықтың қажеттілігі және оның тарихнамадағы орны. Бірпәнділіктің ғылыми зерттеулер жүргізудегі жеткіліксіздігі. Тарихнаманың философия, саясаттану, деректану, тарих, әлеуметтану, археография, өлкетану, мұрағаттану, қосалқы тарихи пәндері ғылымдармен байланыстары. Пәнаралық байланыста тарихнамалық зерттеулер жүргізудің тиімділігі және олардың маңызы.

**Өзін бақылау сұрақтары:** пәнаралықтың тарихнама ғылымы үшін қажеттілігі; пәнаралық байланыстарды орнату тәсілдері; пәнаралықтың ғылыми зерттеудің құндылығын арттырудағы рөлі.

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Хвостова К.В. Фин В.К. Проблемы исторического познания в свете современных междисциплинарных исследований. -М., 1989.; Копнин П.В. Гносеологические и логические основы науки. -М., 1997.; Сахаров А.М. О некоторых вопросах историографических исследований // Вестник МГУ. Серия история. 1973. №6.; Коломейцев В.Ф. Методология истории. (От источника к исследованию). -М., 2001.

**Тақырып 8. Тарихнамалық заңдылықтар. 7 апта. 4 сағат.**

**Дәріс мақсаты:** тарихнамалық заңдылықтардың мәні мен маңызын көрсету

**Негізгі ұғымдар:** танымдық функция, объективті фактор, заңдылықтардың көріну және пайдалану механизмдері, тарихнаманың іліспелі қозғалысы, заңдылық.

**Негізгі мәселелер:**

1. тарихнамалық заңдылықтардың тарихи заңдылықтардан айырмашылығы
2. тарихнамалық заңдылықтардың ғылыми білімді анықтаудағы рөлі
3. «ескі» және «жаңа» ғылымдарды салыстырудың маңызы.

**Қысқаша мазмұны:** тарихнамалық заңдылықтар тақырыбының терең зерттелмеуі, олардың қолданбалық маңызы. Тарихнамалық заңдылықтарды орнату жолдары және олардың көрінуі. Идеялар, қорытындылар және тұжырымдардың заңдылық түрінде саналуы. Тарихи білімнің қалыптасу механизмі. «Ескі» және «жаңа» ғылымдарды салыстырудағы заңдылықтардың атқаратын рөлі.

**Өзін бақылау сұрақтары:** тарихнамалық заңдылықтардың мәні мен ғылыми талдаулардағы маңызы; заңдылықтарды орнату тәсілдері.

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Федосеев П.И. Ильичев Л.Ф. О некоторых методологических проблемах исторического материализма. // Вопросы философии. 1984. №6.; Петряев К.Д. Вопросы методологии исторической

науки. - Киев., 1976.; Сахаров А.М. Некоторые вопросы методологии историографических исследований // Вопросы методологии и истории исторической науки. -М., 1977.

### **Тақырып 9. Тарихнамалық сын. 8 апта. 2 сағат.**

**Дәріс мақсаты:** тарихнамалық сынды жүргізудің әдіс-тәсілдерін ашып көрсету

**Негізгі ұғымдар:** тарихи білім, тарихи ой, тарихнамалық мектеп, тарихнамашының ізбасарлары, тарихнамалық сын, фактлерді бағалау, тарихнамалық этика, сынның объективтілігі

#### **Негізгі мәселелер:**

1. Тарихнамалық сынның мәні, оны жүргізудің өзіндік ерекшеліктері.

2. Тарихнамалық фактлерге баға берудегі тарихнамашының рөлі.

Тарихнамашының этикасы.

3. Тарихнамалық сынның тарих ғылымы үшін маңызы.

**Қысқаша мазмұны:** тарихнамалық сынның қажеттілігі, оны жүргізудің бағыттары мен жолдары. Тарихнамалық деректер мен фактлерді сынау, ғылым үшін ұтымды тұстарын, емшіліктерін, олқылықтарын, объективті зерттелуін айқындау. Фактлердің саяси жүйелер мен идеологияларға тәуелділігін, методологиялық негіздерін, бұрмалауларын, тағы сол сияқты келеңсіздіктерін анықтаудағы тарихнамашының ұстанымдары, ғылыми этикасы. Тарихшының еңбегін бағалауда, зерттеуінің ұтымды тұстарын, ғылымға қосқан үлесін көрсетуде шынайылық принципін басшылыққа алу. Тарихнамалық сынның тарих ғылымын дамытудағы рөлі. Сын арқылы ғылымның жай-күйін айқындау, болашақта зерттелуге тиіс мәселелерді нақты көрсету.

**Өзін бақылау сұрақтары:** тарихнамалық фактлерді сынаудың ғылыми әдіс-тәсілдері, тарихшының еңбегіне баға берудің жолдары, сынның тарих ғылымы үшін маңызы.

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Нартбаев Ш.Ж. Қазақстанда тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой пікірлердің қалыптасуы. 1991-2003. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. -Алматы 2004.; Маслов Н.Н. Основные проблемы методологии истории КПСС. -М., 1981.; Глауберг Н.В., Юдин Э.Г. Становление и сущность системного подхода. -М., 1973.

### **Тақырып 10. Тарихнамалық зерттеулер жүргізудің түрлері. Мәселенің зерттелмеген тұстарын айқындау. 9 апта. 4 сағат.**

**Дәріс мақсаты:** тарихнамалық зерттеулердің түрлерін көрсету және мәселенің зерттелмеген тұстарын айқындаудың қажеттігін дәйектеу

**Негізгі ұғымдар:** библиографиялық, хронологиялық, тақырыптық, тақырыптық-мерзімдемелік, библиографиялық баяндау, шолуграфия

#### **Негізгі мәселелер:**

1. тарихнамалық зерттеулерді түрлерге бөлудің қажеттілігі

2. библиографиялық түр, оның ерекшелігі. Тарихшының портретін қалыптастыру.

3. тақырыптық, мерзімдемелік, тақырыптық – мерзімдемелік, т.б. түрлер және

оларға сипаттама.

**Қысқаша мазмұны:** тарихнамалық зерттеулердің түрлері және олардың методологиясы. Библиографиялық түр, оның өзіндік ерекшеліктері, түрдің сипаттамасы. Тарихшының портретін қалыптастырудың қажеттілігі, оны түзудің жолдары. Тақырыптық түрдің ұтымды жақтары. Мерзімдемелік түрдің қажеттілігі және тиімсіздігі. Тақырыптық мерзімдемелік түрдің ұтымдылығы. Әрбір түрдің олардың ғылым үшін маңызы. Тарихнамашының біліктілігі және өзге түрлерге бөлудің мүмкіндігі.

**Өзін бақылау сұрақтары:** тарихнамалық зерттеулердің түрлері және олардың мәні мен ерекшеліктері; түрлерге бөліп зерттеудің маңызы.

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Шмидт С.О. О методике выявления и изучения материалов по истории исторической науки // Труды МГИАИ. 1965. №22.; Нечкина М.В. Послесловие // Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. - Калинин., 1980.

### **Тақырып 11. Тарихнамашының ғылымға қосқан үлесі. 10 апта. 2 сағат.**

**Дәріс мақсаты:** тарихнамашының ғылымның талаптарын сәйкес ұтымды зерттеу жүргізе алуын және оның ғылымға қосқан үлесінің дәрежесін анықтау

**Негізгі ұғымдар:** дербес тарихнамалық зерттеу, тарихнамалық талдау, ғылым дамуының үрдістері, тарихи білімді бағалай алу, ғылыми жаңалақтар, жаңалықтарының дәйектілігі, ғылыми тұжырымдар

#### **Негізгі мәселелер:**

1. тарихнамашының тарихнамалық зерттеу дайындай алуының ғылыми факторлары

2. ғылымға қосқан үлесінің дәрежесін анықтаудың методологиясы

**Қысқаша мазмұны:** тарихнамашыға қойылатын негізгі талаптар, тарихнамашының ғылымға қосқан үлесінің басты көрсеткіші, ғылымға қосылған үлестің салмағы мен деңгейін анықтаудың методологиясы, тарихнамашының тұжырымдары және тарих ғылымының дамуы жағдайының айқындалуы. Тарихнамашының ғылымды дамытудағы рөлі.

**Өзін бақылау сұрақтары:** тарихнамашының ғылымға қосқан үлесін анықтаудың ғылыми жолдары; қосылған үлестің ғылым үшін маңызы.

**Ұсынылатын әдебиеттер.** Дружинин Н.М. Воспоминания и мысли историка. - М., 1974.; Нечкина М.В. История истории. - М., 1965.; Данилов А. Материалистическое понимание истории и методологические искания некоторых историков // Методологические и историографические проблемы исторической науки. Томск, 1960.; Зевелев А.И. Историографические исследования : метод и аспекты. - М., 1983.

## **СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ**

**1 - семинар. Тарихнама ғылымы және оның тарих ғылымдарының арасында алатын орны. 1 апта 1 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнама ғылымының өзіндік ерекшеліктерін айқындау

**Негізгі мәселелер:**

1. тарихнама ғылымының пайда болуы мен дамуы тарихы.

2. тарихнама ғылымы: зерттеу нысаны, мақсаты, міндеттері.

3. ғылымның өзге де тарих ғылымдары арасында алатын орны.

**Әдістемелік ұсынымдар:** тақырыпты оқып үйренуді тарихнама ғылымының, соның ішінде отандық тарихнама ғылымының қалыптасуы мен дамуы тарихынан бастаған жөн. Өйткені ғылымның тарихын, тарихи білімнің, тарихи ойдың дамуын меңгермейінше қазіргі кезеңдегі отандық тарихнаманың, оның проблемаларын түсіну қиынға соғады. Сонымен қатар отандық тарихнама ғылымының кенже дамуы себептеріне назар аудару қажет, өйткені орын алған кемшіліктер мен олқылықтарды білмеу оларды қайталауға әкеледі. Ғылымның зерттеу нысанын, мақсаты мен міндеттерін толық меңгеру тарихнаманың өзге де тарих ғылымдары арасында алатын орнын нақты айқындауға септеседі. Сұрақтарға жауап берген кезде тарих ғылымы мен тарихнаманы салыстыра отырып қарастырған тиімді, сонда тарихнама ғылымының өзіндік ерекшеліктерін айқындау оңай болады.

**Әдебиеттер:** Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы 2008.

**2 - семинар. Тарихнама ғылымының методологиялық негіздері. 2 апта 2 сағат.**

**Мақсаты:** ғылымның методологиялық негіздерін қарастыру

**Негізгі мәселелер:**

1. методология ұғымы, пайда болуы мен дамуы мәселелері

2. тарихнама ғылымының зерттеу принциптері

3. ғылымның зерттеу әдістері және оларға сипаттама

**Әдістемелік ұсынымдар:** тақырыптың мазмұнын ашуда ең алдымен методология ұғымын терең түсіу керек. Методологияның мәні мен мазмұнын түсіну тек тақырыпты ғана емес арнайы курстың мәнін жан жақты ұғынуға жол ашады. Сондықтан да тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдарын, оларды пайдаланудың тәсілдеріне басты назар аудару қажет. Ғылымның зерттеу принциптерін, олардың тарихи принциптерден өзгешелігін анықтауға ұмтылған абзал, себебі тарихнамалық принциптер тарих ғылымының принциптерінен мүлде басқа. Зерттеу әдістерін мысал келтіре отырып қарастырса дұрыс болар еді. Өйткені оларды жалаң баяндағаннан гөрі нақты мысалдар арқылы көрсетудің маңызы зор. Тарихнамалық зерттеу дайындаудың үлгілерін қарастырған кезде немесе тарихнамалық еңбектерді талдаған уақытта қолданылған ғылыми әдістерге баға беру оларды терең меңгеруді талап етеді.

**Әдебиеттер:** Ковальченко И.Д. Методологические и историографические вопросы исторической науки. -Томск, 1974.; Журавлев В.В. Методология исторической науки. Вчера.Сегодня.Завтра.//Кентавр,1995. №6.; Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. Сборник материалов. -М., 1988.; Жуков Е.М. Очерки методологии. -М., 1989.;

### **3- семинар. Тарихнаманың функциялары және тақырыпты таңдау. 3 апта. 1 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамалық тақырыпты таңдаудың ғылыми жолдарын қарастыру

#### **Негізгі мәселелер:**

- 1.тарихнаманың функциялары және оларға сипаттама
- 2.өзекті тақырыпты таңдаудың жолдары
- 3.тақырыпты таңдаудың бастапқы сатысы
- 4.тақырыпты бекіту және негіздеме дайындау

**Әдістемелік ұсынымдар:** мәселені қарастыруда тарихнама ғылымы бойынша дайындалатын зерттеу тақырыбын таңдауға байланысты ғылыми әдебиеттерге сүйенген ұтымды, өйткені зерттеушілер, әсіресе ресейлік ғалымдар осы мәселе төңірегінде айтып өткен. Сауалдарға жауап беруде тарихнаманың функцияларына назар аударып, оларға тоқталып өту қажет.Тарихнамалық тақырыпты таңдаудың, сол бағытта жүргізілетін ізденістерге де көңіл қойған абзал. Тақырыпты бекіту мен негіздеме дайындау мәселесін ашуды ғылымның сұраныстарымен байланыстыра қарастырған ұтымды.

**Әдебиеттер:** Зевелев А.И. Историографические исследования : метод и аспекты. -М., 1970.; Зевелев А.И. Некоторые вопросы историографии истории КПСС.- М., 1970.;Сахаров А.М. О некоторых вопросах историографических исследований // Вестник МГУ.Серия история. 1973. №6.

### **4- семинар. Тарихнамалық кіріспе ғылыми әдебиеттерге шолу. 4 апта. 2 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамалық кіріспенің ерекшелігін айқындау

#### **Негізгі мәселелер:**

- 1.тақырыпқа байланысты библиография жинақтау және оларды жүйелеу
- 2.кіріспе жазудың талаптары және оның негізгі пункттері
3. мақсат, міндеттерді айқындау
- 4.тарихнаманың тарихнамасын талдау және оның маңызы

**Әдістемелік ұсынымдар:** тақырыптың мазмұнын ашуды тарихнамалық кіріспе дайындауға қойылатын талаптарды тізімдеуден бастау қажет. Мұндай әдіс тарихнамалық кіріспенің ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.Тақырыпқа қатысты библиографияны жинақтау мен оны жүйелеу мәселесіне де басты назар аударған жөн. Библиографияны жинақтауда бірден тарихнамалық еңбектерді бөліп шығарудың қажеттілігін де ескеруді айтып өткен дұрыс. Мұның өзі тарихнаманың тарихнамасын жазуға септесетіндігін назарда ұстау керек. Тарихнаманың тарихнамасын талдау мәселесінде тақырыптың ғылымдағы жалпы зерттелу деңгейін көрсетіп кеткен абзал. Осы мәселелер ашылған кезде ғана зерттеушінің мақсат міндеттері туралы айтуға болатындығына назар аудару қажет.

**Әдебиеттер:** Шмидт С.О. О методике выявления и изучения материалов по

истории исторической науки // Труды МГИАИ. 1965. №22.; Соныкі. Методология истории и историографии. -М., 1981.; Городецкий Е.Н.Историографические введение к историко - партийному исследованию // Вопросы истории КПСС.1985. №1.

### **5 семинар. Аралық бақылау. (бақылау - өлшем құралдары бөлімін қараңыз)**

### **6 семинар. Тарихнамалық деректер мен мәліметтер. 6 апта 1 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамалық деректерді және мәліметтерді анықтау

#### **Негізгі мәселелер:**

- 1.тарихнамалық деректің анықтамасы, түрлері және оларға сипаттама
2. тарихнамалық деректерді жинақтаудың тәсілдері
3. деректерді талдаудың әдіс тәсілдері, оларды жүйелеу, топтау

**Әдістемелік ұсынымдар:** мәселені тарихнамалық деректің анықтамасынан, мәнін ашудан бастау қажет. Тарихнамалық деректердің түрлерін анықтау және олардың әрқайсысына сипаттама беру деректерді жинақтау мен жүйелеу, топтау мәселесін жанжақты түсінуге жол ашады. Сондықтан да жауаптарды құраған кезде тарихи деректер мен тарихнамалық деректерді өзара салыстыра отырып әрі сипаттаманы да компоративті түрде берген тиімдіболар еді.

**Әдебиеттер:** Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. Оқу құралы. - Алматы., 2002.; Кулешов С.В.О типологии исторических источников // Методологические проблемы историко-партийной историографии. - М., 1984.; Пушкирев Л.Н. Определение оптимизация и использование историографических источников.// Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. -Томск, 1974.; Варшавчик М.А. Об источниках изучения историографии истории КПСС// Вопросы истории КПСС. 1973. №11.

### **7 семинар. Тарихнамалық факт. 7 апта 1 сағат.**

**Мақсаты:**тарихнамалық фактінің мәні мен маңызын айқындау

#### **Негізгі мәселелер:**

- 1.тарихнамалық фактлерді жинақтау, сұрыптау
- 2.фактлердің ғылымға келуі себептері, түрлері
- 3.фактлердің объективтілігі және оның көрсеткіштері

**Әдістемелік ұсынымдар:** тақырыпты оқып үйренуді тарихнамалық фактінің анықтамасынан, оның мәнін түсінуден бастаған дұрыс болар еді. Себебі фактінің мәнін түсінбей оларды жинақтау, сұрыптау проблемаларын ашу қиын. Одан кейін ғана фактлердің дүниеге келуі себептеріне назар аударып, олардың түрлерін айқындаған абзал. Фактлердің объективтілігі мен оның көрсеткіштерін анықтауда, тарихшының саяси билікке тәуелділігіне, методологиялық ұстанымдарына, белгілі бір идеологияға бағыныштылығына көңіл аудару қажет. Фактлердің бұрмалануы, шынайы оқиғаны көрсете алмау себептерін ашу тақырыпты терең меңгеруге септеседі. Жауап жүйелі түрде болу үшін тарихнамалық фактлердің ғылымға келуі мен орнығуы себептерін ашып алған



ұтымды.

**Әдебиеттер:** Барг М.А. Исторический факт; структура, форма ,содержание // История СССР.1976. №4.; Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы., 2008; Шмидт С.О. Методологические и теоретические проблемы исторической науки.- Калинин, 1980.

### **8-семинар. Тарихнамадағы пәнаралық. Тарихнамалық заңдылықтар. 8 апта 1 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамадағы пәнаралықты және заңдылықтарды, олардың мәні мен мазмұнын түсіну

#### **Негізгі мәселелер:**

- 1.пәнаралықтың оқытудың жаңа технологиясында атқаратын рөлі
- 2.тарихнама ғылымының байланысатын пәндері және оның қажеттілігі
- 3.тарихнамалық заңдылықтардың қалыптасуы мен көрінуі

**Әдістемелік ұсынымдар:** тақырып бойынша сұрақтардың мазмұнын ашуды пәнаралықтың ғылым үшін маңызынан бастау қажет, өйткені оның өзектілігін айқындамай жаңа технологиялар бағытында оқытудың көкейкестілігін ұғынуға мүмкіндік береді. Тарихнама ғылымының тығыз байланысатын пәндері мен ғылымдарын анықтау қажет. Тарихнамалық заңдылықтардың қалыптасуы мен олардың ғылыми тұжырымдар жасаудағы рөліне ерекше мән берген жөн. Сонда ғана тақырыптың мақсатына қол жеткізіледі.

**Әдебиеттер:** Хвостова К.В. Фин В.К. Проблемы исторического познания в свете современных междисциплинарных исследований. -М., 1989.; Копнин П.В. Гносеологические и логические основы науки. -М., 1997.; Сахаров А.М. О некоторых вопросах историографических исследований // Вестник МГУ.Серия история. 1973. №6.; Коломейцев В.Ф. Методология истории.(От источника к исследованию). -М., 2001.

### **9-семинар. Тарихнамалық сын. Тарихнамалық зерттеулер жүргізудің түрлері. 9 апта. 2 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамалық сынды жүргізудің әдіс-тәсілдерін меңгеру және түрлерін айқындау

#### **Негізгі мәселелер:**

- 1.тарихнамалық сын, жүргізу жолдары, тарихнамашының ұстанымдары
- 2.тарихнамалық фактлерге баға беру, тарихшының ғылымға қосқан үлесін анықтау
- 3.тарихнамалық зерттеулердің түрлері, оларға сипаттама

**Әдістемелік ұсынымдар:** сұрақтарға жауап беруде ең бастысы тарихнамалық сынды жүргізудегі тарихнамашының методологиялық ұстанымдарына назар аударған жөн, өйткені оны түсінбей тарихнамалық фактлерге баға беруді, тарихнамашының ғылымға қосқан үлесін анықтау мүмкін емес. Сондықтан да тарихнамалық сынның мәнін терең түсініп, оны жанжақты меңгеру қажет. Сынды жүргізудің әдіс тәсілдерін де назардан тыс қалдыруға болмайды.

Сонымен қатар тарихнамалық зерттеулердің түрлері, анықтап, оларға сипаттама беруде әрқайсысына мысал келтіре отырып қарастырған дұрыс болар еді.

**Әдебиеттер:** Нартбаев Ш.Ж. Қазақстанда тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой- пікірлердің қалыптасуы. 1991-2003. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2004.; Маслов Н.Н. Основные проблемы методологии истории КПСС. - М., 1981.; Глауберг Н.В., Юдин Э.Г. Становление и сущность системного подхода. - М.,1973.; Шмидт С.О. О методике выявления и изучения материалов по истории исторической науки // Труды МГИАИ. 1965. №22.; Нечкина М.В.Послесловие // Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. - Калинин.,1980.

**10- семинар. 10-апта. Аралық бақылау.**

**ММӨЖ және МӨЖ тапсырмаларын орындаудың әдістемелік ұсынымдары**

**Тақырып: Тарихнама ғылымы және оның тарих ғылымдарының арасында алатын орны. 1 апта 1 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнама ғылымының зерттеу нысанын анықтап, оның тарих ғылымының бір саласы ретіндегі атқаратын рөлін нақтылау

**Өткізу формасы:** жазбаша (сұраққа жауап, мысалдар келтіру, талдау жасау, салыстыру).

**Тапсырма:** тарих ғылым мен тарихнама ғылымының айырмашылықтарын, мақсат- міндеттерін көрсететін салыстырмалы кесте дайындау

**Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар:** кесте сызудың алдында тарих және тарихнама ғылымдарын ерекшеліктеріне байланысты конспект дайындап алған тиімді, сол кезде тапсырманы орындау қиындық тудырмайды. Немесе кестені сызғаннан кейін оған түсініктеме талдау беруге болады, мұндай тәсіл анағұрлым ғылыми болып табылады.

**Әдебиеттер:** Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы 2008.

**Тақырып: Тарихнама ғылымының методологиялық негіздері. 1 апта. 2 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнама ғылымының методологиялық негіздерін меңгеру

**Өткізу формасы:** жазбаша

**Тапсырма:** тарихнама ғылымының методологиялық негіздерін, соның ішінде зерттеу принциптерін, әдістерін жүйелі түрде әрі нақты көрсететін конспект дайындау. Әрбір принцип пен әдіс бойынша мысалдар келтіру.

**Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар:** ғылымның зерттеу принциптерін талдауда тарихнама ғылымының дамуындағы ерекшеліктерді,

олқылықтарды, кемшіліктерді көрсететін, ғылымның теориялық методологиялық тұстарын жетілдіруге назар аударатын тарихнамалық деректерді жинақтауға көңіл бөлген абзал. Сол деректердегі айтылған ойлар бойынша конспект құрастырса ғылымның методологиялық негіздерін анық көруге мүмкіндік туады. Әдістерді атап қана қоймай олардың әрқайсысының атқаратын рөлін, қолданудың тиімділігін ашатын тұстарына көбірек назар аудару қажет. Келтіретін мысалдарды тарихнамалық зерттеулерден алу қолайлы.

**Әдебиеттер:** Ковальченко И.Д. Методологические и историографические вопросы исторической науки. -Томск, 1974.; Журавлев В.В. Методология исторической науки. Вчера.Сегодня.Завтра.//Кентавр,1995. №6.; Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. Сборник материалов. -М., 1988.; Жуков Е.М. Очерки методологии. -М., 1989.; Лаппо-Данилевский А.С. Методология истории. - СПб., 1913.

**Тақырып: Тарихнаманың функциялары және тақырыпты таңдау. 2 апта. 2 сағат.**

**Мақсаты:** дәрісте алған білімді тереңдету

**Өткізу формасы:** жазбаша

**Тапсырма:** тарихнаманың функцияларын жеке жеке талдап көрсету және әрқайсысына мысалдар келтіру.

**Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар:** тарихнаманың функцияларын көрсетуде оларды атап қана қоймай әрқайсысын сипаттап, зерттеулер жүргізудегі рөлін көрсетуге тырысу қажет.Осындай талдау берілген кезде сол функцияларды өзара салыстырудың мүмкіндігі туады.

**Әдебиеттер:** Зевелев А.И. Историографические исследования : метод и аспекты. -М., 1970.; Зевелев А.И. Некоторые вопросы историографии истории КПСС. - М., 1970.;Сахаров А.М. О некоторых вопросах историографических исследований // Вестник МГУ.Серия история. 1973. №6.

**Тақырып: Тарихнамалық кіріспе ғылыми әдебиеттерге шолу. 3 апта. 2 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамалық кіріспе жазудың теориясын және дайындаудың ғылыми әдістерін меңгеру

**Өткізу формасы:** ауызша

**Тапсырма:** қорғалған кандидаттық диссертациялардың кіріспе бөлімдеріне баға беру

**Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар:** тарихнама ғылымы бойынша кез келген тақырыпта қорғалған диссертацияның авторефератын алып, кіріспе бөліміне назар аударып, оның дайындалу деңгейіне баға беруде ең алдымен оның жазылу теориясын жанжақты меңгерген абзал. Ғылымның кіріспе жазуға қойған талаптарына сәйкес магистрант өзі таңдап алған тақырып

бойынша оның дайындалу дәрежесін, жекелеген пункттері бойынша талдауы тиіс. Әсіресе тарихнаманың тарихнамасы мен ізденушінің методологиялық ұстанымдарына, тарихнамалық мерзімдік шегін дұрыс анықтауына баса назар аударған жөн.

**Әдебиеттер:** Шмидт С.О. О методике выявления и изучения материалов по истории исторической науки // Труды МГИАИ. 1965. №22.; Соныкі.

Методология истории и историографии. -М., 1981.; Городецкий

Е.Н.Историографические введение к историко - партийному исследованию // Вопросы истории КПСС.1985. №1.

**Тақырып: Тарихнамалық деректер мен мәліметтер. 3-4 апта. 3 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамалық деректерді, олардың түрлері айқындау, тарихнамалық деректердің тарихи деректерден айырмашылығын тану

**Өткізу формасы:** ауызша

**Тапсырма:** отандық тарихнама ғылымы бойынша соңғы уақыттарда қорғалған кандидаттық диссертациялардың авторефераттары негізінде талданған тарихнамалық деректерді, олардың түрлерін, тарихнамалық мәліметтерді көрсету

**Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар:** Қазақстан тарихының тарихнамасы бойынша соңғы уақыттарда қорғалған кандидаттық диссертацияны немесе оның авторефераты негізінде тарихнамалық ізденушінің пайдаланған және талдаған тарихнамалық деректерін анықтап, оларға баға беруді ең алдымен жұмыспен толық танысып шығып, одан соң деректерін, олардың түрлері бойынша қысқаша конспект дайындаса тапсырманы орындау жүйелі әрі дұрыс болып саналады. Диссертацияның тақырыбын таңдау магистранттың өз қалауында.

**Әдебиеттер:** Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. Оқу құралы. - Алматы., 2002.; Кулешов С.В.О типологии исторических источников // Методологические проблемы историко-партийной историографии. - М., 1984.; Пушкирев Л.Н. Определение оптимизация и использование историографических источников.// Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. -Томск, 1974.; Варшавчик М.А. Об источниках изучения историографии истории КПСС// Вопросы истории КПСС. 1973. №11.

**Тақырып: Тарихнамалық факт. 5 апта. 2 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамалық фактінің мәнін, оның ғылымға келуін, фактіні талдаудың ғылыми әдіс тәсілдерін ұғыну

**Өткізу формасы:** ауызша

**Тапсырма, сұрақтар:** ҚазҰУ хабаршысы, тарих сериясының беттерінде 2007-2008 жылдар аралығында жарияланған ғылыми мақалалардағы тарихнамалық фактлерді тауып, олардың ғылымға келуі жолдарын, мазмұнын талдау.

**Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар:** тапсырманы орындауға

қатысты басты талап, мақала Отан тарихынан болуы тиіс. Мақаланы таңдау кұзыры магистранттың өзіне беріледі. Мақаладағы тарихнамалық фактіні тауып, оны талдау үшін магистрант оның мәнін терең ұғынуы тиіс. Сондықтан да мәселенің теориялық негіздерін жан-жақты меңгеріп, кез келген тарихнамалық фактімен жұмыс істей білетін дәрежеге жеткені абзал. Осы мақсатта тарихнамалық факт туралы айтылатын ресейлік және қазақстандық тарихнамашылардың еңбектерін оқып үйренудің қажеттілігі туындайды.

**Әдебиеттер:** Барг М.А. Исторический факт; структура, форма ,содержание // История СССР.1976. №4.; Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы., 2008; Шмидт С.О. Методологические и теоретические проблемы исторической науки.- Калинин, 1980.

**Тақырып: Тарихнамадағы пәнаралық. 6 апта. 2 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамадағы пәнаралықтың қажеттілігін түсіну

**Өткізу формасы:** жазбаша

**Тапсырма:** «Қазақстандағы казак отарлауы мәселелерінің зерттелуі» тақырыбындағы зерттеу жұмысының пәнаралық байланыстарын көрсету.

**Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар:** ең бастысы Қазақстандағы казак отарлауын зерттеудің бағыттарын анықтап алғаннан кейін тақырыптың тарихнамасын талдауда оның байланысатын ғылымдары мен пәндерін анықтаудың мүмкіндігі туындайды. Казак отарлауының зерттелуін шағын проблемаларға бөлу оның пәнаралығын айқындауға септеседі. Ескертетін бір жайт, тақырыптың байланысатын ғылымдарын нақтылау осы мәселе төңірегіндегі Отан тарихы бойынша терең білімді және тарихнаманың методологиялық ұстанымдарынан біліктілікті талап етеді. Сондықтан да тарихнамашы пәнаралық мәселелерін талдауға жан-жақты дайын болуға тиіс.

**Әдебиеттер:** Абдиров М. История Казачества Казахстана.-Алматы, 1997..; Митропольская Т. История казачества Семиречья. - Алматы, 2001.; Хвостова К.В. Фин В.К. Проблемы исторического познания в свете современных междисциплинарных исследований. -М., 1989.; Копнин П.В. Гносеологические и логические основы науки. -М., 1997.; Сахаров А.М. О некоторых вопросах историографических исследований // Вестник МГУ.Серия история. 1973. №6.; Коломейцев В.Ф. Методология истории.(От источника к исследованию). -М., 2001.

**Тақырып: Тарихнамалық заңдылықтар. 7 апта. 2 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамалық заңдылықтар туралы алған білімді тереңдету

**Өткізу формасы:** жазбаша

**Тапсырма:** тарихнамалық заңдылықтарды түсіндіретін әдебиеттер негізінде конспект дайындау.

**Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар:** ең алдымен тақырыпқа қатысты әдебиеттердің библиографиясын дайындап, одан кейін сол

жинақталған еңбектердегі тарихнамалық заңдылықтар туралы теориялық пікірлерді өзара салыстыра көрсету қажет. Тарихнамалық заңдылықтардың мәні мен маңызын түсіну кез келген тарихнамалық дерекпен жұмыс істеуді жеңілдетеді.

**Әдебиеттер:** Зевелев А.И. Историографические исследования : метод и аспекты. -М., 1970.; Зевелев А.И. Некоторые вопросы историографии истории КПСС.- М., 1970.;Сахаров А.М. О некоторых вопросах историографических исследований // Вестник МГУ.Серия история. 1973. №6.; Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы., 2008; Шмидт С.О. Методологические и теоретические проблемы исторической науки.- Калинин, 1980.

**Тақырып: Тарихнамалық сын. 8 апта. 2 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамалық сынның теориясын және оны жүргізудің әдіс-тәсілдерін меңгеру

**Өткізу формасы:** ауызша

**Тапсырма:** «Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы жаппай ұжымдастыру: тарихы мен тағлымы» тақырыбының ауқымында жарияланған ғылыми зерттеулерді сынау.

**Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар:** магистрантқа көрсетілген тақырып бойынша ғылыми зерттеуді таңдау еркіндігі беріледі. Зерттеу монография немесе ғылыми мақала, диссертация, тіпті диссертацияның авторефераты бола алады. Магистрант өзі таңдаған еңбекті дәрісте айтылған тарихнамалық сын жүргізудің теориялық- методологиялық негіздеріне сәйкес сынап, оның ұтымды тұстары мен кемшіліктерін ашып көрсетуі тиіс. Тарихнамалық сынды жалаң түрде айта салмай, еңбекті талдаудағы ұстанымдары туралы толық баяндауға міндетті. Сын тарихнамалық этикаға сай жүргізілуі қажет екендігін естен шығармауға тырысқан жөн.

**Әдебиеттер:** Нартбаев Ш.Ж. Қазақстанда тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой- пікірлердің қалыптасуы. 1991-2003. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2004.; Маслов Н.Н. Основные проблемы методологии истории КПСС. - М., 1981.; Нечкина М.В.Послесловие // Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. - Калинин.,1980.

**Тақырып: Тарихнамалық зерттеулер жүргізудің түрлері. Мәселенің зерттелмеген тұстарын айқындау. 9 апта. 2 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамалық зерттеулер жүргізудің түрлері бойынша дәрісте алған білімді тереңдету

**Өткізу формасы:** жазбаша

**Тапсырма:** тарихнамалық зерттеулердің түрлері бойынша жазылып, жарияланған зерттеулерді тауып, еңбек авторларының түрлерді дұрыс таңдағандарын дәйектеу.

**Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар:** тапсырманы орындау үшін ең алдымен библиография құрастыру қажет. Сол библиографияның негізінде тарихнамалық еңбектердің мазмұнымен таныса клип, ішінен екі-үш түрді бөліп алған дұрыс. Жауап жүйелі болуы үшін жекелеген еңбектердің түрлерін сипаттау мақсатында қысқаша конспект дайындаған тиімді.

**Әдебиеттер:** Глауберг Н.В., Юдин Э.Г. Становление и сущность системного подхода. - М.,1973.; Шмидт С.О. О методике выявления и изучения материалов по истории исторической науки // Труды МГИАИ. 1965. №22.; Нечкина М.В.Послесловие // Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. - Калинин.,1980.

**Тақырып: Тарихнамашының ғылымға қосқан үлесі. 10 апта. 1 сағат.**

**Мақсаты:** тарихнамашының ғылымға қосқан үлесін жекелеген еңбектер бойынша айқындау

**Өткізу формасы:** ауызша

**Тапсырма:** кез келген тарихнамалық зерттеудің негізінде тарихнамашының ғылымға қосқан үлесіне баға беру.

**Орындауға байланысты әдістемелік ұсынымдар:** тапсырманы орындауды соңғы уақытта тарихнама ғылымы бойынша жарық көрген еңбек немесе қорғалған диссертацияны таңдап алдан бастаған абзал. Магистрантқа еңбекті таңдау мүмкіндігі беріледі. Өзінің қалауынша таңдап алған зерттеу негізінде тарихнамашының ғылымға қосқан үлесін анықтауда мәселенің теориясын меңгеру жеткіліксіз, еңбекті тарихи ойдың дамуымен, өзге де зерттеулермен салыстыра қарастыру қажет. Тағы бір айта кетерлік жайт, отандық тарихнама ғылымының дамуы бағыттарын, жетістіктері мен болашақта зерттелуге тиіс проблемалары туралы да магистранттың хабары болуы тиіс. Айтылғандарды білу тарихнамашының ғылымға қосқан үлесін бағалауға көмектеседі. Ғылымға қосылған үлесті айқындауда зерттеушінің қол жеткізген жаңалықтарына назар аудару қажет. Ғылыми тұжырымдары да қосылған үлесті бағалауға септеседі.

**Әдебиеттер:** Дружинин Н.М. Воспоминания и мысли историка. - М.,1974.; Нечкина М.В. История истории.- М., 1965.; Данилов А. Материалистическое понимание истории и методологические искания некоторых историков // Методологические и историографические проблемы исторической науки. Томск, 1960.;Зевелев А.И. Историографические исследования : метод и аспекты. -М., 1983.

**Тақырып: тарихнама ғылымының зерттеу принциптері**

**Мақсаты:** өзіндік ғылыми зерттеу дайындау

**Тапсырма:** 4-8 апта аралығында реферат дайындау. Реферат 9 аптада міндетті түрде тапсырылуы тиіс. Рефераттардың тақырыптары төменде көрсетілген. Магистрантқа тақырыпты таңдау мүмкіндігі беріледі.

**Орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар:** реферат дайындауда мына төмендегілерге назар аудару қажет: ең алдымен библиография құрастыру

керек. Жұмыстың жоспарының дұрыс құрылыуына, мазмұнының толық ашылуына, айтылған ойларға сілтеменің берілуіне, жұмыстың техникалық безендірілуіне баса назар аударылады. Көлемі 12-15 беттен аспауы тиіс. Осы талаптар толық орындалған жағдайда рефератқа 8 балл қойылады.

**Әдебиеттер:** Ковальченко И.Д. Методологические и историографические вопросы исторической науки. -Томск, 1974.; Журавлев В.В. Методология исторической науки. Вчера.Сегодня.Завтра.//Кентавр,1995. №6.; Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. Сборник материалов. -М., 1988.; Жуков Е.М. Очерки методологии. -М., 1989.; Лаппо-Данилевский А.С. Методология истории.- СПб., 1913.;Зевелев А.И. Историографические исследования : метод и аспекты. -М., 1970.; Зевелев А.И. Некоторые вопросы историографии истории КПСС.- М., 1970.;Сахаров А.М. О некоторых вопросах историографических исследований // Вестник МГУ.Серия история. 1973. №6.;Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Мұхатова О.Х. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. - Алматы 2008.

**Тақырып: тарихнамалық сын**

**Мақсаты:** дербес жазба жұмысын дайындау

**Тапсырма:** кеңестік, тәуелсіздік кезеңдерінде «Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы ауыл шаруашылығын жаппай ұымдастыру және салдары» тақырыбына жазылып, жарияланған еңбектерді сынап, оларға баға беру

**Орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар:** тарихнамалық талдау жүргізуде еңбектің мазмұнына, тарихи оқиғалар мен процестерді зерттеушінің қарастыру тәсілдеріне, автордың методологиялық ұстанымдарына, басшылыққа алған ғылыми принциптеріне, әдістеріне, түйіндеген тұжырымдарына, олардың ғылымдағы тұжырымдамалармен сәйкестігіне назар аудару қажет. Сонымен қатар зерттеушінің еңбегі дүниеге келген ездегі саяси жүйені де ескерген абзал.

Тарихнамалық талдау толық әрі талапқа сәйкес жасалып, еңбектерге дұрыс баға берілген жағдайда студентке 8 балл көлемінде баға қойылады.

**Әдебиеттер:**Нартбаев Ш.Ж. Қазақстанда тәуелсіз тарихи және тарихнамалық ой- пікірлердің қалыптасуы. 1991-2003. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2004.; Маслов Н.Н. Основные проблемы методологии истории КПСС. - М., 1981.; Нечкина М.В.Послесловие // Методологические и теоретические проблемы истории исторической науки. - Калинин.,1980.;Голощекин Ф.И. Казахстан на путях социалистического переустройства. М-А-Ата., 1931.; Турсунбаев А. Казахский аул в трех революциях.; -Алматы,1965. Омарбеков Т.192-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы, 1997.;

**Бақылау-өлшем құралдары**

**1-аралық бақылаудың сұрақтары**

- 1.Тарихнаманың тарих ғылымдары арасында алатын орны мен рөлі.
- 2.Тарихнама ғылымының зерттеу принциптері.



3. Тарихнама ғылымының зерттеу әдістері.
4. Тарихнамалық кіріспе дайындаудың ғылыми ұстанымдары.
5. Тарихнаманың функциялары және тақырыпты таңдаудың тәсілдері.

**№1 аралық бақылау 5-ші аптада жазбаша түрде қабылданады. Әрбір толық жауап 1 балл түрінде бағаланады. Аралық бақылау барлығы 5 балл түрінде бағаланады.**

## **2- аралық бақылаудың сұрақтары**

1. Тарихнамалық деректер және олардың түрлері, сипаттамасы.
2. Тарихнамалық факт, жинақтау мен жүйелеу тәсілдері.
3. Тарихнамалық пәнаралық және заңдылықтар.
4. Тарихнамалық сын.
5. Тарихнамалық еңбектердің түрлері және оларды дайындаудың әдіс тәсілдері.

**№2 аралық бақылау 10-шы аптада жазбаша түрде қабылданады. Әрбір толық жауап 1 балл түрінде бағаланады. Аралық бақылау барлығы 5 балл қойылады.**

Семестрдің соңында магистрант өзінің жұмысының көрсеткіші ретінде жалпы балл жинақтап, баға алады. Жұмыс түрлері: дәрістер, семинар сабақтары, магистранттардың өзіндік жұмысы. Семинар сабақтарында магистранттар топта алған білімдері мен жұмыс істей білу қабілетін бекітеді. МОӨЖ-де магистранттар әдебиеттерді оқып-үйренеді және талдайды, алған ақпаратты пайдалану, іске асыра білу қабілеттерін қалыптастырады.

**Курстың соңынан емтихан қабылданады.**

## **Рефераттар тақырыптары**

1. Тарихнама ғылымының зерттеу принциптері.
2. Тарих ғылымы және тарихи таным.
3. Тарихнама ғылымының зерттеу әдістері.
4. Отандық тарихнама ғылымының қазіргі кезеңдегі жай - күйі.
5. Отандық тарихнама ғылымының дамуы және проблемалары.
6. Тарихнама ғылымының теориялық мәселелері.
7. Отандық тарихнама ғылымының өзекті проблемалары.
8. Тарихнамалық талдау жүргізудің теориялық - методологиялық ұстанымдары.
9. Тарихнамалық деректер және оларды пайдалану тәсілдері.
10. Тарихнамалық факт: жинақтау мен талдау жолдары.
11. Тарихнамалық талдау мен синтездеу.
12. Тарихнамадағы кезеңдеу мәселелері.
13. Тарихнама ғылымының қалыптасуы мен дамуы үрдістері.
14. Кеңестік кезеңдегі тарихнамалық талдаулардың жүргізілуі.
15. Тарихнамалық сын: тарихнамашының біліктілігі және шынайылығы.
16. Ғылымда тарихнамалық заңдылықтардың пайда болуы және орнығуы.
17. Тарихнамалық пәнаралық және оқытудың жаңа технологиялары.

- 18.Тарихнамалық зерттеулердің түрлері және оларды дайындаудың методологиялық ұстанымдары.
- 19.Тарихнамашының ғылымға қосқан үлесін анықтаудың ғылыми жолдары.
- 20.Тарихнама ғылымының мақаты мен міндеттері, функциялары, аспектілері.

### **Емтихан сұрақтары**

- 1.Тарихнама ғылымы және оның тарих ғылымдарының арасында алатын орны.
- 2.Тарихнама ғылымының қалыптасуы мен дамуы.
3. Отандық тарихнама ғылымы және оның проблемалары.
4. Тарихнама ғылымының методологиялық негіздері.
5. Тарихнама ғылымының зерттеу принциптері.
6. Тарихнама ғылымының зерттеу әдістері.
7. Тарихнамалық зерттеудің тақырыбын таңдау.
8. Ғылыми әдебиеттерге шолу тарихнамалық кіріспе.
9. Тарихнамалық кіріспе жазудың әдіс тәсілдері.
10. Тарихнамалық деректер мен мәліметтерді жинақтау.
11. Тарихнамалық деректер: түрлері мен типтері.
12. Тарихнамалық талдау мен синтездеу.
13. Тарихнамалық факт: жинақтау мен жүйелеу.
- 14.Тарихнамалық фактлерді талдау.
15. Тарихнамалық сын.
- 16.Тарихнамалық еңбектің мерзімдік түрі.
17. Тақырыптық түр, дайындаудың әдіс-тәсілдері.
- 18.Проблемалық түр, оның ерекшелігі.
- 19.Библиографиялық түр, ұтымды тұстары мен кемшіліктері.
20. Зерттеушінің портретін қалыптастыру.
- 21.Мәселенің зерттелмеген тұстарын айқындау тәсілдері.
- 22.Тарихнамашының ғылымға қосқан үлесі.
- 23.Тарихнамалық талдаулардың нәтижелері және тарих ғылымын дамыту мәселелері.
- 24.Тарихнамалық пәнаралық.
- 24.Тарихнамалық заңдылықтар.
- 25.Тарихнама ғылымының теориялық мәселелері.
- 26.Тарихи және тарихнамалық кезеңдеу мәселелері.
- 27.Тарихнама ғылымының мақаты мен міндеттері, функциялары, аспектілері.
- 28.Тарихнамалық деректер және оларды пайдалану тәсілдері.
- 29.Тарихнама ғылымының даму тенденциялары.
- 30.Тарихнама ғылымы бойынша зерттеу тақырыбын таңдау.





